


Т.НЕСІПБАЕВ

**ФИЗИОЛОГИЯ
ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ
СӨЗДІГІ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«АГРОУНИВЕРСИТЕТ»

АЛМАТЫ – 2004

Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрлігі

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Т.НЕСІПБАЕВ

**ФИЗИОЛОГИЯ
ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ
СӨЗДІГІ**

Өңделіп, толықтырылған 2-басылым

Қазақстан Республикасының
Үкіметі жанындағы Мемлекеттік
терминология комиссиясы мақұлдаған
Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрлігі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы «Агроуниверситет»

2004

Н 51

Н 51 Несіпбаев Т.

Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Өнд., толықтырылған 2-басылым.- Алматы: "Агроуниверситет2004",.- 226 б.

ISBN 9965-720-07-X

Сөздік жүйелі ғылыми-анықтамалық басылым болып табылады. Онда ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарда жиі қолданылатын атаулар мен сөз тіркестері және олардың ғылыми түсініктемелері алфавиттік ретпен келтірілген. Сонымен қатар сөздікте физиологиямен сабақтас пәндер атаулары да қамтылған.

Сөздік физиолог және биолог мамандарға, мұғалімдерге, дәрігерлерге, аспиранттар мен студенттерге, баспасөз қызметкерлеріне, ғылыми көпшілікке, жалпы оқушы қауымға арналған.

ББК 28.073 я 2

Пікір жазғандар: ҚР ҰҒА-ның корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы **Ө.Айтбаев**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ш.Құрманбайұлы**, биология ғылымдарының докторы, профессор **К.С.Рымжанов**.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті оқу-әдістемелік бірлестігінің кеңесі оқу құралы және сөздік ретінде ұсынған (хаттама № 14, 22.06.2004 ж.)

1903010000

Н _____

00/05/-04

ISBN 9965-720-07-X

© Несіпбаев Т., 2004
© "Агроуниверситет2004",

*Осы еңбегімнің сауабын ардақты әкем
Исабекұлы Несіпбай мен асыл анам
Махатқызы Тұрсынның рухтарына
бағыштаймын.*

Алғы сөз

Физиология — биологияның маңызды салаларының бірі. Ол организмнің тіршілік әрекетін, жеке мүшелер мен жүйелердің қызметін зерттеп, олардың ерекшеліктерін, биологиялық маңызын анықтайды, организмнің сыртқы ортамен қарым-қатынастарындағы заңдылықтарды ашады. Физиологиялық деректердің қолданылу аумағы өте кең. Физиология медицина мен ветеринарияның, жалпы биологиялық сипаттағы қолданбалы ғылым салаларының ірге тасы, негізі болып саналады. Адам мен мал организмдеріне тән функциялар (қызметтер) мен процестердің тіршіліктік мәні мен маңызын айқындай отырып, ол арнаулы мамандарды денсаулықты қорғау, организмді қатерлі (экстремальді) жағдайлардан сақтау шараларын, т.б. ғылыми негізде ұйымдастыруға қажетті мағлұматтармен қамтамасыз етеді. Өмірде кез келген нақтылы проблеманы (еңбек процестерін ұйымдастыру, қолайсыз, беймәлім кеңістіктерді — ғарыш, мұхит түбі, т.б. — игеру) шешу барысында ортақ іске әр түрлі мамандық иелері тартылады. Сондықтан да бұл саланың мағлұматтарын тек арнаулы мамандар немесе жоғары оқу орындары студенттері, аспиранттар, оқытушы-педагогтар ғана емес, іргелес мамандық иелері, жалпы көпшілік біліп ұғынғаны ләзім. Бірақ физиологияда қолданылатын көптеген арнаулы терминдер мен сөз тіркестері бұл саланың мазмұнын жалпы көпшілікке түсінікті, ұғымды түрде баяндауды айтарлықтай қиындатады. Осыдан жалпыға түсінікті, анықтамалық сөздік құралдар дайындау мұқтаждығы туындайды.

Ғылыми-техникалық прогресс, арнаулы зерттеу жұмыстарында кейінгі кездері қол жеткен табыстар физиология ғылымының өркендей дамып, тарамдала-кеңейіп, жеке-жеке салаларға бөлінуіне алып келді. Осымен байланысты әр саланың өзіне тән терминдері қалыптасып, дамыды. Мұндай жағдайда тағы да осы ғылым саласын толық қамтитын ғылыми-анықтамалық жетекші құрал болмаса, сала аралық ақпарат алмасу нашарлап, әр саланың ғылыми жетістіктерін ортақ мақсатта тиімді пайдалану қиындайды. Сапалы сөздік бұл проблеманы шешуге де ықпал етеді.

Қазіргі кезде кез келген ғылымның болашағы мен маңыздылығы, өмірде тиімділігі сала аралық қатынастармен, пән аралық байланыстармен айқындалатыны дәлелдеуді қажет етпейтін факт. Бірақта физиологияның классикалық бағыттары қолданбалы ғылымдар үшін ешқашан өзінің фундаменталдық мәні мен маңызын жоғалтпақ емес. Сондықтан да оқырмандарға ұсынылып отырған сөздікті дайындауда іргелес, сабақтас

ғылым салалары атауларының да мемлекеттік тілде қалыптасып дамуына ықпал ету мақсаты көзделді.

Медициналық, ветеринариялық және биологиялық бағыттағы білім беру саласында физиология іргелі ғылым болып табылады, көптеген арнаулы пәндер мен ғылым салаларының биологиялық негізі болып саналады. Сондықтан физиология атауларының ана тілімізде қалыптасып дамуы дәрігерлер мен жалпы биолог мамандардың түбегейлі білім алып шығуының ықпалды шарттарының бірі. Демек, еліміздің егемендігінің ой қуантар көріністерінің бірі — жастарды ана тілімізде оқыту шараларын жүзеге асыруда жеке пәндер мен ғылым салаларының арнаулы сөздіктерін жасау, оны жетілдіру кезек күттірмес проблема және заман талабына сай сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға мүмкіндік беретін шешуші фактор.

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл сөздікте физиологияның көптеген салаларын қамтитын атаулар мен сөз тіркестері келтірілген. Атап айтқанда кітапта қан, қан айналым, тыныс алу, ас қорыту, ішкі секреция, нерв-бұлшық ет жүйелеріне, зат алмасу және бөлу процестеріне, орталық нерв жүйесі, жоғары дәрежелі нерв қызметі мен талдағыштарға (анализаторлар) тән атаулар мен атаулық тіркестерге нақтылы түсініктеме берілген. Сонымен қатар биология, анатомия, гистология, зоология, патологиялық физиология т.б. іргелес ғылым салаларының физиологияға тікелей қатысты атаулары да қамтылған. Кітапта тізілген атаулар іргелес, салалас ғылымдар терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына, сабақтастық принципінің жүзеге асырылуына жағымды әсер етіп, педагогтар қызметін де жеңілдетеді.

Сөздікте 3000-ға жуық атаулар мен атаулық сөз тіркестері келтірілген. Олар орыс тілінде жарық көрген “Медицина терминдерінің энциклопедиялық сөздігі” (М.: Сов. Энциклопедия, 1982), “Физиологиялық терминдер сөздігі” (М.: Наука, 1987), “Ұғымды биологиялық сөздік” (М.: Наука, 1991) және “Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі” (М.Закиров, К.Елемесов, Қ.Қайымов. Алматы.: Мектеп, 1988). “Ауыл шаруашылығы сөздігі” (Х.Тілемісов, Е.Рамазанов. Алматы.: Қайнар, 1992) сияқты кітаптардағы сөзтізбелер мен автордың Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жоғары оқу орындары студенттеріне оқулық ретінде ұсынған екі томдық “Жануарлар физиологиясы” атты оқулығы негізінде құралды. Сөзтізбеде ауыспалы атаулар түп нұсқасында сақталып, олардың мағынасы түсіндірілді.

Кітап физиолог мамандарға, биология пәндерінің оқытушыларына, дәрігерлер мен журналистерге, жоғары оқу орындары студенттеріне, аспиранттарға, жалпы көпшілікке арналған ғылыми-анықтамалық жетекші құрал.

Сөздіктің авторы оқырмандардан зайырлы пікір айтып, шынайы баға беруді күтеді.

Ескертпелер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберулеріңізді өтінеді.
480100, Алматы, Абай даңғылы, 8. **Қазақ ұлттық аграрлық университетінің “Физиология және морфология” кафедрасы.**

Сөздікпен пайдалану тәртібі

Сөздікте барлық терминдер алфавиттік ретпен келтірілген. Термин сөз тіркесі болған жағдайда сөздер, не реттік, не кері бағытта келтірілді. Бұл тәртіп сөз тіркесінің құрамында жеке физиологиялық термин араласқан жағдайда қолданылды. Ал, терминдік сөзтіркес құрамында бір-бірімен мағыналас жалғыз ортақ түпкілікті термин болған жағдайда, олар тізбекке біріктірілді. Егер тізбектегі басты термин екі түрлі не одан да көп мағынаға ие болса, олардың әрқайсысының анықтамасы жеке-жеке беріліп, оларға тәуелді терминдер содан соң дара тізбек түрінде келтірілді. Мұндай жағдайда әрбір басты терминге реттік номер беріліп, олар жол үстіне орнықтырылды.

Сөздікте көпше түрде қолданылатын терминдер болмаса, басқа терминдердің барлығы жекеше түрде жазылды. Егер тізбекке жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылатын сөздер еңсе, олар жекеше түрде жазылып, жақша ішіне көпше түрдің жалғауы берілді.

Терминдерге анықтамалық материалдар жақша ішінде латын тіліндегі балама, аббревиатура, синоним, этимологиялық анықтама, эпонимдік (есімдік) деректер түрінде берілді.

Қазақ атауларына орыс не латын тілінде баламалар жазылды. Тізбекте қайталанатын латынша баламалар тек басқы әрпімен беріліп, физиологиялық терминдерге қажет болған жағдайда этимологиялық анықтамалар жазылды. Есімді терминдер мүмкіндігінше ғалымдардың туған жылымен, шыққан мемлекетімен, мамандығымен толықтырылды. Шетелдік ғалымдар есімдерін түпнұсқа түрінде жазуға тырыстық. Шет тілдерден (грек, араб т.б.) алынған терминдерге жақша ішінде төркін тіліне сілтеме берілді.

Сөздікте қысқартылған сөздер тізімі жеке берілді.

Сөздікте қолданылған қысқарту белгілері

австр. — австриялық
амер. — америкалық
анат. — анатомиялық
венг. - венгриялық
гист. - гистологиялық
гол. - голландиялық
грек. — гректік

дан. — даниялық
е.грек. - ерте гректік
итал. - италяндық
қ. — қара
лат. — латынша
мыс. — мысалы
нем. — немісше
син. — синоним
т.ж. - туған жылы
фран. - французша
швейц. - швейцариялық
шотл. - шотландық

Қазақ алфавиті

А а
Ә ә
Б б
В в
Г г
Ғ ғ
Д д

Қ қ
Л л
М м
Н н
Ң ң
О о
Ө ө

Ф ф
Х х
Һ һ
Ц ц
Ч ч
Ш ш
Щ щ

Е е	П п	Ъ ъ
Е е	Р р	Ы ы
Ж ж	С с	І і
З з	Т т	Ь ь
И и	У у	Э э
Й й	Ұ ұ	Ю ю
К к	Ү ү	Я я

А

Абазия (гр.) - дене тепе-теңдігінің ауытқулары немесе аяқтардың қызметінің бұзылуы салдарынан жүріп-тұра алмау. (қ. *Астазия*).

Аббревиация (итал.) - ата текке тән белгілердің даму барысында жойылуы.

Абдомен (лат.)- дененің құрсақ, қарын жақ бөлігі (қ. *Құрсақ*).

Абдуктор(лар) (лат.) - өз әрекетімен мүшені дененің ортаңғы бөлігінен алшақтататын, бұра түсетін бұлшық еттер.

Абдукция (лат.) - дененің кез келген бөлігінің оның қақ ортасынан алшақтануы, жан-жағына жайылуы. Мыс., адам қолының екі жаққа жайылуы.

Абиоздық фактор (лат.) – қ. **Жансыз фактор**.

Авитаминоз (лат.) - қ. Дәрмендерісіздік.

Абитрофия (лат.) — жеке мүшенің тіршілікке бейімділігінің әлсіреуі.

Абсорбенттер (лат.)- қ. Сіңіргіштер.

Абсорбция (лат.) - қ. Сіңіру.

Автогамия (гр.) - бір торшадағы екі ядроның қосылуынан организмнің өздігінен ұрықтануы. Қос жынысты жәндіктердің (кейбір тоғышар құрттардың) өздігінен ұрықтануы.

Автолиз (гр.) - әр түрлі ұлпалардың (тканьдердің) өздерінің құрамындағы ферменттердің әсерінен өздігінен еруі.

Автоматиялық (гр.) **тыным** (*Преавтоматическая пауза*) — бастаушы автоматизм орталығы істен шыққаннан кейін жүректің өткізгіш жүйесінің осы жүйенің төмен орналасқан басқа құрамларының өздігінен қозғыштық қасиетін қалыптастыруға қажет мерзім.

Автономды (гр.) — қ. Дербес.

Автономды нерв жүйесі — қ. Вегетативтік нерв жүйесі.

Автотрофты () организмдер - қ. Жасампаз организмдер.

Агглютинатану (лат.) - сұйықтықта жүзген заттардың (микробтар, қан торшалары) түйірлене жабысып тұнуы.

Агглютининдер (лат.) - адам мен жануарлар қанының сарысуында кездесетін, эритроциттерді және басқа денешіктерді жабыстырып тастайтын заттар, антиденелер.

Агглютиногендер (лат.) - агглютининдер әрекеттесетін антигендер.

Агевзия (гр.) - қ. Дәм сезімталдығының жойылуы.

Агенезия (гр.) — қ. Кемтар туу.

Агент (лат.) — қ. Себепкер.

Агнозия (гр.) — ми қыртысының зақымдануы салдарынан кейбір сезім мүшелері (көру, есту, дәм сезу т.б.) қызметінің нашарлануы, шамалы бұзылуы.

Агути (исп.) — жабайы сүтқоректілерде кездесетін тері жүнінің ерекше боялу түрі. Мұндай жануарлар жүні түбінен ұшына дейін әр түрлі түспен боялады.

Ағза (Орган) — көп торшалы организм денесіндегі белгілі бір қызметті атқаруға арналған бірлестік — бөлік.

Ағымрецепторлар (Реорецепторы) – суда тіршілік ететін жануарлар денесіндегі механорецепторлар тобы. Олар денені шайып тұратын су ағынын сезінуге мүмкіндік береді.

Адамантобласт (гр.) — тіс кіреукесі (эмалі) құралатын құрылымдық торшалар.

Адаптомметр (лат.) — көздің бейімделу қабілетін анықтайтын аспап.

Адвентиция (лат.) — қ. Қаптама.

Адгезия (лат.) — қ. Жабысу.

Аддисон дерті (Аддисона болезнь) - бүйрек үсті бездердің қыртыстық бөлігінің қызметі нашарлағанда дендейтін ауру. Ауру қимылдау қабілетінің төмендеуімен, әлжуаздықпен, тері түсінің өзгеруімен, жүрек жұмысының нашарлауымен, қан қысымының төмендеуімен, т.б. белгілермен сипатталады.

Адекватты () – қ. Үйреншікті.

Аденилатциклаза () — тірі торшаларда аденозинүшфосфаттың аденозин-3, 5-циклофосфатқа (ц АМФ) айналуын жандандыратын мембраналық фермент.

Аденогипофиз (гр.) — гипофиздің алдыңғы (безді) бөлігі. Бездің негізін хромофобты (негізгі) торшалар құрайды. Олар хромофильді торшалардың көзі болып табылады. Хромофильді торшалар ацидофильді және базофильді торшаларға бөлінеді. Ацидофильді торшалар соматотропин және пролактин гормондарын, ал базофильді торшалар-кортикотропин (АКТГ), тиреотропин, гонадотропин гормондарын өндіреді. Соматотропин өсу процесі мен денедегі зат алмасуды реттейді, ал қалған гормондар кринотропты гормондар деп аталады да, басқа эндокриндік бездердің дамуын, олардың қызметін реттейді. Аденогипофиз гормондары белок тектес гормондарға жатады, олар гипоталамус ядроларынан бөлінген нейросекреттердің — релизинг гормондардың әсерімен бөлінеді.

Аденин () — қ. Нуклеопротейдтер.

Аденозиндифосфат (АДФ) — торшалар мен ұлпалардағы қуаттық (энергетикалық) алмасу өнімі, фосфат қалдығының акцепторы және донаторы болып табылады да, аденозинүшфосфаттың (АТФ) синтезі мен ыдырау процестеріне қатынасады.

Аденозинмонофосфат (АМФ) — құрамында аденин, рибоза және фосфор қышқылының жалғыз қалдығы бар аденозиннің бір фосфорлы эфирі.

Аденозинге фосфор тобының қосылуы тіршілік әрекетіне қажет қуаттың жинақталуын қамтамасыз етеді.

Аденозинүшфосфат (Аденозинтрифосфат-АТФ) — адениннен, рибозадан және фосфор қышқылының үш қалдығынан құралған нуклеотид. Ол торшалардағы химиялық энергияны жинақтайтын және тасымалдайтын қосылыс, қуаттың әмбебап көзі.

Аденозинүшфосфат (АТФ) — торшалардың тіршілік әрекетіне қажет қуат көзі болып табылатын мол қуатты (макроэнергиялық) зат, биологиялық тотығу нәтижесінде пайда болады, тірі организмнің әмбебап қуат көзі болып табылады.

Алипсия (гр.) — қ. Сусамау.

Адреналин (лат.)— бүйрек үсті безі боз затының гормоны. Ол организмдегі зат алмасу процесін күшейтіп, жүрек жұмысын жандандырады, қан қысымын жоғарылатады, организм қызметін күшейтіп, оның сыртқы орта жағдайларына бейімделуін оңайлатады. Адреналин моноаминооксидаза ферментінің әсерімен ыдырайды.

Адреналин демеуші дәрілер (Адреномиметические вещества) - адреналиннің әсерін күшейтетін заттар.

Адреналды торшалар – қ. Хромафинді торшалар.

Адреналдық жүйе - эмбрионалдық тұрғыдан симпатикалық нерв жүйесі торшаларымен біртекті хромафинді торшалар жиынтығы. Олар бүйрек үсті бездің боз затын құрайды, үлкенді-кішілі шоғыр түрінде қолқа тамыр маңында, күре тамыр тармақталған жерде, симпатикалық түйін торшалары арасында кездеседі, адреналин мен норадреналин гормондарын бөледі.

Адренорецепторлар (лат.) — адренергиялық синапстардың артқы шептік (постсинаптық) мембранасының маманданған бөлігі, олар катехоламинергиялық нейрондардың ықпалын атқарушы органдарға өткізеді. Катехоламиндермен, дофамин- және адреналинмиметиктермен әрекеттесу ерекшеліктеріне қарай олар α , β т.б. түрлерге бөлінеді.

Адренокортикотроптық гормон (АКТГ) — гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлініп, бүйрек үсті безі қыртысының қызметін жандандыратын гормон.

Адстригенттік (лат.) - тері илейтін илік зат ерітіндісінің тұтқырлық қасиеті.

Ажырау (Дивергенция) – эволюция барысында табиғи немесе қолдан сұрыптау нәтижесінде белгілердің ажырауы. Нерв орталықтарында қозу процесінің ажырай таралуы.

Азғындау – қ. Дегенерация.

Азот алмасуы (Азотистый обмен) - организмде белок пен тағы басқа азотты заттардың өзгерістерін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығы. Азот алмасуы деген ұғым кең мағына береді. Ол белок алмасумен қатар амин қышқылдарының, түрлі пептидтердің, амин қышқылдары мен әртүрлі азотты заттардың аралық және ақырғы ыдырау өнімдерінің өзгерістерін қамтиды.

Азотемия () - қан құрамында белок өнімдерінің (мочевина, зәр қышқылы, креатин т.б.) шамадан тыс көбеюі.

Азотты негіз (*Азотистое основание*) - нуклеин қышқылындағы нуклеотидтер құрамына енетін химиялық қосылыс.

Азоттық баланс - қ. Азоттық теңдестік.

Азоттық оң теңдестік (*Азотистый баланс положительный*) - қорекпен организмге енген азот мөлшерінің организмнен бөлініп шыққан азот мөлшерінен артық болған жағдайы. Бұл құбылыс организмнің өсіп-жетілу кезеңінде, аурудан оңала бастаған кездерде байқалады.

Азоттық теңдестік (*Азотистый баланс*) - организм азықпен қабылдаған және бөлінділер (экскреттер) құрамында бөліп шығарған азот мөлшерінің ара қатынасы.

Азоттық теріс теңдестік (*Азотистый баланс отрицательный*) - организмнен бөлініп шыққан азот мөлшерінің қорекпен енген азот мөлшерінен артып кеткен жағдайы. Мұндай күй ашығу, сырқаттану кездерінде, организм қартайғанда байқалады.

Азотурия () — азотты заттардың зәр құрамында бөлінуі.

Азыққа тою – қ. Тоғаю.

Азықтандыру нормасы (*Норма кормления*) — жануарлардың физиологиялық күйі мен шаруашылыққа қажет өнімділігін қамтамасыз етуге керек қоректік заттар мөлшері.

Азықтың өзіндік динамикалық әсері (*Специфическое динамическое действие пищи*) — организмдегі зат алмасу процесінің азық қабылдағаннан кейін күшеюі. Тамақ (азық) қабылдағаннан бірнеше минут өткен соң организмдегі қуат алмасу күшейе бастайды. Адамда ол 15-30 минуттан соң басталып, 3-6 сағаттан соң әбден қарқындайды да, 10-12 сағат бойына сақталады. Ең мықты динамикалық әсер белокты тамақ қабылдағаннан соң байқалады (көрсеткіш 40 процентке дейін өседі). Көмірсулар зат алмасу қарқынын азырақ мөлшерде (10-20 процент) көтереді, ал майлар - шамалы ғана өсіреді, кейбір жағдайларда тіпті төмендетіп жібереді. А.ө.д.э. тамақтың белгілі бір мөлшерін қорытып, сіңіруге қажет қосымша шығындарды бейнелейді. Тәбетті метаболизмдік жолмен реттеу концепциясына байланысты тамақ қабылдағаннан кейінгі зат алмасу процесінің күшеюі аштық сезім орталығының тежеліп, тоқтық сезім орталығының қозуымен байланысты. Бұл процесте ішектің гормондық жүйесінің де маңызы зор дейтін болжамдар бар.

Айқындау (*Детерминация*) – эмбриологияда органдар мен ұлпалардың морфологиялық қалыптасуы, дамып келе жатқан организмнің ерекшеліктерінің жіктеліп анықталуы.

Аймақ (*Зона, Область*) — ортақ белгімен сипатталатын кеңістік саласы. Дене мүшесінің белгілі бір бөлігін нұсқайтын түсінік.

Айналдыру – қ. Трансдукция.

Айналу (*Пролапс*) — ішкі ағзалардың табиғи немесе ауру салдарынан пайда болған тесіктен аударылып, айналып шығуы. Мысалы, ішектің айналып түсуі, жатырдың айналып түсуі.

Айналшық (Анус) — Тік ішектің сыртқы жиегі, ернеуі.

Айналымдағы қан мөлшері (АҚМ) (Объем циркулирующей крови) — белгілі бір қысқа мерзім аралығында толық айналымнан өткен қан мөлшері.

Айналымдық гипоксия (Застойная гипоксия) — қан айналымының нашарлауы салдырынан органдарда оттегі тапшылығының орын алуы.

Айырша без (Вилочковая железа, Тимус) — жыныстық жетілу кезінде қызмет атқаратын ішкі секрециялық без.

Аквакультура — суда тіршілік ететін организмдерді күтіп өсіру.

Акинезия — қ. Қозғалыссыздық.

Акклиматизация — қ. Жерсіндіру.

Акклимация — қ. Жасанды бейімделу.

Аккомодация — қ. Әсерге бейімделу.

Акромегалия () — гипофиз қызметінің бұзылуы салдарынан дене мүшелері пропорциясының өзгеруі, жеке мүшелердің (жақ сүйек, тіл, ерін т.б.) шамадан тыс ұлғаюы.

Акромеланизм () — жануар денесінде пигменттің толық жойылмай, оның кейбір бөліктерінің (құлағы, мұрыны, табаны, құйрығы) қошқыл немесе қара түүке боялуы.

Акселерация (лат.) — балалар мен жас өспірімдердің өсіп-жетілуінің жеделдеуі; жыныстық жетілудің ерте қалыптасуы; өзгерген, орта әсерімен алдыңғы ұрпақпен салыстырғанда сенсорлық (сезімдік) механизмдердің, қимыл үйлесімінің, психикалық әрекеттердің ертерек, шапшанырақ дамып жетілуі.

Аксолемма (гр.) — аксонның плазмалық мембранасы. Бұл нейронның басқа бөліктерінің плазмалық мембранасына ұқсас, үш қабаттан түзілген құрылым. Синапс аймағы мен Ранвье үзілімдерінде аксолемма құрылымында біраз өзгерістер туындайды.

Аксон (гр.) — нерв торшасының ұзын өсіндісі. Ол арқылы нерв торшасы денесінде пайда болған тітіркеніс (импульс) басқа нерв торшасына, немесе атқарушы мүшеге беріледі. Аксон олигодендрогиамен оралып жатады, сондықтан оны орталық цилиндр (оқтық) деп айтады. Әр нейронда бір ғана аксон болады. Олардың жиынтығынан жүйке тамыр (нерв) және өткізгіш жолдар құралады.

Аксон буылтығы (Аксонный холмик) - нейрон денесі мен аксонның бастапқы аралығындағы конус пішінде кеңіген құрылым. Ол ірі нейрондарда жақсы байқалады. Бұл құрылым нейронның тригерлік (бір күйден екінші күйге тез ауысатын) аймағы болып табылады. Осы жерде қоздырушы постсинапстық потенциал (ҚПСП) әрекет потенциалына айналады.

Аксон негізі - қ. Аксон буылтығы.

Аксон-рефлекс — қ. Жалған рефлекс.

Аксоплазма (лат.) — ішінде түйіршіксіз эндоплазмалық тор, микротүтікшелер, нейрофиламенттер, митохондриялар, көпіршіктер мен көпіршікті денешіктер орналасқан аксон цитоплазмасы. Аксоплазмадағы

аталған құрылымдардың ара қатынасы аксонның жуандығына байланысты өзгеріп отырады. Мыс., жуан аксондарда нейрофиламенттер басым, ал микротүтікшелер аз болса, жіңішке миелинсіз талшықтарда нейрофиламенттер болмайды да, тек микротүтікшелер кездеседі.

Аксоплазмалық ағым (Аксоплазматический ток) - аксоплазманың ішіндегі заттармен бірге аксон бойымен нейрон денесінен аксон ұшына қарай толассыз жылжуы.

Актин () — бұлшық еттің жиырылу процесін қамтамасыз ететін белоктардың бірі. Ол бір-біріне ауысып отыратын глобулярлық-домалақ (Г-актин) және фибриллярлық-талшықты (Ф-актин) түрінде кездеседі. Ф-актин Г-актиннің полимерленуі нәтижесінде түзіледі де, қос арқаулы шиыршық түрінде миозинмен бірге актомиозиндік кешен құрап, бұлшық ет жиырылуының молекулалық механизмін қамтамасыз етеді.

Актограмма (лат.+гр.) — адам мен жануарлардың қимыл-әрекет белсенділігінің графикалық бейнесі.

Актограф () — адам мен жануарлардың қимыл белсенділігін автоматты түрде тіркеп отыратын аспаптар жиынтығы.

Актография () — адам мен жануарлардың қимыл белсенділігіндегі өзгерістерін бағалауға мүмкіндік беретін тіркеу әдістерінің жиынтығы.

Актомиозин () — бұлшық ет талшықтарының актин және миозин протифибрилдерінен құралған жиырылғыш белогы.

Акцелерометрия (гр.) — дененің немесе оның жеке бөліктерінің кеңістіктегі айналмалы немесе түзу бағытты үдемелі қозғалысы параметрлерін (көрсеткіштерін) бағалайтын әдістердің жалпылама аты.

Акцелерецепторы (гр.+лат)— айналмалы немесе түзу бағытты үдемелі қимылдарды қабылайтын механорецепторлардың психиофизиологияда қолданылатын жалпы атауы. Жарты иірімді өзектер ампуласы мен отолит мүшелері рецепторлары *акцелерецепторлар* болып табылады.

Акцептор (лат.)— қ. Тасымалдағыш заттар.

Ақ болу (Агалактия) - ауруға ұшырамастан желін қызметінің бұзылып, сүт түзу процесінің тиылуы. Емізулі буаз малда байқалатын құбылыс.

Ақпаратты (а-РНК) РНК (Информационная РНК) – рибонуклеин қышқылының ерекше түрі. Оның негізгі қызметі генге салынған генетикалық ақпаратты рибосомаға жеткізу.

Ақтаңдақтану (Денигментация) — қалыпты түстен, реңнен айырылу.

Ақшам соқыр (Куриная слепота) — А дәрмендәрісі жетіспеуінің салдарынан ала көлеңкеде көре алмайтын кемістік.

Ақыл нышаны (Инсайт) – жануарларда байқалатын ақыл нышаны. Ол инстинктерден, өмір тәжірибелерінен, еліктеуден өзгеше болады және оны бұл реакциялармен түсіндіруге болмайды. Еш ізденіссіз қажетті әрекетті табу. Мыс., қарақұстың тасбақаны іліп алып, биіктен жерге тастап, оның қабығын жарып жеуі.

Алалия (гр.) — балалардың сөйлеу қабілетінің бұзылуы.

Албырттану (*Гиперемия*) – мүшеде немесе ұлпада қан мөлшерінің артуы салдарынан олардың түсінің қызғылт тартуы.

– мүшеде немесе ұлпада қан мөлшерінің артуы салдарынан олардың түсінің қызғылт тартуы.

Алгезиметр (гр.) — ауырсынту сезімталдығын анықтау әдістерінің жиынтығы.

Алгоритм (лат) — белгілі бір мәселені шешуге бағытталған әрекеттердің мазмұны мен реттілігі.

Алғашқы зәр (*Провизорная моча*) — бүйректің күрделі әрекетінің нәтижесінде қаннан капсулаға сүзіліп өткен, құрамы жағынан плазмаға ұқсас белоксыз сұйық.

Алғашқы (*бастапқы*) сигналдық жүйе (*Первая сигнальная система*) — сыртқы орта әсерлерін қабылдауды қамтамасыз ететін сезім мүшелері. Бұл жүйе адамға да, жануарларға да ортақ. Олар көз арқылы көреді, құлақпен естиді т.с.с.

Алғы шептік мембрана (*Пресинаптическая мембрана*) — синапстың нерв ұшын көмкеріп тұрған құрылымы.

Алғы шептік көпіршіктер (*Пресинаптические пузырьки*) — нерв ұштарындағы сырты мембранамен қапталып, іші медиаторларға толған көпіршектер. Олар синапс арқылы қозуды таратуға қажет медиаторлар жинақтау үшін қажет.

Алдыңғы ауа жолы (*Верхние дыхательные пути*) — тыныс жолының дыбыс байламына дейінгі бөлігі. Оған мұрын қуысы, аңқа, жұтқыншақ, көмекей жатады.

Алдыңғы жақ (*Краниальный*) — дененің бас жағы, алдыңғы бөлігі.

Алдыңғы гипофиз - қ. Аденогипофиз.

Алдыңғы қарындар (*Преджелудки*) — күйіс малдары қарнының ұлтабарға дейінгі безсіз бөліктері. Олар мес қарын, жұмыршақ, қатпаршақ (түйеде болмайды) болып бөлінеді. Қосалқы қарындарда ас қорыту процесі микроорганизмдер әрекетінің нәтижесінде жүреді.

Алжу (*Маразм*) — қартаю немесе қатты сырқат салдарынан организмнің тіршілік әрекетінің нашарлауы, оның қажуы, ақыл-есінен айырлуы.

Алейкемия (гр.) — қан ауруының бір түрі, қан құрамында ақ түйіршіктердің көбеюімен байқалады. Медициналық әдебиеттерде бұл термин “**Лейкоз**” деген атпен белгілі.

Алексия (гр.) — оқу қабілетінің жойылуы.

Алецитальды жұмыртқа (*Алецитальные яйца*) - сарыуызсыз немесе сарыуызы мардымсыз жұмыртқа.

Алкалоз (лат) — қан мен ұлпаларда сілтілер (оң зарядталған бөлшектердің) мөлшерінің жоғарылауы. Алкалоз оны тударатын себептеріне қарай газды, газсыз, теңгерілген және теңгерілмеген болып бөлінеді.

Алколоидтар (лат.) — негізінен өсімдік тектес табиғи азотты органикалық заттар. Оларға физиологиялық белсенділік және сілтілік қасиет тән. Көптеген

алколоидтар уытты заттарға жатады, ал олардың кейбіреуі (кофеин, резерпин) шипалы зат болып табылады.

Алқым без (*Подчелюстная железа*) — төменгі жақсүйек ойысындағы етке жабыса орналасқан сілекей безі.

Аллантаин () — омыртқалы жануарлардың көпшілігінде несеп қышқылы тотыққан кезде түзілетін органикалық зат.

Аллантаис () — қ. Зәр қалтасы.

Аллергия () — организмнің кейбір заттарға (антиген) шектен тыс сезімталдығы.

Алломондар () - қ. Жұпарлар.

Алмастырылатын амин қышқылдары (*Заменимые аминокислоты*) — адам мен жануарлар организмінде биохимиялық процестер нәтижесінде түзіле алатын амин қышқылдары. Мысалы, аланин, аспарагин және глутамин қышқылдары, серин т.б.

Алмастырылмайтын амин қышқылдары (*Незаменимые аминокислоты*) — тіршілікте маңызы зор, организмде түзілмейтін амин қышқылдарының тобы.

Алмасу салмағы (*Обменный вес*) — организмнің килограмм өлшемінің 0,73 немесе 0,75 бөлігімен есептелген тірілей массасы (дене беткейіне пропорциялы шама). Бұл түсінік шетелдік зоотехниялық әдебиеттерде әртүрлі салыстырмалы көрсеткіштерді анықтау мақсатында пайдаланылады.

Алмасу суы (*Метаболическая вода*) — денеде органикалық заттардың тотығуы барысында пайда болатын су.

Алмасу тамырлары (*Обменные сосуды*) — қан мен ұлпа арасындағы газ, қоректік заттар, сұйық заттар мен метаболиттер алмасуы жүретін қылтамырлар — капиллярлар.

Алмасу энергиясы (*Обменная энергия*) — организмге азықпен түскен жалпы энергиядан нәжіс, зәр, күйіс малдарында оларға қоса бөлінген метан энергиясын алып тастағаннан соң қалған энергия. Бұл көрсеткіш жануарлар сіңіріп, пайдаланған энергия мөлшерін көрсетеді.

Алшақтау - (қ. Абдукция).

Алып лейкоциттер – қ. Моноциттер.

Алыптық (*Гигантизм*) – гипофиздің алдыңғы бөлігінің қызметі күшейгенде бойдың тым қатты өсуі, немесе дененің жеке бөліктерінің шамадан тыс үлкеюі.

Алыстан көргіштік (*Дальнозоркость*) – қ. Қырақтық.

Альбинизм () — қ. Түссіздік.

Альбуминурия () — зәр құрамында белоктың бөлінуімен сипатталатын физиологиялық күй (биологиялық тұрғыдан “*протеинурия*” деген атау бұл құбылысты дәл сипаттаған болар еді).

Альбумины ()— суда еритін қарапайым белоктар. Жұмыртқаның ақуызы (белогы), қан, сүт құрамында кездеседі.

Альвеола (лат.) — Арнаулы құрылымды бездердің, қкпенің қкпіршіктері, ұясы.

Альвеола ауасы (*Альвеолярный воздух*) — деммен шыққан ауаның альвеоладан қосылған бөлігі.

Альвеолалық желдету (*Альвеолярная вентиляция*) — Альвеолаға өтетін өкпенің минуттық көлемінің бөлігі. Оның мөлшерін тыныстық ауа мен пайдасыз (өлі) кеңістік ауасы айырмасын тыныс жиілігіне көбейту арқылы анықтайды.

Альдостерон () — бүйрек үсті безінің қыртыс бөлігінің шумақты аймағында бөлінетін минералокортикоидтар тобындағы гормон. Ол денедегі калий мен натрий алмасуын реттейді. Альдостеронның түзілуі мен бөлінуі негізінен ренин-ангиотензиндік жүйе арқылы реттелінеді.

Альтерация (лат) — қ. Бүліну, өзгеру.

Альфа-белсенділік - ми қыртысының төбе-шүйделік және басқа да аймақтарында байқалатын 80-125 мс аралығындағы дара альфа-толқындар.

Альфа-мотонейрон(дар) - жұлынның қаңқа еттерінің экстрафузальдық ет талшықтарын жүйкелеп, олардың рефлекторлы жиырылуын қамтамасыз ететін нейрондары. Альфамотонейрондарға әрекет потенциалы туындағаннан соң ұзақ мерзімде іздік гиперполяризация тән. Іздік гиперполяризация салдарынан альфа-мотонейрондардың қозғыштығы төмендейді.

Альфа-ырғақ - мидың ырғақты белсенділігін бейнелейтін, шамамен 10 Гц жиілікпен қайталанып отыратын толқындар тіркесі.

Амакриндік торшалар (*Амакриновые клетки*) – көздің торлы қабағының тек дендритті торшалары. Олар қос өрісті (биополярлы) және түйірлі (ганглиозды) торшалардың барлық түрлерімен синапс түзіп, горизонтальды (көлденең) тежелу процесін жүзеге асырады.

Амбидекстрия (лат) — екі қолмен де бірдей дәрежеде пайдалану қабілеті.

Амилаза (гр.) — крахмал, гликоген және солар тектес поли- және олигосахаридтерді гликозидтік байланыстарды ажырату нәтижесінде ыдырататын гидролазалар класы ферменттерінің жалпы атауы.

Амилоид () — адам мен жануарларда кейбір ұзаққа созылған ауру кезінде бауырда, көкбауырда және басқа мүшелерде жинақталатын ерекше белоктық заттар.

Аминоацидурия (ағ.+гр.) — бүйрек арқылы бір немесе бірнеше амин қышқылдары экскрециясының (бөлінуінің) күшеюі. Қалыпты жағдайда амин қышқылдары толығымен кері сорылып, зәрмен бөлінбейді.

Амин қышқылдары (*Аминокислоты*). - құрамында карбоксил (-COOH) және амин (-NH₂) тобы болатын, амфотерлік қасиетті органикалық қосылыстар класы. Олар зат алмасу процесінде маңызды роль атқарады. Амин қышқылдары, гормондар, дәмендәрілер, медиаторлар, пигменттер (реңдік заттар), алколоидтар т.б. заттар биосинтезі үшін пайдаланылады. Организмде глюкоза түзетін амин қышқылдарын-гликогенді, ал ацетил-Ко А

мен кетонды заттарға айналатын қышқылдарды — кетогенді қышқылдар деп атайды.

Амин қышқылдарын аминсіздеу (Дезаминирование аминокислот) — амин қышқылдарынан амин тобының бөлініп, олардың азотсыз қалдыққа айналуы.

Амин қышқылдарын қайта аминдеу (Переаминирование аминокислот) — кейбір амин қышқылдары мен кетокышқылдар арасында жүретін амин тобын кері тасымалдау процесі.

Аминоксидаза — қанға өткен симпатин (норадреналин) медиаторын ыдырататын фермент.

Анабиоз (гр.) — организмнің тіршілік әрекетінің күрт төмендеп, тіршілік белгілерінің уақытша сезілмей қалатын кезі. Анабиоз сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларында (аптаған ыстықта, қақаған суықта, құрғақшылықта) организмнің тіршілік қабілетінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Анаболизм (гр.) — торшаның қоректік заттарды сіңіріп, организмге тән дене құрамын түзуін қамтамасыз ететін физиологиялық-биохимиялық процестер.

Анаболизмдік гормондар (Г.анаболические) — организмде белоктардың түзілуін жандандыратын гормондар.

Аналық без (Яичник) – аналық жыныс безі. Онда аналық жыныс торшасы пісіп, жетіліп, жыныс гормондары бөлінеді.

Анарокта (гр.) — артериялық қысымның жоғарылауымен байланысты артерия пульсін бейнелейтін қисық сызықтың көтерілген бөлігі.

Аналептики (гр.) — жүйке жүйесінің қызметін жандандыратын, химиялық құрылысы жағынан әртүрлі дәрілер. Мұндай дәрілер ОНЖ-не әсер ету арқылы организмнің тіршілік әрекетін күшейтіп, оның жұмыс қабілетін арттырады.

Анастомоз (лат.+гр.) – қ. Жалғама

Анатоксин (гр.) — арнаулы өңдеу нәтижесінде өзінің улы қасиеттерінен айырылып, бірақ организмде антиденелер, иммунитет тудыратын қабілетін сақтаған токсиндер. Мал күліне (дифтерия), сіреспеге қарсы егу үшін қолданылады.

Анафилаксия () — қ. Қорғансыздық.

Анаэробизм () — қ. Ауасыз тіршілік.

Ангидремия (лат.) — қ. Кебірсу.

Ангидроз (лат.) — қ. Терсіздік.

Ангиограмма (лат.) — қ. Тамырсызық.

Ангиокардиография (лат.) — жүрек пен ірі қан тамырлары қуысын рентгенконтрасты (рентген сәулелерін ұстайтын) заттар (мысалы, верографин) жібере отырып, рентгендік әдіспен тексеру, зерттеу. Бұл әдіс арқылы жүрек пен қан тамырлары құрылысы мен жүрек қызметі жайлы маңызды деректер жинақтауға болады.

Ангиокардиокинография (лат.) — ангиокардиография әдісінің рентгенмен киноға түсірумен толықтырылған нұсқасы.

Ангиокардиосканирование (лат.) —жүрек пен қан тамырлары қуысын ультрадыбыс қолдану арқылы зерттеу.

Ангиология (лат.) — қ. Тамырнама.

Ангиорецепторы (лат.) — қ., Тамыр рецепторлары.

Ангиоспазм (лат.) — қ. Тамыр түйілу.

Ангиостомия (лат.) — қ. Тамыр көбектеу.

Ангиотензин (лат.) — қ. Тамыр тарылтқыштар.

Ангиотензиноген (лат.) — бауырда түзілетін қан сарысуының глобулинi, ангиотензиннің алғы заты, iз ашары.

Ангиотензиотонограф (лат.) — артерия мен вена тамырларындағы қан қысымының деңгейін және вена мен капиллярлар қабырғасының тонусын әpi олардағы қан ағынының көлемдік жылдамдығын жанама жолмен тіркеп жазуға арналған аспап.

Ангиотензиотонометр (лат.) — артерия мен вена тамырларындағы қысым деңгейін, вена мен капиллярлар тонусын және қан ағынының көлемдік жылдамдығын қансыз, жанама жолмен анықтауға арналған құрал.

Ангстрем (гр.) — метрдің он миллиардтан бір үлесіндей ұзындыққа тең өлшем бірлігі. Ол А белгісімен таңбаланады.

Андрогендер (гр.) — қ. Аталық гормондар.

Андростерон (гр.) — аталық жыныс гормоны, олар қосалқы жыныс белгілерінің туындауын жандандырады.

Андрофилия (гр.) — қ. Еркек жандылық.

Андрофобия (гр.) — еркекті жек көрушілік.

Анемия () — қ. Қан аздық.

Анестезия () — қ. Сезімсіздендіру, жансыздандыру.

Анизорефлексия () — тері мен сіңір рефлексдерін зерттегенде жауап реакцияда байқалатын симметриясыздық, реакция күшіндегі теңсіздік, әркелкілік.

Анизотропия () — дененің әртүрлі әсерлерді жан-жаққа таратуда оның физикалық қасиеттерінде (жылу өткізу, электр тоғын өткізу, жарық тарату т.с.с.) байқалатын әркелкілік.

Анимальный (лат.) — қ. Жануарлық.

Анод (гр.) — электр құралдарындағы оң зарядты электрод, тұрақты токтың оң өрісі.

Аномалия (гр.) — қ. Қалыптан ауытқу.

Анорексия (лат.) — қ. Тәбетсіздік.

Аносматики (лат.) — қ. Иіс сезбейтіндер.

Аносмия (лат.) — қ. Иіс сезінбеу.

Антивитамины (лат.)- қ. Дәрумендер.

Антигемофильді глобулин (*Антигемофильный глобулин*) — қан плазмасының белогы (қанды ұйытатын VIII-фактор). Ол жетіспеген жағдайда қанның ұю процесі бұзылып, организм қансырайды.

Антигендер (лат.) (*Антигены*) — организмге жат генетикалық ақпарат иелері болып табылатын ірі молекулалы бөгде заттар. Оларды организмге ас қорыту жүйесінен басқа жолмен енгізгенде арнаулы иммундық реакциялар байқалып, антиденелер түзіледі.

Антигормон(дар) (лат) (*Антигормон(ы)*) — Әсері гормонға қарсы бағытталған заттар.

Антидиурездік гормон, антидиуретин (*Антидиуретический г.-АДГ*) — гипоталамус ядроларында түзіліп, гипофиздің артқы бөлігінде жинақталатын, нефронның соңғы бөліктерінде сұйықтың кері сорылуын жандандыратын, зәрдің түзілуін азайтатын, гипофиздің артқы бөлігінен бөлінетін гормон.

Антидромды (гр.) (*Антидромный*) — қозу процесінің қалыпты таралу бағытына қарсы бағытталуы.

Антиперисталтика (лат.) – қ. Кері толқынды қимыл.

Антипорт () — екі түрлі заттың биологиялық мембрана арқылы қарама-қарсы бағытта қатарласа өтуі. Мысалы, митохондриялар кальций сіңіргенде, бірден сутегі иондарын сыртқа қуалайды.

Антропология () — адам мен адам нәсілдерінің шығу тегін, оның дене құрылысы эволюциясын, өзгеру заңдылықтарын зерттейтін жаратылыс тану ғылымының бір саласы.

Антропометрия () — адам денесін, мүшелерін өлшеу арқылы оның дене құрылысына тән жыныстық, нәсілдік, кәсіптік және жас ерекшелерін айыруда қолданылатын антропологиялық зерттеудің негізгі тәсілінің бірі.

Анурия (лат.) — қ. Зәр тоқтау.

Анэнцефалдық (лат.) (*Анэнцефалия*) — ми жарты шарларынсыз туған жануар.

Аңғалақ – қ. Көз шарасы

Аңқа (*Носоглотка*) — таңдай мен жұтқыншақтың жалғасатын жері.

Аорта (лат.) — қ. Қолқа.

Апатия (лат.) — қ. Селқостық.

Апекскардиография () — жүректің жиырылуымен байланысты кеуденің қимылын тіркеп жазу.

Апикальдық (лат.)- қ. Төбелік.

Апнейзис (лат.) — тыныс орталығының пневмотаксистік кешенінің функционалдық және морфологиялық зақымдануы салдарынан туындайтын құбылыс. Ол тыныстың дем алу сатысының қалыптан тыс ұзарып, баяулауымен, дем алу процесінің соңында тыныстың тоқтауымен және шапшаң дем шығарумен сипатталады.

Апнейстикалық орталық (*Апнейстический центр*) — тыныс орталығының ми көпірінде орналасқан бөлігі. Аталған орталықтың басқа құрылымдарының ықпалы жойылса апнейстикалық орталық тыныс алудың ерекше түрін қалыптастырады. Мұндай жағдайда дем алу процесі баяу

атқарылып, өзінің шыңына жеткен кезде тоқтайды да, соңынан шапшаң дем шығарылады, апнейзис туындайды.

Апноэ (лат.) — қ. **Тыныстың тоқтауы.**

Апофермент () — бір және қос құрамды ферменттердің белокты бөлігі, оның катализдік әрекеті атқарылуы үшін белокқа жатпайтын компонент-кофактор (кофермент) болуы қажет. Апофермент ферменттер әрекетіне талғамдылық сипат береді.

Аппарат (лат.) — организм жүйелерінің немесе табиғаты мен құрылысы әртекті органдардың функционалдық (әрекет)) бірлестігі.

Аппетит (лат.) — қ. **Тәбет.**

Апсар (Вульва) — аналық жыныс мүшесінің сыртқы бөлігі.

Ара байланыс – қ. **Корреляция.**

Аралас без – **Сірлі-кілегейлі без.**

Аралшық без (Островки Лангерганса) — ұйқы безінің ішкі секрециялық қызмет атқаратын бөлігі, гормондар бөлетін торшалар тобы.

Аралық зат алмасу (Метаболизм промежуточный) — белгілі бір заттың торша ішіне келіп түскен сәтінен ақырғы ыдырау өнімдерін түзгенге дейінгі өзгерістері. Ол белок, көмірсу, май, су мен минералды заттар алмасуы болып бөлінеді.

Аралық ми (Промежуточный мозг) — эпиталамустан, таламустан және гипоталамустан тұратын ми бағанының бөлімі.

Аралық нейрондар (Вставочные нейроны) — ОНЖ-дегі сезімтал (сенсорлық) және қозғалтқыш нейрондарды байланыстыратын торшалар. Олар майда, қысқа аксонды келеді де, қоздырғыш не тежегіш қызмет атқарады.

Аралық торшалар (Интерстициальные клетки) — аталық без өзектерінің немесе аналық без фолликулаларының аралығындағы дәнекер ұлпада орналасқан торшалар.

Аран (Зев) — ауыз қуысы мен жұтқыншақ аралығы.

Ареал () — жануарлар не өсімдіктер түрінің, туысының, тұқымдастарының және басқа топтарының табиғатта тараған аймағы.

Ареометр (лат.) — сұйықтардың тығыздығын өлшейтін құрал.

Арефлексия (лат.) — қ. **Шарасыздық.**

Аритмия () — қ. **Ырғақсыздық.**

Арналану (Бифуркация) - екіге ажырау, бөліну, тармақтану. Анатомияда түтік тәрізді мүшенің екі тармаққа ажырауы, кеңірдектің екі ауа тамырға (бронхыға) бөлінуі.

Арнаулы энергия заңы (Закон специфических энергий) — Ч.Белл (1811) мен И.Мюллер (1838) ұсынған заң (Белл Чарлз, 1774-1842, шотл. анат.,хирург, физиол.; Мюллер Иоганнес Перер, 1801-1858, нем. физиол.). Бұл заңның негізіне нерв жүйесінде кез келген түйсік ерекше нервтік процеске айналған сыртқы әсердің салдарынан туындайды деген идея алынған. Әрбір сезім жүйесінде бұл процес өзіндік ерекшеліктерімен

атқарылады, оған әрбір сезім мүшесінде өзіне ғана тән энергияның бөлінуі себеп болады. Демек, әртүрлі сезім мүшесіне әсер еткен біртекті тітіркендіргіш әртүрлі түйсік тудырады, ал, керісінше, бір сезім мүшесіне әсер еткен әртүрлі тітіркендіргіш ұқсас, бір мағыналы түйсік тудырады. Әсердің адекваттық сипатын (үйреншіктілігін) ескермеген мұндай тұжырым ғылымда физиологиялық идеализмнің қалыптасуына әкеліп соқтырып, сезім мүшелерінің сыртқы дүниенің объективті сипатын бейнелейтін қызметін жоққа шығарады.

Арт жақ (*Аборальная сторона*) - дененің ауызға қарама-қарсы бөлігі, артқы жағы.

Артерия (лат.) - жүректен мүшелер мен ұлпаларға қан жеткізетін қолқа мен прекапиллярлық артериолдар арасында орналасқан қан тамырлары. Ортаңғы қабығының құрылыс ерекшеліктеріне қарай оралымдық (күре тамыр, мықындық, атаусыз а.) және етті (басқа барлық артериялар) болып екі типке бөлінеді. Артериялар кедергілік (резистивтік) қызмет атқарады. Олардың қабырғаларындағы бірыңғай салалы еттердің болмашы жиырылуының өзі қан ағысын күрт көгертіп отырады.

Артерия қаны (*Артериальная кровь*) — оттегіне бай қан.

Артерия осциллографиясы (*Артериальная осциллография*) — тамырдың соғуын тіркеу әдісі. Жанама жолмен артерия қысымы мен пульс толқынының таралу жылдамдығын, пульстің сипатын анықтау мақсатына қолданылады.

Артерия қысымы (*Артериальное давление*) — жүрек жұмысы нәтижесінде артерия тамырларында қалыптасатын қан қысымы. Оның систола кезінде байқалатын ең жоғары деңгейін систолалық (максимальды), ал диастола кезіндегі төменгі деңгейін — диастолалық (минимальды) қысым деп айтады. Систолалық және диастолалық қысым айырмасынан туындайтын пульстық тербелісті I-реттік толқын, ал артериялық қысымның тыныспен байланысты өзгерістерін II-реттік толқын деп атайды. Сонымен қатар тамыр қозғағыш орталық белсенділігіндегі өзгерістермен байланысты III-реттік толқын да кездеседі. Бұл соңғы толқындардың белгілі ырғағы болмайды. Систолалық қысым негізінен жүрек жұмысын бейнелесе, диастолалық қысым-шеткей қан тамырларының тонусымен, шеткей кедергі деңгейімен байланысты.

Артериялық өзек (*Артериальный проток, Боталлов проток*) — желбезек доғасының рудименті, тек қана құрсақтық даму кезеңінде іске қосылатын тамыр. Қолқа мен өкпелік артерияны жалғастырып, кіші қан айналым шеңберінің айналма жолын (шунт) түзеді. Бұл тамыр туғаннан кейін бітеліп қалады, бітелмесе — жүрек ақауы туындайды.

Артерия-вена жалғамалары, анастомоздары - қ. Артерия-вена жалғамалары.

Артерия-вена жалғамалары (*Артерио-венозные анастомозы*) — артерия мен вена тамырларының терминалдық бөліктерін жалғастыратын майда тамырлар. Қажет болған жағдайда қанның капиллярларға бармай вена

жүйесіне өтіп кетуін қамтамасыз етеді. Бұл процесс жеке мүшелердегі қан айналу процесін реттеуде маңызды роль атқарады.

Артериоплетизмография — қ. Пульс өлшеу.

Артериопьезометрия () — пьезокристалды таратқыш арқылы артерия қабырғасының тербелістерін тіркеу әдісі. Негізінен тек пульс толқынының таралу жылдамдығын анықтау мақсатында қолданылады.

Артериолалар (Артериола) — артериядан тармақталған ұсақ қан тамырлары.

Артефакт () — зерттелген объектіге тән емес жат процесс, не құбылыс.

Артқы ми (Задний мозг) — мидың көпір мен мишықтан тұратын бөлімі.

Артқы бөлік (Каудальный) – дененің бөксеге жақын бөлігі.

Артқы орталық қатпар (Постцентральная извилина) — ми қыртысының орталық сайдың артқы жағында орналасқан қатпары.

Артқы тесік (Анальное отверстие) — ас қорыту жүйесі аяқталатын тік ішектің тірелетін тесігі, аяқталар жері.

Артқы (үстіңгі) түбір (Задний корешок) — жұлынның орталыққа тепкіш нерв шоғыры өтетін құрылымы.

Артқы шептік қозу (Возбуждение постсинаптическое) — артқы шептік (постсинапстық) мембрана потенциалының медиаторлар әсерімен төмендеуі.

Артқы шептік мембрана (Постсинаптическая мембрана) — синапстың атқарушы орган беткейінде орналасқан құрылымы.

Арықтау (Истощение) — организмнің еттен арып, салмағының кемуі, тіршілік әрекетінің төмендеуі.

Азық қорыту – қ. Ас қорыту.

Азық қорыту жүйесі - қ. Ас қорыту жүйесі.

Ас қорыту (Пищеварение) — азық құрамында организм қабылдаған күрделі органикалық заттардың ас қорыту жолында ферменттер әсерімен ыдырап, қарапайым, сіңімді заттарға айналуын қамтамасыз ететін физиологиялық процесс.

Ас қорыту жүйесі (Пищеварительная система) — Ас қорыту процесін атқаратын органдардың функционалдық морфологиялық бірлестігі. Ол ауыз қуысынан, қарыннан, аш және тоқ ішектерден, ас қорыту бездерінен тұрады.

Ас қорыту бездері (Пищеварительные железы) — ас қорыту сөлдерін бөлетін бездер: сілекей бездері, қарын, ұйқы бездері, бауыр т.б.

Ас қорыту жолы (Пищеварительный тракт) — қоректік заттардың ыдырауын және олардың қорытылмаған қалдықтарының организмнен бөлінуін қамтамасыз ететін органдардың функционалдық жүйесі. Ол ауыз қуысынан басталып, артқы тесікпен бітеді.

Асқын әрекет (Гиперфункция) — жеке орган, жүйе немесе ұлпа қызметінің шектен тыс күшеюі.

Архитектоникалық өріс (Архитектонические поля) — бірінен-бірі жүйке торшалары мен талшықтары және олардың өзара орналасуы сипатымен ерекшеленетін ми қыртысының жеке бөліктері.

Асептика () — қ. Пәктеу.

Асистолия () — жүректің жиырылуының және электрлік белсендігінің жойылуы. Жүрек қызметі өте қатты бұзылған кезде байқалады.

Аскорбин қышқылы, С дәрмендәрісі (Аскорбиновая кислота) — суда еритін дәрмендәрілердің бірі. Организмдегі әр түрлі биологиялық тотығу процестеріне кофактор ретінде қатынаса отырып, зат алмасу процесін реттеуде маңызды роль атқарады.

Ас қорыту жолы (Желудочно-кишечный тракт) — ас қорыту жүйесінің түтікше құрылымды өңеш, қарын, ащы және тоқ ішектерден тұратын бөлігі. Ас қорыту жолында қоректік заттар механикалық, химиялық және биологиялық өңдеуден өтіп, ыдырау өнімдері қанға немесе лимфаға сіңеді, организмге қажетсіз алмасу өнімдері бөлінеді.

Ас қорыту жолының қимылы, қимыл-әрекеті (Моторная функция пищеварительного тракта) — ас қорыту жолының бірыңғай салалы еті бар мүшелерінің қуысындағы жынның (химустың) араласуын, шайқалуын, жылжуын, бір бөлімнен келесі бөлімге өтуін қамтамасыз ететін қимылы. Бұл функция ас қорыту жолы қабырғасындағы бойлама және сақиналы ет қабаттарының әрекеті нәтижесінде атқарылады.

Асқазан – қ. Қарын.

Асқазан сөлі – қ. Қарын сөлі.

Асқын әрекет (Гиперфункция) – жеке орган, жүйе немесе ұлпа қызметінің шектен тыс күшеюі.

Асқын қысымды ерітінділер (Гипертонические растворы) — осмостық қысымы қан плазмасы қысымынан жоғары ерітінділер.

Асқын өрістену (Гиперполяризация) – қозғыш ұлпалар биологиялық мембраналарының сыртқы және ішкі беткейлері арасындағы потенциалдар айырмасының көбеюі.

Асқынкернеу (Гипертензия) – организм қуыстарындағы кеуек органдардағы, тамырлардағы қысымның жоғарылауы.

Аспирация () — қ. Шашалу.

Ассимиляция () — зат алмасу процесінің қоректік заттарды қабылдаумен, оларды дененің құрылымына (торша протоплазмасына, организм қорына) айналдырылуымен байланысты бөлімі. Ассимиляция анаболизмге ұқсас түсінік, бірақ ол торша сыртында жүретін процестермен (азықты қабылдау, денеде қор жинақтау) сипатталады.

Ассоциативтік талшықтар - қ. Жалғастырғыш талшықтар.

Ассоциативтік аймақтар - қ. Жалғастырғыш аймақтар.

Ассоциативтік орталықтар - қ. Жалғастырғыш орталықтар.

Ассоциация - қ. Жалғасу.

Астазия () — организмнің түрегеліп тұру қабілетінен айырылуы. Орталық нерв жүйесінің, әсіресе мишықтың зақымдалуы салдарынан бұлшық еттердің үйлесімді жиырыла алмауы.

Астар қабық – қ. Интима.

Астарлық ішперде (Париентальная брюшина) — құрсақ қуысының ішкі беткейін астарлап жататын жұқа қабықша.

Астения () — дене дәрменсіздігі, жалпы әлжуаздық, әлсіздік.

Астигматизм () — көздің сәулені сындыру қабілетіндегі кемістік. Оның салдарынан зат бейнесі бұлдырап кетеді.

Астроцит () — жұлдызша пішінді көп тармақты жетілген глиялық торша. Нерв жүйесінде сүйеніш қызмет атқарады. Олардың өсінділері капилляр мен нейрондар беткейінің көп бөлігін бүркеп жатады.

Астроцит өсіндісі (Астроцитарная ножка) — астроцит өсіндісі басқа өсіндімен түйіскенге дейін ұзара жайылады да, капиллярларды, нейронды орап алады, тек синапсты бос қалдырады. А.к. базальдық мембрананы да қоршап, ми ұлпасын оны қоршап тұрған мидың жұмсақ қабықшасынан бөлектеп жатады.

Атаксия () — қимыл үйлесімінің жойылуы. Әртүрлі бұлшық ет топтарының (кереғарлар, синергистер) жиырылуындағы үйлесімдіктің бұзылуы салдарынан қимыл-әрекеттің дәлдігі, ыңғайы, үйлесімі нашарлайды. Бұл ауытқулар нерв жүйесі қызметінің бұзылуымен байланысты туындайды. Себебіне байланысты атаксия сенситивтік (сезімдік), қыртыстық болып бөлінеді.

Аталық без тосқауылы (Гемато-тестикулярный барьер) — қан мен ен торшалары арасындағы механизм. Оның құрамына қан тамырларының сыртқы қабығы, еттің иірімді өзектерінің қабырғасы, Сертоли торшалары, белокты қабық және еттің аралық ұлпалары енеді. Бұл тосқауылдың беріктігі өте жоғары болады.

Аталық гормондар (Андрогендер) - жыныс бездерінде, бүйрек үсті бездердің қыртыстық қабатында түзілетін аталық гормондар тобы. Олардың негізгісі тестостерон. Бұл гормондар организмнің жыныстық жетілуін, қосалқы жыныс белгілерінің дамуын реттейді. Бүйрек үсті безінің андрогендері жыныстық жетілу кезеңіне дейін жыныс жүйесінің дамып-жетілуін реттеуде маңызды роль атқарады.

Аталық мал (Производитель) — ұрпақ бере алатын еркек мал (айғыр, бұқа, бура, қошқар, теке, қабан т.б.).

Ателектаз () — қ. Ауасыз сол.

Атипті () - қ. Бейқалып.

Атқарушы орган (Эффектор) – тітіркендіруге жауап қайтаратын мүше, жауап-реакцияны атқаратын құрылым.

Атмосфера ауасы, ауа (Воздух атмосферный) — жерді қоршап тұрған газдар қоспасы. Құрғақ ауа құрамында көлеммен алғанда 78,08% азот, 20,95% оттегі, 0,93% аргон, 0,03% көмір қышқыл газ және сутегінің,

озонның, инертті газдардың ізі болады. Теңіз деңгейінде атмосфералық қысым 1013гПа, немесе с.б. 760 мм тең.

Атония () — қ. Болжырау.

Атрезия () — қ. Бітік.

Атриовентрикулярлық құрсау — қ. Жүрекше-қарынша блокадасы.

Атрофия () - қ. Сему.

Аттрактант(тар) - қ. Еліктіргіш(тер).

Ауа жұту (*Аэрофагия*) — асты (азықты) дұрыс қабылдамаған жағдайда байқалатын ауа жұту құбылысы. Жұтылған ауа кекірекпен шығарылады.

Ауа иондары (*Аэроионы*) — ауадағы зарядталған газдар молекуласы мен қалқыған жүзінділер. Олар оң не теріс, жеңіл не ауыр ауа иондары болып бөлінеді. Қалыпты жағдайда табиғи ауаның әрбір текше сантиметрінде 450 жұп а.и. болады. Теңіз жағалауында, сарқырама маңында, тау өзендері жағасында организмге жағымды әсер ететін жеңіл ауа иондары көп болады. Ауа неғұрлым тозаңдана түссе, жеңіл ауа иондары азая береді.

Ауа тамыршалар (*Парабронхи*) — ауа тамырлардың (бронхылардың) өкпе ұлпасына өтетін тармақтарын жалғастыратын жіңішке түтікшелер.

Ауаға талғамдылық (*Газопреферендум*) — жануарлардың немесе адамның тыныс ауасына (қоршаған орта ауасының құрамына) талғамдылығы. Табиғи жағдайда балықтар мен сүңгуір жануарларда байқалады. Адам құрамында оттегінің мөлшері 16%-тен кем ауаны және таза оттегіні ұнатпайды.

Ауалы без (*Газовая железа*) — балық торсылдағының ішкі беткейіндегі безді эпителий.

Ауалы қуыс – қ. Пуга.

Ауалы қапшықтар (*Воздухоносные мешки*) — құс денесіндегі өкпеден тарайтын, ауамен толған қалталы қуыстар.

Ауалы сүйектер (*Пневматические кости*) — ішіндегі қуыстар (кеуектер) ауаға толған жеңіл сүйектер. Олар қуыстарға тән болады.

Ауалы тіршілік (*Аэробизм*) - тірі организмдердің ауадағы оттегінің қатысуы нәтижесінде тотығу-тотықсыздану (қалыптастырылу) реакцияларынан бөлінген қуаттың арқасында тіршілік етуі.

Ауасыз солу - альвеола қабырғаларының жабысып қалуы салдарынан өкпеде немесе оның жеке бөліктерінде ауаның болмауы.

Ауасыз тіршілік (*Анаэробизм*) — организмнің оттегінсіз тіршілік етуі.

Ауатамырлар - қ. Бронхылар.

Ауатамыршалар - қ. Бронхиолдар.

Ауатамырлы тармақтар - қ. Бронхылы тармақтар.

Аударып қондыру (*Трансплантация*) – ұлпаны не мүшені аударып отырғызу. Ол екі нұсқада орындалады. Орган өзінің табиғи орын тепкен жеріне отырғызылса оны ортотопиялық трансплантация, ал өзіне тән емес, басқа аумаққа отырғызылса — оны гетеротопиялық трансплантация деп атайды.

Аудиометр () — адам мен жануарлардың есту қабілетін анықтауға арналған құрал.

Аудиометрия () — арнаулы тәсілмен есту жүйесінің күйін анықтау.

Ауксотонустық жиырылу (*Ауксотоническое сокращение*) — бұлшық еттің бір мезгілде әрі ұзындығын, әрі тонусын (ширығуын) өзгерте жиырылуы.

Аумақтану (*Амплификация*) - организмнің сырқы орта әсерлерін бейтараптап, кеңірек таралуға бейімделуі.

Аумалы қимыл (*Амебоидное движение*) - жалған аяқтар (псевдоподий) көмегімен қимыл бағытына қарай эндоплазманың аударылуы нәтижесінде қозғалу.

Ауру тану (*Диагностика*) – ауруды белгілеріне қарай танып-білу, ажырату әдістері туралы ғылым.

Аурушандық (*Заболеваемость*) — адамның немесе жануардың ауруға шалдыққыштығы, дертке ұшырағыштығы.

Аускультация - қ. Тыңдау.

Аутолиз — қ. Автолиз.

Аутоинтоксикация — қ. Өзін уыттау.

Ауу (*Миграция, Эмиграция*) —Тіршілік ортасының өзгеруімен байланысты жануарлардың өз мекенінен басқа жерге қоныстауы, аууы, ығысуы, мекен ауыстыруы.

Ауыз су (*Вода питьевая*) — ішуге жарамды су. Су сутегі мен оттегінің табиғатта ең кең тараған қарапайым түрі — сутегі оксиды, организмде ол барлық физика-химиялық реакциялар өтетін орта құрайды.

Ауыз түбі (*Ротовое дно*) — ауыз қуысының астыңғы жағы.

Ауырсыну (*Боль*) — организмнің сыртқы ортадан бөлектенуін, сондықтан оның ішкі сұйық ортасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін жабынды қабықтарының тұтастығын бұзатын жағымсыз әсерлердің салдарынан туындайтын күйі. Жануарларда тек организмнің объективті реакцияларын ғана бақылауға болады, сондықтан ауырсыну деген ұғымның орнына “**ноцицепция**” деген түсінікті қолданған орынды.

Ауырсыну рефлекстері – қ. Ноцицептивті рефлексстер.

Ауырсыну рецепторлары (*Болевые рецепторы, Ноцирецепторлар*) — тері мен ішкі органдардағы ауырсыну әсерін қабылдайтын сезімтал нерв ұштары.

Ауырсыну рецепциясы (*Болевая рецепция*) — ауырсыну түйсігінің пайда болуына соқтыратын сыртқы әсерді қабылдау, түрлендіру және тарату процестерінің жиынтығы.

Ауэрбах торы (*Ауэрбахово сплетение*) — ішек-қарын қабырғасының етті қабатында орналасқан, ас қорыту жолын жүйкелендіретін нервтік құрылым.

Афагия () — жұту қабілетінің жойылуы. Жұту процесі ерікті (ауыздық) және еріксіз (жұтқыншақтық) сатылардан тұрады, сопақша мида орналасқан арнаулы орталық қызметімен реттелінеді. Жұтқыншақ пен таңдайдағы рецепторлар тітіркенгенде пайда болған қозу афференттік жолдармен

орталыққа беріліп, одан әрі эфференттік жолдармен ауыз, тіл, таңдай, жұтқыншақ, көмекей, өңеш еттеріне оралады да, олардың үйлесімді әрекеті нәтижесінде жұту процесі атқарылады. Осы күрделі жүйенің кезкелген бөлігінің әрекеті бұзылса афагия байқалады.

Афазия () — сөйлеу қабілетінің бұзылуы. Басқа адамның сөзін жартылай немесе толық ұқпау, не өз ойын сөзбен жеткізе алмау.

Аффект — қ. Толқу.

Афферентация — қ. Орталыққа тебу.

Афферентация түрлері - қ. Орталыққа тебу түрлері.

Афференттік буын - қ. Орталыққа тепкіш буын.

Афференттік жинақтау (*Афферентный синтез*) — маңызы жағынан әртүрлі афференттік қозу ағындарын (лектерін) салыстыру, іріктеу және тұтастыру процесі. Мінез-құлықтың функционалдық жүйе қызметінің атқарылуының бастапқы сатысының негізін құрайды. Афференттік синтез нәтижесінде организм өзіне әсер еткен әр түрлі сыртқы немесе ішкі әсерлердің арасынан ең бастысын ажыратып, іс-әрекеттің мақсатын анықтайды.

Афференттік жолдар - қ. Орталыққа тепкіш жолдар.

Афференттік нерв талшықтары (*Волокно нервное афферентное*) — қозу толқынын ұлпалардан орталық нерв жүйесіне жеткізетін нерв талшықтары.

Афференттік синтез - қ. Афференттік жинақтау.

Афференттер - қ. Орталыққа бағыттаушылар.

Ахилия () — қарын сөлі құрамында тұз қышқылы мен ферменттердің болмауы. Ахилия әрекеттік және құрылымдық болып бөлінеді. Әрекеттік ахилия кезінде қарынның бездері аман, тұтас болады, бірақ олар тұз қышқылы мен ферменттер бөлмейді. Ал, құрылымдық ахилия қарын бедеріндегі терең морфологиялық өзгерістердің салдарынан туындайды.

Ацетилхолин () — қозған парасимпатикалық нерв ұшынан, ОНЖ-нің кейбір синапстарынан бөлінетін медиатор. Холин мен сірке қышқылының күрделі эфиі болып табылады.

Ацетилхолинэстераза — ацетилхолинді холин мен сірке қышқылына ыдырататын гидролаза тобындағы фермент.

Ацетонемия — қан құрамында май қышқылдарының толық тотықпаған өнімдерінің — кетонды заттар мөлшерінің көбеюі.

Ацетонурия — зәр құрамында кетонды денелер мөлшерінің көбеюі.

Ацидоз () — қан мен ұлпаларда қышқылдардың теріс зарядты иондарының (аниондардың) жинақталуы, қан реакциясының қышқылдық жаққа ығысуы.

Ацидофильді торшалар (*Ацидофильные клетки*) — гипофиздің алдыңғы бөлігінің секторлық торшалары.

Ацинус () — өкпенің морфо-функционалдық негізі. Ол терминалдық бронхиоланың альвеолалық жол мен альвеолаларға тарамдалуы нәтижесінде пайда болады.

Ашамай сүйек (Турецкое седло) – ми қыртысының төменгі жағындағы гипофиз орналасқан сүйек.

Ашофф-Тавар түйіні (Атриовентрикулярный узел) — жүректің өткізгіш жүйесінің құрылымы, оң жүрекше қабырғасында аралық перде маңында орналасады.

Аштық (Голод) — тамақ (азық) қабылдауға деген объективті мұқтаждың субъективті бейнеленуі. Аштықтың биологиялық маңызы адам мен жануарларды корек іздеп, азық қабылдауға бағыттауында.

Ашу (Брожение) — әртүрлі микроорганизмдер өндіретін ферменттер әсерімен көмірсулардың ыдырауы.

Ашығу (Голодание) — қоректік заттардың қабылданбауымен, тапшылығымен немесе сіңіру процесінің күрт бұзылуымен байланысты туындайтын организм күйі.

Ашық қан тамыр жүйесі – қ. Тұйықталмаған қан айналым жүйесі.

Ашытқы (Дрожжи) — майда саңырауқұлақтардың бір түрі.

Ащы ішек (Тонкая кишка) — ішектің қарынмен жалғасқан бөлігі. Малда ол үш бөлімнен — ұлтабар ұшынан (жіңішке ішектен), аш ішектен және мықын ішектен тұрады.

Аэриобиоз () — қ. Ауалы тіршілік.

Аэрогематикалық тосқауыл - қ. Өкпе тосқауылы.

Ә

Әк қабық – қ. Қауыз.

Әмбебап қабылдаушы (Универсальные реципиенты) – кез-келген топтың қанын қабылдай алатын төртінші топ өкілдері.

Әмбебап реципиент – қ. Әмбебап қабылдаушы.

Әрекет – қ. Жұмыс, қызмет, Функция.

Әрекет бірлестігі (Двигательная единица) — ортақ мотонейронмен жүйкеленетін ет талшықтарының тобы.

Әрекет жүйесі – қ. Функционалдық жүйе.

Әрекет гиперкапниясы – қ. Физиологиялық гиперкапния.

Әрекет икемділігі (Пластичность функций) — ұлпалардың, мүшелердің орта жағдайына қарай өз әрекеттерін белгілі бір шекте өзгерту мүмкіндігі, өзгерту қабілеті.

Әрекет нәтижесінің акцепторы (Акцептор результата действия) — шешім қабылданғаннан кейін әрекет нәтижесін болжайтын функционалдық жүйе бөлімі. Әрекеттен соң әрекет нәтижесінің акцепторында болжамданған әрекет нәтижесі мен нақтылы атқарылған әрекет салыстырылады.

Әрекет потенциалы (Потенциал действия) — нерв, ет ұлпалары қозған кезде байқалатын биоэлектрлік потенциалдың шапшаң тербелістері.

Әрекеттік синцитий – қ. Әрекеттік торлама.

Әрекеттік торлама (*Синцитий функциональный, гр.*) — кейбір көпторшалы құрылымның (мысалы, миокард) торлама (синцитий) іспеттес әрекет етуі жайлы ұғым. Миокардтың синцитийлік қасиетін қозуды өткізу кедергісі өте төмен құрылым - **нексус** қамтамасыз етеді. Нексус арқылы қозу толқыны бір торшадан екінші торшаға өте оңай, шапшаң таралады.

Әрекетшіл реакция - қ. Сутегі көрсеткіші.

Әркелкі кірпікшелілер (*Разноресничные*) — кірпікшелі инфузориялар отряды.

Әсер мерзімі (*Полезное время*) — табалдырықты күші бар тітіркендіргіш әсерімен қозу толқынының пайда болуы үшін қажетті уақыт.

Әсерге бейімделу (*Аккомодация*) - көру анализаторына байланысты аккомодация деп көру аппаратының әртүрлі қашықтыққа орналасқан заттарды анық көруге бейімделуін айтады. Тітіркендіргіш күші баяу өскен жағдайда нерв талшығының қозу табалдырығының жоғарылауын да аккомодация деп атайды.

Әртекті (*Гетерогенді*) – шығу тегі әртүрлі.

Б

Бағдарлау рефлексі (*Ориентировочный рефлекс*) —. Сыртқы орта өзгерістеріне организмнің тітіркендіргіш әсерін тиімді қабылдау мақсатында әр түрлі бейімдік әрекет атқара отырып (басты, денені, көзді бұру, тесіле қарау, тың тындау, иіскелеу т.б.) жауап беруі.

Бағдарсыздық (*Дезориентация*) — кеңістік пен мерзімді шамалау қабілетінің жойылуы.

Бағыттау – қ. Индукция.

Бадамша дене (*Миндалевидное тело*) — базальдық ядроларға жататын ми ядроларының күрделі жиынтығы. Мидың самай бөлігінде орын тебеді, ескі, көне және жаңа қыртыс құрылымдарымен байланысады. Лимбикалық жүйенің негізгі құрылымдарының бірі болып табылады, ми бағаны құрылымдарының қызметін үйлестіруде маңызды роль атқарады. Ол вегетативтік нерв жүйесіне, эндокриндік, экстрапирамидалық жүйелерге, жоғары дәрежелі нерв қызметіне, есте ұстау процесіне белсенді ықпал етеді.

Бадана – қ. Жуашық.

Базальдық - қ. Негіздік.

Базальдық мембрана - қ. Негіздік мембрана.

Базальдық түйіндер - қ. Негіздік түйіндер.

Базедов дерті - қ. Бақшаң көз.

Базофильдер (*Базофилы*) — цитоплазмасында ірі базофильді түйіршіктері бар гранулоциттер (түйіршікті лейкоциттер).

Байырғы тұрғындар (*Аборигены*) - белгілі бір аймақта, өлкеде, елде түпкілікті мекендеушілер.

Бактерицидтік қасиет (*Бактерицидность*) — химиялық, физикалық және биологиялық агенттердің бактерияларды өлтіретін, жоятын қасиеті. Бактерицидтік қасиет қан сарысуына, сөлдерге және өсімдіктердің газ тектес бөлінділеріне (фитонцидтерге) тән.

Бақшаң көз (*Базедова болезнь*) — қалқанша бездің қызметі күшейген кезде туындайтын дерт.

Балапан (*Цыпленок*) — құстардың жыныстық жағынан жетілмеген жас ұрпақтары.

Балауса малазық (*Сочные корма*) — құрамында суы көп малазықтық өсімдіктер. Мысалы, сәбіз, қызылша, сүрлем, жайылымдық көк шөп.

Балауса саты (*Ювенальная стадия*) — организмнің туғаннан кейін жыныстық жетілуге дейінгі жетіліп-даму сатысы.

Балғашық (*Молоточек*) — сүтқоректілердің ортаңғы құлғындағы сүйектердің бірі.

Балғасүйек – қ. Балғашық.

Балғын нейтрофилдер (*Юные нейтрофилы*) – нейтрофилді лейкоциттердің жетілмеген түрі, бастапқы даму сатысының бірі.

Баллистокардиография () — жүректен қанның тамырларға қуылуымен байланысты денедегі болмашы тербелістерді зерттеу әдісі. Б. жүрек жиырылуының күші мен үйлесімділігін зерттеуге мүмкіндік береді, жүрек жұмысының сырт көрінісін бейнелейді.

Банунг () — ОНЖ-де жинақтау құбылысы кезінде жүретін “соқпақтану” процесі.

Баркрофт аппараты (*Баркрофта аппарат*) — қан мен басқа да биологиялық сұйықтар құрамындағы оттегі мен көмірқышқыл газды анықтауға арналған құрал.

Барокамера () — жасанды жолмен арнайы жоғары немесе төмен атмосфералық қысым жасалынатын тұмшаланған камера.

Барометр () — атмосфера қысымын өлшеуге арналған құрал.

Барорецептор(лар) (*Барорецептор(ы)*) — қысым деңгейін қабылдаушы сезімтал нерв ұштары. Олар қан тамырлары мен қуыс органдардағы қысымның ауытқуларын қабылдап, оның рефлекторлы түрде реттелуін қамтамасыз етеді.

“Барынша немесе ешнәрсе жоқ” заңы (*“Все или ничего” закон*) — бұл заң тітіркендіргіш күші мен қозғыш құрылымның жауап реакциясы арасындағы байланысты, ара қатынасты анықтайды. Қозғыш ұлпа тітіркену деңгейіне сәйкес не одан артық күшке максимальды реакциямен (әрекетпен) жауап береді (“барынша”) немесе тітіркену деңгейінен әлсіз тітіркендіргішке ешқандай жауап қайтармайды (“ешнәрсе жоқ”). Г.Боудич пен Ф.Готч бұл заңдылық тек нерв ұлпасы әрекетіне ғана емес, барлық қозғыш ұлпаларға тән деп есептеген.

Бас алу – қ. Декапитация.

Басқонжық (Пестун) — аюдың бір жасар қонжығы. Ол өзінен кіші қонжықтарды басқарып, тәрбиелеп, күтеді.

Бас сүйек (Череп) — омыртқалы жануарлардың басының қаңқасы.

Бассүйек негізі (Основание черепа) — бассүйектің төменгі бөлігі.

Бассыздандыру (Обезглавливание) — тәжірибе жүргізу мақсатында бақаның басын кесіп тастау.

Бастапқы зәр – қ. Алқашқы зәр.

Бастау күш – қ. Табалдырық күш.

Басымдылық (Доминанта) — адам мен жануарлардың белгілі мерзім аралығында тиімді әрекетті қамтамасыз ететін рефлекторлық жүйесінің уақытша үстемдігі.

Басытқы (Ингибитор) — химиялық немесе белгі бір процестің жүруін баяулататын немесе тоқтататын, фермент белсенділігін төмендететін зат.

Батибионт () — терең су жәндіктері. Олар үлкен тереңдікте (200-300 м артық) тіршілік ететін организмдер.

Батипноз () — әдеттен тыс терең тыныс. Ацидоз, гипоксемия, жүрек ақауы жағдайында аталған құбылыс тыныстың жиілеуімен және тыныс ырғағының өзгеруімен қатар байқалады.

Батмотроптық әсер (Батмотропное действие) — нервтердің жүрек еттерінің қозғыштық қасиетіне әсері.

Бауыр (Печень) — организмде өте маңызды қызмет атқаратын ең ірі ас қорыту безі.

Бауыр тоспасы (Печеночный барьер) — бауырдағы зат алмасудың уытты өнімдерін залалсыздандыруға бақытталған физиологиялық және биохимиялық процестердің жалпылама аты. Мысалы, кейбір улы металдар (мыс., сынап, қорғасын т.б.) бауырда нуклеопротеидтермен қосылып, залалсыз қосылыстарға айналады.

Бауыр торшасы (Гепатоцит) — көп қырлы қызмет атқаратын бауыр торшалары. Оларға бөлінділеу (экскрециялау), жинақтау, ішкі ортаны тұрақтандыру, тоспалық, заттарды түрлендіру қызметтері тән. Бауырдың шеткей бөлімдерінің торшалары әртүрлі заттарды, соның ішінде мол энергиялы заттарды жинақтауға, уытты заттарды залалсыздандыруға қабілетті. Бауырдың орталық бөлімдерінің торшалары билирубин түзіп, өт капиллярына түрлі эндо- және экзогенді заттарды бөліп отырады. Гепатоциттер бөлетін негізгі өнім — өт.

Бауыр тосқауылы (Гемато-гепатический барьер) — бауырдың өзіне ғана тән ортаны қамтамасыз ететін механизм. Оған екі түрлі қызмет — реттегіш және қорғағыш, — тән. Осы қызметтердің нәтижесінде биогенді физиологиялық белсенді заттардың өтімділігі реттелінеді, бауырға, оның әрекетіне жат заттар өткізілмейді.

Бауырдың қақпалық венасы (Воротная вена печени) — бауырға ас қорыту жолынан қан жеткізетін вена.

Без (Железа) — жануарлардың ерекше заттарды-секреттерді түзіп, бөліп шығаратын мүшесі. Бездер сыртқы секрециялық (экзокринді), ішкі секрециялық (эндокринді) және аралас бездер болып бөлінеді. Бездер бір торшалы без (мыс., ас қорыту жолы эпителийінің, тыныс және жыныс жолдарының секреторлық торшалары) және көп торшалы-түтікше без (тер бездері), альвеолалы немесе көпіршікті без (май және сілекей бездері) болып бөлінеді. Секрет бөлу ерекшелігіне қарай мерокринді без (секрет толассыз түзіліп, тоқтаусыз бөлініп отырады — сілекей және сүт бездері), апокринді без (сөл бөлу кезінде торшаның секрет жинақталған бөлігі үзіледі, мыс., тер бездері), голокринді без (сөл бөлу үстінде секретпен толған торша толық бұзылады, мыс., май бездер).

Безгек (Малярия) — безгек плазмодиясы қоздыратын адам және омыртқалы жануарлар ауруы.

Безді қарын (Железистый желудок) — құстардың алдыңғы, жұқа қабырғалы, кілегей қабығында безі бар, сөл бөлетін қарыны.

Безді торшалар (Железистые клетки) — тіршілік әрекеті үстінде өзінің өнімдерін- түзінділерін (секреттерін) бөлетін эпителий торшалары.

Бейқалып (Атипический) — жүректе негізгі ет талшықтарымен қатар бейқалып элементтер кездеседі. Олардың шоғырлануы нәтижесінде өткізгіш жүйенің түйіндері құрылады.

Бейнбридж рефлексі (Бейнбриджа рефлекс) — қуыс веналар сағасы мен жүрекшелерде қан қысымы жоғарылауына жауап ретінде жүректің жиырылу күшінің артуы мен жүрек жұмысының жиілеуі.

Бейнелеу (Импринг) – жануар есінде бір зат сипатының өте шапшаң және берік бекіп қалуы (мыс., жаңа туған төлге, немесе жұмыртқадан жаңа шыққан балапанға ана бейнесінің, ол болмаса — алғашқы көрінген заттың). Осындай туа біткен үйрену реакциясы арқасында жаңа ұрпақ енесінің артынан, немесе бірінің артынан бірі еріп отырады.

Бейнелік әсер (Визуальный) — көз арқылы қабылдау, көзбен танып-білу.

Бейтараптандыру (Нейтрализация) — кез келген әсердің күшін әлсірету немесе жою.

Бейімделу (Адаптация) - организмнің құрылысы мен қызметінің тіршілік ортасының жағдайына қарай ыңғайлана өзгеруі.

Бейімдеу реакциясы (Адаптивная реакция) - организм қызметінің эволюция барысында өзгеруі.

Бейімділік (Адаптивность) - тірі материяның сыртқы және ішкі орта жағдайларының өзгерістеріне түрлі бейімдеу механизмдерінің көмегімен икемделу қабілеті.

Беку – қ. Имплантация.

Бекіту (Подкрепление) — соңғы тітіркендіргіш арқылы алдыңғы тітіркендіргішке табиғи жағдайда өзі туындата алмайтын реакцияларды тудыратын қасиет беру. Мысалы, шартты рефлекті қалыптастыру

барысында бекіту арқылы шартты тітіркендіргішке нақтылы реакция тудыратындай мән беріледі.

Бел аумағы – қ. Люмбальдық.

Белл-Мажанди (Ch. Bell, 1774-1842, шотл. анат.б физиол., хирург; F. Vagendie, 1773-1855, фран. физиол.) **заңы (Закон Белла-Мажанди)** — бұл заңға сәйкес афференттік талшықтар жұлынға артқы (үстінгі) түбір арқылы еніп, эфференттік талшықтар алдыңғы (астыңғы) түбірлер арқылы шығады. Үстінгі түбір қиылған соң сезімталдық жойылады, астыңғы түбір қиылған соң қимылдау қабілеті жойылады, организм сал болып қалады.

Белок — амин қышқылдарының қалдығынан құралған барлық организмдердің тіршілік әрекеті үшін маңызы зор ірі молекулалы органикалық қосылыстар. Белоктарға құрылымдық (ұлпалар мен топшалардың құрамына ену), функционалдық (ферменттер, гормондар, тыныс пигменттері т.б.) маңыз тән.

Белок алмасуы (Белковый обмен) — қорекпен келген белоктың организмдегі зат алмасу процесіне қатынасып, дене белогына айналуы және денедегі белоктың өзгеріске ұшырап, организмнен бөлініп шығу процестерінің жиынтығы.

Белок ашаршылығы (Белковое голодание) — организмнің қорек құрамында белоктың болмауы немесе жетіспеуімен байланысты туындайтын күйі. Белок тапшылығының ұзаққа созылуы организмде терең құрылымдық және функционалдық өзгерістердің туындауына соқтырады.

Белок пәстік (Гипопротеинемия) – қан плазмасы құрамындағы белоктардың азаюы.

Белок-пептид тектес гормондар (Г. белково-пептидные) — химиялық құрамы жағынан белоктарға немесе пептидтерге жататын гормондардың жалпылама атауы. Оларға гипофиздің алдыңғы бөлімінің, қалқанша және қалқанша серік бездердің гормондары жатады.

Белоктасу (Гиперпротеинемия) – қан құрамында белоктың көбеюі.

Белокты зэр – қ. Альбуминурия.

Белоктық минимум (Белковый минимум) — организм тіршілігін қамтамасыз ететін азот теңдестігін сақтап, белок тапшылығын тудырмайтын белоктың ең аз мөлшері.

Белоктық оптимум (Белковый оптимум) — қорек құрамындағы организмнің белокқа мұқтаждығын, физиологиялық қажеттігін толығымен қанағаттандыратын белоктың мөлшері.

Белсенділік шеңбері (Цикл активности) – маусымдық және тәуліктік құбылыстармен байланысты жануарлар мінез-қимылында туындайтын және олардың организміндегі физиологиялық процестерде байқалатын қайталамалы өзгерістер. Б.ш. солтүстік және қоңыржай аймақты мекендейтін жануарларда айқын байқалады.

Белсіздік (Импотенция) – аталық дарактың жыныстық қуатының кемістігі.

Бертло сауыты (Бомба Бертло) — ішкі жағы платинамен немесе кіреукемен қапталған, суға батырылған қалың қабырғалы болат сауыт. Оның ішіне қуаты зерттелетін затты салып, таза оттегін толтырады да, платина сымдары арқылы электр тоғын жіберіп жағады. Бөлінген жылу сауытты қоршаған суды жылытады. Калориметрдегі судың мөлшерін және оның жылу деңгейін білгеннен соң, жанған зат бөлген жылуды есептеп шағаруға болады.

Беруші – қ. Донор.

Беріштену (Индурация) – жануарлар мүшесінің немесе ұлпасының нығыздалуы, қатаюы.

Бета-белсенділік (Бета (β)-активность) — соңғы кездері онша көп қолданыла бермейтін адам мен жануарлар ЭЭГ-сының (миының биоэлектрлік белсенділігінің) жоғары тербелісті ырғағын бейнелейтін ұғым. Бета — ырғақ деген ұғымның синонимі (баламасы).

Бета-толқындар (Бета (β)-волны) — электро-энцефалограмманың (ЭЭГ) ұзақтығы 40-50 мс және амплитудасы 30 мкВ шамасындағы толқындары. Жануарларда бета-толқындар тіркелмейді.

Бета-ырғақ (Бета (β) – ритм) — бета толқындарының 13-15 Гц жиілікпен қайталанып отыратын тіркесі.

Беткей рецепторлар – қ. Экстерорецепторлар.

Белсенді тасымалдау (Активный транспорт) - қ. Ырықсыз тасымалдау

Белсенділік (Активность) — тірі материяның өзінің мұқтаждығын қамтамасыз етумен, қоршаған орта жағдайына бейімделу қабілетімен сипатталатын жалпы қасиеті.

Биливердин () — өттің жасыл пигменті (бояғышы, рең беруші заты), билирубин тотыққанда түзілетін бояғыш зат.

Билирубин () — өттің қызғылт-сары түсті пигменті. Гемоглобиннің ыдырау өнімдерінен түзіледі. Бауырда ол глюкурон қышқылымен қосылып, өт құрамында ішекке бөлінеді. Ішек микроорганизмдері билирубинді стеркобилиноген мен уробилиногенге айналдырады. Бұл заттар нәжіс құрамында бөлінеді. Олардың қанға сіңген бөлігі зәрмен шығарылады немесе қайтадан бауырға түсіп, қайта тотығады да, уробилин мен стеркобилинге айналады.

Бинауральдық есту - қ. Қос құлақпен тыңдау.

Биокулярлық көру - қ. Қос көзбен көру.

Биоакустика () — жануарлардың дыбыс арқылы байланысын зерттейтін биология тарауы.

Биогенді заттар (Вещество биогенное) — 1. Организмдер тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған химиялық қосылыстар. Жануарлар денесінде болмауы да мүмкін. 2. Тіршілік сақтап қалуға қажетті химиялық элемент немесе қосылыстар.

Биогеоценоз () — зат және энергия алмасу негізінде тірі организмдер мен өлі компоненттерді тұтастандыратын, біріктіретін күрделі табиғи жүйе.

Биогеоценоздың тірі компоненттері болып автотрофты және гетеротрофты организмдер саналады.

Биокоммуникация () — жануарлардың өзара байланысуы (қатынасуы) — бір немесе әр түрдің жеке дарақтарының бір-біріне әртүрлі сигналдар (химиялық, механикалық, дыбыстық т.б.) арқылы хабар беруі. Биокоммуникация қоректі іздеп, табиғи жыртқыштардан қорғануға, қарсы жыныс өкілдерін іздеп табуға, ежелері мен ұрпақтарының өзара ара қатынасын, әрекеттерін үйлестіруге, жеке дарақтардың өзара қатынасын реттеуге мүмкіндік береді. Жануарларда арнаулы сигналдар саны айтарлықтай көп (балықтарда 10-26, құстарда — 14-28, сүтқоректілерде 10-37). Осымен байланысты оларда өздерінің жұптарын, ұрпақтарын, тіпті жеке дарақтарды тануға мүмкіндік беретін сыртқы сигналдық жүйе қалыптасады.

Биология () — тірі табиғат туралы ғылымдардың жиынтығы. Ол тірі организмдер мен олардың топтарының құрылысы мен қызметін, тіршіліктің мәнін, пайда болуын, дамуын өлі табиғатпен байланыстыра отырып зерттеумен шұғылданады.

Биологиялық белсенді зат (*Биологически активное вещество*) — Организмде белгілі бір функцияларды реттейтін өзіндік әсері бар органикалық қосылыстардың жалпы атауы. Оларға ферменттер, гормондар, дәрі-дәрмектер т.б. жатады.

Биологиялық белсенді нүктелер (*Биологически активные точки*) — Терінің кейбір жерлерінде орналасқан өзіндік ерекшеліктері бар нүктелер. Бұл нүктелердің электрлік кедергісі төмен, электр потенциалы, температурасы жоғары, ауырсынтуға сезімталдығы күшті келеді. Олар оттегіні көп сіңіреді, зат алмасу процесінің қарқынды жүруімен ерекшеленеді. Бұл нүктелер жүйелерге топтасады. Әрбір жүйе белгілі бір мүшелермен байланысты, сондықтан сол жүйе нүктелерін тітіркендіріп, мүше қызметіне әсер етуге болады.

Биологиялық жүйе (*Биологическая система*) — биологиялық маңызы бар нәтижеге жету мақсатында біріге тұтасқан, әрекеттері байланысты элементтер мен процестер жиынтығы. Биологиялық жүйенің негізгі қызметі — тиімді бейімделу процесін қамтамасыз ету. Биологиялық жүйе өзгермелі (жылжымалы) сипатта болады. Белгілі бір құрылым өз бетінше тұтас жүйе құрауы, немесе басқа жүйе құрамына енуі мүмкін.

Биологиялық жүйелер сенімділігі (*Надежность биологических систем*) — биологиялық жүйенің (торшаның, мүшенің т.б.) белгілі мерзім ішінде өзінің негізгі көрсеткіштерін жоғалтпай отырып әрекет етуі.

Биологиялық мембрана (*Мембрана биологическая*) — торшалардың, түтікшелердің, торша ішіндегі құрылымдардың (ядро, митохондрия) беткейінде орналасқан молекулалық мөлшердегі белок-липидті құрылым. Талғамды өтімділік қасиетімен байланысты биологиялық мембрана торшамен оның құрылымдарындағы тұздың, қанттың, амин қышқылдарының т.б. заттардың мөлшерін, тасымалдануын, алмасуын реттейді.

Биологиялық орта (*Биосреда*) — организмдер бірлестігінен пайда болатын немесе өзгеретін орта.

Биологиялық ырғақ (*Биологические ритмы*) — организмдегі биологиялық процестер мен құбылыстар қарқыны мен сипатының оқтын-оқтын қайталанып отыратын өзгерістері (гормондардың түзілу қарқыны, торшалардың бөлінуі). Биологиялық ырғақ экзогендік (сыртқы орта әсерлерін бейнелейтін) және эндогендік (организмнің өзінде жүретін процестермен байланысты) болып бөлінеді. Организм үшін маңызына байланысты биологиялық ырғақ физиологиялық ырғақ — жеке жүйелердің жұмыс айналымы (тыныс алу, жүрек соғуы) және организмнің сыртқы ортаның маусымдық өзгерістеріне бейімделуін қамтамасыз ететін экологиялық, бейімделу ырғағы болып бөлінеді. Биологиялық ырғақтың қайталану мерзімі әртүрлі болады (бірнеше секундтан бірнеше жылға созылады). Олардың ішінде ультраниандық (айналым мерзімі бірнеше минуттан 10-12 сағатқа дейін) және тәуліктік немесе циркадиандық ырғақтар ерекше орын алады. Көптәуліктік ырғақтардың ішінде ай ырғағы жүйелілігімен ерекшеленеді. Жылдық ырғақ көп тұрғыдан тәуліктік ырғаққа ұқсас келеді.

Биологиялық сағат (*Биологические часы*) — организмнің белгілі уақытқа, тәулік пен маусым өзгерістеріне т.с.с. бейімделе реакция беруін қамтамасыз ететін физиологиялық механизм. Мысалы, белгілі мерзім өткен соң аштық түйсігі туындайды.

Биологиялық өлшем (*Единица биологическая*) — биологиялық белсенді заттардың белгілі бір жануар организмінде физиологиялық эффект тудыратын дозасы — мөлшері.

Биологиялық тотығу (*Окисление биологическое*) — тірі ұлпаларда жүретін тотығу процестерінің жиынтығы. Оның нәтижесінде организм энергиямен қамтамасыз етіледі.

Биолокация () — жануарлардың өзі таратқан физикалық (электромагниттік, дыбыс, жылу т.б.) толқындарды кері қабылдау арқылы кеңістіктегі өзінің күйін, орнын немесе қоршаған заттарды анықтай алатын қабілеті. Мысалы, жарғанат ультрадыбыс шығарып, өзіне қажет бағытты бағдарлап отырады.

Биолюминесценция () — жануарлардың өз денесінде жүретін тіршілік процестерінің салдарынан жарқырап көрінуі. Бұл құбылыс денедегі ерекше зат — люцифериннің ферменттік жолмен тотығуымен байланысты. Көбінесе кейбір бактериялардың, саңырауқұлақтардың, омыртқасыздардың, балықтардың кейбір түрінде кездеседі.

Биом () — белгілі бір аймақта өсетін өсімдіктер мен оны мекендейтін жануарлар түрлері. Бұл атау негізінен шетел әдебиеттерінде кеңірек таралған.

Биомасса () — тіршілік мекенінің аудан не көлем бірлігіне тиесілі тірі организмдердің жалпы массасының мөлшері.

Биометрия () — биологиялық зерттеулер деректерін математикалық статистика әдістерімен ретке келтіру тәсілдерін қолданатын ғылым.

Биомеханика () — тірі ұлпалардың, мүшелердің және тұтас организмнің механикалық қасиеттерін, сондай-ақ оларда тіршілік әрекеті барысында және кеңістікте дене қозғалысы кезінде байқалатын физикалық құбылыстарды зерттейтін биофизика тармағы.

Бионика () — техникада тірі организмдерде кездесетін кибернетикалық, конструкциялық және энергетикалық принциптер заңдылықтарын қолдану мүмкіндіктерін зерттейтін ғылым.

Биопотенциал — тірі ұлпаның биоэлектрлік белсенділігі кезінде байқалатын оның екі учаскесінің арасындағы потенциалдар айырмасы. Б. түрлі мүшелердің күйі мен әрекеті жайлы мағлұматтардың көзі болып табылады.

Биопотенциалдарды тарту (*Отведение биопотенциалов*) — денеге бекітілген электродтар арқылы биопотенциалдарды тіркеу.

Биопсия () — ауру сипатын анықтау мақсатында микроскоппен зерттеу үшін науқастың зақымданған ұлпаларынан сынама (үлгі) алу.

Биоритмология () — биологияның биологиялық ырғақты зерттейтін саласы.

Биосинтез () — тірі торшаларға тән заттардың организм тіршілігі барысында түзілуі, синтезі.

Биосфера () — құрамы, құрлымы және энергетикасы тірі организмдердің бұрынғы немесе қазіргі әрекеттерімен қалыптасатын жер қабығы. Биосфера атмосфераның төменгі қабатын, гидросфераның және литосфераның жоғары қабатын қамтиды.

Биота () — тарихи қалыптасып, жалпы таралу аймағы ортақтасып кеткен өсімдіктер мен жануарлар.

Биотехника () — табиғи жағдайда пайдалы жануарлардың санын арттырып, олардың өнімталдығын, өнімдік қасиеттерін жақсарту және оларды сақтау, қорғау шараларын қарайластыратын аңшылық тану бөлімі.

Биотехнология () — биологиялық факторлар (агенттер) көмегімен адамға пайдалы өнімдер алу және құбылыстар туғызу тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

Биотикалық факторлар - қ. Жанды факторлар

Биотип () — популяция шеңберіндегі артық генотипті және фенотипті дарақтар /особтар/ жиынтығы.

Биотин () — В тобындағы дәрмендері. Ол белок және май алмасуын реттейтін ферменттер құрамында табиғи белоксыз органикалық зат ретінде болады. Биотин жетіспесе организмнің өсуі баяулайды, шаш, түк түседі.

Биофизика () — тірі организмдердің физикалық және физика-химиялық процестерін, олардың молекуладан бастап, торшаға, ұлпаға, мүшеге және тұтас организмге дейінгі құрылымдық деңгейіндегі тіршіліктік процестерінің физика-химиялық негізін зерттейтін ғылым.

Биоценоз () — тіршілік қажет жағдайлары азды-көпті біркелкі болып келетін учаскеде мекендейтін жануарлар, өсімдіктер, микроорганизмдер бірлестігі.

Биоэлектрлік потенциалдар (*Биоэлектрические потенциалы*) — тірі жүйеде физика-химиялық процестер салдарынан оң және теріс электр

зарядтарының ажырауы нәтижесінде пайда болатын электрлік потенциалдар. Нерв және бұлшық ет торшаларында кездесетін Б.п. тыныштық потенциалы, әрекет потенциалы, қоздырушы және тежеуші постсинапстық потенциалдар, генераторлық потенциалдар болып бөлінеді.

Биоэнергетика () — торшалардағы, ұлпалардағы, дарақтардағы (особтағы), экологиялық жүйедегі т.б. энергетикалық процестерді зерттейтін ғылым саласы.

Бит () — ақпар өлшемінің бірлігі.

Бифуркация () — қ. Арналану.

Бластоциста () — сүт қоректілердің ұрықтанған аналық торшаларының моруладан соң байқалатын даму сатысы. Ол кеуек көпіршік, оның қуысы жұмыртқа жолы мен жатырдан сіңген сұйыққа толы болады.

Бластула () — көп торшалы жануарлар ұрығының бір қабатты іші қуыс шар тәрізді болып даму сатысы.

Бозғылт шар (*Бледный шар*) — жасымықша ядроның құрамына енетін базальдық (негіздік) ядролардың бірі. Жолақ денемен салыстырғанда филогенездік тұрғыдан ол ескі құрылым болып табылады, палеостриатумға жатады. Бұл құрылым қимыл-әрекеттерді реттеуге қатынасады.

Бозғылттану (*Гипохромазия*) — ішіндегі гемоглобин мөлшерінің азаюына байланысты эритроциттер реңінің сұйылуы., бозаруы.

Бой жету – қ. Жыныстық жетілу.

Бокал тәрізді торшалар - қ. Шырышты торшалар

Болбырлық (*Гиподинамия*) – бұлшық ет қызметінің төмендеуімен байланысты қимыл-әрекеттің әлсіреуі, азаюы.

Болжырау (*Атония*) - қозғағыш нейрондар мен мишық зақымданғанда қанқа еттері мен ішкі мүшелер еттерінің ширығу деңгейі — тонусы әлсірейді, жойылады.

Бомбезин — алғаш рет бақа терісінен бөлініп алынған, гастрин мен ішек гормондарының секрециясын жандандыратын пептид.

Бордақылау (*Откорм*) — ет, май өнімдерін мол алу үшін сойылатын малды үстемелей жемдеу.

Босану – қ. Туу.

Босаңсытқыш реакция – қ. Депрессорлық реакция.

Боталло өзегі (*Боталлов проток*) — қ. Артериялық өзек.

Бояғыштар (*Пигменты*) — жануарлар мен өсімдіктер ұлпасына рең беретін бояғыш заттар.

Бөбешік (*Надгортанник*) — көмекейдің үстіңгі жағындағы жұтыну кезінде кеңірдек тесігін жауып қалатын шеміршекті қалқанша.

Бөбешік (*Язычек небный*) – жұмсақ таңдайдың артқы жиегінің ортасындағы тілшік.

Бөлу бөлінділеу (*Выделение, экскреция*) — организмнің зат алмасудың соңғы өнімдерінен, бөгде заттардан, судың, тұздардың, органикалық қосылыстардың артық мөлшерінен тазаруы, арылуы. Бөлу органдары

гомеостазды сақтауда маңызды роль атқарады. Бөлу қызметі бүйрекке, өкпеге, ас қорыту жолының бездеріне, теріге, тер және май бездеріне тән.

Бөлшектену (*Дробление*) — ұрықтың (шарананың) бастапқы даму сатысында торшалардың бөлінуі.

Бөлінді – қ. Экскрет.

Бөлінділеу (*Выделение, экскреция*) - қ. Бөлу.

Бөлініп шығу – қ. Экскреция.

Бөріту (*Набухание*) — су сіңіру нәтижесінде азық көлемінің ұлғаюы, ісінуі.

Бөтеге – қ. Жемсау.

Бөтеге сүті – қ. Күс сүт.

Брадикардия () — жүректің соғу ырғағының баяулауы.

Бранхиогенді бездер (*Бранхиогенные железы*) — ұрық ішегінің жұтқыншақ бөлігіндегі желбезек саңылауынан дамитын эндокроинді бездер тобы (қалқанша без, қалқанша серік без).

Бронхылар (*Бронхи*) — тыныс жолының кеңірдек тармақталғаннан соң пайда болатын бөлігі.

Бронхылы тармақтар (*Бронхиальное дерево*) — ауатамырлардың өкпеде тармақталуы.

Бронхиолдар (*Бронхиолы*) — ауатамыршалардың өкпедегі микроскоппен қарағанда ғана көрінетін өте жіңішке тармақтары. Олар альвеолалармен бітеді.

Бронхография () — қуысына рентгенконтрасты сұйық құйылған ауа тамырлар мен кеңірдекті рентгенмен зерттеу.

Бронхоспирография () — сол не оң өкпенің немесе өкпенің белгілі бір бөлімдерінің функционалдық күйін біртіндеп зерттеу әдісі. Ол магистральды ауа тамырларды кезекпен ұңғылап, деммен шыққан ауаның мөлшерін өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

Бруннер бездері (*Бруннеров железы*) — жіңішке ішектің (ұлтабар ұшының) алдыңғы бөлігіндегі кілегейлі қабатта орналасқан бездер.

Буаздық (*Беременность*) — тірі туатын жануарларға тән ұрпақты құрсақта көтерумен байланысты процесс. Оның барысында ана бойында ұрықтанған аналық торша ұрыққа, соңынан ұрпаққа айналады. Сүт қоректілерде буаздық ұрықтанған аналық торшаның жатыр қабырғасына орныққан, бекіген күнінен басталады.

Будандық күш (*Гетерозис*) – бірінші ұрпақ будандарының ата-аналарымен салыстырғанда өсімталдығының, өміршеңділігінің, өнімталдығының артуы. Екінші және одан кейінгі ұрпақта гетерозис әлсірейді.

Булану (*Испарение*) — биологиялық тұрғыдан сұйықтың организм беткейінен буға айналып, атмосфераға көтерілуі.

Булимия - қ. Обырлық.

Булығы – қ. Стресс,.

Бульбарлы жануар - қ. Сопакша миль жануар.

Бульбарлық рефлексдер - қ. Сопакша ми рефлексдері.

Бусану (Конденсация) – заттардың суыну немесе қысылу салдарынан газ күйінен сұйық немесе қатты күйге айналуы.

Буферлік жүйе (Буферные системы) — ерітіндінің әрекетшіл ортасының (рН) тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз ететін ерітінді құрамындағы заттардың жиынтығы.

Бұғақ без (Подъязычная железа) — тілдің астыңғы жағында орналасқан сілекей безі.

Бұқырлау – қ. Дезинсекция.

Бұлақ (Отит) – құлақтың қабынуы.

Бұлшық ет күшінің шегі (Абсолютная мышечная сила) - бұлшық еттің абсолюттік күші. Бұлшық еттің барынша зорлана жиырылу күшінің ең көп мөлшері.

Бүйен (Слепая кишка) — тоқ ішектің алдыңғы кең бөлігі. Ішектің бұл бөлімінде микробиологиялық процестер басым болады.

Бүйрек (Почки) — омыртқалы жануарлардың зәр түзетін жұп мүшесі.

Бүйрек безі – қ. Интерреналь аппараты.

Бүйрек капиллярлары шумағы (Мальпиги - M.Malpighi, 1628-1694, итал. анат.) шумағы - Клубочек почечного тельца) — Шумлянский-Боумен капсуласымен қоршалған қан капиллярлары шумағы, пішіні домалақ құрылым. Сүт қоректілер мен құстарда бүйректің қыртысты қабатында орналасады. Шумақта капиллярлардағы қанның сұйық бөлігі сүзіліп капсулаға өтеді де, белоксыз ультрафильтрат (алғашқы зәр) түзіледі. Адам бүйрегінде 1 млн. жуық, ірі қарада — 8 млн., қойда — 1 млн., шошқада — 1,5 млн., итте — 420 мың, егеуқұйрықта — 30800 шумақ болады.

Бүйрек клиренсі (Почечный клиренс) — бүйректің қан плазмасын белгілі бір заттан тазартуы. Б.к. деңгейін 1 минут ішінде белгілі бір заттан арылған қан плазмасының мөлшері (мл) арқылы анықтайды. Оны есептегенде мына формуланы қолданады: $C = [(CU - P) \cdot V] / P$, мұнда, С — тексерілген заттың бүйрек клиренсі, U — оның зәрдегі мөлшері, P — плазмадағы мөлшері, V — бір минут ішінде бөлінген зәр мөлшері (мл).

Бүйрек тосқауылы (Гемато-ренальный барьер) — қан мен бүйрек тамырлары жүйесі арасында орналасады, реттеуші және қорғаныстық қызмет атқарады.

Бүйрек үсті бездер (Надпочечники) — бүйректің алдында (адамда - үстінде) орналасқан ішкі секреция бездері.

Бүйрек үсті безінің боз заты (Мозговой слой надпочечников) — бүйрек үсті безінің ішкі жағында орналасып, организм тіршілігіне өте қажетті адреналин және норадреналин гормондарын түзетін құрылым. Адреналин жүректің соғуын, қан тамырлары қызметін және қандағы глюкоза мөлшерін реттейді.

Бүйрекберіш – қ. Нефросклероз.

Бүйір тамырлар (Коллатеральные сосуды) — ірі қан тамырлардан таралып, оларға қатарласа орналасатын тамыр тармақтары.

Бүйір тармақтар – қ. Коллатералдар.

Бүйірлі торшалар - қ. Ұршықша торшалар.

Бүркеме (жасырын) кезең (*Латентный период*) — әсерге физиологиялық реакция білінбейтін, әрекетсіз жасырын кезең.

Бүркенші рең (*Покровительная окраска*) — Эволюция барысында көптеген жануарлар денесінде табиғи сұрыпталу нәтижесінде сыртқы орта түсіне ұқсау ретінде пайда болған рең, оның мынадай түрлері болады: 1) қорғану реңі — жауына байқалмау үшін дене реңінің қоршаған орта түсіне ұқсауы, 2) үркіту реңі — жауын үркітетін, оған қатер төндіретін заттар түсін қабылдау, 3) бүркеніш рең — өлі немесе жеуге жарамсыз затқа ұқсас болып бояну.

Бүрлер (*Ворсинки*) — ащы ішектің кілегейлі қабығындағы немесе дененің түрлі қабықшаларындағы өте ұсақ өсінділер. Олар құрылымның беткейін үлкейтіп, олардың өздерімен жанасатын ұлпалармен немесе қоршаған ортасымен әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Аш ішектің кілегей қабығының 1 мм беткейінде 10-40 бүрлер орналасады. Бүрдің биіктігі 0,3-0,5 мм, ені (жуандығы) — 0,1 мм шамасында болады.

Былжырау (*Мацерация*) — торша аралық заттардың бұзылуы салдарынан ұлпалардың жұмсарып ыдырауы.

Білік – қ. Орталық цилиндр.

Бірыңғай салалы ет (*Гладкая мышца*) — ішкі қуыс мүшелер мен тамырлар қабырғасындағы етті қабатты құрайтын құрылым.

Бітелу (*Облитерация*) — кез-келген мүшедегі қуыстың, саңлаудың, тесіктің бітеліп, жойылып кетуі (мыс., плевра қуысының, без өзегінің, қан тамырлары саңылауының бітелуі).

Бітеу қапшық (*Фабрицева сумка*) – құс саңғуыры (клоакасы) қабырғасының үстіңгі жағында орналасқан бітеу құрылым. Оның қызметі әлі толық анықталмаған. Лимфоциттердің бір тармағы (Т-лимфоциттер) өзінің даму процесін осы құрылымда аяқтайды.

Бітік (*Атрезия*) - арналы органдарда (өңеште, қолқада) қуыстың болмауы. Бұл тіршіліктің тоқтауына соқтыратын ақау.

Бюретка () — сұйықтың мөлшерін дәл өлшеп алуға арналған, көрсеткіш өлшем сызықшалы, ашып-жабатын шүмегі бар шыны түтікше.

В

Вагина — қ. қынап.

Ваготомия () — кезеген нервтің (вагустың) ішкі ағзалар (органдар) қызметін реттеудегі ролін зерттеу мақсатындағы оның негізгі желісін, немесе тармақтарын қию. Бұл операция жедел тәжірибелерде де, созылмалы тәжірибелерде де қолданылады.

Вазодилататорлар - қ. Тамыр кеңейткіштер.

Вазопрессин () — гипофиздің артқы бөлігінің гормоны. Қан тамырлары арнасын тарылтып, қан қысымын көтеретін гормон.

Вазостомия () — қ. Тамырлық жол.

Вакуоль — жануарлар мен өсімдіктер торшаларының цитоплазмасындағы іші торша шырынына толы, сыртынан мембранамен шектелген қуыстар (кеуектер).

Вальгулография () — ультрадыбыс көмегімен жүрек қақпақшаларының жағдайы мен қимылдарын тіркеу.

Вегетативтік дауыл (*Вегетативная буря*) — кенеттен байқалатын вегетативтік әрекеттер ауытқуларының тіркестері.

Вегетативтік жүйке (*Вегетативная нервная система*) — жануарлар мен адамның жүйкесінің ішкі ағзалар (органдар) әрекетін реттейтін бөлімі. Ол орталық бөлімнен (ми мен жұлынның вегетативтік орталықтарынан), шеткей нерв түйіндерінен және нерв талшықтарынан құралады. Симпатикалық және парасимпатикалық нервтерге бөлінеді. Оларға екі нейронды құрылым тән.

Вегетативтік рефлексдер (*Вегетативные рефлексы*) — вегетативтік жүйкелер әсерімен әр түрлі ішкі ағзалар қызметінің өзгеруі. Вегетативтік рефлексдер белгілі бір ағза мен ұлпадағы зат алмасу процесінің деңгейін сыртқы орта немесе организм жағдайына қарай бейімдей өзгертеді.

Вегетативтік қызметтер (*Вегетативные функции*) — вегетативтік жүйкенің ішкі органдар әрекетін, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын реттеумен байланысты қызметі. Вегетативтік жүйкенің екі бөлімінің қызметі екі түрлі. Парасимпатикалық бөлім ішкі ортаның тұрақтылығын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін процестерді реттейді. Ал организмге қатер төнгенде, іс-әрекетті күшейту мұқтаждығы туындағанда симпатикалық бөлімнің белсенділігі артады.

Векторкардиограмма () — бір жүрек айналымы (циклы) кезінде миокардта туындаған деполяризация және реполяризация процестерінің электр қозғағыш күші векторының қосындысының көлемдік бейнесі.

Векторкардиография () — жүректің электр өрісін көлемдік бейнелеу әдісі.

Велоситометрия () — белгілі бір мерзім ішінде қан тамырлары осімен (ортаңғы ағысымен) эритроциттердің жылжу жылдамдығын өлшеуге негізделген қан ағынын анықтау тәсілі.

Велозргометрия () — велосипед (шайтан арба) тебу процесін бейнелеуді қамтамасыз ететін құрылғы. Қан айналым жүйесінің физиологиялық күйін, организмнің шынығу деңгейін анықтау үшін қолданылады.

Вена () — қ. Көк тамыр.

Вена-бұлшық ет помпасы (*Помпа венозная*) — бұлшық ет әрекетінің нәтижесінде вена тамырларымен қанның ағуын күшейтіп, оның жүрекке оралуын жеңілдететін гемодинамикалық фактор.

Вена-бұлшық ет сорабы – қ. Вена-бұлшық ет помпасы.

Вена жүйесі (*Венозная система*) — вена қанын жүрекке жеткізетін қантамырлар жиынтығы.

Вена қаны (*Венозная кровь*) — көк тамырлар (вена) арқылы жүрекке оралатын қан.

Вена қақпақшасы (Клапан вены) — вена тамырларының ішкі қабырғасынан пайда болған құрылым. Бұл қақпақшалар вена тамырларында қанның кері лықсуына мүмкіндік бермейді.

Вена қысымы (Венозное давление) — вена тамырларындағы қан қысымы. Ол гидродинамикалық және гидростатикалық қысым болып бөлінеді.

Вена пульсі (Венный пульс) — жүрек қызметімен байланысты туындайтын жүрекке жақын орналасқан ірі веналар қабырғасының тербелісі. Вена пульсі жүрекшелер мен қарыншалар жиырылған кезде веналарда қанның іркілуімен байланысты туындайды.

Вена торабы (Венозная сеть) — бір-бірімен анастомоздар арқылы жалғасқан майда веналар жиынтығы.

Веналық оралым (Венозный возврат) — жүрекке жоғарғы және төменгі (алдыңғы және артқы) қуыс веналар арқылы оралатын вена қанның мөлшері. Бұл көрсеткіш жүректің сораптық қызметінің, шеткей тамырлардың функционалдық күйінің маңызды сипаттамасы болып табылады.

Вентральды шажырқай (Вентральная брыжейка) — іш майдың бір бөлігі.

Вентральды (Вентральный) — ішкі жақ, жануар денесінің іш жағына қараған беткейі.

Венула () — капиллярлар мен вена тамырларын жалғастыратын өте майда тамырлар.

Вестибула-жота жолы (Вестибуло-спинальный тракт) — миды жұлынмен жалғастыратын орталықтан тепкіш (төмендеу) жолдарының бірі. Ол тепе-теңдікті сақтау рефлекстерін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Вестибулалық өзек (Вестибулярная лестница) — сүтқоректі жануарларда иірімді түтіктің (ұлудың) перилимфамен толған жоғарғы бөлігі. Ол ұлу өзегінен рейснер мембранасымен бөлінеді, ортаңғы құлақ қуысынан сопақша тесік мембранасымен шектеледі де, геликотрема арқылы дабыл өзегімен жалғасады.

Вестибулалық ядролар (Вестибулярные ядра) — омыртқалы жануарлар вестибулалық жүйесінің бастапты орталық бөлімінің жиынтығы. Сопақша мида 3-5 торшалық топтардан құралады, вестибулалық ганглий нейрондарының аксондары арқылы келген импульстерді қабылдайды да, өзі импульстерді мидың қозғағыш бөлімдері мен мишыққа бағыттайды.

Вестибулалық мүше (Вестибулярный аппарат) — ішкі құлақтың шытырмақтың құрылымы. Оған жартылай иірімді түтікшелер мен отолит мүшесі жатады. Ішкі құлақ сағасында (кіреберісінде) орын тепкен бұл құрылымдар тепе-теңдікті, тұлға түзеу рефлекстерін қамтамасыз ететін, реттейтін сезім мүшесі.

Ветеринария () — жануарлар ауруын, сол аурулардан сақтандыру және емдеу шараларын, жануарлар өнімділігін арттыру мәселесін, адамды жануарлардың жұқпалы ауруларынан қорғау проблемаларын зерттейтін ғылым жүйесі.

Вестибулалық аппарат (*Вестибулярный аппарат*) –

Виброкардиограмма () — жүректің жиырылуымен байланысты туындайтын көкірек қуысының әлсіз тербелістерін бейнелейтін қисық сызық.

Виброкардиограф () — жүректің жиырылуымен байланысты туындайтын көкірек қуысының әлсіз тербелістерін жазатын аспап.

Виброкардиография () — жүрек орналасқан аумақта көкірек қабырғасының механикалық тербелістерін тіркеуге негізделген жүрек қызметін зерттеу әдісі.

Виварий () — қ. Хайуанатхана.

Вивисекция — қ. Тірі тілу.

Вилликинин () — ішектің кілегей қабығынан бөлініп, ішек бүрлерінің қимылын күшейтетін биологиялық белсенді зат. Вилликинин азық қабылдағаннан кейін және ұлтабар ұшына тұз қышқылының ерітіндісін құйғаннан соң бөлінеді.

Вискозиметр () — сұйықтың тұтқырлығын анықтауға арналған аспап.

Висцеральдық ішперде (*Висцеральная брюшина*) — ішперденің құрсақ мүшелерін бүркеп, жауып жататын бөлігі.

Висцерорецепторлар (*Висцерорецепторы*) — дененің ішкі органдардағы интерорецепторларының түрі. Олар жалаңаш нерв ұштары, Фатер-Пачини денешіктері және кілегей қабықта қапталған тармақты нерв ұштары түрінде болады. Жалаңаш нерв ұштары артериолалар, венулалар, капиллярлар маңында кездеседі. Фатер-Пачини денешіктері бауырда, плеврада, шажырқайда, лимфа түйіндерінде болады. ОНЖ-нің хеморецепторларын, гипоталамустың осморецепторларын, күретамыр қойнауы (каротид синусы) мен қолқа түйіндерінің осморецепторларын да висцерорецепторларға жатқызады.

Витаминдер - қ. Дәрмендәрілер.

Волюморецепторлар - қ. Толым рецепторлары.

Г

Габитуация () — бір қалыпты ырғақпен қайталанып әсер ететін үзілмелі тітіркендіргішке жауап реакцияның бірте-бірте әлсіреуі. Г. үйренудің қарапайым түрі деп саналады. Габитуация сенсорлық адаптацияның негізінде жатады деген болжам бар.

Габитус () — қ. Тұрпат.

Гаверс каналы (*Гаверсовы каналы*) — сүйек ұлпасындағы қантамырлар өтетін өзек.

Газ алмасу (*Газообмен*) — денеде газдардың алмасуы және құрамдық өзгерістері нәтижесінде организмнің атмосфералық ауадан оттегіні сіңіріп, көмір қышқыл газын бөлуі.

Газ анықтағыш (*Газоанализаторы*) — газ түріндегі заттардың сандық және сапалық құрамын анықтайтын аспап.

Газ сағаты (Газовые часы) — өткен ауаның немесе газ тектес заттардың көлемін өлшеуге арналған, арнаулы есептегіш тетікпен жабдықталған толым өлшемдік (волюметриялық) нұсқадағы аспап.

Газдардың үлес қысымы (Парциальное давление газов) — газдар қоспасының жеке газдар үлесіне сәйкес келетін қысым мөлшері. Оны қысымның жалпы көрсеткішін тиісті газдың ауадағы мөлшеріне көбейту арқылы анықтайды.

Галактозидаза () — гикозидаза тобының олиго- және полисахаридтерден галактозаны бөлшектейтін ферменті.

Галлюцинации () — қ. Елес.

Галобионт () — тұзды су қоймаларында, кермек суда тіршілік ететін организмдер.

Галофил — қ. Тұз сүйгіштер.

Галофоб — қ. Тұз сүймейтіндер.

Гамета () — жануарлардың аталық және аналық жыныс торшасы. Гамета нәсілдік информациялардың ата-аналарынан ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді.

Гаметогенез () — жыныс торшасын түзу процесі.

Гамма-аминді май қышқылы (Гамма-аминомасляная кислота –ГАМК) — глутамин қышқылының ферменттік декарбоксилденуі (карбоксилсізденуі) нәтижесінде пайда болатын зат. ГАМК нерв жүйесінің физиологиялық күйін реттеуге қатынасады. Ол нейрондар белсенділігіне, синапстық өткізу процесіне ықпал етеді, тежеуші эффект тудырады.

Гамма-глобулиндер () — адам мен омыртқалы жануарлар қанының плазмасындағы иммуноглобулиндер фракциясы.

Гамма-мотонейрондар () — жұлында кездесетін майда торшалар. Олар бастапқы афференттік талшықтармен тікелей жанаспайды, бірақ жұлынның төмендеу (орталықтан тепкіш) жолдарымен байланысады, сол арқылы олардың әрекеті күшейеді.

Гамма-тұзақ (Гамма-петля) — бұлшық еттен онымен байланысқан мотонейронға кері бағытталған байланыс жолы. Ол бұлшық ет қызметін басқаратын мотонейрондық ортақ жол (пул) орналасқан жұлын сегментіне қайта оралып, осы пулдың экстрафузальдық мотонейрондарына тармақ береді. Егер бұлшық ет созылса, интрафузальдық талшықтардың керілуді сезінетін рецепторлары қозып, мотонейрон импульсінің жиілігін арттырады да, еттің одан әрі созылуын тоқтатады. Ал, ет талшығының ұзындығы қысқарғанда, интрафузальдық талшықтар белсенділігі төмендеп, мотонейрон әрекеті тежеледі де, бұлшық ет бастапқы қалпына оралады. Демек, гамма-тұзақ бұлшық еттің белгі бір ұзындықты сақтауына, аяқ-қолдың кейпін ұстауға мүмкіндік беретін маңызды тетік.

Гамма-ырғақ (Гамма-ритм) — электроэнцефалограмманың (ЭЭГ-ның) ырғақты белсенділігінің бір түрі. Мидың алдыңғы бөліктеріне тән.

Гамма эфференттік жүйкелеу (*Гамма-эфферентная иннервация*) — жұлынның гамма-мотонейрондарының созылу рецепторларын (интрафузальдық талшықтарды) жүйкелендіруі. Гамма-мотонейрондар негізгі афференттік талшықтармен тікелей жанаспайды да, жұлынның төмендеу (ылдилау) жолы талшықтары арқылы белсендіріледі. Гамма эфферентті талшықтар статикалық және динамикалық болып екіге бөлінеді. Олардың алғашқысы бұлшық ет ұштарын тұрақты созылу жағдайында қоздырады, ал екіншісі бұлшық ет ұштарын созылудың динамикалық сатысында қоздырады. Статикалық гамма-эфференттер бұлшық еттің баяу жиырылуы арқылы атқарылатын қимылдарды реттеуде, ал динамикалық гамма-эфференттер — шапшаң қимылдарды реттеуде маңызды роль атқарады. Гамма-эфферентті талшықтар тек қана бұлшық ет талшықтарын импульстермен жабдықтайды да, сіңір рецепторларына әсер етпейді.

Ганглий () — нервтің бойында орналасқан, сырт жағынан дәнекер ұлпалы қабықпен қапталған нейрондар шоғыры. Ганглийде нерв талшықтары, нерв ұштары және қан тамырлары да кездеседі.

Ганглийлік заттар (*Ганглионарные средства*) — вегетативтік түйіндер синапстарындағы қозу процесін жеңілдететін немесе тежейтін дәрі-дәрмектер.

Гаплоид () — торшаларының ядросында сыңар хромосомалар жиынтығы (геном) болатын организмдер.

Гастрин () — қарынның антральдық (пилорус қақпағы) бөлігінде түзілетін прогастрин гормонының белсенді түрі. Ол қарын сөлінің бөлінуін, қарын қимылдарын жандандырып, ұйқы безі сөлінің бөлінуін үдетеді.

Гастрограф () — қарын қимылдарын тіркеуге арналған аспап.

Гастрография () — қарын қимылдарын сызық түрінде бейнелеп жазу.

Гастрон () — қарында түзіліп, қарын сөлінің бөлінуін бәсеңдететін гормон.

Гастроскопия () — қарын қуысын ауыз бен өңеш арқылы жіберілген арнаулы түтікті құрал арқылы қарап, тексеру.

Гастроцит () — қарын кілегей қабығының торшалары. Қарын кілегей қабығында үш түрлі торшалар кездеседі. Олар негізгі, көмкерме және қосымша торшалар деп аталады. Негізгі торшалар — пепсиноген, көмкерме торшалар — тұз қышқылын, қосымша торшалар — шырыш түзеді. Сонымен қатар қарын эпителийінің беткей қабатының торшалары электролиттер мен мукоидты секреттер бөледі, ал қарынның бірыңғай салалы еттерінің торшалары қарын қимылдарын және жынның қарыннан ішекке өтуін қамтамасыз етеді.

Гексозалар (*Гексозы*) — молекуласының құрамында көміртегінің алты атомы болатын моносахаридтердің жалпылама атауы. Олар торшалар мен ұлпаларда еркін түрде, полисахаридтер, гликозидтер және гликопротеидтер құрамында кездеседі, торшаларда құрылымдық материал және қуат көзі болып табылады.

Гем () — эритроциттің құрамындағы бояғыш зат - гемоглобиннің белоксыз бөлігі. Ол порфирин (биологиялық табиғатты пигмент) мен екі валентті темір қосылысы.

Гематин () — тотыққан гем. Қосылыстан бос гем ауада өте оңай тотығып, гематинге айналады. Гематин құрамындағы темір үш валентті күйде болады.

Гематокрит () — қандағы плазма мен қан торшаларының көлемдік ара қатынасы.

Гематология () — қанның құрамын, қасиеттерін және олардың ауытқуларын зерттейтін ғылым саласы.

Гематома () — қ. Қанды ісік.

Гематурия () — қ. Қанды зәр.

Гемоглобин () — эритроциттердің құрамында болатын бояғыш зат, күрделі белок, қызыл түсті тыныс пигменті.

Гемоглобин F — А түріндегі гемоглобиннен құрамындағы полипептидтік тізбектің бір жұбының сипатымен ерекшеленетін қалыпты ұрық қанының гемоглобині (гемоглобиннің β-тізбегінің орнында γ-тізбек болады). Оттегімен оңай байланысады, тұрақтылығымен ерекшеленеді. Қандағы F-гемоглобин мөлшері β-таласселия (ұрпақ қуалайтын анемия), лейкоз, апластикалық анемия жағдайында көбейеді.

Гемоглобинді қан – қ. Гемоглобинурия.

Гемоглобинемия () — қан құрамында гемоглобин мөлшерінің артуы.

Гемоглобинопатия () — гемоглобиннің синтезі мен құрылысының өзгеруімен сипатталатын ұрпақ қуалайтын аурудың жалпы атауы.

Гемоглобинурия () — Қан тамырларында эритроциттердің шамадан тыс бұзылуы салдарынан зәр құрамында гемоглобиннің байқалуы.

Гемодиализ () — “Жасанды бүйрек” арқылы қанды диализдеу және ультрафилтрациялау әдісімен организм ішкі ортасының электролиттік және қышқыл-сілтілік теңдестігін түзету. Бүйрек дерті және кейбір улану жағдайында қолданылады.

Гемодинамика () — қан айналым жүйесінде қанның қозғалу себептерін, ағу жағдайлары мен оның механизмін зерттейтін ғылым саласы.

Гемолизиндер — эритроциттер бұлінуін (гемолизді) тудыратын антидене.

Гемолимфа () — кейбір төменгі сатыда дамыған жәндіктердің денесінде болатын сұйықтық.

Гемометр () — қандағы гемоглобин мөлшерін калориметриялық тәсілмен анықтауға арналған аспап.

Гемопоз () — қ. Қан түзу.

Гемопозтиндер () — организмнің өзінде түзіліп, қан торшаларының өндірілуін (жасалуын) күшейтетін заттар.

Геморезистограмма () — эритроциттердің осмостық төзімділігінің көрсеткіштерін бейнелетін қисық сызық.

Геморезистография () — эритроциттердің қанның осмостық қысым өзгерістеріне төзімділігін графикалық тіркеу әдісі.

Геморезистометр () — эритроциттердің механикалық әсерлерге төзімділігін өлшейтін аспап.

Геморетракциометр () — қан ұйығы ретракциясын зерттеуге арналған аспап.

Гемотоксиндер () — қ. Қан улары.

Геморрагия () — қ. Қанталау.

Гемостаз () — қансырауды, тамырлардан қанның ағып шығуын тоқтату, тамырларда қанның ағынын қамтамасыз ету.

Гемофилия — қан плазмасы құрамында ерекше белоктың - антигемофильді глобулиннің (VIII-фактор) болмауы салдарынан ұю процесі бұзылған қанның денеден көп кетуімен сипатталатын, анасы арқылы беріліп, тұқым қуалайтын еркектерге тән ауру.

Гемоцианин () — төменгі сатыда дамыған жәндіктер денесінде болатын, құрамында мыс бар көкшіл түсті тыныс пигменті.

Гемоцитобласт () — барлық қан торшаларының бастау көзі болып табылатын, жіктелмеген қан түзгіш торшалар. Қазіргі кезде бұл атау сирек қолданылады.

Генез () — күрделі сөздер құрамындағы тегі, түзілу процесі деген мағына беретін құрама. Биологиялық тұрғыдан онтогенез немесе филогенез барысында белгілі бір құрылымның пайда болып дамуы.

Генезис — қ. Дамунама.

Генераторлық потенциал (*Генераторный потенциал*) — қ. Рецепторлық потенциал.

Генотип () — дарақтың бүкіл нәсілдік белгілерінің жиынтығы, организмнің гендер жиынтығынан құралған нәсілдік негізі.

Гепарин () — бауырдан бөлініп алынатын, қанды ұйытпайтын зат.

Гепатоцит () — қ. Бауыр торшасы.

Гериатрия () — егде және кәрі адамдар ауруын зерттеумен шұғылданатын клиникалық медицина саласы.

Геринг нерві (*Геринга нерв*) — тіл жұтқыншақ нервінің каротид синусынан (күретамыр қойнауынан) басталатын афференттік тармағы. Бұл нерв арқылы сопақша мидағы тамыр қозғағыш орталық пен тыныс орталығына артериядағы қан қысымының деңгейі мен артериялардағы газдардың (O_2 мен CO_2) үлес қысымы жайлы сигналдар жеткізіледі.

Геринг рефлексі (*Геринга рефлекс*) — тыныс алу процесін дем алу шыңында аялдатқан кезде жүрек жұмысының сиреуімен сипатталатын рефлекс. Бұл рефлекске эфференттік жол ролін кезеген нерв атқарады.

Гермафродит () — қ. Қызтеке.

Гермафродитизм () — қ. Қос жыныстылық.

Геронтология () — организмнің қартаюы жайлы ғылым.

Гетер -, гетеро — күрделі сөздердің “басқа”, “өзге”, “жат” деген мағына беретін құрамы.

Гетерогенный — қ. Әртекті.

Гетерозис — қ. Будандық күш.

Гетеротермиялы жануарлар (*Гетеротермные животные*) — дене температурасы жыл маусымына байланысты өзгеріп отыратын жануарлар (аю, қосаяқ, кірпі, жарқанат т.б.). Сыртқы орта жағдайлары қолайлы болғанда олар жылы қанды жануарлар тәрізді, ал қолайсыз болған жағдайда — салқын қанды жануарлар сияқты тіршілік етеді.

Гетеротрансплантация () — бір түр өкілдері ұлпаларын немесе мүшелерін басқа түр өкілдеріне аударып отырғызу.

Гетеротрофтар (*Гетеротрофы*) — өздеріне қажетті қоректік заттарды аорганикалық қосылыстардан түзе алмайтын организмдер. Олар даяр органикалық заттармен ғана қоректенеді. Гетеротрофтарға жануарлар, адам жатады.

Гиалуронидаза () — гиалурон қышқылы мен сол тектес қосылыстардың ыдырауын қамтасыз ететін фермент. Гиалуронидазаның биологиялық маңызы ұлпалардың өтімділігін өзгертумен, су мен иондардың тасымалдануын күшейтумен байланысты.

Гибернация () — қ. Тірі қату.

Гигантизм — қ. Алыптық.

Гигр -, гигро- — күрделі сөздердің “дымқыл”, “ылғалдық”, “сұйық” деген мағына беретін құрамы.

Гигрограф () — ауаның салыстырмалы ылғалдылығын тіркеп отыратын құрал.

Гигрометр () — ауаның ылғалдылығын өлшейтін құрал.

Гигрорецепторлар — құрлықта тіршілік ететін омыртқасыз жануарлардың ауа ылғалдылығы ауытқуларын қабылдайтын хеморецепторлары.

Гидр-, гидро- — күрделі сөздердің “су”, “тер”, “терлеу” деген мағына беретін құрамы.

Гидратация — қ. Сулану.

Гидрокортизон () — бүйрек үсті безінің қыртыс бөлімінен бөлінетін, глюкокортикоидтар тобына жататын гормон. Гидрокортизон бауырда белоктың түзілуін жандандырады, аминотрансферазалық реакцияларды шапшаңдатады, бауырдағы гликонеогенез процесін жақсартады.

Гидролазалар () — органикалық заттарды су қосу арқылы ыдырататын ферменттер. Барлық ас қорыту ферменттері гидролазаларға жатады.

Гидролиз — қ. Ыдырау.

Гидролизат () — әр түрлі химиялық қосыластар (белоктар, көмірсулар, липидтер т.б.) ыдырау өнімдерінің ерітіндісі.

Гидроторакс () — плевра аралық қуыста сұйықтың көп мөлшерде жинақталуы. Осының нәтижесінде өкпе қысылып, тыныс алу процесі қиындайды. Гидроторакс қан айналым процесі бұзылған жағдайда, қан кіші қан айналым шеңберінде іркілгенде, тамырлар қабырғасының өтімділігі бұзылғанда, бүйрек аурулары, т.б. паталогия салдарынан туындайды.

Гидрофильдік — қ. Су тартқыштық.

Гидрофильді – қ. Су тартқыш.

Гип-, гипо- — күрделі сөздердің “пәс”, “төмен”, “төмендеу”, “азаю, жетіспеу” деген мағына беретін құрамы.

Гипер- — күрделі сөздердің “биік”, “жоғары”, “үстіңгі”, “жоғарылау, көбею, молаю” деген мағына беретін құрамы.

Гиперазотурия () — зәр құрамында азот бар алмасу өнімдерінің көбеюі.

Гипербариялық оксигенация (*Гипербарическая оксигенация*) — жоғары қысым көмегімен организмді оттегімен қанықтыру. Ауаның жалпы қысымын жоғарылатқан кезде оттегінің үлес қысымы артады да, оның ұлпаларға өту қабілеті жоғарылайды.

Гипербария () — су асты жұмыстары кезінде, кессон жағдайында немесе арнаулы емдеу шарасы ретінде ауаның қысымын 1-атадан жоғарылату (1 ата немесе абсолютты атмосфера 1013 гПа тең).

Гипервентиляция () — қ. Демігу.

Гипервитаминоз () — қ. Дәрмендәрімен қанығу.

Гипергидратация () — қ. Су жайлау.

Гипергликемия — қ. Қант тасу.

Гипердинамия () — қ. Шымырлық.

Гиперемия () — қ. Албырттану.

Гиперергия () — қ. Секемшілдік.

Гиперестезия () — қ. Түршігу.

Гиперкапния () — қан құрамында көмірқышқыл газының көбеюі.

Гиперкетонемия () — қанда кетонды заттардың көбеюі. Диабет ауруы, бауыр аурулары кезінде, ашыққан жағдайда байқалады.

Гиперкинез () — қ. Діріл.

Гиперкинезия () — қ. Тықыршу.

Гиперметрия — қ. Ебетейсіздік.

Гиперметропия () — қ. Қырақтық.

Гипероксемия () — қан құрамында оттегінің молаюы.

Гипероксидация () — организмде тотығу процесінің шамадан тыс күшеюі мен торшалардың ферменттік жүйелерінің құрылымы мен қызметінің бұзылуы. Адам не жануар ұзақ уақыт оттегінің үлес қысымы жоғары жерде болғанда және антиоксидаттық жүйе (каталаза, пероксидаза, супероксиддисмутаза) қызметі бұзылғанда байқалады. Қалыпты қысым жағдайында құрамында 95 процент оттегі бар ауамен демалғанда атжалман 75,8 сағаттан, ал ит 39 сағаттан соң өліп қалады.

Гипероксия () — қ. Оттегімен қанығу.

Гиперпатия () — сезімталдықтың жоғарылауы.

Гиперплазия () — қ. Көпсу.

Гиперпноэ — қ. Ентігу.

Гиперполяризация () — қ. Асқын өрістену.

Гиперпротеинемия () — қ. Белоктасу.

Гиперрефлексия () — қ. Рефлексің күшеюі.

Гиперсаливация () — қ. Сілекей шұбыру.

Гиперсинхрондану (*Гиперсинхронизация*) — ми қыртысы нейрондары разрядтарының бір мезгілде қатарласа туындауы (эпилепсия — қояншық разрядтары). Қояншық разрядтары қоздырушы және тежеуші әсерлер арасындағы теңдестіктің бұзылуы салдарынан туындайды.

Гиперсомния — қ. Ұйқы басу.

Гипертензия () — қ. Асқынкернеу.

Гипертермия () — қ. Қызу көтерілу.

Гипертиреоз () — қалқанша без қызметінің күшеюі.

Гипертония ауруы – қ. Қан тасу.

Гипертониялық ерітінділер – қ. Асқын қысымды ерітінділер.

Гипертония () — қ. Қысым арту.

Гипертрофия () — қ. Шымырлану.

Гиперурикемия () — қан құрамында зәр қышқылы концентрациясының көбеюі.

Гиперфагия — қ. Мешкейлік.

Гиперфункция () — қ. Асқын әрекет.

Гиперхроматия — қ. Қошкылдану.

Гипестезия () — тері сезімталдығының кемуі.

Гипноз () — адам немесе жануарлардың жасанды жолмен шала ұйқыға көшкен күйі. Бұл құбылыс негізінде ми қыртысы орталықтарында шектелген тежелу процесінің пайда болуы жатады.

Гиповентиляция () — қ. Тымырсықтану.

Гиповитаминоз () — қ. Дәрмендәрі зәрулігі.

Гипогевзия () — дәм сезімінің нашарлауы, төмендеуі.

Гипогликемия — қ. Қант тапшылық.

Гипогликемиялық шок (*Гипогликемический шок*) — қан құрамында қант мөлшерінің күрт төмендеуінен туындайтын ауытқулар. Мұндай жағдайда дене еттері тартылып, ОНЖ-нің және басқа тіршіліктік маңызы зор мүшелердің қызметі бұзылады да, соңы өлімге соқтырады.

Гиподинамия — қ. Болбырлық.

Гипокапния () — қанда көмір қышқыл газы қысымының азаюы, көмір қышқыл газы мөлшерінің төмендеуі.

Гипокинез () — қимыл-әрекет шапшандығының, мөлшерінің төмендеуі.

Гипокинезия () — қимылдың белсенділігі мен атқарылу күшінің шектелуі.

Гипоксемия () — қан құрамындағы оттегі мен оның үлес қысымының төмендеуі.

Гипоксидация () — организм торшалары мен ұлпаларындағы тотығу процесі деңгейінің төмендеуі.

Гипоксия () — оттегі тапшылығы, ұлпаларда оттегі мөлшерінің кемуі.

Гиполактация — қ. Сүт аздық.

Гипопротеинемия — қ. Белок пәстік.

Гипорефлексия () — организм рефлекстерінің - жауап реакцияларының нашарлауымен сипатталатын күй.

Гипосомния () — қ. Ұйқы қашу.

Гипотензивті заттар – қ. Қысым төмендеткіштер.

Гипоталамус () — аралық мидың көру төмпешіктерінің астында орналасқан байырғы құрылымы. Ол көптеген афференттік және эфференттік байланыстарымен ерекшеленетін нерв торшаларының шоғыры болып табылады. Торшалық құрылымына қарай (цитоархитектоникалық тұрғыдан) гипоталамус алдыңғы, ортаңғы және артқы аймақтарға бөлінеді. Гипоталамустың ортаңғы аймағына сұр төмпешік, астыңғы және үстіңгі медиальдық ядролар жатады. Гипоталамустың артқы аймағының ядроларына шашыраңқы орналасқан ірі торшалар, еміздікше дене ядролары жатады. Гипоталамусте секреторлық қызмет атқаратын ядролар да болады. Олар негізінен III-қарынша қабырғасының маңында орналасады. Бұл торшалар гипофиздің троптық гормондарының бөлінуін жандандыратын нейрогормондар – релизинг гормондар бөледі. Нейросекреторлық торшалар гипоталамустың алдыңғы бөлігінде орналасып, төмпек үсті және қарынша маңындағы ядролар құрайды. Осы ядролардан гипофиздің артқы бөлігімен жалғасатын гипоталамус-гипофиз шоғыры басталады. Гипоталамус ішкі секреция бездерінің қызметін бақылап, бағыттап отырады, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын, вегетативтік нервтер қызметін, зат алмасу процесін, қоректік мінез-қылықты, ұйқы мен сергек күйдің алмасуын реттеуге қатынасады.

Гипотензия () — қ. Пәскернеу.

Гипотермия () — қ. Қызу аздық.

Гипотиреоз () — қалқанша без қызметінің нашарлауы.

Гипотониялық ерітінділер – қ. Пәс қысымды ерітінділер.

Гипотония () — қ. Қысым аздық.

Гипотрофия () — мүшенің немесе оның жеке бөліктерінің көлемінің кішіреюі.

Гипофиз () — мидың астыңғы жағында орналасқан ішкі секреция безі.

Гипофиздің тропты гормондары (Г. гипофиза тропные) — белгілі бір эндокриндік бездің қызметін жандандыратын гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормондары. Мысалы, соматотропты, тиреотропты т.б.

Гипофизэктомия () — хирургиялық операция арқылы гипофизді алып тастау немесе бұзу, бүлдіру.

Гипофункция () — қ. Пәс әрекет.

Гипохромазия () — қ. Бозғылттану.

Гиппокамп () — лимбикалық жүйенің орталық құрылымы бірі, үлкен мидың ескі қыртысының бір бөлігі. Оның қызметі әлі толық анықталмаған. Ол бағдарлау рефлекстерінің атқарылуын, вегетативтік реакциялар мен эмоцияларды, ерікті қимыл-әрекеттерді, ес пен үйрету механизмдерін реттеуге, мінез-қылықтың күрделі түрлерін қалыптастыруға қатынасады.

деген болжам бар. Гиппокамптың нақтылы қызметі жаңа ақпараттарды тіркеумен байланысты болуы мүмкін. Оның қатынасуымен ұзақ мерзімдік ес қалыптасады.

Гиппур қышқылы (*Гиппуровая кислота*) — бауыр мен бүйректе түзіліп, бензой қышқылын залалсыздандыратын органикалық қышқыл. Денеден зәр құрамында бөлініп шығарылады.

Гирудин () — сүліктің сілекей бездері бөлетін, қан ұйытпайтын зат.

Гис шоғыры (Гиса (W.His, 1863 - 1934, нем. анатомы) пучок) — жүректің өткізгіш жүйесінің атриовентрикулярлық түйінінен басталып, қарынша аралық пердеде оң және сол сабақтарға бөлінетін бөлігі.

Гис шоғыры сабақтары блокадасы, Гис шоғыры сабақтары құрсалуы (*Блокада ножки пучка Гиса*) — қозудың Гис шоғыры сабақтарының бір тармағымен таралуының бұзылуы.

Гистамин () — биогенді аминдер тобындағы физиологиялық белсенді зат. Негізінен шырлы торшаларда (тучные клетки), базофильдер құрамында болады. Организмнің түрлі процестерін реттеуге қатынасады.

Гистидин () — белоктар құрамына енетін амин қышқылы.

Гистиоциты () — адам мен жануарлар организміне енген микробтарды, әртүрлі бөгде заттарды сіңіретін дәнекер ұлпа торшалары.

Гистогематикалық тосқауыл (*Гистогематический барьер*) — органдар мен торшалардың өзіндік ішкі ортасының құрамы мен қасиеттерінің салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз ететін физиологиялық механизм. Бұл терминді 1929 жылы Ресей ғалымы Л.С.Штерн айналымға енгізген. Гистогематикалық тоспа реттеуші және қорғаушы қызмет атқарады. Оның реттеуші әрекеті органдар мен торшалардың ішкі ортасының тұрақтылығын қамтамасыз етсе, қорғағыштық әрекеті осы ортаға қан құрамынан орган үшін бөгде, зиянды заттардың өтуіне мүмкіндік бермейді.

Гистогенез () — қ. Ұлпа даму.

Гистолиз () — қ. Ұлпа еру.

Гистология () — жануарлар ұлпалары мүшелерінің микроскопиялық құрылымын зерттейтін ғылым.

Гистондар (Гистоны) — жануарлар мен өсімдіктер торшаларының ядроларында кездесетін қарапайым белоктардың тобы.

Гландулоцит () — бездің секреторлық бөлімінің арнаулы секрет бөлетін торшасы. Қарын glandулоциты негізгі, көмкерме және қосымша торшалардан тұрады. Негізгі торшалар — фермент, көмкерме торшалар — тұз қышқылын, қосымша торшалар — шырыш бөледі.

Глик-, глико-, глюк-, глюко- — құрама сөздерде “тәтті”, “қант”, “глюкоза” деген мағына беретін тіркестер.

Гликемия () — қанның белгілі бір мөшерінің құрамында болатын қант деңгейі.

Гликоген () — қан құрамындағы қанттан бауыр мен бұлшық етте түзілетін жануарлар крахмалы, полисахарид. Г. жануарлар үшін көмірсулар қоры болып табылады.

Гликогенез () — гликогеннің түзілу процесі.

Гликогенолиз () — гликогеннің глюкоза мен глюкозаның фосфорлы эфиріне ыдырауы.

Гликозидазы () — қарапайым гликозидтер, олиго- және полисахаридтер т.б. көмірсулы қосылыстар молекуларындағы глюкозидті байланысты ыдырататын фермент. Олар өздері әсер ететін субстраттар табиғатына қарай сахараза, мальтаза, лактаза, амилаза, целлюлаза, гемицеллюлаза т.б. болып бөлінеді.

Гликокаликс () — торшалардың, оның ішінде энтероциттердің (ішек торшаларының) плазмалық мембранасының сыртқы беткейін жауып тұратын торлы құрылым. Ол өзара кальций көпіршесімен жалғасқан, мукополисахаридтер жіпшелерінен (филаменттерінен) құралады. Гликокаликске көптүрлі қызмет тән. Ол өте жақсы маманданған акцепторлық және рецепторлық қызмет атқарады, иммундық жіктеу жүргізеді, торша аралық әрекеттестік қалыптастырады, молекулаларды мөлшері мен зарядына қарай екшеп отыратын молекулярлық елеуіш болып табылады. Гликокаликс әрі бактериялық, әрі арнаулы тоспа қызметін атқарып, торшаның ішіне қоректік заттардың өтуін реттейді.

Гликолиз () — организмде оттегінің қатынасуымен көмірсулардың ферменттер әсерінен сүт қышқылын түзе ыдырауы.

Гликонеогенез () — глюкозаның сүт қышқылынан, пируват, оксалоацетат, глицерин, амин қышқылдарының азотсыз қалдығының аралық өнімдерінен түзілу процесі. Гликонеогенез бауырда жүреді.

Гликохол қышқылы (*Гликохолевая кислота*) — өт қышқылы. Бауырда түзіліп, өт құрамында бөлінеді де, липидтерді қорытып, сіңіру процесіне қатынасады.

Глицин () — амин қышқылы. Бос күйінде нерв және басқа ұлпаларда кездеседі. Жұлын мен сопақша мида көп жинақталады, тежеуші медиатор қызметін атқарады. ОНЖ-нің жоғарғы бөлімдерінде ол синапстық медиатор рөлін атқармайды деген деректер бар.

Глобин () — гемоглобиннің белокты бөлігі.

Глобулинакцелератор () — қан ұйытатын У-фактор. Бауырда түзіліп, XII-фактордың қатынасуымен протромбинді тромбинге айналдырады.

Глобулиндер (*Глобулины*) — қан плазмасындағы ірі молекулалы белоктар тобы.

Глобулинурия () — зәр құрамында глобулиндердің болуы.

Глюкагон () — ұйқы безінің эндокриндік бөлімі бөлетін полипептидті гормон. Оның молекуласы 29 амин қышқылдық қалдықтан тұрады. Гормон гликогенолиз және гликонеогенез процестерін жандандырады.

Глюкоза () — моносахаридтер тобына жататын көмірсудың түрі.

Глюкозалы-аланиндік айналым (Глюкозо-аланиновый цикл) — көмірсулар мен амин қышқылдары алмасуын өзара байланыстыратын метаболизмдік процестер айналымы.

Глюкозурия () — әр құрамында қанттың бөлінуі. Қант сию.

Глюкокортикоидтар (Глюкокортикоиды) — бүйрек үсті безінің қыртыс бөлігінен бөлінетін гормондар тобы. Олар көмірсулар мен белоктардың алмасуын реттеуге қатысады.

Глюкорецепторлар (Глюкорецепторы) — қан құрамындағы глюкоза мөлшерінің ауытқуларына сезімтал рецепторлар.

Гнозис () — қ. **Таным**.

Говерс (W.R.Gowers, 1845-1915, ағыл. невропатолог) шоғыры (Говерса пучок) — вентральды жұлын-мишық жолы. Жұлынның дорзальдық мүйізіндегі торшалардан басталып, дененің қарама-қарсы беткейіндегі мишық қыртысында аяқталады. Бұл жолдың кейбір талшықтары жұлынның мойын бөлімінде, сопақша ми ядроларында, төрт төмпешікте, көру төмпегінде аяқталады. Бұл жол жұлынның өрлеу немесе орталыққа тепкіш жолына жатады.

Голл (F.Goll, 1829-1903, швейц. анатом.) шоғыры (Голля пучок) — жұлынның дорзальдық бағанының құрамына енетін жіңішке жол, өрлеу жолының бірі. Голл шоғыры сопақша мида аяқталады.

Гольджи аппараты (Аппарат Гольджи) — торшаның тіршілік әрекеті үстінде кейбір өнімдер (секреттер, коллаген, гликоген, липидтер т.б.) түзу процесіне қатынасатын органелла. Соңғы атауы табақша кешен.

Гольц (F.L.Holtz, 1834-1902, нем. физиол.) рефлексі (Гольца рефлекс) — құрсақ қуысының рецепторларын тітіркендіргенде жүрек жұмысының сиреуі не тоқтап қалуы.

Гомео-, гомо- — құрама сөздерде “Ұқсас, бірдей, біркелкі, теңдес” деген мағына беретін тіркестер.

Гомеостаз () — организм ішкі ортасының салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз ететін үйлесімді реакциялар жиынтығы.

Гомойотермді жануарлар (Гомойотермные животные) — қ. **Жылы қанды жануарлар**.

Гомотипия () — мүшелер құрылысының ұқсастығы.

Гомотрансплатация () — бір түр өкілдеріне жататын организмдер ұлпаларын немесе органдарын бір-біріне ауыстырып отырғызу.

Гон () — қ. **Күйлеу, Мауығу, Ұйығу**.

Гонада — қ. **Жыныс безі**.

Гонадотропты гормондар (Гонадотропный гормон) — гипофиздің алдыңғы бөлімінен бөлінетін, жыныс бездерінің қалыптасуын және қызметін жандандыратын, реттейтін тропты гормондардың жалпылама атауы. Олар *фолликуланы жандандырушы, лютеиндеуші және лютеотропты гормондар* болып жіктеледі.

Гонио- — құрама сөздерге “бұрыш” деген мағына беретін тіркес.

Гонометрия () — бұрыш өлшегіш көмегімен буын қимылының амплитудасын зерттеу арқылы олардың қызмет мүмкіндігін анықтау.

Гормон(дар) () — организмде арнаулы ішкі секреция бездерінде түзілетін биологиялық белсенді заттар.

Гормонмен реттеу (*Гормональная регуляция*) — гормондар әсерімен организм әрекетінің немесе оның жеке жүйелерінің қызметінің реттелуі, қалыптастырылуы.

Горьевтің (Н.К.Горьев, 1975-1943, сов. гематологы) есептеу камерасы (*Горьева счетная камера*) — қан торшаларын санауға арналған арнаулы торлары бар шыны.

Грааф (Graaf R., 1641-1673, гол. анат. ж. физиол.) көпіршігі (*Граафов пузырь*) — ішінде овоцит орналасқан, қуысы экстрогендер бар сұйыққа толы пісіп жетілген фолликула.

Градиент () — бір нәрсе мәнінің кеңістіктің әрбір нүктесінде өзгеру бағытын көрсететін вектор. Биологияда — организмнің немесе жеке мүшенің құрылымындағы не функционалдық процестеріндегі заңды сандық өзгеріс.

Гранулопоз () — гранулоциттердің пайда болып, дамып, жетілуі.

Гранулоциттер () — қ. Түйіршікті лейкоциттер.

Гуанин () — барлық тірі организмдер торшасындағы нуклеин қышқылдарының құрамында кездесетін пурин негізі.

Гуморализм () — организмде жүретін барлық тіршілік процестерін денедегі сұйық ортаның - қан мен ұлпалық сұйықтың күйімен байланысты деп түсіндіретін физиологиялық (медициналық) тұжырымдама.

Гуморальды (*Гуморальный*) — жануарлар организміндегі сұйықтармен — қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы — байланысты түсінік.

Гуморальды реттеу (*Гуморальная регуляция*) — жеке мүшелер мен жүйелер әрекетін организмнің сұйық ортасы құрамындағы биологиялық белсенді заттардың әсерімен реттеу.

Гуморальды факторлар (*Гуморальные факторы*) — әр түрлі ұлпалар мен мүшелерде түзіліп, сұйық орта арқылы әсер ететін биологиялық белсенді заттар.

Д

Дабыл баспалдағы - қ. Дабыл өзегі.

Дабыл жарғағы (*Барабанная перепонка*) — ортаңғы құлақ қуысын сыртқы құлақтан бөліп тұратын жұқа перде. Ол дыбыс толқынын қабылдап, оны ортаңғы құлақтың сүйектеріне береді.

Дабыл қуысы (*Барабанная полость*) — самай сүйегі пирамидасында орналасқан ортаңғы құлақтың ауалы қуысы. Онда есту сүйекшелері орналасады. Дабыл қуысы Евстахийев түтікшесі арқылы жұтқыншақ қуысымен жалғасады.

Дабыл өзегі (Барабанная лестница) — омыртқалы жануарлардың ішкі құлағының құрылымы. Сүтқоректі жануарларда ол ұлудың (иірімді түтіктің) перилимфамен толған төменгі бөлігі болып табылады. Ұлу өзегінен негіздік мембранамен бөлінеді де, ұлудың апикальдық ұшында *геликотерма* арқылы сағалық өзекпен жалғасады. Ортаңғы құлақ пен дабыл өзегін дөңгелек тесік мембранасы бөліп тұрады.

Дағдылы әрекет (Инстинкт) – белгілі бір түрге тән тұқым қуалайтын табиғи мінездер жиынтығы (ішкі және сыртқы тітіркендіргіштер әсеріне қалыптасқан шартсыз рефлексдер тізбегі). Тіршілік жағдайларының өзгеруімен байланысты инстинкт өз мағынасын жоғалтуы мүмкін. Биологиялық маңызына қарай инстинкт қоректік, қорғаныстық (сақтық), жыныстық, ұрпақ қорғау, үйірлік т.б. болып бөлінеді. Бұл атау кейінгі кезде сирек қолданыла бастады.

Дағдылы реакциялар – қ. Динамикалық стереотип.

Дакриоаденит () — көздің жылауық бездерінің қабынуы.

Дакриоцистит () — жылауық без қалтасының (жас қалтасының) қабынуы.

Дактилоскопия () — саусақ ұшы терісінің бедерін зерттеу.

Дальтонизм () — көздің қызыл және жасыл түстерді ажырата алмайтын кемістігі.

Даму (Развитие) — организмнің немесе оның жеке мүшесінің толысып қалыптасу процесі.

Даму биологиясы (Биология развития) — организмнің дара даму заңдылықтарын зерттейтін биология ғылымының саласы.

Дамунама (Генезис) – бір нәрсенің пайда болуынан бастап толық қалыптасуына дейінгі оқиғалар, процестер барысы. Шыққан тегі, пайда болуы.

Дамымағандық – қ. Инфантилизм.

Дамымаушылық – қ. Инфантильдік.

Данини-Ашнер (G.Dagnini, 1866-1928, итал. дәрігері, В.Aschner, 1883-1960, авст. гинекологы) рефлексі (Данини-Ашнера рефлекс) — көз алмасын ақырын басқан кезде жүрек жұмысының сиреп, қан қысымының төмендеуімен сипатталатын рефлекс.

Даңғылдану – қ. Соқпақтану.

Дара даму (Онтогенез) – адам мен жануарлардың туған күннен бастап, тіршілігінің тоқтаған күніне дейін тегіне тән өзгерістерді қайталап жеке дамуы.

Дарақ (Особь) — жануардың жеке данасы.

Дарақ – қ. Индивидуум.

Дәм (Вкус) — химиялық заттар ерітіндісінің дәм сезу рецепторларына әсер еткен кезде пайда болатын субъективті түйсік. Адамға қышқыл, тұзды, тәтті және ащы дәм түйсіктері тән. Дәм, иіс және ауырсыну рецепторлары бірге тітіркендірілгенде өткір, қарығыш дәм сезіледі. Жыртқыш тәтті дәмді, насеком қоректілер ащы дәмді сезбейді.

Дәм буылтығы (*Вкусовая луковица*) — дәм сезу анализаторының сезімтал және сүйеніш торшалар жиынтығынан құралған шеткей бөлімі. Пішіні домалақ немесе сауытша тәрізді болып келеді де, жабынды эпителийге перпендикуляр бағытта орналасады. Әрбір дәм буылтығында 30-80 сезімтал (қабылдағыш) торшалар, сүйеніш торшалар және нерв шумақтары болады. Оның жоғарғы ұшында тесік — татым жасуы — болады. Дәм буылтығы тілдегі дәм бүртіктерінде орналасады. Дәм буылтығының саны жасқа қарай өзгеріп отырады. Жас кезде олар көп болып, есейе келе — азаяды.

Дәм бүршігі (*Вкусовая почка*) — қ. Дәм буылтығы.

Дәм контрасты (*Вкусовой контраст*) — бір заттың әсерінен кейін белгілі бір зат дәміне сезімталдықтың күшеюі.

Дәм рецепторлары (*Вкусовые рецепторы*) — тіл бүртіктері мен ауыз қуысының кілегейлі қабығында орналасып, қоректік заттардың химиялық (татымдық) қасиетін қабылдайтын сезімтал торшалар. Дәм рецепторлары жоғарғы ұшы сүйірлене келіп, микротүк түзеді де, дәм буылтығының саңлауы тұсында шоғырланады.

Дәм бүртіктері (*Вкусовые сосочки*) — омыртқалы жануарлардың ауыз қуысындағы (тілдегі) дәм буылтықтары шоғырланған маманданған учаскелер-құрылымдар. Пішініне қарай дәм бүртіктері шатырша (тіл ұшында орналасады), жапырақша (тілдің бүйір беткейінде) және орлы (тілдің алдыңғы бөліктерінде) болып бөлінеді. Тілде табылған бүртіктердің төртінші түрінде — жіпше бүртіктерде, дәм рецепторлары болмайды. Бұл бүртікте термо- және механорецепторлар орналасады.

Дәм сезімталдығының жойылуы (*Агевзия*) - бұл құбылыс тіл рецепторларының бұзылуы, өткізгіш жолдың немесе ми қыртысындағы дәм орталығының зақымдануы салдарынан туындайды.

Дәнекер ұлпа (*Соединительная ткань*) — ұрықтың үшінші жапырақшасынан дамидын ұлпа. Одан нағыз тері (кутис), дене қаңқасы, қан, лимфа т.б. құрылымдар пайда болады.

Дәрет – қ. Нәжіс.

Дәрмендері зәрулігі (*Гиповитаминоз*) – тамақта, азық құрамында дәрмендері тапшылығынан, оның жетіспеуінен туындайтын күй.

Дәрмендерілер (*Витамины*) — адам мен жануарлар организмінің қалыпты тіршілігі үшін өте қажет органикалық заттар.

Дәрмендерілер тапшылығы (*Полиавитаминоз*) — бірнеше дәрмендерілердің жетіспеуінен туындайтын патологиялық күй.

Дәрмендерілердің алғы заты (*Провитамины*) — организмде дәрмендерілерге айналатын заттар.

Дәрмендерімен қанығу (*Гипервитаминоз*) – әр түрлі дәрмендерілерді шектен тыс көп қабылдаған кезде туындайтын күй. Организмге майда ерігіш дәрмендерілердің, әсіресе Д дәрмендерісінің, одан азырақ мөлшерде А дәрмендерісінің уытты әсері күшті болады. Оларға денеде жинақталу қасиеті

тән. Шамадан тыс көп мөлшерде қолданылғанда суда еритін кейбір дәрмендәрілер де уыттылық көрсетеді.

Дәрмендәрісіздік (Авитаминоз) - тағамда (азықта) кейбір дәрмендәрілердің ұзақ мерзім бойына болмауының салдарынан организмде дамитын паталогиялық процесс.

Дәрумендер (Антивитамины) — химиялық құрамы дәрмендәрілерге ұқсас, бірақ олардың биологиялық қасиеттері дарымаған қосылыстар. Организмге түскен дәрумендер дәрмендәрілермен бірге зат алмасу процесіне қатысып, оның қалыпты жүруін бұзады, азық құрамында дәрмендәрілердің жеткілікті мөлшерде болуына қарамастан организмді дәрменсіздікке ұшыратады.

Дәрі-дәрмектер (Лекарственные вещества) — аурудан сақтандыратын айықтыратын, дерттің күшін әлсірететін минералды, өсімдік және жануар текті, немесе химиялық жолмен синтезделген заттар.

Де-, дез-, дезо- — күрделі сөздің “тиылу”, “алып тастау”, “жою”, “жөкқа шығару” деген мағына беретін құрамы.

Деафферентация () — сенсорлық (сезімдік) импульстердің шеткей бөлімінен орталыққа сезімтал нервтің анатомиялық немесе физиологиялық тұтастығының бұзылуы салдарынан өтпей қалуы.

Девастация () — адам мен жануарлар инвазиялық ауруларының қоздырғыштарын жоюға бағытталған шаралар.

Дегазация () — зиянды, уландырғыш газдарды зарарсыздандыру.

Дегельминтизация () — адам мен жануарлар организмін ішек құрттардан (тоғышарлардан) тазарту шаралары.

Дегенерация () — организмнің биологиялық қалыпты белгілерінің, немесе жеке органдардың құрылымының орта жағдайларының әсерінен нашарлауы.

Дегидрогенизация () — органикалық заттар молекуласынан сутегінің бөлінуімен сипатталатын химиялық реакциялар. Организмде жүретін биологиялық тотығу процесінің бір сатысы.

Деградация () — біртіндеп сападан айырылу, тозу.

Дезинсекция () — зиянды бунақ денелерді арнаулы дәрілермен жою.

Дезинфекция () — ауру тудыратын микроорганизмдерді арнаулы дәрілермен жою.

Дезоксигемоглобин () — гемоглобиннің оттегімен немесе басқа да қосылыстармен байланысуға қабілетті түрі.

Дезоксирибонуклейн қышқылы (Дезоксирибонуклейновая кислота–ДНК) — құрамында дезоксирибоза көмірсулары бар нуклеотидтерден құралған нуклеин қышқылдарының бірі. Күрделі органикалық қосылыс, ядро құрамына енеді, белгілердің тұқым қуалауын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Дезэквilibрация () — дене тепе-теңдігінің жойылуы.

Дейтоплазма – қ. Сарыуыз.

Декальцинация () — организмнің кальцийді жоғалтуы.

Декапитация (D) — физиологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында жануарлардың басын кесіп тастау.

Декортикация — ми жарты шарлары қыртысын сылып тастау немесе істен шығару.

Декремент (D) — козу процесінің күші мен таралу жылдамдығын кеміте жайылуы.

Дем алу - қ. Тыныс алу, Инспирация.

Дем ауасы (*Воздух выдыхаемый*) — деммен шыққан ауа. Қан мен альвеола ауасы арасындағы газ алмасу процесінің нәтижесінде қалыптасып, дем шығару кезінде организмнен бөлінетін ауа қоспасы.

Дем тесік (Дыхальца) — бунақ денелілердің тыныс алу мүшесі, олардың денесіндегі кішкене тесік.

Дем шығару (*Выдох*) — өкпеден газ алмасу процесіне қатынасқан ауаның бір бөлігінің сыртқа шығарылуы. Қалыпты дем шығару процесі бұлшық ет әрекетінсіз өкпенің, көкірек қуысының оралымдық тартылу күшінің салдарынан жүреді. Осымен байланысты дем шығару процесі дем алу процесінен 10-40%-ке ұзағырақ созылады.

Демерсальды жұмыртқа (*Демерсальные яйца*) — суда тіршілік етіп, су түбінде өніп-дамитын жануарлар жұмыртқалары.

Демігу (*Гипервентиляция*) - өкпедегі ауаны үстемелей желдету, тыныс алу процесінің жиілеуі.

Демікпе (*Диспноэ*) - тыныстың жиілігінің, тереңдігінің, ырғағының бұзылуымен сипатталатын тыныс алу процесінің ауытқулары.

Денатураттану (*Денатурация*) — орта жағдайының өзгерулеріне байланысты белок құрылысының бұзылуы.

Дендриттер (*Дендриты*) — нерв торшаларының қысқа өсінділері.

Дене – қ. Тән.

Дене беткейі (*Поверхность тела*) — дененің сыртқы беткейінің жалпы ауданы. Оны шамамен мына формуланы пайдаланып анықтайды: $S = K \cdot P^{2/3}$ немесе $S = 71,84 \cdot P^{0,423} \cdot H^{0,725}$. Бұл жерде S — дене беткейі (m^2), P — дене массасы (кг), K — түлік түріне тән константа (тұрақты мөлшер, адам үшін $K = 0,11$), H — дене биіктігі (см).

Дене бұлшық еттері – қ. Тән еттері.

Дене қызуы – қ. Дене температурасы.

Дене температурасы (*Температура тела*) — адам мен жануарлардың физиологиялық күйінің көрсеткіші. Жануарлар денесінің температурасы белгілі шекте сақталады. Оның қалыпты деңгейі мынадай ($^{\circ}C$): жылқы — 37,5-38,5; түйе — 36-38,6; ірі қара — 37,5-39,5; қой-ешкі — 38,5-40,5; шошқа — 38,0-40,0; ит — 37,5-38,5; солтүстік бұғысы — 37,6-38,6; мысық — 38,0-39,5; үй қояны — 38,5-39,5; құс — 40,0-42,0; қара сусар — 39,5-40,0; көгілдір ақ түлкі — 39,4-41,1; уссури жанаты — 37,1-39,1.

Дене тепе-теңдігі (*Равновесие тела*) — дененің кеңістіктегі тиянақты жағдайы. Дене тепе-теңдігі мишықтың, вестибулярлық (сағалық)

аппаратының, артқы ми құрылымдарының, проприорецепторлардың, ми қыртысының мандай және самай бөліктерінің үйлесімді әрекетінің нәтижесінде сақталады.

Дене торшалары – қ. Тән торшалары.

Денемен тыныстау – қ. Диффузиялы тыныс алу.

Дененің беткейлік заңы (Закон поверхности тела) — жылы қанды жануарлардың энергия шығыны олардың денесінің беткейі мөлшеріне сәйкес болатынын негіздейтін тұжырым. Рубнер ұсынған заң (M.Rubner, 1854-1932, нем. физиол.). Жылу бөлу қарқыны, демек негізгі зат алмасу, дене беткейі мен жануар массасының ара қатынасына байланысты. Сондықтан балалар мен майда жануарлар дене температурасының тұрақтылығын сақтау үшін дене массасының әр өлшеміне шыққанда жылуды көп өндіруге тиісті. Адам дене беткейінің 1 м² шаққанда күніне 850-1200 ккал жылу өндіреді. Бұл заң барлық жағдайда жүзеге аспайды, себебі организмдегі зат алмасу қарқынына дене беткейінен басқа көптеген факторлар әсер етеді (жас, жыныс, жануарлардың биологиялық ерекшеліктері т.б.).

Денервация () — қ. Нервсіздендіру.

Дентин () — омыртқалы жануарлар тісінің негізгі бөлігін құрайтын, құрылысы мен қасиеттері жағынан сүйек ұлпасына ұқсас құрылым.

Денгейлік (Иерархия) – белгілі бір тұтас жүйе құрылымдарындағы немесе қызметіндегі әрекет баспалдағы.

Депиляция (Депиляция) — емдеу немесе косметикалық мақсатта түкті, шашты жою.

Депрессия () — сұйықтың сумен салыстырмалы қату нүктесінің деңгейі.

Депрессорлық реакция (Депрессорная реакция) — артериялық қысымды төмендетуге соқтыратын организм реакциялары.

Депрессорлық нерв, босаңсытқыш нерв, қолқа нерві, Цион-Людвиг нерві (Депрессорный нерв) — қолқа барорецепторларынан басталып, кезеген нерв құрамында сопақша миға енетін нерв талшықтары. 1886 жылы Ф.Цион мен К.Людвиг бұл нервтің орталық бөлімін тітіркендіргенде артерия қысымының күрт төмендейтінін (депрессия құбылысы байқалатынын) анықтаған.

Депрессорлық рефлексер, босаңсытқыш рефлексер (Депрессорные рефлексy) — жүрек-қан тамырлар жүйесінің артериялық қысымды төмендетуге бағытталған белсенді реакциялары.

Дератизация () — жұқпалы (инфекциялық) ауру таратушы және шаруашылыққа экономикалық залал келтіруші кемірушілерді (егеуқұйрық, тышқан т.б.) жою.

Дербес (Автономный) - дербес әрекетті, бағынышты, тәуелді емес.

Дерма () — қ. Нағыз тері.

Дерматит () — терінің қабынуы.

Дерматоз () — тері ауруының жалпы атауы.

Десатурация () — газдардың жалпы немесе үлес қысымы төмендеген жағдайда сұйық құрамындағы және ұлпадағы газдар концентрациясының төмендеуі.

Десенсибилизация — қ. Сезімталдықты жою.

Десквация — қ. Десквация.

Деструкция () — бір нәрсенің, түзілістің қалыпты құрылымының бүлінуі, бұзылуы.

Детерминация () — қ. Айқындау.

Детерминизм — қ. Себептілік.

Дефекация — қ. Нәжіс бөлу.

Децеребрациялық сіреспе – қ. Ми сіреспесі.

Децеребрация () — қ. Миды сылу.

Диабет () — көмірсулар мен май алмасуының бұзылуымен, қандағы қант мөлшерінің көбейіп, оның зәр құрамында бөлінуімен сипатталатын ауру. Бұл аурудың өршуіне көбінесе ұйқы безі қызметінің бұзылуы себепкер болады.

Диагноз () — жан-жақты тексеру нәтижесінде ауруды, аурудың түрін анықтау.

Диагностика — қ. Ауру тану.

Диастола () — жүрек етінің босаңсу сатысы. Осының нәтижесінде жүрек қуысы кеңейіп, ол қанға толады. Диастола жүрекше және қарынша диастоласы болып бөлінеді. Қарынша диастоласы изометриялық босансу және пресистола кезеңдерінен тұрады.

Диарея () — қ. Сатқак.

Диафиз () — жіліктің маймен толған ортаңғы бөлігі.

Диафрагма () — қ. Көкет.

Дибрионт () — қ. Қос мекенділер.

Дивергенция () — қ. Ажырау.

Дивертикул () — қ. Қалта.

Диета () — қ. Емдәм.

Дизосмия () — иіс сезу қабілетінің бұзылуы.

Дизурия () — қ. Зәр тұтылу.

Дикрота () — қ. Тіркес өр, Тіркес кертпеш.

Дилататор () — қ. Кеңейткіш.

Дилатация () — қ. Кеңею.

Динамикалық стереотип (*Стереотип динамический*) — әрекет бірлестігін құраған шартты және шартсыз рефлексстердің жүйелі жиынтығы. Ми қыртысындағы уақытша байланыстардың, шартты рефлексстердің белгілі ретпен атқарылатын жүйелі тізбегі.

Динамограф () — бұлшық еттің күші мен жиырылу жылдамдығын қисық түрінде бейнелейтін аспап.

Дипептидаза () — белоктардың ыдырауының соңғы сатысына әсер ететін ферменттер, дипептидтерді еркін амин қышқылдарына ыдырататын ферменттер.

Дисгевзия () — дәм сезу қабілетінің жөйылуымен не өзгеруімен сипатталатын дәм сезіну процесінің бұзылуы.

Дисметрия () — мағыналы қимыл амплитудасының бұзылуы (не шектен тыс үлкеюі, не әлсіреуі, жетіспеуі).

Дисмнезия () — естің бұзылуы, еске сақтау, еске түсіру қабілетінің ауытқуы.

Диспепсия () — ас қорытудың бұзылуы.

Диспноэ — қ. **Демікпе**.

Диссимиляция () — тіршілік әрекеті барысында күрделі органикалық заттардың энергияны босата ажырап ыдырауы.

Дистальный — дененің орталық бөлігінен алшақ орналасу.

Дистимия — қ. **Мұңаю**.

Дистония () — тонустың патологиялық өзгеруі.

Дистрофия () — зат алмасу процесінің бұзылуының салдарынан туындап, торша мен ұлпаларда залалды зат алмасу өнімдерінің жинақталуымен сипатталатын патологиялық процесс.

Дисфагия — қ. **Түйілу**.

Дисфункция () — организм жеке жүйесінің, органының немесе ұлпасының қызметінің бұзылуы.

Диурез — қ. **Зәр түзу**.

Диффузия () — заттардың торша мембранасы арқылы энергия шығынынсыз электрохимиялық градиентке сәйкес тасымалдануы.

Диффузиялы (шашыраңқы) нерв жүйесі (Диффузная нервная система) — ішек қуыстыларға тән нерв жүйесі. Ол бір-бірімен цитоплазмалық өсінділермен байланысқан нашар жіктелген нерв торшаларынан құралады.

Диффузиялы тыныс алу (Диффузное дыхание) — жануардың бүкіл дене беткейінің қатынасуымен тыныс алуы.

Догель (А.С.Догель, 1852-1922, Ресей гист.) торшалары (Клетка Догеля) — вегетативті түйіндердегі нерв торшалары. Олар үш түрлі болады. 1 — қысқа дендритті, ұзын нейритті қозғағыш торшалар. Олар импульстерді (тітіркеністі) түйіннен (ганглийден) бірыңғай салалы еттерге немесе жүрек етіне таратады. 2 — мультиполярлы (көп өсінділі), нейриттері мен дендриттері ұзын торшалар. Функционалдық тұрғыдан сезімтал (афференттік) торшалар болып табылады. 3 — торшалар нейриттері ұзын, дендриттері қысқа торшалар. Олар аралық, жалғастырушы торшалар, бірінші және екінші түрлі торшаларды қара байланыстырады.

Доминант — қ. **Басымдылық**.

Донор () — өзінің қанын, немесе ұлпасы мен органын басқа организмге құю, аударып қондыру үшін берушілер.

Дорзальдық (Дорсальный) — адамның, жануардың жота, арқа беткейі.

Дөңгелек тесік (Круглое окно) — ортаңғы құлақ қуысы мен ұлудың (иірімді түтіктің) дабыл өзегін жалғастыратын, оралымды мембрана керілген тесік.

Дромо- — күрделі сөздің “шапшаң қимыл”, “қозғалу”, “өткізу” деген мағына беретін құрамы.

Дромотропты әсер (Дромотропные действия) — белгілі бір фактордың козудың өту жылдымдығын өзгертетін әсері.

Дуоден-, дуодено- — күрделі сөздің “ұлтабар, ұлтабар ұшына қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Дыбыс (Голос) — адам мен жануарлар шығаратын әртүрлі тембрі, тербеліс күші бар үн жиынтығы (ән салу, кісінеу, мөңіреу, маңырау, қорсылдау, бақылдау). Дыбыс ауа ағынының әсерімен дыбыс байламдарының тербелуі нәтижесінде пайда болады.

Дыбыс байламы (Голосовые связки) — көмейдің ішкі бетінде бір-бірімен бұрыштасып жалғасқан қатпарланған сіңір байлам.

Дыбыс көпіршігі (Отоцит) — кейбір жануарлардың тепе-теңдік мүшесі.

Дыбыс қабылдағыштар – қ. Дыбыс рецепторлары.

Дыбыс қапшығы (Голосовые мешки) — аталық бақаның ауыз қуысының қабықшасынан томпайып шығатын, бақылдағанда дыбысты күшейтетін қос дорба.

Дыбыс рецепторлары (Слуховые рецепторы) — дыбыс толқындарын (акустикалық тітіркендіргіштерді) қабылдауға бейімделген механорецепторлардың бір түрі. Сүт қоректі жануарларда ішкі құлақтың Корти мүшесінде орналасады.

Дыбыс түйсігі (Звуковые ощущения) — есту анализаторы арқылы қабылданған дыбыс қасиеттерінің мида бейнеленуі.

Діңгек торша (Стволовая клетка) — барлық қан торшаларының ортақ көзі болып табылатын негіздік торшалар.

Діріл (Гиперкинез) – бұлшық еттің дірілдеп тартылуы салдарынан дененің еріксіз қозғалысқа келуі.

Діріл – қ. Тартылу.

Дірілдей құрысу (Зубчатый тетанус) — бұлшық еттің сіресе, қарыса жиырылуының бір түрі.

Е

Е дәрмендәрісі (Токоферол) — жыныс бездерінің қалыпты қызметін сақтауға қажет дәрмендәрі.

Ебетейсіздік (Гиперметрия) – қимыл әрекеттердің үйлесімсіздігі, ебетейсіздігі. Мишық зақымдалғанда, оның байланыс жолдарының қызметі бұзылғанда байқалады.

Евстахий түтігі – қ. Есту түтігі.

Екпін заңы (Закон инерции) — белгілі деңгейлі әсер болмаған жағдайда тыныштық қалыптың сақталуы.

Екінші сезімдік (сигналдық) жүйе (Вторая сигнальная система) — ми қыртысының сөзді, сөз арқылы берілген мәліметтерді түйсінуді қамтамасыз ететін, тек адамға тән әрекеті.

Елес (*Галлюцинация*) – түрлі елестердің (бейнелік, дыбыстық, иіс, дәм) науқас адамға шын құбылыстай болып байқалуы.

Еліктіргіш(тер) (*Аттрактант(ы)*) — иісі жануарларды (қарсы жыныс өкілдерін) тартатын табиғи немесе жасанды заттар. Аттрактант бір торшалы организмдерде оң хемотаксис құбылысын тудырады.

Емдәм (*Диета*) – елгілі режиммен тамақтану, азықтандыру.

Емшек – Желін.

Енгізу – қ. Инъекция.

Еңтігу (*Гиперпноэ*) – өкпе желдетілуінің күшейіп, организмде газ алмасу процесінің жоғарылауы, жақсаруы. Дене жұмысы, спорттық жарыстарға қатынасқан кезде байқалады. Гиперпноэ жағдайында тыныс тереңдеп, оның жиілігі артады.

Ер жету – қ. Жыныстық жетілу.

Ер келбеттену (*Маскулинизация*) — қ. Еркек шора.

Ергежейлік (*Карликовость*) — организм мөлшерінің қалыптан тыс кішкене болуы.

Еркек жандылық (*Андрофилия*) - еркекке құштарлық.

Еркек шора (*Маскулинизация*) – аналық дарақтарда қосалқы аталық жыныс белгілерінің пайда болуы. Организмде гормондар балансы бұзылған жағдайда байқалатын сырқат.

Еркін жұптасу – қ. Полигамия.

Еру – қ. Лизис.

Ерік (*Воля*) — адамның белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыру, көзделген мақсатқа жету үшін жасайтын іс-әрекеттерінде кездесетін кедергілерді жеңе білуі, соған барлық мүмкіндіктерін жұмылдыруы.

Ес (*Память*) — сыртқы дүние құбылыстары мен заттары бейнесінің мида сақталып, қайтадан жаңғыртылып, ұмытылып-өшіп отыруымен сипатталатын психикалық процесс. Ес қысқа мерзімдік (секунд үлесінен бірнеше минутқа дейін) және ұзақ мерзімдік (кейде дарақтың бүкіл өмірін қамтитын) болып бөлінеді.

Ес тіркеу – қ. Естік із.

Есеңгіреу – қ. Шок.

Есептеу камерасы (*Камера счетная*) — микроскоп көмегімен сұйықтың белгілі мөлшеріндегі майда бөлшектер (мыс., қан торшаларын, микроорганизмдерді) санын анықтауға арналған құрал.

Еске түсіру (*Вспоминание*) — бұрыннан таныс, түсінікті ойды, сезімді елестету (объект көрінбей тұрса) немесе тану (тиісті объектіні түйсіну) түрінде жаңғырту.

Ескекаяқ (*Ласты*) — теңізде тіршілік ететін жануарлар мүшесі.

Ескі қыртыс (*Древняя кора*) — қыртыс асты құрылымдармен тығыз байланысып жататын қарапайым қыртыс жабындысы.

Естен айырылу (*Амнезия*) - миға әртүрлі төтенше физикалық немесе химиялық әсерлердің салдарынан есті толық не жартылай жоғалту.

Есте сақтау (*Запоминание*) — миға жеткен ақпардың бекуі. Ол кейінірек адамда не ерікті, не еріксіз еске түсіру, ал жануарларда — тиісті мінез-қылықтық акт түрінде (шартты рефлекс түрінде) бейнеленеді.

Есту нерві (*Слуховой нерв*) — ми нервінің УШ — жұбының тармағы. Иірімдік (ұлу) түйіні нейрондарының үлпекті (миелинді) аксондарынан құралады. Оның құрамында Корти мүшесінің кірпікті торшаларын жүйкелендіретін эфференттік талшықтар да болады. Олар арқылы қозу толқыны есту рецепторларынан есту жүйесінің ұлулық (кохлеарлық) ядроларына беріледі.

Есту сүйекшелері (*Слуховые косточки*) — омыртқалы жануарлар ортаңғы құлағының сүйекті, дыбыс өткізгіш жүйесі. Ол балғашықтан, төсше сүйектен және үзеңгіден тұрады. Балғашық дабыл жарғағымен, үзеңгі — ортаңғы және ішкі құлақ арасындағы сопақша тесікпен жалғасады. Осы сүйек арқылы дыбыс толқынының сопақша тесікке әсер күші дабыл жарғағына әсер еткен күштен 20 есе артады.

Есту түтігі (*Евстахиева трубка*) — жұтқыншақ қуысын ортаңғы құлақ қуысымен жалғастыратын түтікше — өзек.

Естудің гидростатикалық теориясы (*Бекеши теория слуха*) — ұлуда жүретін дыбысты қабылдаудың бастапқы талдауын (анализін) пери-және эндолимфа толқынының биіктігінің өзгерістерімен, сондай-ақ негізгі мембрананың ұлу ұшына қарай толқындауымен (тербелуімен) түсіндіретін теория.

Естудің жылжымалы толқын теориясы - қ. Естудің гидростатикалық теориясы.

Естік із (*Энграмма*) – сигналдық (ақпараттық) және нықтаушы әсерлер ізін бір-бірімен ұштастыратын, тіркестіретін көп нейронды жүйе.

Естің бұзылуы (*Парамнезия*) – еске түсіру қабілетінің жойылуы, бұзылуы, адамның өткен мен бүгінді, шындық пен қиялды шатастырып алуы.

Есуастық – қ. Нақұрыстық.

Есірткілік заттар (*Наркотические средства*) — адам мен жануарларды есінен тандыратын, еркінен айыратын заттар. Оларды хирургиялық операциялар жасау үшін пайдаланады.

Ет торшасы (*Миоцит*) — ет ұлпасының құрылымдық әрі әрекеттік негізі болып табылатын бір ядролы торшалары. Олар бірыңғай салалы және көлденең жолақ ет торшалары болып бөлінеді.

Етқабық – қ. Перимизий.

Етқоректі организмдер (*Плотоядные*) — жануар тектес азықпен қоректенетін организмдер.

Етті қарын (*Мускулистый, мышечный желудок*) — құстарда қарынның етті қабаты жақсы дамыған бөлігі. Онда азық майдаланып, ұнтақталып, қорытыла бастайды.

Жабынды торшалар (*Перициты*) — капилляр қабыр-қасын қаптай орналасатын жиырылғыш торшалар.

Жабысу (*Адгезия*) - торшалардың плазмалық мембрананың сыртқы қабаты касиеттеріне байланысты бір-бірімен, немесе әр түрлі беткейлермен жабысуы. Торшалар жабысуы (адгезиясы) гликопротеиндердің қатысуымен жүреді. Бұл процесті кальций және магний иондары жандандырады.

Жағынды (*Мазок*) — микроскоппен зерттеу мақсатында қан, ірің, шырышты зат тағы басқа биологиялық сұйықтардың төсеніш шыны беткейіне жұқа етіп жағылған жұғындысы.

Жазғыш бұлшық ет (*Разгибательные мышцы*) – жиырылған кезде өз әрекетімен буынды жазатын бұлшық ет.

Жазық тетанус (*Гладкий тетанус*) — бұлшық еттің ұзақ мерзімге жиырылған күйде қалуымен сипатталатын әрекеті.

Жайылу – қ. Иррадиация.

Жақыннан көргіштік (*Близорукость, миопия*) — көз бұршағының сындырғыш қабілітінің артуымен байланысты кескіннің (бейненің) негізгі фокусының торлы қабықтың алдына түсетін көз кемістігі.

Жалақ (*Лизуха*) — зат алмасу процесінің өте терең бұзылуы тудыратын аурулар (жыланкөз, мешел, бауыр, асқазан дерттері, құтыру т.с.с.) салдарынан байқалатын дерт. Ауру тәбеттің бұзылуымен, қалыптан ауытқуымен сипатталады. Мал жем-шөп жеуден бас тартып, әртүрлі заттарды — шүберекті, лас төсенішті жалап, шайнап жұтып қояды.

Жалғама (*Анастомоз*) — түтікті органдардың, қан мен лимфа тамырларының, жүйке және ет талшықтарының өзара жалғасуы.

Жалғамалық басытқы (*Ингибитор синаптический*) — артқы шептік (постсинапстық) мембрананың арнаулы рецепторларына әсер ету арқылы ондағы иондар арнасының күйін өзгертіп, тежеуші эффект тудыратын заттар. Ми қыртысы үшін тежеуші медиатор - гамма-аминді май қышқылы (ГАМК) мен таурин, ал жұлын мен сопақша ми үшін — глицин. Жүректе тежеуші медиатор ролін ацетилхолин, бірыңғай салалы еттерде — норадреналин атқарады.

Жалғама (*Синапс*) – нерв торшаларының бір-бірімен немесе өздері жүйкелендіретін органдарымен жанасқан, түйіскен жері. Аяқталар ұшында нерв талшығы шытыра (бляшки) құрайды. Шытыраны қаптап тұратын қабықты алғы шептік (пресинапстық) мембрана деп атайды, ал атқарушы мүшені қаптап жататын қабықшаны - артқы шептік (постсинапстық) мембрана дейді. Осы екі мембрана арасындағы саңлауды - жалғама саңлауы деп атайды. Шытыраның ішінде медиаторға толы көпіршіктер, митохондрия орналасады. Жалғамалар орналасу жағдайына қарай орталық және шеткей, әрекетіне қарай — қоздырушы және тежеуші болып бөлінеді.

Жалғама саңлауы (*Синаптическая щель*) — алғы шептік және артқы шептік мембраналар арасындағы кеңістік. Ж.с. сумен, иондармен, липид-

белокты құрылымдармен толады. Бұл саңлаудың мөлшері тітіркеніс химиялық жолмен таралатын жалғамаларда 10-20 нм, ал электрлік жолмен таралатын жалғамаларда — 2-4 нм.

Жалғамалық таралым (*Синаптическая передача*) — қозудың жалғама (синапс) арқылы таралуы. Қозу толқыны нерв ұшына жеткен соң алғы шептік мембрана өріссізденіп (деполяризацияланып), медиаторға толы көпіршіктер алғы шептік мембранаға тартылады да, медиатор жалғама саңлауына бөлінеді. Одан әрі медиатор саңлаудан өтіп, артқы шептік мембрана рецепторларына әсер етеді де, мембрананың өтімділігін өзгертеді, қоздырушы не тежеуші потенциал тудырады. Қоздырушы потенциал артқы шептік мембрананың көршілес учаскесін өріссіздендіріп, әрекет потенциалы туындайды.

Жалғамалық іркіліс (*Синаптическая задержка*) — қозу толқынының жалғама (синапс) арқылы өту жылдамдығының баяулауы. Ол жалғама әрекетінің механизмімен байланысты. Алғы шептік (пресинапстық) мембранада медиатор бөлініп, ол жалғама саңлауынан өтіп, артқы шептік (постсинапстық) мембранамен әрекеттесу үшін біраз уақыт қажет.

Жалған азықтандыру (*Мнимое кормление*) — қарын сөлі бөлінуінің рефлекторлық кезеңін зерттеу мақсатында И.П. Павлов лабораториясында ұсынылған созылмалы тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қарнынына көбек (фистула) қойылған малдың өңешін тесіп қою арқылы жүзеге асырылады.

Жалған аяқшалар (*Псевдоподии, ложноножки*) — лейкоциттердің және қарапайым жәндіктің протоплазмасынан уақытша пайда болатын өскіндер (қимыл мүшесі)

Жалған рефлекс (*Аксон рефлекс*) - нейрон денесінің қатынасуынсыз аксон тармақтары арқылы атқарылатын рефлекстердің жалпы атауы. Аксон-рефлекс доғасында нейрон денесі мен синапстар болмайды, рецептордан орталыққа бағытталған импульс аксонның басқа тармағына ауысып, атқарушы органға беріледі. Аксон-рефлекс арқылы ОНЖ-нің қатынасуынсыз ішкі органдар мен қан тамырлар күйі реттеледі.

Жалғастырғыш аймақтар (*Ассоциативные зоны*) — ОНЖ-дегі түрлі рецепторлар мен проекциялық аймақтардан сигналдар (импульстер) қабылдайтын аймақтар. Таламустың кейбір ядролары жалғастырғыш болып табылады. Олар импульстерді көру төмпегінің басқа ядроларынан қабылдайды да, өзі сигналды ми қыртысының жалғастырғыш аймақтарына бағыттайды. Таламустың жалғастырғыш ядроларында қосушы ядромен салыстырғанда күрделірек сенсорлық импульстер жиынтығы өңделуі мүмкін. Филогенездік даму барысында жалғастырғыш аймақтар көбейіп, олар проекциялық аймақтардан оқшаулана түседі. Ми қыртысының ассоциативтік аймақтары жоғары дәрежелі жүйке қызметінің күрделі түрлерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады.

Жалғастырғыш орталықтар (*Ассоциативные центры*) — ми қыртысындағы әртүрлі орталықтардың қызметін өзара байланыстырып, үйлестіретін орталықтар.

Жалғастырғыш талшықтар (*Ассоциативные волокна*) — ми қыртысының бір жарты шарының әртүрлі қабаттарындағы жүйке торшаларын бірімен-бірін байланыстыратын жүйке талшықтары.

Жалғасу (*Ассоциация*) — қапталдаса, тіркес әсер еткен кездейсоқ тітіркендіргіштер арасындағы үйлесімді бірлестік, уақытша байланыс.

Жалғыз күйітті (моноциклді) жануарлар (*Моноциклические животные*) — жыныстық белсенділігі жылына бір-ақ рет қайталанатын жануарлар.

Жалқаяқ (*Экссудат*) – қабыну кезінде ұсақ қан тамырлары қабырқасынан ұлпаға, дене қуыстарына сүзіліп шыққан сұйық.

Жалқаяқтану (*Экссудация*) – қабыну салдарынан жалқаяқтың бөлінуі.

Жалмауыз – қ.Каннибализм.

Жалпы бейімдеу синдромы (стресс) (*Общий адаптационный синдром*) — организмнің сыртқы ортаның үйреншіксіз, тосын, кездейсоқ факторларына (стрессорларға) қайтаратын жалпылама нейрогуморальды реакциясы - жауабы. Бұл терминді канада ғалымы Г.Селье (1936ж) ұсынған. Негізінен *стресс* деп гомеостатикалық механизмдердің активтену реакциясын айтады, ал организмнің өзгерген жағдайларда әрекет етуге бейімделуін қамтамасыз ететін процестерді *адаптация* дейді. Үздіксіз әсер ететін стрессорға организм қайтаратын реакция үш сатыда жүреді: дабыл сатысы, төзімділік сатысы, қажу сатысы.

Жалпы қуаттылық (*Калорийность брутто*) — организм қабылдаған қоректік заттардың жалпы қуаттылығы. Зерттелген заттың 1 грамы калориметриялық бомбада толық жанған кезде бөлінетін қуат мөлшері.

Жалпы физиология (*Общая физиология*) — физиологияның организм тіршілігінің негізін зерттейтін саласы.

Жалпы энергия (*Валовая энергия*) — жануар қабылдаған азық құрамындағы қоректік заттар энергиясының жиынтығы.

Жалтарма ауырсыну (*Боль отраженная*) — кейбір ішкі ағзаның ауруының дененің белгілі бір бөлігінің ауырсынуы ретінде сезінілуі, ішкі ағзаның патологиялық күйінің салдарынан организмнің белгілі аймағында, нүктесінде сезілетін ауырсыну түйсігі. Мысылы, жүрек ауруының адамда сол жақ жаурынның астына берілуі т.т.

Жамбас белдеуі (*Пояс задних конечностей*) — құрлықта тіршілік ететін омыртқалы жануарлар қаңқасының артқы аяқ сүйектерінің жүйесі.

Жамбас шұңқыры (*Вертлужная впадина*) — Ортан жіліктің ұршық басы орналасатын (жалғасатын) жамбастағы ойық.

Жан салу – қ. Қайта жандандыру.

Жанар – қ. Көз.

Жанасқы денешік – қ. Мейсснер денешігі.

Жанасу рецепторлары (Тактильные рецепторы) — жанасу, сүйкену, мыжылу, қысылу нәтижесінде туындайтын тітіркеністерді қабылдайтын сезімтал құрылымдар, рецепторлар.

Жанасу сезімталдығы (Тактильная чувствительность) — әртүрлі тітіркендіргіштердің дене беткейіне әсерінен туындайтын түйсіктер жиынтығы. Теріге механикалық әсер жанасу және жаншу, қысу түрінде беріледі. Оның алғашқысы шапшаң бейімделетін, соңғысы-баяу бейімделетін рецепторларды қоздырады. Жанасу түйсігін тудыратын тітіркендіргіштерге кез келген түк талшықтарын тербелтетін болмаса тері бездерін зақымдай өзгертетін тітіркендіргіштер жатады. Қысылу, жаншылу түйсігін шел (терінің астарлық дәнекер ұлпасы), сүйек қабығы, сүйек, буын қалтасы, сіңір қабығы мен бұлшық ет шандыры рецепторлары қабылдаған механикалық тітіркендіргіштер тудырады. Жанасу мен қысуды түк түбіріндегі нерв торламасы, жалаңаш нерв ұштары, Мейсснер және Пачини денешіктері, Меркель табақшасы (дискасы) қабылдайды. Жанасу түйсігі тізбектелген процестер нәтижесінде туындайды. Алдымен механикалық тітіркендіргіш әсерінен нерв ұшының пішіні өзгеріп, мембрана беткейі керіледі де, оның кедергісі азаяды. Осыдан мембрананың натрий, калий, хлор т.б. иондарға деген өтімділігі артады да, рецепторлық және генераторлық потенциалдар туындайды. Мұның нәтижесінде нерв импульсі пайда болады.

Жанасу сезімі (Осязание) — терінің, бұлшық еттің, сіңірдің беткейінде орналасқан рецепторлардың жанасуды, сүйкенуді сезінуі, қабылдауы.

Жанасуды түйсіну теориялары (Теория тактильного восприятия) — қазіргі кезде жанасу түйсігінің қалыптасуы жайлы үш түрлі теориялар бар. Оның алғашқысы И.Мюллер ұсынған арнаулы энергия заңына негізделген. Бұл теорияға сәйкес әрбір тітіркендіргіш әсерін қабылдайтын арнаулы рецепторлар болады. Әртүрлі рецепторлар сигналдарды ОНЖ-нің түрлі бөлімдеріне бағыттайды. Екінші теория Гед ұсынған терінің эпикритикалық және протопатиялық концепциясына негізделген. Түйсіну негізінде аталған жүйелердің функционалдық күйі жатады. Протопатиялық жүйе импульстері жұлын-таламус жолымен, ал эпикритикалық жүйе - медиальдық лемникс жүйесімен таратады. Протопатиялық жүйенің рецептивті өрісі ауқымды, өзіндік сипатсыз, ал эпикритикалық жүйе өрісі шағын және тітіркендіргішке сай өзіндік сипатты болады. Үшінші Нейф ұсынған бейнелік теория жанасу түйсігінің сипатын әртүрлі модальды тітіркендіргіштердің афференттік құрылымға түрліше әсер етуімен байланыстырады. Дегенмен, аталған үш теория да тері сезімталдығы құпияларын толық түсіндіре алмайды.

Жандандыру (Активация) - Атқарылатын қызметті күшейту, жандандыра түсу

Жанды факторлар (Биотические факторы) — қоршаған ортаны мекендейтін басқа жанды организмдер тіршілік әрекетінің ықпалы.

Жан сезім – қ. Психика.

Жансыз факторлар (*Абиотические факторы*) - бейорганикалық дүниенің жағдайлары, сыртқы ортадағы әр түрлі табиғи әсерлер, табиғат факторлары (жер бедері, температура, ылғалдық, атмосфералық қысым т.б.).

Жансыздандыру (*Обезболивание, Анестезия*) — сезімтал нервтердің қызметін, тітіркендіргіш әсерін қабылдау қабілетін уақытша жою.

Жансыздану (*Анальгезия*) — анадан туа ауырсыну түйсігінің болмауы, ауырсыну сезімінің болмауы.

Жанталас (*Агония*) - тіршілік тоқтар, өлер алдындағы күй, тіршілікті тоқтатпауға қарсы бағытталған ақырғы әрекеттің көрінісі.

Жануарлар (*Животное*) — органикалық заттармен қоректенетін гетеротрофты организмдер, қозғалу, сезіну қабілеті бар тіршілік иелері — жануарлар, ал омыртқа жотасы жоқ организмдер — жәндіктер деп аталады.

Жануарлар әлемі (*Животный мир*) — жер шарын мекендейтін жануарлар түрі. Қазір ғылымға жануарлардың 1,5 млн. түрі белгілі, олар мына төмендегідей болып жіктеледі: карапайымдар (20-25 мың түр), губкалар (5 мың түр), ішек қуыстылар (9 мың түр), құрттар (34930 түр), былқылдақ денелілер (105 мыңға жуық түр), буын аяқтылар (1103000 түр, бұлардың ішінде 1 млн. жуығы бунақ денелілер түрі, иық аяқтылар мен орнихоралар — 340 түр), тікен терілілер (6 мың түр), шала хордалылар (2 мың түр), хордалылар (50 мың түр) т.б.

Жануарлар дүниесі (*Животное царство*) — қазіргі кезде 25 категориядан тұратын табиғаттағы жануарлар жүйесі.

Жануарлар моционы (*Моцион животных*) — денсаулығын сақтау, өнімділігін арттыру мақсатында жануарларды қимылдату, сейілдету.

Жануарлар тіршілігінің ұзақтығы (*Продолжительность жизни животных*) — жануарлардың тіршілік ету мерзімі. Жылқы — 35-67, үйе — 35-40, мүйізді ірі қара — 20-36 (кейде 40), қой — 10-20, ешкі — 10-17, шошқа — 15-20, ит — 10-35, мысық — 15, үй қояны — 6-12, қаз — 10-30 (кейде 100), тауық — 15-20, үйрек — 10-25 жыл өмір сүреді.

Жануарларды емдеу (*Лечение животных*) — ауырған жануарлар организміне немесе оның жеке мүшелеріне әртүрлі дәрі-дәрмек жіберу немесе беру, болмаса ауруды басып тастайтын басқа да әдістер қолдану арқылы жануарды сауықтыру.

Жануарларды пайдалану мерзімі (*Продолжительность использования животных*) — үй жануарларын шаруашылықта пайдалану ұзақтығы. Жылқы — 18-20, түйе — 15-20, мүйізді ірі қара — 15-16, қой — 7-8, шошқа — 6-7, үй қояны — 5-6, үйрек - тауық — 3-4 жыл пайдаланылады.

Жануарлық (*Анимальдық*) - жануарға тән жүйелер. Мысалы, сезім мүшелері, бұлшық ет, жүйке жүйесі.

Жаңа қыртыс (*Новая кора*) — ми қыртысының ең мол аумақ қамтитын көп қабатты бөлігі. Сүтқоректілерде ол алты қабаттан тұрады, көптеген аймақтар мен өрістерге бөлінеді.

Жарғақ – қ. Мембрана.

Жарнақты без (*Дольчатые железы*) — көп торшалы бездердің бір түрі.

Жартылай иірімді өзектер (*Полукружные каналы*) — ішкі құлақтың бір-біріне перпендикуляр бағытта орналасқан үш өзекті доға құрылымы.

Жасампаз организмдер (*Автотрофные организмы*) - қоршаған ортадағы бейорганикалық заттардан фотосинтез немесе хемосинтез нәтижесінде органикалық зат түзетін организмдер.

Жасанды бейімділік (*Акклимация*)- организмнің жасанды туғызылған жағдайға (Мыс., ғарыштық аппарат, лаборатория жағдайына) бейімделуі.

Жасанды қынап (*Вагина искусственная*) — аталық малдан шәует ағызып алуға арналған аспап.

Жасанды тудырылған потенциал (*Вызванный потенциал*) — афферентік әсер салдарынан немесе ми құрылымдарын тікелей тітіркендіргеннен соң мидың электрлік белсенділігінде байқалатын потенциалдар ауытқуларының негативті-позитивті (жағымсыз-жағымды) жиынтығы.

Жасанды тудырылған реакциялар жиынтығы (*Вызванные комплексные реакции*) — кез келген түрткінің әсерімен пайда болатын, ырықсыз ЭЭГ-да байқала беретін толқындар, кешендер және ырғақты электрлік процестер.

Жасанды тудырылған толқындар (*Вызванные волны*) — қалыпты жағдайда ырықсыз туындайтын ЭЭГ-ның пішінін анықтайтын, бірақ әр түрлі түрткілер әсерімен қыртыс энцефалограммасында (ЭКоГ) мезгіл-мезгіл байқалатын потенциалдар айырмасының толқыны. Мысалы, жарқ еткен сәуле ЭКоГ-да альфа-толқындарды тудырады.

Жас физиологиясы (*Возрастная физиология*) — физиологияның туғаннан бастап тіршілік тоқтағанға дейінгі аралықта мүшелердің, жүйелердің және тұтас организмнің қалыптасып, жетіліп, тозуындағы жаспен байланысты ерекшеліктерін зерттейтін бөлімі.

Жасуша (*Поры клеточной мембраны*) — торша мембранасындағы өте тар тесіктер,

Жасымық тәрізді ядро (*Чечевицеобразное ядро*) – қыртыс асты (базальдық) құрылымдардың бірі, жолақ дене құрамына енеді.

Жатыр (*Матка*) — аналық жыныс жүйесінің жұмыртқа жолы жалғасатын кеңейген бөлігі. Тірі туатын жануарлардың жатырында ұрық дамып жетіледі.

Жатыр қимылы (*Моторика матки*) — жатырдың қабырғасының бірыңғай салалы еттердің жиылуынан туындайтын жатыр қимылдары.

Жатыр түтігі (*Фаллопиевы трубы*) – омыртқалы жануарлардың аналық без бен жатыр арасында орналасқан, жатырмен жалғасқан түтікше – жұмыртқа жолы.

Жатырқабық – қ. Периметрий.

Жауап әрекет (*Рефлекторный акт*) – дара, жалқы жауап әрекет. Бұлшық еттің, жеке мүшенің немесе бүкіл организмнің тітіркендіргіш - әсер туындатқан әрекеті. Р.ә. қарапайым және күрделі болып бөлінеді, қарапайым р.ә. – белгілі бір әсер туындататын нақтылы әрекет, мысалы, тітіркендіргіш әсерінен қолды тартып алу. Күрделі р.ә. – белгілі бір жағдайда атқарылатын

әрекеттер жиынтығы, мысалы, қозғалған кездегі аяқтардың үйлесімді қимылы.

Жәндіктер (*Насекомы*) – омыртқа жотасы жоқ организмдер.

Жебір торшалар – қ. Фагоциттер.

Жедел тәжірибе (*Острый опыт*) — жануарларды есірткі заттармен ұйықтатып немесе басқа әдістермен қимылсыздандырып, оларды тірілей тілгілеу арқылы жүргізілетін қысқа мерзімдік тәжірибелер.

Жеке даму (*Постэмбриональное развитие*) — организмнің анадан туғаннан немесе жұмыртқа қауызынан шыққаннан соң дара дамуы.

Желіндеу (*Налив вымени*) — буаз малдың туар алдында желініне сүттің жинала басталуы.

Желінсау (*Мастит*) — мал желінінің түрлі себептермен қабынуы.

Желіннің сиымдылық жүйесі (*Емкостная система вымени*) — сүт безіндегі қуыстардың (альвеоладан бастап ем қуысына — ем цистернасына дейін) жалпы сиымдылығы.

Желатиназа () — қарын сөлінің белоктарды ыдырататын ферменттер тобының бірі. Ол желатина белогына әсер етеді.

Желбезек (*Жабры*) — суда тіршілік ететін жануарлардың тыныс алу мүшесі.

Желін (*Молочные железы*) — сүтқоректілердің түрленген тер бездері, одан ұрпақ қоректенетін сүт бөлінеді.

Жемсау (*Зоб*) – кейбір құстардың өңешінің кеңіген бөлігі. Мұнда жұтылған жем біраз бөгеліп, бөрітеді, микроорганизмдердің әсерімен үстіртін қорытылады.

Жергілікті мал (*Аборигенный скот*) - белгілі бір табиғи жағдайда ұзақ жылдар бойы өсірілген және сол аймақ жағдайына жақсы бейімделген мал тұқымы. Мыс., қарабайыр, жабы жылқысы, еділбай қойы т.с.с.

Жерсіндіру (*Акклиматизация*) - организмді географиялық жаңа жағдайларға, ауа райының құбылуларына үйрету.

Жиек ішек (*Ободочная кишка*) — тоқ ішектің майлы бөлігі. Жылқыда карта, сиырда қима деп аталады.

Жинағыш тамырлар (*Емкостные сосуды*) — барлық вена тамырлар арнасы. Жинағыш тамырлар қан айналым жүйесіндегі жалпы кедергіні қалыптастыруда маңызды роль атқармайды, бірақ өздерінің диаметрі мен пішінінің өзгергіштеріне байланысты тамырлар жүйесінің сиымдылығына зор ықпал етеді.

Жинақтағыш тамырлар (*Аккумулирующие сосуды*) - венулалар мен майда веналар, арнасының өзгеруі нәтижесінде тамырлар жүйесінің бұл бөлігінде қан не жинақталады, не айналымға қуылады.

Жиырылғыштық (*Сократимость*) — бұлшық еттің ұзындығын немесе кернеу күшін өзгертетін қасиеті.

Жоғары вегетативтік орталықтар (*Высшие вегетативные центры*) — мидың түрлі бөлімдерінде орналасып, жұлынның вегетативтік рефлекторлық

механизмдерін басқаратын нерв орталықтары. Басты вегетативтік орталық болып гипоталамус саналады.

Жоғары дәрежелі нерв қызметі (*Высшая нервная деятельность*) — үлкен ми сыңарлары қыртысына байланысты нерв әрекеттері. Жоғары дәрежелі нерв қызметі организмнің сыртқы ортаның құбылмалы жағдайларына бейімделуін, оның қоршаған ортамен күрделі қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жоғары дәрежелі нерв қызметі жан-жануарлардың мінез-қылығының нейрофизиологиялық негізі болып табылады, ал оның өзінің құрылымдық негізі болып үлкен ми жарты шарларының қыртысы, алдыңғы мидың қыртыс асты ядролары мен аралық ми құрылымдары саналады. Функциялық тұрғыдан жоғары дәрежелі нерв қызметі жан-жануарлардың сыртқы орта жағдайларына мүлтіксіз бейімделуін қамтамасыз ететін табиғи, туа қалыптасқан және жүре пайда болған механизмдердің жиынтығы болып табылады.

Жоғары дәрежелі нерв қызметінің нұсқалары - типтері (*Типы высшей нервной деятельности*) — нерв жүйесінің жеке адамға немесе жеке малға тән туа біткен және жүре қалыптасқан, олардың сыртқы ортаның біркелкі әсеріне қайыратын мінез-қылықтық реакцияларындағы айырмашылықты айқындайтын қасиеттерінің жиынтығы. ЖДНҚ нұсқалары (типтері) қозу және тежелу процестерінің күшімен, тепе-теңдігімен, жылжымалылығымен ерекшеленеді. И.П.Павлов ЖДНҚ төрт типке бөлген: күшті ұстамсыз, күшті ұстамды, инертті және әлсіз. Олар адамның төрт түрлі темпераментіне — холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик — сәйкес.

Жолақ дене (*Полосатое тело*) — ми сыңарларының терең қабатында орналасқан сұр зат қатпары. Ол құйрықты және жасымықша ядролардан тұрады. Соңғы құрылым қауыз бен бозғылт шарға бөлінеді. Ж.д. күрделі қимылдар үйлесімін реттеуге, ес пен эмоцияны қалыптастыруға қатысады.

Жолдас (*Плацента*) — құрсақта дамып келе жатқан ұрықты ана организмімен байланыстыратын құрылым.

Жуашық (*Луковица*) — талшықты құрылымның бұлтиып жуандаған жері, мысалы, шаш түбірінің жуандап, бұлтиған бөлігі (түк жуашығы).

Жұғымды жем (*Продуктивный корм*) — пайдалы өнім өндіруге қажетті малазық.

Жұғымды малазық – қ. Жұғымды жем.

Жұғымдылық (*Питательность*) — Азықтың организм мұқтаждығын қамтамасыз ететін көрсеткіші.

Жұқтыру – қ. Инокуляция.

Жұлдызша түйін (*Звездчатый ганглий*) — вегетативтік нерв жүйесінің симпатикалық бөлімінің қолдың, алдыңғы аяқтардың, мойын мен көкірек қуысының жүйкеленуін қамтамасыз ететін түйіні. Ол төменгі мойындық түйіннің кеуденің алдыңғы (жоғарғы) үш түйінімен қосылуынан құралады.

Жұлдызша ганглий – қ. Жұлдызша түйін.

Жұлын (*Спинной мозг*) — орталық нерв жүйесінің омыртқа өзегінде орналасқан бөлігі. Ол мойын, көкірек, бел омыртқалық және құйымшақтық (сегізкөздік) бөліктерге бөлінеді. Жұлынға рефлекторлық және өткізгіштік қызмет тән. Алғашқы қызмет арқылы жұлын белгілі бір рефлекстердің атқарылуын қамтамасыз етеді, ал соңғы қызметі арқылы шеткей мүшелерді орталақ нерв жүйесінің жоғарғы бөлімдерімен байланыстырады.

Жұлын өзегі (*Спинномозговой канал*) — жұлынның ортасында оны бойлай орналасқан, іші жұлын сұйығымен толған қуыс өзек.

Жұлын сұйығы (*Спинномозговая жидкость*) — жұлын өзегіндегі қан плазмасына құрамдас, химиялық құрамы тұрақты түссіз сұйық. Оның құрамында белок жоқтың қасы, қан плазмасымен салыстырғанда 50 - 100 есе кем.

Жұлын түбіршіктері (*Спинномозговые корешки*) — жұлынның нерв талшықтары өтетін құрылымы, оның әрбір сегментінен шығатын нерв шоғырлары. Дорзальдық түбір арқылы орталыққа тепкіш, сезімтал талшықтар, ал вентральдық түбір арқылы орталықтан тепкіш, қозғағыш нерв талшықтары өтеді.

Жұлын-ми сұйығы (*Цереброспинальная жидкость*) — ми қабығы аралығын, ми қарыншалары қуысын және жұлын өзегін толтыратын мөлдір сұйықтық.

Жұлын-мишық жолы (*Спинно-мозжечковый тракт*) — жұлынның бүйір мүйізінде орналасқан, жұлынды мишық қыртысының торшаларымен байланыстыратын нерв талшықтарының жиынтығы.

Жұлын-таламус жолы (*Спинно-таламический тракт*) — жұлынның өрлеу жолының бірі. Ол латеральдық және вентральдық жолдарға бөлінеді. Латеральдық жұлын-таламус жолы ауырсыну және температуралық әсерлерді, ал вентральдық жұлын-таламус жолы — жанасу әсерлерін өткізеді.

Жұлын-төмпешіктер жолы (*Спинно-тектальный тракт*) — жұлын мен төрт төмпешік құрылымдарын байланыстыратын талшықтар тобы.

Жұлынды жануар (*Животное спинальное*) — тәжірибе жүргізу мақсатында жұлыны бастапқы сегмент деңгейінде көлденең тілініп қиылған жануар.

Жұмбақ жазу – қ. Код.

Жұмсақ тамырлар (*Пиальные сосуды*) — ми ұлпасымен тікелей жанасатын жұмсақ ми қабығының көп тарамды және анастомоздық артериялары мен веналары.

Жұмсақ таңдай (*Небная завеса*) — таңдайға жалғасқан, кілегей қабықшалы, бұлшық етті, жұтқыншаққа жақын жатқан құрылым.

Жұмыртқа жолы (*Яйцеводы*) — аналық безден шыққан жұмыртқа торшаны жатырға жеткізетін өзекті түтікше.

Жұмыртқа торша (*Яйцеклетка*) – қ. Аналық торша. Аналық жыныс торшасы.

Жұмыртқа қабығы (*Оболочки яйца*) — жұмыртқаны шектеп тұратын сыртқы қабы, ол үш қабатты болады: сарыуыз, ақуыз және әкқабық (қауыз).

Жұмыртқалық – қ. Аналық без.

Жұмыршақ (*Сетка*) — күйіс малының алдыңғы қарнының мес қарынмен жалғасатын бөлімі.

Жұмыс (*Работа*) — Торшаның, мүшенің, организмнің өзіне тән қызметті атқару процесі.

Жұмысқа қабілеттілік (*Работоспособность*) — организмнің белгілі мерзім ішінде көп мөлшерде жұмыс атқаруға икемділігі, қабылеттілігі.

Жұпар (*Мускус*) — кейбір жануарлар аталықтарының ерекше бездерінен бөлінетін хош иісті зат.

Жұпарлы бездер (*Мускусные железы*) — кейбір жорғалаушылар мен сүтқоректілер (құдыр, қойқұдыр, қолтауырын, құндыз т.б.) аталығында болатын теріден түзілген бездер. Олар жұпарзат бөледі.

Жұпарлар (*Алломоны*) - организмнен басқа түр өкілдерінің өзіне тиімді физиологиялық реакцияларын тудыру үшін бөлінетін заттар. Мыс., микроорганизмдер антибиотиктері, жануарлар құрбандықтарын қимылсыздандыру немесе өлтіру үшін бөлетін заттар, репеленттер (құстарды, кенелерді үркітетін заттар).

Жұпбалықтар (*Скаты*) — теңіз түбінде тіршілік ететін ұзын құйрықты, жалпақ денелі шеміршекті балықтар отряды.

Жұптастыру – қ. Шағылысу.

Жұптасу ойыны – қ. Күйт ойнақ.

Жұтқыншақ (*Глотка*) — ас қорыту жолының ауыз қуысы мен өңешті жалғастыратын бөлігі.

Жұту (*Глотание*) — азық жентегінің ауыз қуысынан өңешке өтуін қамтамасыз ететін физиологиялық процесс.

Жүйке – қ. Нерв.

Жүйке тамыр – қ. Нерв.

Жүйкедерт – қ. Невралгия.

Жүйкеқап – қ. Невролемма.

Жүйкенама – қ. Неврология.

Жүйкелену (*Иннервация*) – мүшелер мен ұлпалардың нервпен қамтылуы.

Жүн түрлері) - қ. Түк түрлері.

Жүрек (*Сердце*) — жылы қанды жануарларда төрт қуыстан — екі жүрекше мен екі қарыншадан тұратын іші қуыс, қабырғасы еттен құралған мүше.

Жүрек автоматизмі (*Автоматизм сердца*) - жүректің өзінде туындаған импульстер әсерімен ырғақты жиырылуы. Жүрек автоматизмінің негізі болып жүректің өткізгіш жүйесінің бейқалып (“атиптік”) ет торшалары (Р-торшалар) табылады. Өткізгіш жүйе құрылымдарында диастола кезінде мембрана баяу деполяризацияланады да, өздігінен қозу процесі туындайды. Қалыпты жағдайда қозу тек синоатриальдық (Кейт-Фляк) түйінде пайда болады.

Жүрек автоматизмінің градиенті (Градиент автоматии сердца) — жүректегі автоматизм қасиетінің оның әр түрлі бөліктерінде біртіндеп кемуі. Тыныштық жағдайда адам жүрегінің синоатриальдық (Кис-Фляк) түйінінде қозу толқынының ырықсыз пайда болу жиілігі минутына 60-80 рет болса, атриовентрикулярлық түйінде ол 40-50, Гис шоғыры торшаларында — 30-40, Пукинье талшықтарында 20 шамасында. Жүрек автоматизмінің градиенті ырғақ тудырушы құрылымдардың жоғарғы құрылымдарға тәуелділігін камтамасыз етеді.

Жүрек автоматизмінің миогенді теориясы (Миогенная теория сердечной автоматии) — жүрек пен оның жеке бөлімдерінің өздігінен қозу қасиетін жүрек етінің бейкалып элементтері автоматизмімен байланысты деп түсіндіретін теория. Бұл теория дәлел ретінде кардиомиоциттер мембранасында диастолалық деполяризацияның болуын, миокардтың бөлектенген торшаларының автоматты белсенділігінің байқалынатынын негізге алады.

Жүрек ақауы (Порок сердца) — жүрек қақпақшалары қызметі бұзылған жағдайда байқалатын ауытқулар.

Жүрек альтернациясы (Альтернация сердца) — жүрек етінің күшті жиырылуының әлсіз жиырылуымен алмасып отыруымен сипатталатын жүрек қызметінің ақауы. Жүрек етінде терең өзгерістер туындаған жағдайда байқалатын құбылыс. Оны жүректің толу деңгейіндегі ауытқулармен немесе жиырылу процесімен кейбір ет талшықтарының мезгіл-мезгіл қамтылмай қалуымен түсіндіреді.

Жүрек болбырлығы (Гиподинамия сердца) — жүректің жиырылу күшінің әлсіреуі.

Жүрек гипердинамиясы – қ. Жүрек шымырлығы.

Жүрек гиподинамиясы – қ. Жүрек болбырлығы.

Жүрек дебиті (Дебит сердца) — белгілі мерзім ішінде қарыншалардан қуылатын қан мөлшері.

Жүрек дүрсілі – Жүрек қағысы.

Жүрек еті (Сердечная мышца) — жүрекше мен қарынша қабырғасын құрайтын ет ұлпасы.

Жүрек етінің талшықтары (Волокно мышечное сердечное) — кейіпсіз, созылықы (сопақша), диаметрі 25 мкм-ге жететін торшалар. Олардың сыртқы қабығы — сарколеммасы, беткейлік және негіздік (базальдық) мембраналары болады. Торшалар бір-бірімен ендіріме дискалар-нексустар — арқылы байланысады да, жүрек етіне функционалдық синцитий сипатын береді.

Жүрек жұмысының айналымы (Цикл работы сердца) — жүрек жұмысының бір рет жиырылып, босаңсып, тынымнан өтуін қамтитын мерзім. Ол жүрекшенің жиырылып, босаңсуынан, қарыншаның жиырылып, босаңсуынан және жалпы тынымнан құралады.

Жүрек қағысы (Сердечный толчок) — жүректің жиырылуымен байланысты көкірек қуысының белгілі бір аумағының тербелуі.

Жүрек қанағымы (Коронарный кровоток) — қанмен жабдықталу деңгейі жағынан жүрек алдыңғы орындардың бірін алады. Қалыпты жағдайда қолқаға қуылған қанның шамамен 10 проценті жүрек етін қоректендіруге кетеді. Миокардқа қан жүрек артериялары арқылы келеді. Жүрекке келетін қанның 80 проценті сол жақ, ал 20 проценті оң жақ коронарлық артериялармен өтеді. Жүректен вена қаны екі жолмен ағады. Сол жақ қарыншадан оралатын қан коронарлық синус арқылы оң жүрекшеге құйылады, ал жүрекшелер пердесі мен оң жақ қарынша еттерінен қан вена тамырлары арқылы оң жақ қарынша қуысына құйылады. Жүректегі қан айналым жүрек жұмысының кезеңдері мен сатыларына байланысты өзгеріп отырады. Жүрек тамырына қанның келуі систола кезінде азаяды, диастола кезінде көбейеді. Вена тамырларындағы қан ағыны систола кезінде күшейіп, диастола кезінде баяулайды.

Жүрек қарыншасы қысымы (Внутрижелудочковое давление) — жүрек қарыншалары ішіндегі қан қысымы.

Жүрек-қолқа аймағы (Кардиоаортальная зона) — жүректің әртүрлі бөлімдері мен қолқа механорецепторларын қамтитын, қан айналымын реттеуге қатынасатын рефлекс тудырушы (рефлексогенді) аймағы.

Жүрек қуыстарының қысымы (Внутрисердечное давление) — жүрек қызметіне байланысты өзгеріп отыратын оның қуыстарындағы қан қысымы.

Жүрек лүпілі – қ. Тахикардия.

Жүрек лүпілі (Фибрилляция сердца) – миокард торшалары жиырылуының жаппай үйлесімсіздігімен (асинхрондалуымен) сипатталатын жүрек жұмысындағы ырғақсыздық (аритмия). Оның салдарынан жүректің сораптық қызметі бұзылады.

Жүрек-тамыр рефлекстері (Кардиоваскулярные рефлексы) — жүрек рецепторларының тітіркенуі салдарынан тамырлар тонусының өзгеруі. Жүрек қатты керілген кезде қан тамырлары рефлекторлы түрде кеңиді, ал жүректің керілу деңгейі азайса, тамырлар тарылады.

Жүрек тамырлары (Венечные сосуды) — жүрек еттерін нәрлендіретін қолқадан шығатын алғашқы тамыр тармағы. Жүректің оң жартысын оң жүрек тамырлары, сол жартысын — сол жүрек тамырлары нәрлендіреді.

Жүрек үні (Тоны сердца) — жүрек жұмысы кезінде туындайтын жоғары жиілікті тербелістер - дыбыстар. Оларды негізгі (I, II) және қосымша (III, IV, V) үндер деп бөледі. I-үн жүрек еті жиырылып, жармалы қақпақшалар жабылған кезде пайда болады, ЭКГ-ның S кертпешінің пайда болған мерзіміне сәйкес келеді. II-үн жүрек еті босаңсып, жарты айшық қақпақшалар жабылған кезде пайда болады, ЭКГ-ның Т-кертпешінің пайда болған мерзіміне сәйкес келеді. III-үн әлсіз дыбыс түрінде шапшаң толу сатысында пайда болады. IV-үн сирек естіледі, ол жүрекшелердің

жиырылуымен байланысты. V-үн жүрек үнін фонокардиографпен жазып зерттегенде қана байқалады. Оның шығу себебі әлі толық анықталмаған.

Жүрек циклі – қ. Жүрек айналымы.

Жүрек шуылы (*Шумы сердца*) – жүрек қақпақшаларының қызметі бұзылған жағдайда жүрек үнімен қоса естілетін дыбыстар жиынтығы.

Жүрек шымырлығы (*Гипердинамия сердца*) — денені жаттықтыру нәтижесінде байқалатын жүректің жиырылу күшінің артуы. Жүрек гипердинамиясы жүрек аурулары (жүрек ақауы), уытты зоб ауруы т.б. жағдайларда байқалады.

Жүрек ырғағының жетекшісі (*Водитель ритма сердца*) — өткізгіш жүйенің өздігінен қозу импульсін туындататын бөлігі. Қалыпты жағдайда бұл қасиет синоатриальдық (Кис-Флек) түйінге тән. Жүрек ырғағының жетекші торшаларында қозу импульсі өздігінен туындайтын диастолалық деполяризация нәтижесінде пайда болады.

Жүрекқап – қ. Үлпершек.

Жүректің градиенттік заңы (*Закон градиента сердца*) — жүректің табанынан ұшына қарай, оң бөлігінен сол бөлігіне қарай автоматизм деңгейінің кему заңдылығы. Тыныштық жағдайында адамның синоатриальдық түйінінде туындайтын разрядтар жиілігі минутына 60-80 болса, атриовентрикулярлық түйінде ол 40-50, Гис шоғыры торшаларында — 30-40, Пуркинье талшықтарында — 20 шамасында. Осының нәтижесінде төменгі ырғақ тудырғыштар жоғарғы ырғақ тудырғыштарға бағынышты болады.

Жүректің жеделдеткіш нерві (*Ускоряющий нерв сердца*) – симпатикалық нервтің жүрек жұмысының ырғағын жиілететін тармағы.

Жүректің кезеген нерв ықпалынан шығып кетуі (*Ускользание сердца из-под блуждающих нервов*) – кезеген нервті тітіркендірудің жалғасуына қарамастан оның тежеуші әсерінің тиылуы. Бұл құбылыстың негізінде миокард холинрецепторларының сезімталдығының төмендеуі, жүректегі нервтік құрылымдарда ацетилхолин қорының кемуі, симпатикалық нервтер әрекетінің рефлекторлы түрде күшеюі, миокардтан холин бейтараптаушы макроэнергиялық қосылыстардың бөлінуі сияқты факторлар жатады.

Жүректің минуттық сиымдылығы (көлемі) (*Минутный объем крови сердца*) — жүректің оң немесе сол қарыншасынан 1 минутта өткен қан мөлшері.

Жүректің өзіндік нерв жүйесі (*Внутрисердечная нервная система*) — жүректің өзінде орналасқан нерв торшаларының жиынтығы. Бұл жүйе интрамуральдық (қабырғалық) түйін құрайды. Осы түйіндер шеңберінде өзіндік рефлекс доғасы тұйықталады. Жүректің өзіндік нерв жүйесі құрамында холинергиялық та, адренергиялық та торшалар болады, сондықтан жүректің өзіндік рефлекстері тежеуші де, күшейтуші де болады. Бұл жүйе экстракардиалық нервтерге бағынышты.

Жүректің өткізгіш жүйесі (*Проводящая система сердца*) — жүректегі қозуды туындатып, оның жүрекшелер мен қарыншаларға таралуын, осының нәтижесінде олардың үйлесімді әрекеттерін қамтамасыз ететін бейқалып (атипті) элементтердің (түйіндердің, шоғырлардың, талшықтардың) жиынтығы. Ол сино-атриальдық және атриовентрикулярлық түйіндерден, Гис шоғырынан, Гис сабақтарынан, Пуркинье талшықтарынан тұрады. Бұл құрылымдарға автоматизм қасиеті тән.

Жүректің систолалық сиымдылығы (көлемі) (*Объем сердца систолический*) — жүрек бір рет жиырылған кезде қарыншадан қуылатын қан мөлшері.

Жүректің сораптық қызметі (*Насосная функция сердца*) — организмдегі қанның қозғалуын қамтамасыз ететін жүректің негізгі қызметі.

Жүректің электрлік альтернациясы (*Альтернация сердца электрическая*) - электрокардиограммада үлкен және кіші амплитудалы қарынша комплексінің алма-кезек алмасып отыруы.

Жүрекше (*Предсердие*) — жүректің тамырлармен келген қанды қабылдайтын жұқа қабырғалы бөлігі.

Жүрекше-қарынша шоғыры – қ. Гис шоғыры.

Жүрекше-қарыншалық түйін - қ. Ашофф-Тавар түйіні.

Жүрекше-қарынша блокадасы (*Атриовентрикулярная блокада*) -

Жыланкөз (*Остеомиелит*) – сүйек кемігінің қабынуы.

Жылауық бездер (*Слезные железы*) — көз алмасын дымқылдап, шайып тұруға қажет сұйық бөлетін бездер. Оларға қорғаныстық қызмет тән.

Жылжыту – қ. Трансдукция.

Жылу алмасу (*Теплообмен*) — организм мен сыртқы орта арасындағы жылу энергиясымен алмасу процесі.

Жылу бөлу (*Теплоотдача*) — дене жылуын қоршаған ортаға жаю, тарату. Ол жылуды өткізу, конвекция, шашырату және булану жолдарымен атқарылады.

Жылу өндіру (*Теплопродукция*) — зат алмасу процесі нәтижесінде организмде жылудың түзілуі.

Жылу реттеу (*Терморегуляция*) — дене температурасын белгілі бір деңгейде сақтау. Бұл процесс жылу өндіру және жылу шығару қарқынын үйлестіру арқылы атқарылады.

Жылы қанды жануарлар (*Теплокровные животные*) - дене температурасы сыртқы орта температурасынан тәуелсіз және тұрақты деңгейде сақталатын жануарлар. Оларға құстар мен сүтқоректілер жатады. Ж.қ.ж. денесінің температурасы 36-38°C аралығында болады.

Жылыстау – қ. Ауу.

Жын (*Каныга*) — малдың қарнындағы көп ұнтақталынбаған, шала қорытылған қойыртпақ зат. Жаңа сойылған мал тірі салмағының 10-15 проценті жынның үлесіне тиеді.

Жыныс безі (Половые железы) – жыныс торшалары пайда болып, дамып, жетілетін мүше. Ұрғашы даракта жұмыртқалық (аналық без), еркек даракта ен (аталық без) жыныс безі болып табылады.

Жыныс дәрменсіздігі – қ.Белсіздік.

Жыныс мүшелері (Половые органы) — аталық және аналық жыныс жүйесін құрайтын құрылымдар бірлестігі.

Жыныс торшалары (Половые клетки, Гамета) — аталық және аналық бездерде түзілетін жыныс торшалары-сперматозоидтар мен жұмыртқа.

Жыныстық айғақ (Половой дифформизм) — аталық және аналық дарактар арасындағы айырмашылық (дене бітіміндегі, реңіндегі т.с.с.).

Жыныстық айналым (Цикл половой) – жоғары сатыда дамыған жануарлар аналығында көбею процесімен байланысты мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын морфо-физиологиялық және мінез-қылықтық процестер. Жануарлар полициклды және моноциклды болып бөлінеді. Олардың алғашқыларында әр маусымда жыныстық айналым бірнеше рет қайталанса, соңғысында – бір ғана рет байқалады.

Жыныстық желік (Возбуждение половое) — сүтқоректілерде жыныстық қатынас алдында байқалатын құбылыс. Жыныстық қозу сыртқы ортаның әртүрлі физикалық және тежеуші сигналдарының топтасуына қарай өзгеріп отырады.

Жыныстық жетілу (Половая зрелость) — жыныс ағзаларының құрылымдық және қызмет жағынан толығымен жетіліп, организмнің ұрпақты жалғастыруға деген қабілетінің қалыптасқан мерзімі.

Жыныстық көбею (Половое размножение) — организмнің аталық және аналық жыныс торшаларының қосылуы нәтижесінде жаңа дарак беретін ұрықтанған жұмыртқадан көбеюі.

Жыныстық толысу (Половое созревание) — организмнің жыныс жүйесі қызметінің жетілу мерзімі.

Жыныстық қатынас (Половой акт) — аталық және аналық дарактардың жұптасу процесі.

Жыныстық қозу - қ. Жыныстық желік.

Жыпылықтау жарғағы (Мигательная перепонка) — көздің ішкі қиығында орналасқан, оны перде тәрізді жауып тұратын жұқа жарғақ. Құстарда, бауырымен жорғалаушыларда кездесетін құрылым.

Жіктеу - қ. Талдау.

Жіктеу (Классификация) — өсімдіктер мен жануарларды дарактар арасындағы филогенездік қатынас негізінде ғылыми тұрғыдан топтастыру. Олар тип-класс-отряд-тұқымдас-туыс-түр болып жіктеледі. Қазіргі кезде ғылымда жер бетіндегі 500 мыңға жуық өсімдіктер мен 1500 мыңға жуық жануарлар түрі белгілі.

Жіңішке ішек (Двенадцатиперстная кишка) — қарынды аш ішекпен жалғастыратын ішек бөлігі. Жіңішке ішекке (ұлтабар ұшына) өт өзегі мен ұйқы безінің өзегі ашылады.

Жіңішке ішек жыны (*Дуоденальное содержимое*) — ұлтабар (жіңішке ішек) қуысындағы қоймалжың сұйық — жын. Оның құрамында ұлтабар ұшының сөлі, өт және осы сөлдермен араласқан қарыннан өткен жын болады.

Жіңішке ішек бездері (*Дуоденальные железы*) — ұлтабар ұшының кілегей асты қабығында орналасқан күрделі түтікше бездер. Олар қоймалжың, сироп тәрізді, сілтілік реакциялы, құрамында муцин (шырыш) бар секрет бөледі. Азық қабылдағанда, ішек қабығына механикалық, химиялық әсерлер болғанда без әрекеті күшейеді. Без қызметі нервті, гуморальды жолдармен, гормондармен реттеледі.

Жіпшумақ (*Мицелла*) – бұлшық еттің жиырылғыш құрылымы-миофибрилдерден құралған өте жіңішке шиыршықтар.

3

Зақым тоғы (*Токи повреждения*) — мүшенің зақымданған теріс зарядты учаскесі мен зақымданбаған оң зарядты учаскелері арасында пайда болатын ток. Зақым тоғының күші мембрана потенциалының күшінен аз болады.

Зарарсыздандыру – қ. Дезинфекция.

Зарарсыздау (*Стерилизация*) — әртүрлі физикалық факторлар және химиялық заттар көмегімен залалды микроорганизмдерді жою.

Зарарсыздық (*Стерильность*) — микроорганизмдерден тазарған, арылған күй.

Зат алмасу (*Обмен веществ*) — организмдегі химиялық реакциялар жиынтығы, дененің заттар мен энергияны қабылдауы, түрлендіруі, ұқсатуы, жинақтауы және жоғалтуы. Осының нәтижесінде организм сақталып, дамып, өсіп, көбейіп, орта жағдайына бейімделіп отырады. Зат алмасу анаболизм (биоорганикалық қосылыстарды синтездеу) және катаболизм (денедегі заттардың бұзылуы) процестерінен тұрады.

Зат алмасу өнімдері – қ. Метаболиттер.

Зәр (*Моча*) — бүйрек қызметі нәтижесінде пайда болатын, зат алмасу өнімдері мен суда еріген бейорганикалық және органикалық заттарға бай сұйықтық.

Зәр ағар (*Мочеточник*) — бүйректен басталып, қуыққа дейін созылып жатқан түтікше.

Зәр айдаушы заттар (*Мочегонные средства*) — бүйректегі кері сору процесін бөгеп, зәр құрамында тұздар мен судың бөлінуін күшейтетін заттар.

Зәр бөлу (*Мочевыведение*) — бүйректе түзілген зәрді қуыққа шығару.

Зәр қышқылы (*Мочевая кислота*) — пуриндер алмасуының ақырғы өнімі.

Зәр тоқтау (*Анурия*) - бүйректің зәр бөлуді тоқтатуы.

Зәр тұтылу (*Дизурия*) – зәр шығарудың бұзылуы.

Зәр түзу (*Мочеобразование*) — бүйректе зәрдің пайда болып, зәр шығару өзектеріне түсуі.

Зәр шығару (*Мочевыделение, Мочеиспускание*) — қуықта жиналған зәрдің мезгіл-мезгіл сыртқа шығарылуы.

Зәрқалта (*Аллантоис*) - ұрық қабығының бірі. Онда ұрық бөлінділері жиналады. Сүт қоректі жануарларда ол сероза қабықшасымен жабысып, хорион түзеді. Хорион сыртында бүрлер пайда болады.

Зәрөзек — денеден зәр шығатын өзек.

Зәрліқан — бүйрек қызметінің бұзылуы салдарынан несеп уытының денеге жайылуы.

Зейін (*Внимание*) — адам санасының белгілі бір зат не құбылысқа толығымен бағытталуымен сипатталатын психикалық процесс.

Зерзат (*Объект*) — зерттелетін, тексерілетін зат, құбылыс.

Зертханалық хайуанаттар (*Лабораторные животные*) — биологиялық және медициналық зеттеулерде пайдаланатын жануарлар.

Зигота () — ұрықтанған аналық жыныс торшасы. Аталық және аналық жыныс торшаларының қосылуы нәтижесінде түзілетін диплоидты торша.

Зоб () — адамда, жануарларда қалқанша без қызметінің бұзылуы салдарынан пайда болатын дерт.

Зоопсихология () — жануарлар психикалық әрекеттерінің түрлері, олардың дамуы, заңдылықтары, онто- және филогенез барысында қалыптасуы, күрделенуі жайлы ғылым саласы. Зоопсихология психикалық процестердің мінездік сипаттары (аспектері) жайлы ғылым.

И

Идиосинкразия () — организмнің кейбір заттарға, мысалы, тағамдарға (балық, сүт, құлпынай, асқабақ т.б.), дәрі-дәрмектерге (йод, бром, хинин т.б.), физикалық және психикалық әсерлерге (ультракүлгін сәулелерге, бір нәрсенің ұсқынсыз бейнесіне) тумысынан өте күшті сезімталдығы. Идиосинкразия сенсбилизация құбылысынсыз бірден байқалады. Мұндай жағдайда антиденелер түзілмейді, иммунитет қалыптаспайды.

Иерархия () — қ. Деңгейлік.

Изо- — күрделі сөздің “бірдей, шамалас, тең” деген мағына беретін құрамы.

Изодинамия заңы (*Закон изодинамии*) — қоректік заттардың бірін-бірі өздерінің калориялық коэффициентіне сәйкес алмастыруы. Мыс., 1 г майды 2,3 г көмірсу не белок алмастырса, 1 г белокты 1 г көмірсулар алмастыра алады. Бұл заң қоректік заттарының тек қана қуаттық құндылығына негізделген, олардың биологиялық құндылығын ескермейді.

Изометриялық босаңсу кезеңі (*Период изометрического расслабления*) — қарыншалардың көлемі өзгермей босаңситын кезеңі. Бұл кезең жарты айшық қақпақшалардың жабылуынан басталады. Қарынша еттерінің босаңсуы салдарынан оның қуысындағы қысым күрт төмендейді, бірақ жармалы және жарты айшық қақпақшалар жабық болғандықтан қарынша көлемі өзгермейді.

Қарыншалар қуысындағы қысым жүрекшелердегі қысымнан төмендеген кезде жармалы қақпақшалар ашылып, толу кезеңі басталады.

Изометриялық жиырылу – қ. Қысқармай жиырылу.

Изоосмия () — сұйық орта мен организм ұлпаларындағы осмостық қысым деңгейінің тұрақтылығы.

Изотермия () — дене температурасының тұрақты деңгейде сақталуы.

Изотония () — қысым деңгейінің тұрақтылығы.

Изотониялы ерітінді (*Изотонический раствор*) — осмостық қысымы қан плазмасының осмостық қысымына тең ерітінді.

Изотониялы жиырылу (*Изотоническое сокращение*) — бұлшық еттің тонусын — ширығу деңгейін өзгертпей жиырылуы.

Изотропты табақша (*Изотропные диски*) — көлденең жолақты бұлшық ет талшықтарының сәулені қосқабат сындыра алатын миофибриллдерінің бөлігі.

Икемділік (*Пластичность*) — ет талшықтарына тән қасиеттердің бірі. ОНЖ-сі тұрғысынан нерв элементтерінің ұзаққа созылған сыртқы әсерлердің немесе нерв ұлпасының зақымдануы салдарынан өзінің функционалдық қасиеттерін өзгертуі. Зақымнан кейінгі икемділік теңгерме (қалыптастыру), ал ұзаққа созылған сыртқы әсерден туындаған икемділік - бейімдеу қызметін атқарады.

Имек дене (*Коленчатое тело*) — көру төмпегінің сырт жағына орналасқан сұр зат жиынтығы. Оның қызметі тиісті афференттік импульстерді ми қыртысының проекциялық аймақтарына баратын жолдарға аудару.

Иммиграция () — қ. Кірлігу.

Иммобилизация () — қ. Қимылсыздандыру.

Иммунитет () — организмнің инфекцияға және бөгде заттар әсеріне қарсыласу, қарсы тұру қабілеті, оның өз тұтастығын және биологиялық өзгешелігін қорғау қабілеті. Иммунитетті тері мен кілегей қабықтың қорғаушы қасиеті, иммундық жүйе торшалары (макро- және микрофагтар), гуморальды факторлар (антиденелер, комплименттер), интерферон қамтамасыз етеді.

Иммунды реакция (*Иммунная реакция*) — организмге енген антиген әсерімен антидененің түзілуі.

Иммундық торшалар — организмнің бөгде заттарға қарсы тұру қабілетін-иммунитетті қалыптастыратын торшалар, лимфоциттер мен басқа торшалар. Оларға А-торшалар (ағылшынның ассесори-қосалқы деген сөзінен), Т-лимфоциттер (латынның тимус-айырша без деген сөзінен), В-лимфоциттер (латынша бурса фабриции-бітеу қапшық), НК-торшалар (ағылшынша натурал киллер-табиғи жендет, жойғыш), гранулоциттер, К-торшалар (ағылшынша — киллер жиыны, өлтіруші жендет), сүйек кемігінің лимфоциттері жатады. А-торшалар бөгде заттарды-антигендерді жояды, Т-лимфоциттер тимуста көбейіп жетіледі де, әр түрлі қызметтер атқарады, В-торшалар — иммундық есті қамтамасыз етеді, НК-торшалар — фагоцитозды қамтамасыз етеді, К-торшалар — нысана торшаларды ерітеді. И.т. түзетін

органдар (сүйек кемігі, тимус, көк бауыр, лимфа түйіндері т.б./ және И. өздері жалпы организмнің иммундық жүйесін құрайды.

Иммуноглобулин () — оларды антиденелер деп атаса да болады. Табиғаты жағынан күрделі белоктар тобына жатады. Бөгде заттармен-антиденелермен байланысып гуморальды иммунитетті қамтамасыз етеді.

Иммуноциты () — қ. Иммундық торшалар.

Иммурация () — қ. Тірі қатыру.

Имплантация () — 1. Шарананың (ұрықтың), ұрықтанған жұмыртқаның жатырдың кілегей қабығына орнығып, бекуі. Бұл процесс жұмыртқа ұрықтағаннан соң 7-ші тәулікте жүреді. 2. Адам мен жоғары сатыдағы жануарлар жатырының кілегейлі қабығына жаңа дамып келе жатқан ұрықты көшіріп салу.

Импотенция () — қ. Белсіздік, Жыныс дәрменсіздігі.

Импринтинг () — қ. Бейнелеу.

Импульс — қ. Тітіркеніс.

Инвертаза () — ішекте көмірсуларды ыдырататын фермент. Оның әсерімен сахароза фруктоза мен глюкозаға ыдырайды.

Инволюция () — қ. Тартылу.

Ингибитор () — қ. Басытқы.

Индекс () — белсенділіктің не құбылыстың байқалуының көрсеткіші.

Индивидуум () — дара тіршілік иесі.

Индукция () — жоғары дәрежелі нерв қызметінде бұл термин шартты тітіркендіргіш әсерімен туындаған нервтік процеске қарама-қарсы бағытталған нервтік процестің (мыс. қозу – тежелу) пайда болуын сипаттайды. Индукция оң және теріс, қабаттас және тіркес болып бөлінеді. Алғашқы жағдайда белгілі бір орталықта пайда болған нервтік процесс басқа учаскеде қарама-қарсы процесс туындатады. Екінші жағдайда қарама-қарсы бағытталған нервтік процестердің алмасуы бір орталықта жүреді.

Индурация () — қ. Бріштену.

Инелі электрод (*Игольчатый электрод*) — тері астынан ток тарту үшін қолданылатын ине тәрізді немесе жіңішке сым түріндегі электрод.

Инертті газдар (*Газы инертные*) — қалыпты жағдайда басқа элементтермен химиялық қосылыс түзбейтін газ тәрізді химиялық элементтер. Оларға гелий, неон, аргон, криптон, ксенон, радон жатады. Аталған газдардың иісі, түсі болмайды.

Иньекция () — дәрілерді ұлпаға, дене қуысына механикалық жолмен енгізу, бүрку.

Инкреция () — ішкі секрециялық торшалар түзген заттардың тілекей қанға бөлінуі.

Иннервация () — қ. Жүйкелену.

Инокуляция () — жануарлар организміне тірі микроорганизмдерді енгізу, жұқтыру.

Инотропия () — жүрек етінің жиырылуы амплитудасының өзгеруі.

Инсайт () — қ. Ақыл нышаны.

Инспирация () — тыныс алу процесінің қоршаған ортадан организмнің ауа қабылдауын қамтамасыз ететін кезеңі.

Инстинкт — қ. Дағдылы әрекет.

Инсулалы мүше – қ. Аралшық без.

Инсулин () — организмде көмірсулар алмасуын реттеп, қандағы қант мөлшерін кемітетін, ұлпалардың көмірсуларды сіңіруін жақсартатын ұйқы безінің гормоны.

Интеллект () —қ. Парасат.

Интермедин () — меланоцитті жандандырушы гормон. Гипофиздің аралық бөлімінің гормоны, көздің торлы қабығының пигменттерінің түзілуіне, тері реңінің үйлесімді қалыптасуына әсер етіп, реттеп отырады.

Интерорецепторлар — қ. Ішкі рецепторлар.

Интерреналь аппараты (*Интерренальный аппарат*) — бүйректің қыртыс қабатында орналасқан ішкі секрециялық қызмет атқаратын құрылым.

Интерсексуальдық (*Интерсексуальность*) — дара жынысты организмде қос жыныс белгісінің болуы.

Интерферон () — сүт қоректілер мен құстар торшаларында вирустар әсеріне жауап ретінде түзілетін қорғағыш белок. Интерферон вирус ауруына қарсы иммунитеттің арнауысыз, жалпылама факторы. Интерферонның түпкілікті иесіне байланысты өзіндік қасиеті болады, ал вирустар үшін талғамы болмайды, олар түрлі вирустардың өсіп-көбеюін тежейді.

Интима () —қан тамырлары қабырғасының ішкі тегіс қабаты.

Интотоксикация () — организмнің өзінде пайда болған алмасу өнімдерімен улануы.

Инфантилизм () — ересек организмде балғын организмге тән белгілердің сақталуы. Бұл құбылыс эмбриондық даму процесінің, ішкі секрециялық бездер қызметінің бұзылуы, немесе түрлі аурулар салдарынан туындайды.

Инфантильность () — жыныс мүшелерінің толысып жетілмеуі және жыныстық айналымының бұзылуы.

Инфаркт — қан тамырлары тартылып, не бітеліп, қан айналымының бұзылуы салдарынан органдардың жеке бөліктерінің жансыздануы.

Инфекция () — организмге ауру тудырушы фактордың (микроорганизмдердің) еніп, өнуі салдарынан аурудың жұғуы.

Инфекциялы сары ауру – қ. Лептоспироз.

Инфильтрация () — қ. Көлкү.

Иондану (*Ионизация*) — атомдар мен молекулалардың электрондарды жоғалту немесе қосып алу нәтижесінде зарядталған бөлшектерге айналуы.

Иппология () — қ. Жылқы туралы ілім. жылқы туралы ілім. иппология, Жылқы зерттейтін ғылым.

Иррадиация () — ОНЖ-де қозу не тежелу процесінің жайылуы.

Ихтиология () — зоологияның балықтарды зерттейтін саласы.

Иық белдеуі (Плечевой пояс) — алдыңғы аяқтардың (қолдың) тірегін құрайтын қаңқалар жиынтығы.

Иірімді түтік – қ. Ұлу.

Иіс буылтығы (Обонятельная луковица) — омыртқалы жануарлар иіс жүйесінің бастапқы маңызды бөлімі. Сопақша құрылым.

Иіс жолы (Обонятельный тракт) — иіс жуашығын иістік қыртыс құрылымдарымен байланыстыратын талшықтар жиынтығы. Бұл жол негізінен иіс жуашығы торшаларының өсінділерінен құралады.

Иіс жуашығы – қ. Иіс буылтығы.

Иіс жүйесі (Обонятельная система) — омыртқалы жануарлардың иіс мүшесінің маманданған хеморецепторлары мен орталық бөлімнен құралған сезім жүйесі.

Иіс нерві (Обонятельный нерв) — ми жүйкесінің бірінші жұбы. Ол иіс рецепторларының аксонынан құралады. Осы аксондар топтасып талшықтар түзеді де, торлы сүйектен өтіп, ми сауытының ішіндегі иіс жуашығына бағытталады.

Иістік реакциялар (Обонятельные реакции) — иісті заттардың биологиялық маңызын анықтау мақсатында химиялық талдау жүргізуге бақытталқан әрекеттер.

Иіс сезбейтіндер (аносматиктер) - иіс сезімі жоқ жануарлар (мысалы, дельфиндер).

Иіс сезу (Обоняние) — газ күйіндегі заттар молекуласының химиялық әсерін қабылдау.

Иіс сезінбеу (аносмия) - иіс түйсігінің болмауы. Бұл кемістіктің туа біткен және жүре пайда болған түрлері болады. Туа біткен аносмия иіс жолдары дамымай қалған жағдайда байқалады. Жүре пайда болған аносмия не орталық нерв жүйесі қызметінің, не иіс аппаратының шеткей бөлімдері қызметінің бұзылуы салдарынан туындайды.

Иіскеу әдісі (Ольфакторный метод) — заттың иісін иіскеп білу.

Иісті без (Пахучие железы) — жануарлардың иісті зат бөлетін безі. Иісті заттар бөлу арқылы жануарлар жауынан қорғанады, қарсы жыныс өкілдерін іздеп табады.

Иісшілдер – қ. Макросматиктер.

К

Кадастр () — объектілер мен құбылыстардың сапасы мен мөлшері көрсетілген жүйелі мағлұматтар жиынтығы. Онда құбылыстардың физико-географиялық және биологиялық сипаттамасы, топтары, динамикасы, зерттелу деңгейі көрсетіліп, статистикалық материалдар келтіріледі. Оларда объектілер мен құбылыстарды пайдалану, қорғау жолдары көрсетілуі мүмкін.

Казеин () — ферменттердің әсерімен сүт ірігенде казеиногеннен түзілетін күрделі белок.

Калликреин () — ұйқы безінің гормоны.

Калори- — күрделі сөздің “жылуға, жылылыққа қатысты” деген мағына беретін құрамы.

Калориметр () — белгілі бір дене бөлген не сіңірген жылуды анықтауға арналған құрал.

Калориметрия () — әртүрлі физикалық және химиялық процестер барысында бөлінетін не сіңірілетін жылу мөлшерін өлшеу.

Калориметриялық камера (Камера калориметрическая) — адам мен жануарлар өндірген жылу мөлшерін анықтауға арналған құрылғы. Ол сыртқы ортадан жылу өтпейтіндей етіп жасалады. Арнаулы түтікшелермен камера арқылы тұрақты жылдамдықпен су өтіп отырады. Судың мөлшерін, камераға кірген және одан шыққан кездегі температурасын өлшеп отырады. Судың мөлшері мен жылыған деңгейіне қарап камера ішіндегі адам немесе жануардың бөлген жылуының мөлшерін есептеп шығарады.

Калориялық коэффициент (Коэффициент калорический) — қ.

Каннибализм — бір түр өкілдерінің бірін-бірі жеп қоюы.

Капацитация () — сүтқоректілер аталық жыныс торшаларының (сперматозоидтардың) аналық жыныс торшалары қабығынан өтіп кететін қабілетке ие болуы. Бұл процесс аналық жыныс жолдарында жұмыртқа жолы мен жатыр бөлген секреттер әсерімен жүреді. Капацитация мерзімі ірі қарада 5-6, қойда - 1-1,5, қоянда 5-6, мысықта - 3-4, атжалманда — 2-3 сағат.

Капиллярлар (Капилляры) — артерия мен вена жүйелерін жалғастыратын өте майда тамырлар.

Капилляр қысқышы (Прекапиллярные сфинктеры) — капилляр сағасында орналасқан бір немесе екі біріңғай салалы ет талшықтары. Олар жиырылған кезде капилляр қысылып, ол арқылы қанның ағуы тоқтайды.

Капилляр қысымы (Капиллярное давление) — капиллярлардағы қан қысымы. Ол қысым к. артериялық ұшында с.б. 30 мм, ал веналық ұшында 10-15 мм. тең. Түрлі органдарда капилляр қысымы әртүрлі, мыс., бүйрек капиллярларында — 70 мм, бауыр капиллярларында 10 мм, өкпе капиллярларында — 6 мм.

Капиллярлық ағын (Капиллярный кровоток) — қанның капиллярлар бойымен ағуы. Капилляр бойымен эритроциттер тізбектеліп өтеді. Демалыс, тыныстау жағдайында денедегі капиллярды шамамен тек 1/4 ғана іске қосылады. Органның қызметі күшейсе, іске қосылатын капилляр саны өсе түседі.

Капиллярлық алмасу (Транскапиллярный обмен) — әртүрлі заттар мен газдардың капиллярлар қабырғасы арқылы диффузиялық немесе сүзілу жолымен өтуі.

Капилляроскопия () — ұлпалар мен органдардағы капиллярлар арнасын микроскоп көмегімен зерттеу әдісі.

Капсула — қ. Қабықша.

Карбгемоглобин - HbCO_2 () — гемоглобиннің көмір қышқыл газбен қосылысы.

Карбоангидраза () — эритроциттер құрамында болатын, $(\text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{H}_2\text{CO}_3)$ реакциясын) көмір қышқылының түзілуін және ыдырауын жеделдететін фермент.

Каротид синусы – қ. Күретамыр қойнауы.

Каппа ырғақ (*Каппа-ритм*) — адам миының самай бөлігінің ЭЭГ-сында ой жұмысы кезінде байқалатын белсенділік. Оның амплитудасы 20-30 мВ, жиілігі — 8-12 Гц болады.

Карбоксигемоглобин - HbCO — гемоглобиннің иіс газымен (көміртегі оксидімен) берік қосылысы. Бұл қосылыс түзген гемоглобин оттегімен қосылу қабілетінен айырылады да, ұлпаларға оттегі жетіспейді, организм уланады.

Карбоксилаза () — карбоксилсіздеу (декарбоксилдеу) процесін катализдейтін фермент.

Карбоксилпептидаза () — ұйқы безінің полипептидтерді ыдырататын ферменті.

Карди-, кардио- — күрделі сөздерде “жүрекке қатынасты”, немесе қарынның “кардиальдық тесігіне қатынасты” деген мағына береді.

Кардиомиоцит - қ. Жүрек етінің талшықтары.

Кардиоволюметрия () — жүрек қарыншаларының сиымдылығын (көлемін) анықтау әдісі.

Кардиография () — жүрек қызметінің әр түрлі көрсеткіштерін тіркеу әдісі.

Кардиодинамика () — қанның жүрек қуыстарынан жылжып өтуін қамтамасыз ететін механикалық процестердің реті мен жиынтығы.

Кардиограмма () — жүрек жұмысын бейнелейтін қисық сызық.

Кардиограф () — жүрек жұмысын жазуға арналған аспап.

Каротин () — өсімдіктер мен кейбір микроорганизмдер түзетін каротиноидтар тобына жататын сары пигмент. Ол сүт, жұмыртқа сарыуызы, бауыр майы құрамында кездеседі. Азық құрамындағы каротиннен А дәрмендәрісінің (ретинолдың) алғы заты түзіледі.

Кастрация () — қ. Пішу, Тарту.

Катаболизм () — қ. Диссимиляция.

Каталепсия () — дененің немесе аяқ-қолдың жансызданып, сіресіп қатып қалуы. Психикалық ауруларда байқалатын құбылыс.

Катакрота — артерия пульсін бейнелейтін қисық сызықтың (сфигмограмманың) төмендеген бөлігі.

Каталаза () — ұлпалық тыныс үстінде биологиялық тотығу процесінің нәтижесінде түзілетін уытты зат-сутегінің асқын тотығының су мен оттегі молекуласына ыдырауын жандандыратын оксиредуктаза класына жататын фермент.

Катализатор () — химиялық реакцияларды жандандыратын заттар. Биологиялық катализаторларға ферменттер жатады.

Катехоламины () — бүйрек үсті бездің боз заты бөлетін гормондар, симпатикалық нерв пен ОНЖ-сі медиаторлары.

Каудальдық — қ. Артқы бөлік.

Кахексия — қ. Сүлдер.

Кератины () — терінің беткей қабатының және оның туындыларының (түк, шаш, қауырсын, тырнақ-тұяқ, мүйіз т.б.) беріктігін қамтамасыз ететін талшықты белок.

Кебірсу (Ангидремия) — денеде, қанда су мөлшерінің азаюы. Су мен тұз алмасуының бұзылуы салдарынан байқалатын құбылыс.

Кедергі тіркеу (Резистография) – ұлпалар мен мүшелерді тұрақты мөлшерлі қанмен жасанды шаймалағанда тамырларда байқалатын кедергіні тіркеу.

Кедергілік тамырлар (Резистивные сосуды) — қан айналым жүйесінде қанның ағысына кедергі тудыратын, қысым қалыптастыратын тамырлар. Оларға артерия тамырлары жатады.

Кезеген нерв (Нерв блуждающий) — сопақша мидан басталатын парасимпатикалық нерв. Ол жүректі, өкпені, көк бауырды, бүйректі, бүйрек үсті бездерін, ас қорыту мүшелерін, қалқанша, қалқанша серік және айырша бездерді жүйкелендіреді.

Кейт-Флак түйіні (A.Keith, 1886-1955, ағ.анат.; M.W.Flack, 1882-1931, ағ. физиол.) – қ. Синоатриальдық түйін.

Кейіп (Поза) — адам мен жануарлар денесінің немесе оның жеке бөліктерінің кеңістікте қалыптасқан, қабылданған күйі.

Кейіптену рефлекстері (Позотонические рефлексы) — дене қалпын сақтауды қамтамасыз ететін әрекеттер жиынтығы.

Кекірік (Отрыжка) — қарында жиналған газдың ауыз қуысы арқылы сыртқа шығуын қамтамасыз ететін физиологиялық процесс.

Келісімсіздік (Асинхронность) — белгілі бір әрекеттің, процестің атқарылуындағы келісімдіктің уақытша жойылуы.

Кемтар туу (Агенезия) - жас ұрпақтың (төлдің) анадан жеке мүшелерінің жетілмей, кемтар тууы.

Кемтарлық (Уродство) – қалыпты күйден ауытқушылық, жеке мүшелер немесе жүйелердегі кемістік.

Кенеулік заттар – қ. Қоректік зат.

Кеңейткіш (Дилататор) – кеңейткіш бұлшық ет. Қуысты не тамырлар арнасын кеңейтетін заттар.

Кеңею (Дилатация) – кеуек органның қуысының не тамырлар арнасының кеңейіп кетуі.

Кеңсірік (Переносица) — мұрынның ішінде маңдай бөлікпен жалқасып жататын ойыс сүйек.

Кеңсірік мүшесі (Якобсонов орган) – кеңсіріктің ішіндегі бір ұшы тұйықталған, екінші ұшы ауыз қуысына ашылатын қос қуыс.

Кептелу (Окклюзия) — рефлекторлық реакцияның әлсіреуімен сипатталатын екі импульстік ағынның өзара әсерлестігі. Іргелес орналасқан екі сезімтал нервті бір мезетте тітіркендіргенде жауап реакция күші осы нервтерді жеке-жеке тітіркендіргендегі жауап күшінің қосындысынан кем болады.

Керендік (Глухота) — дыбысты есту қабілетінің жойылуы.

Кері бағытты бейімделу (Реадаптация) – ішкі ортаның салыстырмалы тұрақтылығын (гомеостазды) сақтау мақсатында организмнің құрылымы мен қызметінің сыртқы ортаның бастапқы жағдайына кері бағытта бейімделу процесі.

Кері сорылу (Резорбция) – түрлі заттардың ұлпа торшалары элементтерінің (ішек бүрлері, мембраналар т.б.) қатысуымен қан мен сөлге (лимфаға) өтуі. Бұл процесс негізінен ас қорыту жолында жүреді. Сонымен қатар өкпе қуысынан, плевра аралық қуыстан, жатыр мен қуықтан, тері беткейінен де түрлі заттар денеге сіңіріледі. Сіңіру процесі митохондриялар, Гольджи кешені, эндоплазмалық тор сияқты торша органоидтарының қатысуымен атқарылады.

Кері сору (Реабсорбция) – организмде еріген заттар мен судың бүйрек пен бездерде қайта сорылуы.

Кері толқынды қимыл (Антиперисталтика) — өңеш пен ішек қабырғасындағы еттердің кері толқынды жиырылуы. Қалыпты жағдайда қарын мен ащы ішекте байқалмайды. Бұл тоқ ішекке тән физиологиялық қасиет.

Кесіп тастау (Резекция) – ауруға шалдыққан немесе зақымданған мүше, сүйек бөлігін операция жасап кесіп алу.

Кеуде (Грудная клетка) — көкірек омыртқаларының жотасы, қабырғалар шеміршектері, төс сүйегімен шектеліп, көкет арқылы құрсақтан бөлінетін дененің бөлігі.

Кеуде қуысы (Грудная полость) — ішінде өкпе, жүрек, өңештің кеуделік бөлігі орналасқан дененің кеудесіндегі қуыс.

Кеуек сүйектер – қ. Ауалы сүйектер.

Кеуелеме дене (Пещеристые тела) — сүтқоректілер аталығының жыныс мүшесіндегі қуыстар. Осы қуыстарды қан кеулеп толған кезде жыныс мүшесінің көлемі үлкейіп, қатайды.

Кеуілжір (Носовая раковина) — мұрын қуысындағы кілегей қабықпен қапталқан кеуекті құрылым.

Кинестезия () — дененің әр түрлі бөліктерінің кейпі мен қозғалыстары жайлы түйсіктің қалыптасуын қамтамасыз ететін процестер жиынтығы. Негізінен тері мен көру рецепторларының қатынасуымен проприорецепторлар мен вестибулярлық аппарат қызметі арқылы атқарылады.

Кинезиология () — қимыл және сүйеніш мүшелерін зерттеуге арналған анатомия саласы.

Кининдер () — биологиялық әсер спектрі өте кең нейровазоактивті пептидтер тобы. Кининдер жүрек тамыры мен шеткей тамырларды кеңейтіп, артерия қысымын төмендетеді, жүрек жұмысын жиілетіп, капилляр қабырғасының өтімділігін жоғарылатады, бронхылардың бірыңғай салалы еттерін босаңсытады.

Кинология () — иттер, олардың тұқымы, күтімі жайлы ғылым.

Клапан — қ. Қақпақша.

Клизма () — дәрі-дәрмекті немесе сұйық затты организмге тік ішек арқылы құю.

Климакс () — жыныс бездері қызметінің тоқтауы.

Клиникалық физиология (Клиническая физиология) — ауырар алдында және ауырған жағдайда физиологиялық процестер сипатындағы өзгерістерді зерттейтін физиология саласы.

Клиренс () — қан плазмасының белгілі бір заттан тазаруы. Клиренс деңгейі 1 минут ішінде белгілі бір заттан тазарған қан плазмасы мөлшерімен (мл) анықталады. Жалпы плазмалық клиренс бүйрек, бауыр т.б. мүшелер әрекетімен атқарылады және зат алмасу процесі барысында организм арылуға тиісті заттардың ыдырауы, өздерінің бастапқы қасиеттерін жоюы нәтижесінде жүреді. Плазмалық клиренсті венаға арнайы жіберілген заттардан қан плазмасының тазару, арылу динамикасын бақылау арқылы анықтайды.

Клоака () — Саңғуыр.

Клон () — Өркен.

Коагуляция () — белок молекулаларының желімденуі (агрегация) және полимерленуі нәтижесінде ерімейтін қосылыстардың (комплексстердің) пайда болуы.

Код () — белгілі бір хабар, ақпарды жазу, талдау, тарату мақсатында қолданылатын мәлімдік элементтерден (белгілер, сигналдардан) құралған шартты жүйе. Организмде нерв жүйесі әрекетінде орын алады, бірақ оның құпиясы әлі анықталған жоқ.

Кодон () — белок молекуласын синтездеу барысында амин қышқылының орналасу ретін анықтайтын үш азотты негізден құралған жүйе. ДНК құрамындағы төрт түрлі азотты негіз (аденин, гуанин, цитизон, тимин және РНК-дағы тимин орнындағы урацил) үш-үштен топтаса отырып 64 кодон түзе алады. Кодонның осы саны табиғатта белгілі 20 амин қышқылдарының орналасу тәртібін жұмбақтап жазуға (кодпен жазуға) әбден жеткілікті.

Коллаген () — дәнекер ұлпа (сүйек, сіңір, шеміршек, байламдар т.б.) талшықтарының негізін құрайтын белок.

Коллаген талшықтары (Коллагеновые волокна) — шеміршектің торша аралық затында орналасқан, жануарлардың нағыз терісінде болатын жіңішке талшықтар.

Коллатералдар (Коллатерали) — негізгі қан тамырлары саласын (артерия, вена) айналып өтетін қапталдық тармақтар.

Комиссуры () — нерв түйіндерін жалғастыратын көлденең ұластырғыштар.

Компенсация () — қ. Өтем, Теңгерім.

Конвекция () — сұйық немесе ауа массасының дене беткейімен жылжуы нәтижесінде жылу беру процесі. Дене беткейі басқа затпен жанасқанда жанасу беткейінде сұйық немесе ауа жаңарып, жылуы жоғары беткей жылуын жоғалтады.

Конвергенция () — қ. Тоғысу.

Конденсация () — қ. Бусану.

Консолидация () — қ. Ымыраласу.

Константтық – қ. Тұрақтылық.

Констелляция () — қ. Ынтымақтастық.

Конституция () — қ. Тұрпат.

Контрактура () — қ. Тартылу.

Консумент(тер) – қ. Тұтынушылар.

Конъюгация () — қ. Қосылу.

Координация () — қ. Үйлестіру.

Копуляция — екі дарақтың жыныстық қатынасы. Жыныс торшаларының (гаметалардың) қосылып, ұрық түзуі. Егер аталық және аналық жыныс торшалары бір-бірінен анық өзгешеленсе (бір-біріне ұқсамайтын болса) бұл процесті ұрықтану деп атайды.

Кори айналымы (Цикл Кори) – организмде көмірсулардың түрленуінің бір жолы. Бұл жағдайда дене жұмысы барысында бұлшық етте пайда болған сүт қышқылының артық мөлшері қанмен бауырға тасымалданып, ол алдымен глюкозаға, одан әрі гликогенге айналады. Сол бауырда гликоген қайтадан ферменттік жолмен глюкозаға ыдырайды да, ол қан арқылы денеге тарап, бұлшық етте қайтадан гликоген түзу үшін пайдаланылады. Американдық биохимиктер ашқан бұл құбылыс қан құрамында қант мөлшерін белгілі деңгейде сақтауға бақытталған.

Коронарография () — жүректің ірі артерияларының қанды өткізу мүмкіндігін, ірі эпикардиялық тамырлардағы қан ағынының сызықтық жылдамдығын рентген әдісімен анықтау.

Корреляция () — организмнің әр түрлі бөлшектерінің (торша, ұлпа, орган, жүйе) құрылысы мен қызметіндегі ара байланыс, үйлесімдік, сәйкестік. Оның арқасында организмнің ішкі ортасының тұрақтылығы сақталып және ол тіршілік ортасының жағдайларына бейімделеді.

Корти (А.М.Korti, 1822-1876, итал.анат.) мүшесі (Кортиев орган) — Жоғары сатыдағы жануарлардың ішкі (түпкі) құлағының иірім түтігінде (ұлуда) орналасқан күрделі дыбыс қабылдау мүшесі.

Кортикостероидтар (Кортикостероиды) — бүйрек үсті безінің қыртыс бөлімінде түзілетін биологиялық белсенді заттар.

Кофактор () — ферменттер әрекет ету үшін қажет белокқа жатпайтын заттар. Кофактор аорганикалық элемент те, органикалық зат та болуы мүмкін.

Кофермент () — фермент әрекет ету үшін қажет органикалық кофактор. Кофермент молекуласында белсенді орталық ролін негізінен дәрмендәрілер атқарады.

Кохлеар мүшесі (Кохлеарный аппарат) — қ. Ұлу.

Көбек (Фистула) – ішкі мүшелер қуысына арнаулы операция арқылы орнатылатын түтік.

Көбею (Размножение) — организмнің өзіне ұқсас, өзіне тән ұрпақ беру процесі. Көбею екі жолмен — жыныссыз (вегетативтік) және жыныстық — жүреді. Жыныссыз жолмен көбейгенде организмнің бір бөлігі үзіліп, одан жаңа дарақ дамиды, ал жыныстық жолмен көбейгенде аталық және аналық жыныс торшаларының қосылуынан жаңа организм пайда болады.

Көз (Глаз) — көру мүшесі. Көз алмасынан және қосалқы аппараттан тұрады. Қосалқы аппаратқа көз алмасының еттері, конъюктива, жылауық бездер, астыңғы және үстіңгі қабақтар жатады.

Көз алмасы (Глазное яблоко) — көз шарасында орналасатын көру мүшесі.

Көз бұршақ (Хрусталик) – омыртқалы жануарлар көз алмасында қарашықтың артында орналасқан мөлдір, дөңес, жарық сәулесін сындыратын денешік.

Көз жыпылық – қ. Нистагм.

Көз нерві – қ. Көру нерві.

Көз тосқауылы (Гемато-офтальмический барьер) — көз шылауығының құрамын, қасаң қабықтағы, көз бұршағындағы және көздің басқа құрылымдарындағы зат алмасу процесін реттей отырып, көздің мөлдір құрылымдарын қорғайтын, олардың мөлдірлігін қамтамасыз ететін физиологиялық механизм. Бұл тоспаның анатомиялық негізін қан мен шылауық арасындағы алмасу процесін реттейтін қан капиллярлары эндотелийі мен кірпікті дене эндотелийі құрайды.

Көз түбі (Глазное дно) — офтальмоскоппен қарағанда көрінетін көз алмасының ішкі қабығының артқы бөлігі. Ол көру нервінің дискасын, торлы қабықша мен оның тамырларын, тамырлы қабықшаны қамтиды.

Көз шарасы (Глазница) — бассүйектің алдыңғы жағындағы көз алмасы орналасатын қос ойық.

Көздің алдыңғы камерасы (Передняя камера глаза) — қасаң қабық пен көз қарашығының арасындағы іші шылауыққа (көз сұйығына) толы қуыс.

Көздің артқы камерасы (Задняя камера глаза) — нұрлы қабық пен көз бұршағы аралығындағы шылауыққа (мөлдір сұйықтыққа) толы шағын кеңістік.

Көздің оптикалық жүйесі (Оптическая система глаза) — көз алмасындағы сындырғыш құрылымдар жиынтығы. Оған көздің қасаң қабығы, көз бұршағы, шыны тәрізді дене жатады. Осы жүйенің үйлесімді қызметінің нәтижесінде заттың кескіні көздің торлы қабығына дәл сындырылады.

Көгілдір дақ (Голубое пятно) — ромбы тәрізді шұңқырдың бүйір беткейіндегі ойық. Оның түсі күшті боялған торшалардың болуымен байланысты. Көгілдір дақта көп мөлшерде норадреналин мен дофамин болады.

Көк бауыр (Селезенка) — құрсақ қуысында орналасқан, иммундық, сүзгілеу, қан түзу қызметтері тән тығыз мүше. Ол зат алмасу процесіне де қатынасады.

Көшірілу (Транскрипция) – торша ішінде генетикалық ақпараттың таралуының бірінші сатысы. Осының нәтижесінде ДНК матрицасында ақпараттық РНК (аРНК) пайда болады. Кері транскриптаза ферментінің әсерімен қайта көшірілу процесі де атқарылады. Оның нәтижесінде ақпараттық РНК-дан мәлімет ДНК матрицасына беріліп, ДНК түзіледі.

Көк тамыр (Вена) - қанды шеткей мүшелерден жүрекке жеткізетін қан тамырлары.

Көкбауыр тосқауылы (Гемато-лиенальный барьер) — қан мен көкбауыр капиллярлары арасындағы реттегіш және қорғағыш қызмет атқаратын механизм. Көкбауырдың өзіне ғана тән ортаны қалыптастырады.

Көкет — Көкірек қуысы мен құрсақ қуысын бөліп тұратын шандырлы ет перде.

Көктамыр қақпақшасы – қ. Вена қақпақшасы.

Көкірек – қ. Кеуде.

Көкірек қуысы – қ. Кеуде қуысы.

Көлденең жолақ ет ұлпасы (Поперечнополосатая мышечная ткань) — жоғары сатыда дамыған жануарлар қимыл әрекеттерін қамтамасыз ететін қаңқаның бұлшық еттері, тән еттері.

Көлкү (Инфильтрация) – организм ұлпасына биологиялық сұйықтардың (қан, лимфа т.б.) шығуы. Физиологиялық И. айырша безде, лимфа түйіндерінде кездеседі. Патологиялық инфильтрация қабыну негізінде, әр түрлі ісіктердің салдарынан туындайды. Емдік инфильтрация дәрілер екенде (мыс., новокаин) байқалады.

Көмекей, Көмей (Гортань) — адам мен омыртқалы жануарлардың шеміршек, ет және сіңірден тұратын тыныс алу жолының бастапқы бөлімі. Көмекейде дыбыс шығару аппараты орналасады. Көмекей қуысының алдыңғы жағы тыныс алу саңлаулары арқылы жұтқыншаққа, артқы бөлімі кеңірдек қуысына жалғасады.

Көмекей саңлауы (Гортанная шель) — тілдің арт жағындағы, кеңірдекпен жалғасар жердегі саңлау.

Көмкерме торшалар (Обкладочные клетки) — қарын түбінің кілегей қабағындағы тұз қышқылын бөлетін торшалар.

Көмірсу алмасуы (Углеводный обмен) – адам мен жануарлар организмінде жүретін көмірсулар өзгерістері. Көмірсулар алмасуында бірнеше кезеңдерді ажыратады. Олар азық құрамындағы көмірсулардың қорытылуы, моносахаридтердің ішек қуысынан сорылуы, глюкозаның гликоген түрінде

денеде жинақталуы немесе оның қуат көзі ретінде пайдаланылуы, гликогеннің айналымға қосылуы, глюкозаның гликолиз нәтижесінде пайда болған аралық өнімдерден және көмірсуға жатпайтын заттардан түзілуі, глюкозаның май қышқылдарына айналуы, глюкозаның CO₂ мен пентозалар түзе тотығуы.

Көпқабатты эпителий (*Многослойный эпителий*) — қынап, несеп-жыныс жолдарының кілегей қабығы түзетін бірнеше қабатты торшалар қабықшасы.

Көпсу (*Гиперплазия*) – мүшенің қызметінің күшеюі немесе ұлпада патологиялық процестің (мысалы, ісік) басталуы салдарынан торшалар, торшалық құрылымдар, торша аралық талшықты түзілістер санының көбеюі.

Көпіршік, ұяшық - қ. Альвеола.

Көру (*Зрение*) – көру жүйесінің түрлі заттардан шашыраған немесе шағылысқан сәулелер энергиясын түрлендіру қызметі. Жанар негізінде фоторецепция процесі жатады.

Көру төмпешіктері (*Зрительные бугры*) — аралық мидың бүйір жағында орналасқан жұмыртқа пішінді сұр зат.

Көру төмпегі – қ. таламус.

Көру талдағышы (*Зрительный анализатор*) — сыртқы ортадағы заттар мен денелердің сипаттарының мида бейнеленуін қамтамасыз ететін сезім мүшесі.

Көру нерві (*Зрительный нерв*) — бассүйек-ми нервтерінің екінші жұбы. Жарықтың әсерінен көздің торлы қабығының нейроэпителиальды торшаларында пайда болған қозуды мидың тиісті бөлімдеріне жеткізетін нерв.

Көру пигменті (*Зрительный пурпур*) — көздің торлы қабығындағы жарыққа сезімтал торшаларда болатын түсті, күрделі белокты зат.

Көру пурпуры – қ. Көру пигменті.

Көтен ішек – қ. Тік ішек.

Көтерем – қ. Сүлдер.

Краниальдық – қ. Алдыңғы жақ.

Креатин () — бұлшық ет пен мидағы энергия қоры болып табылатын фосфокреатиннің құрамына енетін, құрамында азоты бар қышқыл.

Критинизм () — қ. Нақұрыстық.

Краузе (W.I.F.Krause 1833-1910, нем.анат.) сауытшасы Колбы Краузе — теріде орналасқан қабықшалы рецепторлар. Олар суықтықты қабылдайды деген болжам бар.

Кребс айналымы (*Цикл Кребса*) – активтенген сірке қышқылының денеде айналымды ферментативтік процестер арқылы көмір қышқыл газ бен суға дейін толық тотығуы. К.а. организмде көмірсулар, майлар және белоктар ыдырауының соңы, ақырғы кезеңі болып табылады. Осы реакциялар нәтижесінде организм тіршілік әрекетіне қажет энергия жинақталады. К.а. тыныс алу және гликолиз процестерімен тығыз байланысты. Бұл құбылысты ағылшын биохимигі Х.А.Кребс (H.A.Krebs, 1900-1981, ағ.биохим.) ашқан.

Кринотропты гормондар – қ. Гипофиздің тропты гормондары.

Кутикула () — қ. Сірлі қабықша.

Күйлегіш жануарлар (*Полиэстричные животные*) — шағылысу маусымында бірнеше дүркін күйлейтін жануарлар.

Күйсеу – қ. Шайнау.

Күйт (*Охота*) — малдың, жануардың жыныстық қозу салдарынан күйлеуі.

Күйт басы – қ. Проэструм.

Күйт кезеңі (*Период охоты*) — жыныс гормондарының әсерінен аналық малдың шағылысуға құштарлығы.

Күйт қайту (*Метэструм*) — жыныс мүшесі көлемінің кішірейіп, жатыр мойыны жабылған соң шылымның (шырышты заттың) бөлінуі тоқтап, аналық күйітінің тоқтауы, басылуы.

Күйт ойнақ (*Игры брачные*) — жануарлардың аталық және аналық дарактарының жұптасу, шағылысу маусымында көрсететін күрделі мінез-қылықтық реакциялары.

Күйт сәні (*Брачный наряд*) —көбею маусымы кезінде жануарлардың сыртқы кейпі мен реңінің өзгеруі, құлпыруы.

Күйттену кезеңі (*Брачный период*) — көбею, өркендеу маусымының басталуы.

Күйік (*Ожог*) — жоғары температура, электр тоғы, күшті қышқыл не сілті және басқа химиялық заттардың әсерімен ұлпалардың зақымдануы.

Күйіс қайырмайтын жануарлар (*Нежвачные животные*) — қарны бір бөлімді, күйістемейтін жануарлар.

Күйіс қайыру (*Жвачка*) — мал қабылдаған жем-шөптің азықтандыру аралығында мес қарыннан ауызға қайтарылып, мұқият шайналуы. Күйіс қайтару ірі қара, түйе, қой-ешкіге тән.

Күйістеу – жайылу немесе азық жеу аралығындағы тыныстауда күйіс қайыру

Күйістеу кезеңі (*Жвачный период*) — мес қарын жынын ауыз қуысына қайта қайтарып, мұқият шайнау мерзімі. Оның ұзақтығы мес қарын жынының сипатына (консистенциясына), малдың тоқтығына, тәулік мерзіміне, азықтың сапасы мен мөлшеріне, сыртқы орта жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Қалыпты азықтандыру жағдайында тәулігіне 6-12 күйістеу кезеңі байқалады да, оның әрқайсысы 30-50 мин. созылады.

Күйістік – мал бір лоқсыған кезде мес қарыннан ауыз қуысына оралған жын мөлшері.

Күйт басы – қ. Проэструм.

Күретамыр қойнауы (*Каротидный синус*) — күре тамырдың ішкі және сыртқы тармақтарға бөлінер жерінде кеңейген бөлігі. Осы жерде баро- және хеморецепторлар болады. Олар керілу нәтижесінде тітіркенген кезде қан тамырлары кеңейеді, артерия қысымы төмендейді, жүрек жұмысының ырғағы баяулайды, қанның химиялық құрамы өзгереді.

Күре тамыр рефлексі (*Синокаротидный рефлекс*) — күре тамырды қысқан кезде шеткей тамырлардың рефлекторлы түрде тарылып, қан қысымының

жоғарылауы. Мұндай жағдайда күре тамырдың рефлексогендік аймағынан сопақша мидағы тамыр қозғағыш орталыққа Геринг (Н.Е. Hering, 1866-1948, нем. физиол.) нервiмен импульстердің келуінің азаюы салдарынан симпатикалық тамыр тарылтқыш нервтер тонусы жоғарылайды.

Күретамыр түйіні (*Каротидные тельца*) — каротид синусында орналасқан хеморецепторларға бай денешік. Ол қанның химиялық құрамының тұрақтылығын сақтауда маңызды роль атқарады.

Күре тамырдың рефлекс тудырушы аймағы – қ. синокаротидтік рефлексогендік аймақ.

Күрсіну (*Вставочный вдох – вздох*) — терең дем алып, екпінді дем шығарумен сипатталатын дем алыстың бір түрі. Тыныс алудың физиологиялық компоненті болып табылады. Ондаған тіпті жүздеген қалыпты дем алудан соң қайталанып отырады. Күрсінуден соң тыныс тынымы ұзарып, тыныс ырғағы өзгереді. Күйзеліс кезінде күрсіну жиілейді, оқыс күрсіну организмде оттегі жетіспеген жағдайда және тыныс орталығы шектен тыс қозған кезде байқалады. Қалыпты жағдайда күрсіну арқылы организмнің оттегіне сұранысы мен онымен сыртқы тыныс арқылы жабдықталу деңгейі үйлестіріліп отырады.

Күшейту (*Активация*)- қ. Жандандыру.

Кілегей – қ. Шырыш.

Кілегейлі без (*Железа слизистая*) — кілегейлі, шарышты секрет бөлетін без, мыс, бұғақ безі.

Кілегейлі қабық (*Слизистые оболочки*) — қуыс органдардың ішкі жағындағы эпителиймен қапталған жұқа қабықша.

Кіндік (*Пупок*) — үзілген кіндік бау кеуіп түскеннен соң денеде қалатын тыртық.

Кіндік бау (*Пуповина*) — адам мен қағанакты жануарлар ұрығын аналық организммен жалғастыратын ызбабау тәрізді құрылым.

Кіреберіс (*Преддверие*) — ішкі құлақтың иірімді түтігі мен жартылай иірім түтіктер (өзекті доғалар) аралығында орналасқан кішкентай қуыс. Ол екі бөлікке — *сопақша қуысқа* (қапшыққа) және *дөңгелек қуысқа* бөлінеді. Сопақша қуыс жартылай иірім түтіктермен, ал дөңгелек қуыс-иірімді түтіктермен (ұлумен) жалғасады.

Кірлігу – торшалар тобының бірқабатты шарананың (ұрықтың) ішкі қуысына енуі арқылы қосқабатты шарана (гаструля) түзуі.

Кірпік қағу (*Мигание*) — көздің қасаң қабығының немесе конъюнктивасының тітіркенуінен туындайтын сақтану рефлексі.

Кірпікшелер (*Реснички*) – торшалардың немесе жалғыз торшалы организмдердің қысқа цитоплазмалық өсінділері. Олар қимыл немесе сезіну органеллалары болып табылады.

Кірпікшелі торшалар (*Мерцательные клетки*) — беткейінде кірпікшесі бар эпителий торшалары.

Кіріккі (*Крипты*) — ащы ішектің кілегейлі қабығындағы без орналасқан ойық.

Кіші қан айналым шеңбері (*Малый круг кровообращения*) — жүректің оң жақ қарыншасынан қанды өкпе арқылы сол жақ жүрекшеге жеткізетін қан айналым жүйесінің бір бөлігі.

Қ

Қабак безі (*Мейбомиевы железы*) — қабақты құрайтын ұлпада орналасқан, қабақты майлап, көз жасының ағуын тежейтін без.

Қабық (*Оболочки*) — эпителий мен оған жабысқан ұлпалардан құралған құрылым. Олар органдарды қаптап, қуыстарды астарлайды, түрлі секреттер (сероза, кілегей) бөледі.

Қабықша (*Капсула*) – жануарлар мүшелерін орап жататын қабықша.

Қабықшалану (*Инкапсуляция*) — сыртқы әсерден, бөгде заттардан қорғайтын дәнекер қабықшаның түзілуі.

Қабылдағыш аймақ (*Рецептивная зона*) – белгілі сезім жүйесі қабылдағыштарының (рецепторларының) шоғырланған жері. Рецептивті аймақ қабылдаушы (рецепторлық), сүйеніш және қосалқы элементтер жиынтығынан құралады. Мысалы, торлы қабық, иістік эпителий.

Қабылдағыш аумақ (*Рецептивное поле*) – тітіркендірген кезде белгілі бір құрылымның (сезімтал нервтің, сезімтал нейронның) белсенділігінің өзгеруін туындататын сезімтал нерв ұштары шоғырланған аумақ.

Қабылдағыш торша (*Рецепторная клетка*) – тітіркендіргіштер әсерін мембранасындағы арнаулы рецепторлық белок арқылы қабылдайтын нерв немесе эпителий торшасы.

Қабылдау (*Рецепция*) – рецепторлардың тітіркендіргіш энергиясын қабылдап, оны нервтік қозуға түрлендіруі.

Қабылдаушы (*Реципиент*) – қанды немесе басқа ұлпаны қабылдаушы организм.

Қабылдаушы белок (*Рецепторный белок*) – мембрананың белгілі бір бөлігінде орныққан және оның тітіркендіргіш әсеріне талғамды сезімталдығын қалыптастыратын күшті маманданған белок молекулалары. Олар рецепторлық торшалардың қабылдағыш аппаратында (антеннасында), фоторецепторлардың сыртқы сегментінде, сезімтал нейрондар дендриттерінің терминальдық тармақтарында орын тебеді. Сыртқы әсер салдарынан осы белоктардың пішіні өзгереді де, нәтижесінде мембрананың иондарға өтімділігі өзгеріп, рецепторлық потенциал туындайды.

Қабылдағыштар (Рецепторы) – сезім жүйесі физиологиясында бұл атау сыртқы әсер энергиясын қабылдап, түрлендіріп, нерв орталықтарына бағыттап отыратын өте күшті машықтанған құрылым. Рецептор сезімтал нейрон дендритінің ұшы немесе сенсорлық (сезімтал) нейрон түрінде болуы мүмкін. Бұлар тікелей сезінетін Р. Сонымен қатар Р. эпителиальды торшалар түрінде де болуы мүмкін. Олар сатылы сезінетін Р. болып табылады. Барлық рецепторлар мембранасында тітіркендіргіш әсерін қабылдайтын арнаулы бөлік болады. Бұл жерде рецепторлық белок шоғырланады.

Қабылдау аймақтары – қ. Сезіну аймақтары.

Қабыршықты ядро – қ. Жасымық тәрізді ядро.

Қабілет (Потенция) – қандай бір болмасын әрекет атқаруға қабілеттік.

Қағанақ (Амнион) - экто- және мезодерма қатпарлары түрінде дамитын ұрық қапшығы. Бұл қатпарлар шеті бітискеннен соң ұрық бірден екі қабат қабықшаның (ішкі — амнион, сыртқы — серозалық) ішінде қалады. Амнион ішінде сұйық жиналады да, ол ұрықты семіп қалудан, зақымданудан сақтайды.

Қағанақтылар (Амниоты) - құрлықта тіршілік етуге бейімделген омыртқалы жануарлар (бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүт қоректілер). Олардың ұрықтары амнион және аллантоис деп аталатын қос қабықпен қапталады.

Қағанақ сұйығы (Аминиотическая жидкость) Құрсақтағы ұрықтың айналасындағы сұйық.

Қағанақсыз жануарлар (Анамниоты) — ұрығында қағанағы болмайтын жануарлар, мысалы, балықтар мен қос мекенділер.

Қажу (Утомление) — ұзақ және ауыр жұмыстың салдарынан пайда болатын ерекше функционалдық күй. Организм қажыған кезде бұлшық еттің жұмыс қабілеті төмендейді, дене қимылының үйлесімі нашарлайды, рефлекс мерзімі ұзарады, белгілі бір әрекет атқаруға қажетті энергия шығыны артады.

Қажығыштық (Утомляемость) — организмнің немесе оның жеке мүшелерінің қажу процесіне ұшырауға икемділігі.

Қайта жандандыру (Реанимация) – организмнің тоқтауға жақын немесе тоқтап қалған қызметтерін қайта жаңғыртуға, қалпына келтіруге бағытталған ем шараларының жиынтығы.

Қайта қалыпқа келтіру (Регенерация) – тіршілік әрекеті барысында организм құрылымын жаңарту, патологиялық процестер салдарынан жойылған құрылымдарды қалпына келтіру.

Қайталанған жалпылама жауап (Вторичные генерализованные ответы) — ми қыртысының ауқымды аймағында бір мезетте тіркелетін жасанды тудырылған потенциалдар. Афференттік нервтерді, торлы құрылымды, қыртыс асты түйіндерді тітіркендірген кезде байқалады.

Қайтарымды – қ. Антидромный.

Қайтарымды байланыс принципі (Принцип обратной связи) — нерв орталығы әрекетімен туындаған өзгерістердің сол орталықтың

физиологиялық күйіне ықпал етуі. Мысалы, қан құрамындағы химиялық заттар деңгейі орталықтың күйін, әрекетін өзгертіп отырады.

Қайылық (Кайлык) — қодас пен сиырды будандастырғанда алынатын жануар.

Қайыршық сүйек (Каменистая кость) — ішкі құлақтың сүйекті шытырмағы (лабиринті) орналасқан сүйегі.

Кайромондар () — қ. Телегрон.

Қакпакша (Клапан) – қажетті жағдайда тесікті жауып қалатын құрылым.

Қақырық (Мокрота) — жөтелгенде тыныс жолдарынан бөлінетін шырышты зат.

Қалдықтар – қ. Экскременттер.

Қалқанша без (Щитовидная железа) — ішкі секреция безі. Тироксин, трийодтиронин, тиреокальцитонин гормондарын бөледі.

Қалқанша серік без (Околощитовидная железа) — қалқанша без ұлпасына кіріге, жабыса орналасқан жұп немесе қос жұп ішкі секреция безі.

Қалдық азот (Остаточный азот) - қан мен ұлпалардағы азотты қосылыстардың жиынтығы. Қалдық азоттың негізін мочеви́на, амин қышқылдары (глутамин мен глутамин қышқылы), зәр қышқылы құрайды. Қалдық азоттың аз мөлшері креатин, креатинин, аммиак, пептидтерден (глутатион) құралады. Қан құрамындағы қалдық азот мөлшері бүйрек қызметі бұзылғанда, белок катаболизмі күшейгенде байқалады.

Қалдық ауа (Воздух остаточный) — терең дем шығарылғаннан соң өкпе альвеоларында қалатын ауа мөлшері. Адамда ол 1 л, ал жылқыда 10 л шамасында.

Қалдық ауа (Остаточный воздух) — барынша терең дем шығарылғаннан кейін тыныс алу мүшесінде қалып қоятын ауа.

Қалқанша серік без (Паращитовидные, околощитовидные железы) — қалқанша безге жабыса орналасқан ішкі секреция безі.

Қалта (Дивертикул) – өзекті мүшелер (өңеш, ішек, қуық) қабырғасының қалталанып, бұлтиюы, томпаюы.

Қалшию (Оцепенение животных) — салқын қанды (пойкилотермді) жануарлардың ортаның қолайсыз жағдайларынан (аптау, қақаған аяз, құрқақтық, аштық) өту үшін тіршілік әрекеттерін күрт төмендетуі. Жылы қанды жануарлардың қатып қалуға ұқсас құбылысын қысқы ұйқы деп атайды.

Қалып сақтау рефлекстері (Статические рефлексы) — тыныштық, қимылсыз жағдайда (түрегеліп тұрған, не жатқан кезде) дененің қалыпты кейпін, тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз ететін әрекеттер. Қ.с.р. кейіптену және тұлға түзеу рефлекстері болып бөлінеді. Кейіптену рефлекстері дененің тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз етеді. Тұлға түзеу рефлекстері дененің жасанды, рабайсыз қалыптан өзінің табиғи, қалыпты кейпіне келуін қамтамасыз етеді.

Қалыптан ауытқу (Аномалия) - қалыпсыздық, жалпы заңдылықтан ауытқу.

Қалыптастыру (Восстановление) — жұмыс атқарылғаннан кейін организмдегі физиологиялық және биохимиялық функцияларды бастапқы қалпына келтіру процестері.

Қампайма (Ампула) – түтікше мүшенің (мысалы, жас ағатын өзек, тік ішек т.б.б.) кеңейген бөлігі.

Қан (Кровь) — сұйық ұлпа (дәнекер ұлпаның бір түрі). Оның шамамен 55% плазмадан, 45% қан түйіршіктерінен (эритроциттер, лейкоциттер), құралады.

Қан ағым (Кровоток) — қанның қысым айырмасына байланысты тамырлар бойымен жылжуы. Қан тамырлармен бірсыдырғы ламинарлы) және иірімді (турбулентті) сипатта ағады. Оның алғашқы түрі майда тамырларда, екіншісі — ірі тамырларда, жүрек қуыстарында кездеседі.

Қан ағынының жылдамдығы (Скорость кровотока) — жалпы қанның немесе оның бөлшектерінің тамыр бойымен жылжу шапшаңдығы. Ол көлемдік және сызықтық жылдамдық болып бөлінеді. Белгілі уақыт аралығында тамырдың көлденең қиындысынан өткен қан мөлшерін қан ағынының *көлемдік жылдамдығы* деп атайды. Қан бөлшектерінің белгілі уақыт аралығында жылжып өткен жолын *сызықтық жылдамдық* дейді.

Қан ағынының көлемдік жылдамдығы (Объемная скорость движения крови) — қан тамырларының көлденең қиындысынан белгілі мерзім ішінде өткен қан мөлшері.

Қан ағысының сызықтық жылдамдығы (Линейная скорость движения крови) — белгілі мерзімнің ішінде қанның тамыр бойымен жылжу жылдамдығы. Денеде ең үлкен сызықтық жылдамдық қолқада, ал ең аз сызықтық жылдамдық — капиллярларда байқалады.

Қан аздық (анемия) - эритроциттер санының азаюымен, олардағы гемоглобин мөлшерінің төмендеуімен, немесе қанның жалпы массасының кемуімен сипатталатын ауру.

Қан айналым (Циркуляция крови) — қанның тамырлармен ағуы.

Қан айналым шеңбері (Круг кровообращения) — қанның тамырлар бойымен жүрген жолы. Екі бөлімді жүрегі бар желбезекті жануарларда (дөңгелек ауыздылар мен балықтар) тек жалғыз қан айналу шеңбері болады. Жүрегі үш және төрт бөлімнен тұратын, өкпемен тыныстайтын жануарларда екі қан айналу шеңбері (үлкен және кіші) болады.

Қан алмастыру (Переливание крови) — ауру адам немесе ауру мал тамырларына берермен (донор) қанын жіберу.

Қан газдары (Газы крови) — қан құрамындағы химиялық байланыстағы және ерітінді күйіндегі азот, оттегі, көмір қышқыл газы. Азот пен оттегі қанға атмосфералық ауадан келеді, ал көмір қышқыл газы организм торшаларында өндіріледі. Қан құрамында азот тек ерітінді күйінде аз ғана мөлшерде (1,2 көлем процент шамасында) болады. Оттегі мен көмір қышқыл газы негізінен химиялық қосылыс түрінде, тек аз ғана мөлшерде ерітінді түрінде болады.

Қан депосы (Депозит крови) — қ. Қан қоймасы.

Қан еріткіштер – қ. Гемолизиндер.

Қан кету – қ. Қансырау.

Қан қозғалысы – қ. Гемодинамика.

Қан қоймасы – адам мен жоғары сатыда дамыған жануарлар қаны жинақталатын мүшелер (бауыр, көкбауыр, тері).

Қан қысымы (*Кровяное давление*) — қан тамырларын кернейтін күш.

Қан плазмасы (*Плазма крови*) — қанның сарғыш түсті сұйық бөлігі.

Қан сарысуы (*Сыворотка крови*) — фибриноген белогынан ажыратылған қан плазмасы.

Қан табақшасы (*Кровяная пластинка, Тромбоциты*) – қан түйіршігі, қанның ұю процесіне қатынасады.

Қан тазарту – қ. Гемодиализ.

Қан тамырларының меншікті рефлекстері (*Собственные сосудистые рефлексы*) — тамырлардың өздерінің қабырғасында орналасқан рецепторлардың тітіркенуі салдарынан қан тамырлары арнасының өзгеруі.

Қан тамырларының қапталдас (ұштасқан) рефлекстері (*Сопряженные сосудистые рефлексы*) — қан тамырлары арнасының дененің әртүрлі мүшелерінде орналасқан рецепторлардың тітіркенуі салдарынан өзгеруі. Мыс., ауырсынту әсерінен қан тамырларының тарылуы, жылу әсерінен - кеңеюі т.с.с.

Қан тасу (*Гипертоническая болезнь*) — ұзақ мерзімдік қан қысымының жоғарылауымен сипатталатын сырқат.

Қан топтары (*Группа крови*) — бір түр дарақтарының иммунологиялық белгілеріне негізделген, эритроциттер құрамында агглютиногендердің, плазмада агглютининдердің болу-болмауымен ерекшеленетін қан типі.

Қан түзу (*Кроветворение, Гемопоз*) – қан түйіршіктерінің (эритроциттердің, лейкоциттердің, тромбоциттердің) пайда болып, дамып, жетілуі. Омыртқалы жануарларда бұл процесс нәтижесінде арнаулы қан түзуші органдарда жіктелмеген торшалар-гемоцитобластар — қан түйіршіктеріне айналады. Қан түзуші органдарға сүйек кемігі, лимфа түйіндері, көк бауыр, айырша без жатады. Ұрықтың дамуы кезінде қан түзу процесі бауырда да жүреді.

Қан түйіршіктері (*Форменные элементы крови*) — қанның торшалары – эритроциттер, лейкоциттер және тромбоциттер.

Қан улары (*Гемотоксиндер*) – организмде гемолиз процесін тудыратын микроорганизмдер бөлетін, немесе өсімдік не жануар тектес заттар.

Қан ұйық (*Тромб*) – қан тамырларында немесе жүрек қуыстарында пайда болатын қан ұйындысы.

Қан ұйымаушылық – қ. Гемофилия.

Қандауыр (*Перфораторий*) – сперматозоидтың жұмыртқа қабығын тесіп өтетін алдыңғы бөлігі.

Қанды айдау (қуу) кезеңі (*Период изгнания*) — жүрек айналымының қарыншалардан қанды тамырларға қуалайтын кезеңі. Бұл кезең екпінді және

баяу қуалау сатыларынан тұрады. Қ.а.к. изометриялық ширығу нәтижесінде қарыншалар қуысындағы қысым жүректен басталатын магистральдық артериялардағы қысымнан жоқарылаған кезде басталады. Осының салдарынан артериялар басталар жердегі жарты айшық қақпақшалар ашылып, қан алдымен қарқынды, соңынан баяу қуылады.

Қанды алмастыратын сұйықтар (*Кровезаменяющие жидкости*) — қан плазмасын алмастыру және оның құрамын түзету мақсатында қолданылатын шипалық ерітінділер. Оларға Рингер, Рингер – Локк және Тироде ерітінділерін жатқызады.

Қанды зэр (*Гематурия*) – бүйрек пен зэр жолдарының ауруы салдарынан зэр құрамында қанның пайда болуы.

Қанды сөл – қ. Гемолимфа.

Қанды ұйытқыш жүйе (*Свертывающая система крови*) — қанның ұюын, фибрин ұйықтарының пайда болуын қамтамасыз ететін күрделі жүйе.

Қанды ісік (*Гематома*) – қан тамырларының зақымданып, қан ұялау салдарынан пайда болатын ісік.

Қантамыр (*Кровеносный сосуд*) — бүкіл денеге қан тарататын түтікше құрылымдар.

Қантамырлар жүйесі (*Кровеносная система*) — бүкіл организмге қан тарататын, ұлпалар мен торшаларға қоректік заттардың жеткізілуін және олардан қажетсіз өнімдердің әкетілуін қамтамасыз ететін тамырлар мен қуыстар жиынтығы.

Қанның айналым мерзімі (*Время кругооборота*) — қанның қан айналым шеңберлерін бір рет айналып өткен уақыты.

Қанның бірсыдырғы ағысы (*Ламинарное движение крови*) — қан бөлшектерінің түзу сызық бойымен бірқалыпты араласпай ағуы. Мұндай жағдайда ағынның орта жағындағы бөлшектер шапшаң, ал шет жағындағы тамыр қабырқасымен жанасқан бөлшектер — баяу жылжиды.

Қанның иірімді ағыны (*Турбулентное движение крови*) — қан ағыны шапшаңдаған кезде оның иірімдене ағуы. Ағынның бұл түрі жүрек қарыншаларында, қолқаның сағасы мен иінінде систола кезінде байқалады. Иірімді ағынның пайда болуына қан тамырлары тарылған жерде қан ағысының сызықтық жылдамдығының шапшаңдауы себепкер болады.

Қанның оттектік сиымдылығы (*Кислородная емкость крови*) — оттегімен қаныққан 100 мл қандағы оттегі мөлшері. Қалыпты жағдайда бір мл. қанның оттектік сиымдылығы 0,19 мл оттегіге тең. 1г. гемоглобин 1,34-1,36 мл. оттегін қосып ала алады.

Қанның сілтілік қоры (*Щелочной резерв крови*) — 100 мл қандағы бикарбонаттар мөлшерімен сипатталынатын сілтілік көрсеткіш. Ол қанның буферлік жүйесінің функционалдық мүмкіндігін байқатады.

Қанның ұюы (*Свертывание крови*) — күрделі тізбектелген ферменттік процестер нәтижесінде қанның сұйық күйден қою, қоймалжың күйге айналып, қатуы.

Қанның ұю мерзімі (*Время свертывания крови*) — денеден тыс жағдайда қанның бөгде заттың беткейімен жанасқан сәтінен бастап қан ұйығының пайда болғанына дейінгі мерзім. Бұл көрсеткіш қанды ұйытқыш жүйенің белсенділігін сипаттайды.

Қанның іркілуі (*Застой крови*) — қан айналымының нашарлауы салдарынан (жүрек жұмысының ақауы, тамырлар тонусының бұзылуы т.б.) қанның дененің жеке бөлімдерінде, органдарында толастап, іркіліп қалуы.

Қансырау (*Кровотечение*) — жарақаттану салдарынан қан тамырларынан қанның сыртқа шығуы.

Қант тапшылық (*Гипогликемия*) – қан құрамында қант мөлшерінің калыптан төмендеуі.

Қант тасу (*Гипергликемия*) – қан құрамындағы қант мөлшерінің көбеюі.

Қанталау (*Геморрагия*) – қан тамырларының зақымдануы, немесе олардың қабырғасының өтімділігінің артуы салдарынан қанның тамырлардан ұлпаға шығуы (қанталу, қан құйылу) немесе қоршаған ортаға шығуы (қансырау).

Қанқа (*Скелет*) – жануарлар денесінің сүйекті арқауы.

Қапқыр (*Респиратор*) – тыныс алу жолын шаң-тозаңнан қорғау немесе жануарлардың тыныс алу процесін зерттеу мақсатында қолданылатын құрал.

Қаптал (*Бока*) — терінің жотадан бауырына қарай созылған бөлігі.

Қаптама (*Адвентиция*)- өңешті сыртынан қаптап тұратын дәнекер ұлпалы жұқа қабық.

Қапшықтану (*Инкапсулирование*) — белгілі бір құрылым немесе организм (ми, бактерия) төңірегінде кілегейлі немесе басқа тығыз қабықтың пайда болуы. Осының нәтижесінде олар сырт жағынан қоршалып, шектеледі.

Қара қабырға (*Истинное ребро*) — малдың төс сүйекпен тікелей байланысатын қабырғасы. Қалған қабырғалар төс сүйекпен шеміршек арқылы байланысады.

Қара төсемік (*Черная субстанция*) — ортаңғы мидың организмнің қимыл әрекеттерін басқару процестеріне қатысатын құрылымы.

Қарашық (*Зрачок*) — көздің нұрлы қабығының ортасындағы тесік. Ол көз түбіне өтетін сәуле мөлшерін реттеп отырады. Оның қызметі нәтижесінде көздің жарық күшіне бейімделі процесі жүреді.

Қарбу – қ. Пиноцитоз.

Қарта – қ. Жиiek ішек.

Қарым – қ. Қабілет.

Қарын (*Желудок*) — ас қорыту жолының алдыңғы жағында орналасқан кеңіген бөлігі.

Қарын бездері (*Железы желудочные*) — қарынның кілегейлі қабығында орналасқан бездер.

Қарын көбегі (*Желудочные фистулы*) — хирургиялық жолмен жасалған қарын қабырғасының тесігі. Бұл тесік арқылы қарын қуысына жол ашылып, кез келген сәтте қарын сөлі, қарын жыны алынады.

Қарын қалтқысы (*Привратник желудка*) — қарынның ұлтабар ұшымен жалғасатын жіңішкерген бөлігі.

Қарын қимылы (*Моторика желудка*) — қарын қабырғасындағы етті қабаттың әрекеті нәтижесінде туындайтын қимылдар.

Қарын сөлі (*Желудочный сок*) — қарын бездері мен қарынның кілегей қабығының жабынды эпителийінің әрекеті нәтижесінде бөлінетін өнімдер. Қарын сөлін үш түрлі безді торшалар бөледі. Олар пепсиноген өндіретін негізгі торшалар, тұз қышқылын өндіретін көмкерме торшалар және шырыш бөлетін қосымша торшалар. Қарын сөлі түссіз, иіссіз, қышқыл реакциялы сұйық.

Қарын сөлінің бөліну сатылары (*Фазы желудочной секреции*) — қарын сөлі бөлінген кезде ретімен байқалатын кезеңдер. Азық әсер ететін сезімтал құрылымдардың табиғатына қарай ол күрделі рефлекторлық («психикалық»), нейро-гуморальды және ішектік сатыларға бөлінеді. Алғашқы күрделі рефлекторлық саты түрлі сезім мүшелерінің (иіс, көру, есту) қозуы және ауыз қуысындағы, жұтқыншақтағы өңештегі механо- және хеморецепторлардың тітіркенуі салдарынан туындайды. Сөл бөлудің нейрогуморальды сатысы қабылданған азық қойыртпағының қарынның кілегей қабығымен жанасқан кезінен басталады. Ішек сатысы қарын жынының ішекке өтіп, оның кілегей қабығының тітіркенуінен туындайды.

Қарын түбі (*Фундальная зона желудка*) — қарынның кілегей қабығының ауқымды секреторлық бөлігі. Бұл аймақта негізгі және көмкерме торшалар орналасады да, ферменттер және тұз қышқылы бөлінеді.

Қарын фистуласы – қ. Қарын көбегі.

Қарын-ішек рефлексі (*Гастро-энтеральный рефлекс*) — қарын механорецепторларын тітіркендіргенде немесе қарын толған кезде ащы ішек пен тоқ ішектің алдыңғы бөліктерінің қимылының басталуы немесе күшеюі.

Қарынның пилорус бөлігі (*Пилорический отдел желудка*) — сүтқоректі жануарлар қарынының ішекпен жалғасатын тар бөлігі.

Қарынның фундальдық аймағы – қ. Қарын түбі,

Қарынның ішқақпалық бөлігі – қ. Қарынның пилорус бөлігі.

Қарынша (*Желудочек*) — жүректің денедегі қанды қан айналу шеңберлеріне айдайтын бөлігі.

Қасаң дене (*Мозолистое тело*) — алдыңғы ми жарты шарларының аралығындағы ақ заттың көлденең дәнекері, жалғауы.

Қасаң қабық (*Роговица*) — көз алмасының сыртқы ақ -фиброзды қабығының алдыңғы мөлдір бөлігі.

Қасарыс (*Рефрактарность, франц.*) – қозу жағдайындағы ұлпаның кенеттен әсер еткен тітіркендіргішке жауап бермейтін, әсерді елемейтін қасиеті. Нерв немесе ет ұлпасы қозғыштығының әрекет потенциалы туындаған кезде күрт төмендеуі.

Қасарысу кезеңі (*Рефрактерный период*) – ұлпа қозғыштығының тітіркендіргішке жауап бергеннен соң құлдырау, жойылу кезеңі.

Қаталау – қ. Шөл, Шөлдеу.

Қатқыл тип (*Астенический тип*) — дене бітімі жағынан бойшаң, ұзын сирақты, тар кеуделі, арықша келген адам не мал өкілі.

Қатқыл тұлға - қ.Қатқыл тип.

Қатпаршақ (*Книжка*) — күйіс қайыратын жануарлардың алдыңғы қарынының бір бөлімі.

Қатып қалу – қ. Қалшию.

Қауыз (*Скорлупа*) — жұмыртқаның (тұқымның) сыртқы қатты қабығы.

Қауырсын (*Перья*) — қанат бетін жауып, құс денесін сыртынан қаптап тұратын түзіліс.

Қауырсындану (*Оперение*) — құс организмін қоршаған ортаның қолайсыз жағдайынан қорғайтын қауырсын және мамық жабындының тебіндеп шығуы.

Қауышу рефлексі (*Обнимательный рефлекс*) — күрделі нейро-гуморальдық әсерлердің салдарынан аталық дарақтарда байқалатын жыныстық рефлекс.

Кесіп тастау (*Ампутация*) - сыртқы мүшелердің бірін (мысалы, қол-аяқты) кесіп тастау.

Қима – қ. Жиек ішек.

Қимыл әрекеттер (*Двигательные реакции*) — сезімтал нерв ұштарын тітіркендіру арқылы тудырылатын қимылдар.

Қимыл белсенділігі (*Активность двигательная*) — организм атқаратын ет қимылдарының жалпы мөлшері. Қимыл белсенділігінің деңгейі түліктік-түрлік белгі болып табылады және ол мінезбен тығыз байланысты.

Қимыл-қозғалыс рефлекстері – қ. Локомоторлық рефлексстер.

Қимыл орталықтары (*Двигательные центры*) — қимыл-қозғалыс талдағыштарының қыртыстық бөлімі шоғырланған ми жарты шарлары учаскелері.

Қимыл ядролары (*Двигательные ядра*) — ми бағанының қимылды реттейтін орталықтары.

Қимылдық қыртыс (*Двигательная кора*) — электр тоғымен тітіркендіргенде дененің белгілі бір бөлігінің қимыл әрекетін туындататын үлкен ми жартышарларының аймағы.

Қимылдың биологиялық түрі (*Биологическая форма движения*) — Материяның тірі күйіне тән өзгерістердің жиынтығы, тірі жүйенің тіршілігінің бейнесі, организмдегі зат алмасу процесі, өздігінен реттелу, өзін басқару, өркендеу процестері, тірі жүйелер арасындағы биотикалық және экологиялық қатынастар т.б. болып табылады. Қимылдың биологиялық түрі қимылдың қарапайым физикалық-химиялық түрлерінен құралған, бірақ олармен шектелмейді, ол материяның ерекше қозғалысы түрінде жаңа сипатқа, жаңа сапаға ие болады.

Қимылсыздандыру – жануарларды химиялық заттар әсерімен уақытша қимылсыздандыру, дәрменсіздендіру. Жануарды тасымалдау үшін немесе дәрігерлік көмек көрсету мақсатында қолданылады.

Қимылсыздық (Адинамия) - бұлшық еттердің шектен тыс әлсіреуінің салдарынан қимылдау, қозғалу қабілетінің жойылуы.

Қобу (Эрекция) – аталық жыныс мүшесінің қанға толып, қатаюы.

Қожырау кезеңі (Сухостойный период) — сүттену процесінің тоқтап, келесі төлдеуге дейін жойылатын кезеңі.

Қозғағыш жолдар (Двигательные пути) — ми қыртысының қозғағыш орталықтарынан шығатын қозғағыш нерв талшықтарының оқшауланған шоқтары. Проекциялық эфференттік төмендеу жолдары пирамидалдық және экстрапирамидалдық болып бөлінеді.

Пирамидалдық жол ми қыртысының қозғағыш орталықтарын тікелей жұлын мотонейрондарымен және ми нервтері ядроларымен жалғастырады. Экстрапирамидалдық жол ми қыртысының қозғағыш орталықтарын жұлын мотонейрондарымен және ми нервтері ядроларымен базальдық ядролар, аралық және ортаңғы ми орталықтары арқылы байланыстырады. Қозғағыш жолдарға мишық жолдары да жатады. Мишық жолы мишық қыртысын оның өз ядролары мен қызыл ядро арқылы ми нервтері мен жұлынның қозғағыш ядроларымен жалғастырады.

Қозғағыш нейрон – қ. Мотонейрон.

Қозғалу – қ. Локомоция.

Қозғаушы мақсат – қ. Мотивация.

Қоздырушы потенциал – қ. Рецепторлық потенциал.

Қозу (Возбуждение) — тірі торшаның салыстырмалы тыныштық күйден белсенді әрекетке көшуі, тірі торшалардың сыртқы әсерлерге жауабы түріндегі белсенді физиологиялық процесс. Табиғи жағдайда қозар алдында сыртқы әсерлерді электр импульсіне айналдыратын процестер жүреді. Рецепторларда мұндай түрлену процесі нәтижесінде торша мембранасының шектеулі деполяризациясынан генераторлық потенциал пайда болады. Нейрон аралық синапстық байланыстарда — қоздырушы постсинапстық потенциал, ал нерв-бұлшық ет байланыстарында — шеткей табақша потенциалы пайда болады.

Қозу генерализациясы (Генерализация возбуждения) — Қозу процесінің иррадиациясына (таралуына) негізделген құбылыс. Осының салдарынан уақытша байланыстың пайда болуының алғашқы сатысында шартты реакцияны тек белгілі сигнал ғана емес, оған ұқсас басқа түрткілер де тудыра береді. Генерализация афференттік және эфференттік болып бөлінеді. Афференттік генерализацияда түрлі түрткілер белгілі бір реакция тудырады, ал эфференттік генерализацияда белгілі бір түрткі әртүрлі реакция туындатады. Шартты рефлексінің қалыптасуының барысында қозудың генерализация сатысы машықтану (мамандану) сатысына алмасады.

Қозу табалдырығы (*Порог возбуждения*) — қозғыш ұлпалардың арнаулы реакциясын тудыратын тітіркендіргіш күшінің ең аз шамасы.

Қозу толқыны – қ. Нерв импульстері.

Қозу ырғағын түрлендіру (*Трансформация ритма возбуждения*) — нерв орталықтарының (нейронның) келіп жеткен импульстер ырғағын өзгертетін қасиеті. Мысалы, афференттік талшықтарға жеке-жеке тітіркендіргішпен әсер еткенде, нейрон оларға импульстер легімен жауап береді. Бұл құбылыстың бірнеше себебі болуы мүмкін. Көбінесе қ.ы.т. ұзақ мерзімдік постсинапстық потенциалдың туындауының салдарынан бірнеше спайктың (қозу шыңының) пайда болуының нәтижесі. Оның келесі себебі — мембраналық потенциалдың іздік тербелісі болуы мүмкін.

Қозғалысыздық (*Акинезия*)– белсенді дене қимылының болмауы, қимыл әрекеттерінің жойылуы. Еркін қозғала алмау.

Қозғыш ұлпалар (*Возбудимые ткани*) — тітіркендіргіш әсерімен физиологиялық тыныштық күйден қозу жағдайына көше алатын ұлпалар. Барлық тірі ұлпаларға қозғыштық қасиет тән, бірақ физиология “қозғыш ұлпаларға” нерв, ет, без ұлпаларын жатқызады.

Қозғыштық (*Возбудимость*) — тірі торшалардың, ұлпалардың, органдардың, жалпы организмнің әртүрлі тітіркендіргіштер әсерінен физиологиялық белсенді күйге көше алатын қасиеті. Бұл атауды көбінесе нерв, ет, без ұлпаларындағы процестермен байланысты қолданады. Денедегі басқа ұлпалардағы процестерге байланысты “тітіркенгіштік” деген атау қолданылады.

Қозуды даралап өткізу заңы (*Закон изолированного проведения возбуждения*) — нерв талшықтарының қозу толқынын даралап өткізуі. Бұл қасиет нерв талшықтары қабығының оқшаулағыш (изоляциялау) қызметімен байланысты қалыптасады.

Қозуды қос бағытта өткізу заңы (*Закон двустороннего проведения возбуждения*) — қозу толқынының нерв талшықтары бойымен қос бағытта өткізілуі.

Қозудың жалпылануы – қ. Қозу генерализациясы.

Қозудың мембраналық теориясы (*Мембранная теория возбуждения*) — ОНЖ-де қозудың пайда болып, таралуын нейрондардың талғамды өтімділік қасиет тән мембранасының қасиетімен түсіндіретін теория.

Қоздырғыш синапстар (*Возбуждающие синапсы*) — артқы шептік (остсинапстық) мембрананың деполяризациялануы, қоздырушы постсинапстық потенциалдың туындауы нәтижесінде қозуды өткізетін синапстар.

Қойнау (*Синусы*) – түтікше мүшенің кеңейген, көлемденген бөлігі.

Қойыртпақтану – қ. Коагуляция.

Қолға үйрету (*Доместикация*) — жануарды қолға үйретіп, үйде өсіру.

Қолдан қоректендіру (*Искусственное питание*) — организмге қоректік заттарды қолдан енгізу.

Қолдан ұрықтандыру (*Искусственное осеменение*) — шәуетті аналық дарақтың жыныс жолдарына арнаулы құралдармен енгізу арқылы ұрықтандыру.

Қолданбалы биология (*Биология прикладная*) — биология жетістіктерін техникалық мақсатқа пайдаланатын ғылым салалары.

Қолқа (*Аорта*) - жүректің сол жақ қарыншасынан шығатын организмнің ең үлкен артериясы.

Қолқа қақпақшасы (*Клапан аортальный*) — сол жақ қарынша мен қолқа арасындағы жарты айшық қақпақша. Ол үш қалташадан құралып, диастола кезінде қанның қолқадан сол қарыншаға оралуына мүмкіндік бермейді. Қақпақша жүрек жұмысының изометриялы ширығу (кернеу) сатысында ашылып, изометриялы босаңсу сатысында жабылады.

Қолқаның рефлексогенді аймағы (*Аортальная рефлексогенная зона*) — қолқа иілімінің барорецепторлар шоғырланған және қолқа түйіні орналасқан бөлігі. Бұл аймақтың баро- және хеморецепторлары қан қысымының деңгейіндегі және қан құрамындағы өзгерістерді сопақша мидағы орталыққа кезеген нервтің депрессорлық (қолқалық) тармағы арқылы хабарлап (бағыттап) отырады.

Қорғансыздық (*Анафилаксия*) — организмнің белгілі бір заттың, қан сарысуының қайта егілуіне шектен тыс сезімталдығы.

Қорғаныш рең (*Мимикрия*) – жануардың бір түрінің түсі басқа жануарлар мен қоршаған ортадағы өсімдіктер, заттар реңіне ұқсастануы, сол түрдің қауыпсыздығы үшін пайдалы рең.

Қордағы ауа (*Воздух резервный*) — қалыпты дем шығарылғаннан соң организм зорлана дем шығарғанда бөліп шығаратын ауа мөлшері. Қалыпты дем шығарылғаннан кейін өкпеде қалатын ауа. Адамда оның 1,5 л, ал жылқыда 10-12 л шамасында.

Қордағы ауа (*Запасный воздух*) — қ. Ауа қоры.

Қорек орталығы (*Пищевой центр*) — организмнің қоректік реакцияларын реттейтін және ас қорыту жүйесі қызметін бағыттап, үйлестіріп отыратын ОНЖ-нің бір-бірімен әрекеттес құрылымдарының жиынтығы. Қ.о. тамақ ішу (азық қабылдау) және ас қорытумен байланысты психикалық, сезімдік және қимыл әрекеттерді қамтамасыз етіп, азықты шайнау, жұту, ас қорыту жолымен жылжыту, сөл бөлу процестерін үйлестіріп, реттеп отырады. Қоректік мінез-қылықты реттеуде маңызды рольді гипоталамус атқарады. Оның латеральдық ядроларында аштық сезімінің орталығы, ал вентромедиальдық ядроларында — тоқтық сезім орталықтары орналасады. Қоректік мотивацияны қалыптастыруда ми бағанының торлы құрылымы, лимбикалық жүйе және ми қыртысы маңызды роль атқарады.

Қоректен белсіздену (*Алиментарная импотенция*) — сапасыз азықтану, азық құрамында дәрмендәрілер мен минералды заттардың жетіспеуінен жыныстық қатынас мүмкіндігінің нашарлауы.

Қоректен қысырау (*Алиментарное бесплодие*) — қоректің сапасыздығынан (құрамында белок, көмірсулар, май, минералды заттар, дәрмендерілер жетіспеуінен) малдың төл көтермеуі, қысыр қалуы.

Қоректену (*Питание*) — зат алмасу процесінің алғашқы сатысы болып табылатын физиологиялық әрекет. Қ. қоректі заттарды қабылдау, оларды ас қорыту жолында ыдыратып қорыту, сіңіру, денеде ұқсату процестерін қамтиды.

Қоректік (*Алиментарный*) — қоректенумен және азықпен (тамақпен) байланысты түсінік.

Қоректік гипергликемия (*Алиментарная гипергликемия*) — тамақтанғаннан (азық қабылдағаннан) соң қан құрамында қант мөлшерінің көбеюі.

Қоректік зат (*Питательное вещество*) — азық құрамындағы қоректік, кенеулік (қуаттық) маңызы бар өнімдер.

Қоректік заттардың қуаттық коэффициенті (*Калорический коэффициент питательных веществ*) — қоректік заттың 1 грамы организмде тотыққанда бөлінетін қуат мөлшері. 1 грам белоктың қуаттық коэффициенті 17,6 кДж (4,1ккал). Бұл көрсеткіш 1 г көмірсу үшін 17,6 кДж (4,1 ккал), 1 г май үшін — 38,9 кДж (9,3 ккал).

Қоректік заттардың қуаттық құндылығы (*Калорическая ценность питательных веществ*) — рацион құрамында организм қабылдаған энергияның жалпы мөлшері. Ол рационға енген қоректік заттардың калориялық коэффициентіне байланысты болады.

Қоректік заттардың сіңімділігі (*Усвояемость питательных веществ*) — организм сіңірген қоректік заттардың мөлшері. Ол азықтың қорытылу деңгейіне және оның ыдырау өнімдерінің сінуіне байланысты.

Қоректік қозу (*Возбуждение пищевое*) — ас қорыту жүйесінің тамақ қабылдауға организмде жүретін процестердің сипаты мен қарқынын өзгертумен беретін жауабы. Ас қорытудың қарқындауы жағдайында организм эндогендік қоректену типінен экзогендік қоректену типіне көшеді. Бұл өзгерістер зат алмасу процесі қарқынының 20-40%-ке күшеюімен байқалатын тамақтың өзіндік динамикалық әсерімен сипатталады. Ас қорытудың қарқындауы бір жағынан ішек-қарын жолы қызметінің күшеюімен, екінші жағынан, ас қорыту орталығының қозуымен байланысты туындайды.

Қоршаған орта (*Окружающая среда*) — адам мен жануарлар мекендейтін, қоғамның өндірістік әрекеттерінен өзгеріп, құбылып отыратын табиғи кеңістік.

Қос жыныстылық (*Гермафродитизм*) – адам мен жануарларда қос жыныс белгілерінің кездесуі.

Қос құлақпен тыңдау (*Бинауральный слух*) — дыбысты екі құлақпен бірдей есту.

Қос көзбен көру (*Биноккулярное зрение*) — затты екі көзбен бірдей көру.

Қос мекенділер – екі түрлі ортада (мысалы, суда, ауада) тіршілік ете алатын организмдер.

Қосалқы жыныс белгілері – қ. Сыртқы жыныс белгілері.

Қосалқы қарындар – қ. Алдыңғы қарындар.

Қосарланған организмдер – қ. Парабионттар.

Қосарлану – қ. Парабиоз.

Қосмекенділік (*Амфибиальность*) - организмнің суда да, құрлықта да тіршілік қабілетін сақтауға бейімділігі.

Қосөрісті торшалар (*Биполярные клетки*) — екі өсінділі нерв торшалары.

Қосымша ауа (*Воздух дополнительный*) — қалыпты дем алынған соң организм әрі қарай зорлана қабылдай алатын ауа мөлшері. Адамда ол 1,5 л, ал жылқыда 10-12 л шамасында.

Қосылу (*Конъюгация*) – кейбір организмдердің екі дарағының қосылып, ядролық мүшелері мен цитоплазмасының біріне-бірінің араласуы.

Қошқылдану (*Гиперхроматия*) — гемоглобин мөлшерінің шектен тыс көбеюінің нәтижесінде эритроциттер реңінің қоюлануы, көшеюі.

Қос жармалы қақпақша (*Клапан митральный*) — сол жақ жүрекше мен сол жақ қарынша аралығында орналасқан, екі жармадан құралған қақпақша. Қарынша жиырылғанда қанды кері-жүрекшеге жібермейді.

Қосымша нерв (*Добавочный нерв*) — сопақша мидан басталатын бассүйек нервтерінің он бірінші жұбы.

Қуаң аймақ (*Аридная зона*) — шөл және шөлейт аймақ. Мұндай аймақтарда ауа райы көбіне бұлтсыз ашық, ауаның ылғалдығы аз, температурасы жоғары, әрі оның тәуліктік және жылдық ауытқулары үлкен болады.

Қуаттылық (*Калорийность*) — қоректік заттың қуаттық құндылығы. Организмде 100 г қоректік зат толық тотыққанда бөлінетін жылу мөлшері.

Қуық (*Мочевой пузырь*) — зәр жиналып уақытша сақталатын қуыс мүше.

Қуық без (*Предстательная железа*) — аталық жыныс жүйесінің маңызды қосалқы жыныс безі. Ол бөлген секрет шәует құрамына енеді.

Қуық тұтылу (*Ишурия*) — организмнің зәр бөліп шығара алмауы.

Қуыс веналар (*Полые вены*) — жүрекке вена қанын жеткізетін екі ірі вена тамырлар.

Қуыстық ас қорыту (*Полостное пищеварение*) — организм қабылдаған қоректік заттардың ас қорыту жолының қуысында ас қорыту сәлдері құрамындағы ферменттердің әсерімен ыдырауы.

Құбылмалылық (*Лабильность*) — қозғыш ұлпалар қызметінің тітіркендіргіш әсерінің сипатына бейімделе өзгеруі, функционалдық жылжымалылығы, олардағы қозу сатыларының өтуінің жоғары шапшаңдығы. Өзгергіштік өлшемі ретінде 1 с. ішінде ұлпалардың тітіркендіргіш жиілігіне сәйкес тудырып үлгеретін қозу толқынының саны қабылданған. Ең жоғары өзгергіштік нерв талшықтарына тән.

Құйрықты ядро (*Хвостатое ядро*) — қыртыс асты немесе базальдық түйіндер құрылымының бірі. Ол ми қыртысы мен таламустың арнауыс,

жалпылама ядроларынан сигналдар қабылдап, өзі бозғылт шар мен қара төсемікке импульстер жіберіп отырады, экстрапирамидалық жүйе құрамына еніп, қимыл-әрекеттерді қалыптастыруға қатынасады. Құйрықты ядроға көптеген қызмет тән. Ол шартты рефлексдерді, есті, эмоцияларды қалыптастыруға қатынасады.

Құлақтас (Отолиты) — вестибулярлық аппаратта орналасқан, әктен түзілген қиыршықтар.

Құлындау (Выжеревка) — биенің құлын тууы немесе биені құлындату.

Құнарлы белоктар (Полноценные белки) — құрамында барлық алмастырылмайтын амин қышқылдары бар белоктар.

Құнарлы қан (Сытая кровь) — тоқ мал қаны. Оны аш малға құйғанда олардың азық қабылдауға талпынуы төмендейді.

Құнарсыз белоктар (Неполноценные белки) — құрамында алмастырылмайтын амин қышқылдары толық емес белоктар.

“Құнарсыз” қан (“Голодная” кровь) — құрамында қорек орталығының бірден-бір тітіркендіргіші болып табылатын қоректік заттар аз қан. “Құнарсыз” қан туралы теория қазіргі кезде қабылданған тәбетті реттеу концепциясының негізіне алынған (метаболизмдік теория).

Құрау процесі – қ. Пластикалық процесс .

Құркұлақ (Цинга) — организмде С дәрімендерісінің тапшылығынан туындайтын дерт.

Құрсақ (Абдомен) - қ. Абдомен.

Құрсақ қабырғасы (Брюшная стенка) — құрсақ қуысын жан-жағынан шектеп тұратын жұмсақ ұлпалар жиынтығы.

Құрсақ қуысы (Брюшная полость) — көкірек қуысынан көкетпен бөлінген дене қуысы.

Құрсақ тығыршығы (Брюшной пресс) — құрсақ қуысында белгілі деңгейде қысым сақтауға жәрдемдесетін үш қабатты жалпақ бұлшық ет.

Құрсақтық даму кезеңі (Антенатальный период, Пренатальный период) — ұрықтың пайда болғаннан туғанға дейін ана құрсағында немесе жұмыртқа қауызының ішінде (жұмыртқа салушыларда) өтетін даму кезеңі. Антенатальдық кезең екі сатыда өтеді. Эмбриональдық (зиготаның пайда болған мерзімінен бастап, 12-ші аптаға дейін) және фетальдық (ұрықтық). Соңғы кезең бастапқы және соңғы пренатальдық сатыларға бөлінеді. Эмбриональдық кезеңде ұлпалар, органдар, дененің кейбір мүшелері қалыптасып, жіктеле бастайды, жүрек іске қосылады. Фетальдық кезеңде ұлпалар мен мүшелердің қалыптасуы аяқталады.

Құрсақтық нерв торы (Солнечное сплетение) — симпатикалық нерв жүйесінің құрсақ қуысында орналасқан көлемді де, маңызды торы. Ол құрсақ қолқасының астыңғы беткейінде (адамда алдыңғы беткейінде) көкеттің қолқа өтетін тесігінен бүйрек артериясына дейін созылып жатады.

Құсу (Рвота) — қарындағы ас қойыртпағының (жынның) ауыз қуысы арқылы сыртқа еріксіз шығарылуы.

Құсу орталығы (*Рвотный центр*) — құсу процесі кезінде қимыл-әрекет үйлестігін қалыптастыратын ОНЖ-дегі нейрондар жиынтығы.

Құрылымдық зат (*Пластический материал*) — дене құрамына енетін заттардың көзі.

Құртша (*Червячок*) — мишықтың ортаңғы бөлігі.

Құс сүт (*Зобное молочко*) — кептер тұқымдас құстар бөтегесіндегі безді торшалардан бөлінетін сүт тәрізді сұйық зат. Онымен құстар балапанын қоректендіреді.

Құсықсүт (*Молочко*) — көгершін жемсауынан (бөтегесінен) бөлінетін сүт тәрізді сұйық зат, онымен олар балапандарын қоректендіреді.

Қызтеке (*Гермафродит*) – адам мен жануарларда қос жыныстылықтың орын алуы.

Қызу аздық (*Гипотермия*) – дене температурасының қалыптан төмендеуі.

Қызу көтерілу (*Гипертермия*) – жылу реттеу процесінің бұзылуы салдарынан дене температурасының қалыптан жоғарылауы.

Қызыл тамыр - қ. Артерия.

Қызыл иек (*Десна*) — тістің түбін орнықтырып ұстайтын етті құрылым.

Қызыл ядро (*Красное ядро*) — ортаңғы мидың сұр заттан құралған құрылымы.

Қылтамырлар – қ. Капиллярлар.

Қылшық - қ. Түк. Шаш - қ. Түк.

Қымыздық қышқылы (*Щавелевая кислота*) — организмге қорекпен түсетін органикалық қышқыл.

Қынап (*Влагалище*) — аналық жыныс мүшесінің бір бөлігі.

Қырақтық (*Гиперметропия*) – көздің сәулені сындыру қабілетінің өзгеруі салдарынан кескіннің көздің торлы қабығының артында шоғырлануы.

Қырмалау (*Абразия*) - органды қырмалап тазарту әдісі (Мыс., жатырдың ішкі жағын, тіс ұясын т.б.).

Қыртыс-жұлындық жол – қ. Пирамидалық жол.

Қыртыссыздау – қ. Декортикация.

Қысқармай жиырылу (*Изометрическое сокращение*) — бұлшық ет талшықтарының ұзындығын өзгертпей жиырылуы.

Қысқы ұйқы (*Зимняя спячка*) — кейбір жылы қанды жануарлардың сыртқы орта температурасы төмендеген және қоректік заттар жетіспеген жағдайларда уақытша әрекетсіз, қимылсыз, жансызданып, мелшиіп қатып қалуы. Қысқы ұйқы кезінде денедегі зат алмасу қарқыны 20-100 есе төмендейді, дене қызуы 20° С-дейін суынады. Қысқы ұйқыға кететін жануарларды (кемірушілер, жарқанат т.б.) *гибернаторлар* деп атайды.

Қысқышет (*Сфинктер*) — өзінің жиырылуы нәтижесінде қуыс мүшеден шығатын өзекті тарылтатын немесе жауып тастайтын сақиналы сипаттағы етті құрылым.

Қысым (Давление) — бір дененің немесе заттың екінші дене (зат) бетіне перпендикуляр бағытта әсерленуі кезінде пайда болатын күш мөлшерін сипаттайтын физиологиялық шама.

Қысым арту (Гипертония) – қан тамырлары қабырғасының, бұлшық еттің т.б. ұлпалардың тонусының жоғарлауы.

Қысым градиенті (Градиент давления) — бірімен бірі жалғасқан қан айналым жүйесінің екі бөлігіндегі қан қысымының айырмасы.

Қысым көтеретін орталықтар – қ. Прессорлық орталықтар.

Қысым төмендеткіштер (Гипотензивные средства) — қанның артериядағы қысымын төмендететін заттар (дәрі-дәрмектер).

Қышқылдану - қ. Ацидоз.

Қышу (Зуд) — дененің белгілі бір бөлігін қасу әрекетін тудыратын түйсік.

Л

Лабильділік – қ. Құбылмалылық.

Лабиринт () – қ. Шытырмақ.

Лакмус () — қышқыл ортада қызыл түске, сілтілік ортада көк түске боялатын өсімдік пигменті. Оны әмбебап анықтағыш (индикатор) ретінде ортаның қышқылдық немесе сілтілік реакциясын ажырату үшін қолданады.

Лактаза () — ұйқы безі, ішек сөлдері құрамындағы сүт қантын (лактозаны) галактоза мен глюкозаға дейін ыдырататын фермент.

Лактация () — қ. Сүттену.

Лактоза () — қ. Сүт қанты.

Лактозурия () — зәр құрамында сүт қантының бөлінуі.

Лакторейя () — желіннің сүт ұстамауы, сүттің желін үрпінен тамшылап немесе саулап ағып кетуі.

Лактоскоп () — сүттің мөлдірлігін өлшеу арқылы сүт құрамындағы май мөлшерін анықтауға арналған аспап.

Лакундар (Лакуны) — органдар аралығындағы гемолимфамен немесе лимфамен толған қабықсыз қуыстар.

Лактогенді гормон (Г. Лактогенный) — гипофиздің алдыңғы бөлігінің лактация (сүттену) процесін жандандыратын гормоны.

Лангерганс аралшығы – қ. Аралшық без.

Лануго () — ұрық денесінің тұңғыш түгі, адам мен сүтқоректілер ұрығының денесін қаптаған нәзік түк талшықтары.

Ларингит () — көмекейдің қабынуы.

Латеральдық (Латеральный) — дененің бүйір беткейі.

Латенттік кезең – қ. Бүркеме (жасырын) кезең.

Латеральдық-акустикалық жүйе (Акустико-латеральная система) — омыртқалы жануарлардың өз денесі мен сыртқы ортаның жылжуын қабылдауға бейімделе маманданған механорецепциялық мүшелерінің жиынтығы. Ол сыртқы ортамен жанасқан бүйір сызық пен одан бөлектенген

бөлімнен — лабиринт шытырмақтан — тұрады. Бұл құрылымның алғашқысы тек суда тіршілік ететін жануарларда болады да, ол сұйық ортаның ығысуын және жануардың өз денесінің қимылдарын сезінуді қамтамасыз етеді. Ал лабиринт - жануар денесінің айналмалы қозғалысы, үдемелі қимылы жайлы хабарлардың туындауын қамтамасыз етеді.

Леватор () — көтергіш бұлшық еттер.

Лейк-, лейко- — күрделі сөздердің “ақ”, “лейкоцитке қатысты” деген мағына беретін құрамы.

Лейкемия () — ескірген термин. қ. **Лейкоз.**

Лейкоз () — лейкоциттер санының шектен тыс көбейіп, эритроциттер санының азаюымен сипатталатын қан ауруы. Қан түзуші торшалардан пайда болып, сүйек кемігін зақымдайтын ісіктің жалпылама атауы.

Лейкопения () — қанда лейкоциттер санының азаюы.

Лейкопоз () — лейкоциттердің түзілу процесі.

Лейкоцит () — қанның ядролы ақ тұйіршіктері.

Лейкоциттік формула (Лейкоцитарная формула) — қандағы лейкоциттер түрлерінің проценттік ара қатынасы.

Лейкоцитоз () — қандағы лейкоциттер санының көбеюі.

Лептоспироз () — дене қалшылы, сарғаюы, бұлшық ет пен буындардың ауруымен сипатталатын адам мен жануарлардың жұқпалы ауруы.

Летаргия () — қ. **Сырқатты ұйқы.**

Либеркюн бездері (Либеркюновы железы) — ащы ішек бүрлерінің айналасындағы кілегей қабық кіріккілерінде орналасқан бездер.

Лизин () — барлық белоктар құрамында кездесетін алмастырылмайтын амин қышқылы.

Лизис () — ферменттердің, қышқылдардың, сілтілердің т.б. заттардың әсерінен торшалардың еріп, оның құрылымдық сипатының бұзылуы.

Лизосома () — белоктарды, нуклеин қышқылдарын, липидтерді қорытатын ферменттердің резервуарлары болып табылатын торша органоиды.

Лизоцим () — гидролазалар тобындағы фермент. Бактериялар қабығындағы пептидогликан молекуласының гликозидтік байланысына әсер етіп, оны ерітеді.

Ликвор тосқауылы (Гемато-ликворный барьер) — қан мен ликвор (жұлын-ми сұйығы) арасындағы қорғаныстық қасиеті бар гистогематикалық механизм. Оның анатомиялық негізін капиллярлар қабырғасы, атап айтқанда глиалы торшалар (астроциттер) құрайды. Қалыпты жағдайда қаннан ливорға йод, азот қышқылы, салицил қышқылы қосылыстары, метилен бояуы, коллоидтар, иммунды денелер, антибиотиктер өтпейді. Қаннан ликворға алкоголь, хлороформ, стрихнин, морфин, сіреспе токсини оңай өтеді. Тосқауыл реттеуші және қорғаныстық қызмет атқарады. Кейбір зерттеушілер бұл механизмді энцефальдық (ми) тосқауылы құрамына енгізеді.

Лимбика жүйесі (Лимбическая система) — қызметі жағынан бір-бірімен тығыз байланысты көне қыртыс (гиппокамп, алмұрт бөлік, энториналық

бөлік, периамигдалоидық қыртыс) ескі қыртыс (белдемше қатпар, пресубикулум) және қыртыс асты құрылымдар (бадамша тәрізді кешен, шарбақ аймағы, таламус пен гипоталамустың біраз ядролары, ортаңғы мидың лимбикалық аймағы). Лимбика жүйесі вегетативті функцияларды, эмоциялар мен инсинктерді, ұйқы мен сергектікті реттеуде маңызды роль атқарады.

Лимбика-гипоталамус байланыстары (*Лимбико-гипоталамические связи*) — лимбикалық қыртыстың гипоталамустың алдыңқы ядроларымен нервтік байланыстары. Бұл арқылы лимбикалық қыртыс ішек қимылдарын, қан қысымын реттеу процесіне ықпал етіп, түрлі эмоциялармен байланысты сомалық және вегетативтік реакцияларды басқарады.

Лимбика-аралық ми гипногенді шеңбері (*Лимбико-среднемозговой гипногенный круг*) — лимбика жүйесінің гипокамп және бадамша тәрізді кешенінің, гипоталамустың латеральдық және преоптикалық аймақтарының, ортаңғы мидың лимбикалық аймақтарының бір-бірімен қызметі жағынан тығыз байланысты құрылымдарының жиынтығы. Бұл құрылымдар ұйқы мен сергектік күйді реттеуге қатынасады. Олардың қалыпты қызметі нашарласа ұйқы бұзылады.

Лимон қышқылының айналымы – қ. Кребс айналымы.

Лимф-, **лимфо-** — күрделі сөздің “лимфаға-сөлге, лимфа жүйесіне қатысты” деген мағына беретін құрамы.

Лимфа () — жануарлар денесінде қан плазмасының ұлпа аралық кеңістікке сүзіліп, одан әрі лимфа жүйесіне жиналуы нәтижесінде пайда болатын түссіз, сілтілі реакциялы (РН-7.4.-90) сұйық. Оның құрамында қан плазмасымен салыстырғанда белок аз болады. Сөл қан мен ұлпа арасындағы зат алмасу процесін қамтамасыз етеді.

Лимфа ағыны (*Лимфоток*) — лимфаның лимфа жүйесінің белгілі бір аралығындағы қозғалысы.

Лимфа айналымы (*Лимфообращение*) — лимфаның лимфа тамырларымен қозғалысы, одан әрі оның қанға құйылуы, ұлпаға өтуі және қайтадан лимфа тамырларына жиналуы.

Лимфа тамыры қақпақшасы (*Клапан лимфатического сосуда*) — лимфа тамырларының іш жағындағы бір-біріне қарама-қарсы орналасқан қос қалта тәрізді құрылым. Лимфаның жүреке қарай жылжуын қамтамасыз етеді.

Лимфа түзу (*Лимфообразование*) — ұлпа сұйығының өз құрамындағы торшалар, коллоидты бөлшектермен лимфа тамырына өтуі.

Лимфа түйіндері (*Лимфатические узлы*) — лимфа тамырларының жолында орналасқан домалақ, жұмсақ құрылымдар. Оларда лимфоциттер түзіліп, лимфа сүзіледі, бөгде заттардан тазарады.

Лимфалық жүйе (*Лимфатическая система*) — лимфа тамырлары мен олардың бойында орналасқан лимфа түйіндерінің функционалдық біртұтас бірлестігі. Ол ұлпалардан судың, коллоидты ерітінділердің, эмульсиялардың, ерімеген зат бөлшектерінің шығарылуын қамтамасыз етеді және лимфаны қан айналу жүйесіне құяды.

Лимфалық жүректер (*Лимфатические сердца*) — өздерінде орналасқан микронасостар көмегімен лимфаны лимфа тамырларына айдап отыратын көптеген қаңқа еттері.

Лимфалық сорап (*Лимфатическая помпа*) — ет пен сүйек арасында орналасқан ірі лимфа тамырларын жиырылған бұлшық еттің қысуы және соның салдарынан лимфаның жүрекке қарай жылжып ағуы.

Лимфангион () — лимфа тамырының тіркес орналасқан екі қақпақша аралығындағы бөлігі. Оның ұзындығы тамырдың мөлшеріне, түлік түріне қарай бірнеше миллиметрден ондаған миллиметр аралығында өзгеріп отырады. Әрбір лимфангион орталық етті манжеткадан, қақпақша синусының қабырғасынан және сол қақпақшалар бекітілген аймақтан тұрады. Лимфангионның етті манжеткасы миоциттерден және дәнекер ұлпа талшықтарынан құралады. Миоциттер көлбеу оралым құрай орналасады. Лимфангионға фазалық және тонустық жиырылу тән. Фазалық жиырылу лимфангионның сораптық қызметінің негізінде жатады және фазалық миоциттер әрекетімен атқарылады. Фазалық жиырылуды жеке қозу толқындары жандандырады және оның күші тамырдың диастолалық керілу деңгейіне қарай өзгеріп отырады. Тонустық жиырылу ырғақты қозу әсерінен жанданады және ол түрткінің жиілігіне, күшіне қарай өзгеріп отырады.

Лимфоидты мүшелер (*Лимфоидные органы*) — иммуногенез мүшелері. Сүтқоректі жануарларда оларға тимус (айырша без), көк бауыр, лимфа түйіндері, ас қорыту жолы мен сүйек кемігіндегі лимфоидты ұлпалар жатады. Лимфоидты мүшелер лимфоидты және торлы (ретикулярлы) ұлпалардан тұрады. Торлы ұлпа дәнекер ұлпаның бір түрі болып табылады, ол торлы негіз (строма), ал лимфоидты ұлпа — функционалдық паренхима құрады. Лимфоидты ұлпаның негізгі торшалық құрамын лимфоциттер, макрофагалық гистиоцит элементтері және плазмалық торшалар құрайды.

Лимфоциттер (*Лимфоциты*) — түйіршіксіз лейкоциттің бір түрі. Олар лимфа түйіндерінде, көк бауырда және сүйек кемігінде, лимфалық құрылымдарда пайда болады, иммунитетті қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Бұл торшалардың қомақты дөңгелек ядросы болады.

лиофильдеу (*Лиофилизация*) — тоңазытылған ұлпалар мен биологиялық сұйықтарды вакуумда кептіру әдісі. Лиофильдеу жағдайында су мұзды сублимациялау (сұйық күйге көшпей бірден булану) нәтижесінде шығарылады. Лиофильдеу тиімді қасиеттері жойылмаған белок препараттарын, қан плазмасы препараттарын т.б. дайындау үшін қолданылады.

Лип-, липо-, — күрделі сөздердің “май, майлы” деген мағына беретін құрамы.

Липаза () — гидролаза тобының үш глицеридтерді глицерин мен май қышқылдарына ыдырататын ферменті. Бұл фермент тек эмульсияланған майларға әсер етеді. Ол ұйқы безі, ішек және қарын сөлдері құрамында болады.

Липазалар (*Липолитические ферменты*) — майларды ыдырататын ферменттер.

липемия () — қан плазмасындағы липидтер мөлшері. Қан құрамындағы липидтер белоктармен қосылып, липопротеидтер түзеді.

Липидтер () – әртүрлі химиялық құрылысы бар май тектес заттар. Олар органикалық еріткіштерде жақсы ериді, суда ерімейді. Липидтер барлық торшалар құрамына еніп, көпжақты қызмет атқарады. Олар торша мембранасының құрамына енеді, қуат қоры болып табылады, денеде қорғағыш және жылу тұмшалағыш жабынды түзеді, торша өтімділігіне ықпал етіп, нерв импульстерін таратуға, бұлшық еттің жиырылу процестеріне қатынасады, торша аралық байланыстар түзеді.

Липоидтер (Липоиды) — май тектес заттардың ескірген атауы.

Липопротеиндер (Липопротеины) — құрамында простетикалық топ түрінде липидтер болатын күрделі белоктар. Олар барлық биологиялық мембраналардың, қан сарысуының құрамына енеді, нерв талшықтарының миелин қабығын құрауға қатысады, фоторецепторлық жүйенің қызметін қамтамасыз етеді, заттарды торша мембранасынан тасымалдау процесіне қатысады.

Липохром () — май құрамында болатын сары түсті бояғыш зат.

Локация () — организмнің өзі шығарып, объектерден кері жаңғырыққан сигналдар сипатын анықтау арқылы олардың мөлшерін, бағытын, қашықтығын аңғару. Локацияны кейбір жануарлар (жарқанат, дельфин) кеңістікті болжау мақсатына пайдаланады.

Локомоторлық рефлексдер (Локомоторные рефлексы) — организмнің кеңістікте қозғалуын қамтамасыз ететін рефлексдер.

Локомоция () – жәндіктер мен жануарларға өздерінің кеңістіктегі жағдайын өзгертуге мүмкіндік беретін ет пен басқа ұлпалардың үйлесімді қимылдары мен ширығуының жиынтығы (жүру, ұшу, жүзу, жылжу т.б.).

Лохия () — аналық босанғаннан (төлдегеннен) соң алғашқы күндері жатырдан шығатын бөлінді.

Люмбальдық (Люмбальный) — бел омыртқаға қатысты түсінік.

лютеиндеуші гормон (Г. Лютеинизирующий, ЛГ) — гипофиздің алдыңғы бөлігінің аналық безде сары дененің пайда болуын реттейтін гормоны.

Лютеотропты гормон (Г. Лютеотропный, ЛТГ) — Сары дененің эндокриндік қызметін реттейтін гормон.

М

Магма () — жатырдағы шырыш іспеттес масса.

Май (Жиры) — глицерин мен май қышқылдарынан құралған күрделі органикалық зат.

Май алмасу (*Жировой обмен*) — жануарлар организмінде майдың сінуі, түрленуі, түзілуі, өзгерістері. Денедегі май өзгерістері мен биосинтезінің жиынтығы.

Май басу (*Ожирение*) — бордақылаудан немесе зат алмасу және ішкі секреция бездерінің қызметінің бұзылуы салдарынан денеде майдың шамадан тыс жиналуы нәтижесінде дене массасының шектен тыс артуы. Адамның немесе малдың шамадан артық семіруі.

Май бездері (*Сальные железы*) — сүт қоректілер терісіндегі майлы өнім түзетін, шығару өзегі түк ұясында ашылатын бездер.

Май қоймасы (*Жировое депо*) — организмде май жиналатын жерлер (шарбы, шажырқай, шел, құйрық т.б.)

Май қышқылдары (*Жирные кислоты*) — тірі организм липидтерінің құрамына енетін қосылыстар. Олар жоғарғы май қышқылдары (құрамындағы көмір тегі атомының саны 12 ден көп) және төменгі (олар 12 ден аз) май қышқылдары болып бөлінеді. Қанықпаған май қышқылдары (линол, линолен, арахидон) алмастырылмайтын (эссенциальдық) қышқылдар болып табылады. Олар дайын күйінде сыртқы ортадан қабылдану керек, организмде түзілмейді.

Май ұлпасы (*Жировая ткань*) — торшаларында май тамшылары жиналатын дәнекер ұлпаның түрленген түрі.

Майда еритін дәрмендерілер (*Жирорастворимые витамины*) — майда еріп, суда ерімейтін, адам мен жануарлар организмнің қалыпты тіршілік әрекеті үшін өте аз ғана мөлшерде қажетті органикалық заттар. Оларға А, Д, Е, К дәрмендерілері жатады.

Майлар – қ. Липидтер.

Макро- — сөздің үлкен, ірі деген мағына беретін құрамы.

Макроконсумент () — басқа организмдерді немесе басқа организмдер синтездеген органикалық заттар бөлшегін жейтін гетеротрофты жануарлар.

Макроорганизмы () — мөлшері 500 микроннан үлкен организмдер.

Макросматиктер (*Макросматики*) — иіс сезу қабілеті жақсы дамыған жануарлар. Оларға адам мен маймылдан және киттен басқа барлық сүтқоректілер жатады. Мысалы, ит 1 л ауадағы иісті заттың бір молекуласын сезінеді. Бизон жауының жақындағанын 1 км қашықтықтан сезеді.

Макроэлементы () — тірі организмдер денесінде оның массасынан 0,001 ден 70% мөлшерін құрайтын химиялық элементтер (оттегі, сутегі, көміртегі, азот, фосфор, калий, кальций, күкірт, магний, натрий, хлор, темір т.б.). Макроэлементтер арасынан *органогендік элементтерді* (органогендерді) бөледі. Оларға органикалық заттардың — белоктардың, көмірсулардың, майлардың, ферменттердің гормондардың, дәрмендерінің негізін құрайтын оттегі, сутегі, көміртегі және азот элементтері жатады.

Макрофагалды жүйе – қ. Мононуклеарлы фагоциттер жүйесі.

Макрофагтар (Макрофаги) — организмге түскен бактериялар мен бөгде денелерді фагоцитоздық жолмен жойып, қорғаныстық қызмет атқаратын көк бауыр мен бауыр торшалары.

Макрофлора () — белгілі биоценоздағы өсімдіктер тобы.

Макроциты () — ірі эритроциттер.

Максимальды қысым – қ. Систолалық қысым.

Макула () — жоғары сатыда дамыған омыртқалы жануарлардың тепе-теңдік (гравитациялық) мүшесіндегі рецепторлық және сүйеніш торшалар жиынтығы.

Мақсатқа сәйкестілік – қ. Орындылық.

Мақұлықат – белгілі территорияны мекендейтін және ортақ жіктелу тобына жататын тіршілік иелері — тірі организмдер жиынтығы.

Мальтаза () — сілекейдің, ұйқы безі мен ішек сөлінің құрамында болатын, мальтозаны глюкозаға дейін ыдырататын фермент.

Мал дәрігер акушерлігі, ветеринария акушерлігі (Акушерство ветеринарное) - клиникалық ветеринарияның мал организмдегі жыныстық қатынаспен, төл көтерумен (буаздықпен), төлдеумен, төлдеуден соңғы кезеңмен байланысты туындайтын, сондай-ақ жас төлдер мен аналық желінінде дамитын физиологиялық және патологиялық процестерді қарастыратын саласы.

Мал шаруашылығы (Животноводство) — 1. Азық-түлік өнімдерін, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне қажет шикізат, дәрі-дәрмек препараттарын алу мақсатында және күш көлік ретінде мал мен пайдалы аң өсіру. 2. Үй жануарларын, оларды күтіп-бағу, өсіру тәсілдерін зерттейтін ауыл шаруашылығы ғылымының саласы.

Малазық өтемі (Оплата корма) — малдан өндірілетін өнімге байланысты барлық шығындарды жабуға жұмсалатын 100 кг малазыққа, құрғақ зат немесе азықтық өлшемге қатысты өнім мөлшері.

Мальпиги (M.Malpighi, 1628-1694, итал. анат.) шумағы – қ. Бүйрек капиллярлары шумағы.

Мауығу – жабайы сүтқоректілердің жұптасу, шағылысу кезеңі.

Мацерация – қ. Былжырау.

Мәйек (Химозин) – сүтпен қоректену кезеңінде күйіс малы төлінің ұлтабарынан бөлінетін, белокты ыдырататын фермент. Бұл ферменттің әсерімен сүт ірімтіктеніп, ас қорыту жолында оңай қорытылатын борпылдақ ірітінді пайда болады.

Мегакариоцит () — тромбоциттерге айналатын сүтқоректі жануарлар сүйек кемігінің ірі (40 мкм шамасында) торшалары.

Мегалобласт () — ядролы, гемоглобинге бай, бастапқы ірі эритроциттер. Мегалобластар омыртқалы жануарлар ұрығының дамуының алғашқы сатыларында түзіледі. Кейінірек олар мегалоциттерге айналады.

Мегалоциттер () — омыртқалы жануарлар ұрығының дамуының кейінгі сатыларында кездесетін қанның қызыл түйіршіктері. Құрсақтық дамудың соңында олар жойылады да, эритроциттер пайда болады.

Медиальдық (Медиальный) — дене мүшесінің, құрылымның ортаңқы жағы.

Медиаторлар – қ. Селбестіргіш.

Мезенхима () — дәнекер ұлпалардың барлық түрі дамиды эмбриональдық ұлпа.

Мезодерма () — ұрықтың ортаңғы жапырақшасы.

Мезотелий () — мезодермадан дамиды сірлі қабықтарды жауып тұратын бір қабат жалпақ эпителий.

Мейоз () — митоздың (күрделі бөлінудің) бір түрі.

Мейсснер өрімі – қ. Шырыштық өрім.

Мейсснер (G.Meissner, 1829-1905, нем. анатом, физиол.) денешігі (Тельца Мейсснера) — терінің еміздікше қабатында орналасқан қалталанған рецепторлар. Олар жанасуды қабылдайды.

Меланоциттер (Меланоциты) — адам мен жануарлар денесіндегі пигментті, түсті торшалар.

Меланоцитті жандандырушы гормон (Г. Меланоцитстимулирующий) — гипофиздің алдыңғы бөлімінің меланоциттердің қызметін жандандыратын, сондықтан пигменттелу процесін реттейтін гормоны.

Мелатонин – қ. Меланоцитті жандандырушы гормон.

Меланин () — жануар түсінің қара қошқыл болуына себепші пигмент.

Меланофорлар () — құрамында меланин болатын пигментті торшалар.

Мембрана () — талғамды өткізгіш қасиеті бар жұқа қабықша.

Мембраналық потенциал (Потенциал покоя) — физиологиялық тыныштық жағдайында байқалатын торша цитоплазмасы мен торша аралық сұйықтық арасындағы биоэлектрлік потенциалдар айырмасы. Т.п. торша мембранасының сырт және іш жағында калий, натрий және хлор иондары концентрациясының тең болмауының және де мембрананың осы иондарды өткізу қабілетінің әртүрлі болуының салдарынан туындайды. Нерв және ет торшаларында Т.п. деңгейі 60-90 мВ шамасында қалыптасады және мембрананың сыртқы беткейі оң, ішкі беткейі — теріс зарядталады.

Мерзімдік байланыс (Временная связь) - қ. Уақытша байланыс.

Мерзімдік жинақтау (Временная суммация) — рецепторға тіркес әсер еткен тітіркендіргіштердің екіншісінде нейронның жауап реакциясының күшеюі. Мерзімдік жинақтау бірінші тітіркендіргіш әсерімен әлсіз деполяризация процесінің дамуымен байланысты. Бұл деполяризация спайк (потенциал шыңы) туындау үшін жеткіліксіз болады, бірақ ол белгілі бір мерзім аралығында сақталып, тіркесе әсер еткен тітіркендіргіш тудырған деполяризациямен қосылып, нейронның жауап реакциясын күшейтеді.

Меркел (K.L.Markel, 1812-1876, нем. анат.) дискасы (Диски Меркеля) — терінің қысылуды қабылдайтын механорецепторы.

Меркель табақшасы (*Тельца Меркеля*) — теріде орналасқан сезімтал табақшалар.

Мекен жағдайы (*Условия обитания*) – организм тіршілік ететін ортаның табиғи ерекшеліктерінің жиынтығы.

Мекендеу ортасы (*Среда обитания*) — организм өмір сүретін жағдайлар жиынтығы.

Мерокринді бездер (*Мерокроинные железы*) — секрет бөлген кезде бұзылмайтын, цитоплазмасын жоғалтпайтын бездер. Мысалы, тер безі.

Месқарын (*Рубец*) — күйіс малы қарнының ең үлкен алдыңғы бөлімі.

Месқарын кіреберісі (*Преддверие рубца*) — месқарынның өңешпен жалқасқан жері.

Мес қарын паракератозы – қ. Мес қарынның қасандануы.

Месқарын сағасы – қ. Месқарын кіреберісі.

Мес қарынның қасандануы (*Паракератоз рубца*) — мүйізді ірі қара мен қойда кездесетін созылмалы ауру. Ол мес қарын бүртіктерінің қасанданып, эпителий торшаларының қабыршықтануымен сипатталады. Ауру малдың іші өтіп, мес қарын қимылдары нашарлайды.

Метабиоз () — организмдердің бір түрінің екінші түрдің тіршілік әрекетінен пайда болған өнімдерді пайдаланатын қабілетімен сипатталатын өзара байланысы.

Метаболизм () — организмдегі заттардың күрделі химиялық өзгерістері, қоректік заттарды сіңіріп алып, олардан дене құрылымдарын түзу (анаболизм) және сол заттардың организмде бұзылуын, ыдырауын қамтитын күрделі биологиялық процесс. Ол негізгі, аралық, өнімдік болып бөлінеді.

Метаболиттер (*Метаболиты*) — зат алмасу кезінде организмде түзілетін заттар.

Метаморфоз — қ. Түр өзгерту.

Металды протеиндер (*Металлопротеины*) — құрамында бір немесе бірнеше металл иондары бар күрделі белоктар. Оларға табиғатта кең тараған көптеген ферменттер (каталаза, пероксидаза, цитохромдар, карбооксипептидаза т.б.), оттегіні тасымалдайтын белоктар (гемоглобин, миоглобин, эритрин, гемоцианин), темірді тасымалдайтын және жинақтайтын белоктар (трансферрин, ферритин), мысты жинақтап, тасымалдайтын белоктар (церрулоплазмин) т.б. жатады.

Метгемоглобин, ферригемоглобин — құрамындағы темір үш валентті күйге айналған гемоглобин түрі, сондықтан ол оттегімен берік қосылыс түзеді. Метгемоглобин нитраттармен, анилинмен т.б. заттармен уланғанда түзіледі.

Метгемоглобинемия () — қан құрамында метгемоглобиннің көбеюі (гемоглобиннің жалпы мөлшерінің 1%-нен артуы).

Метгемоглобинурия () — зәр құрамында метгемоглобиннің болуы.

Метеоризм — қ. Іш кебу.

Метионин () — құрамында күкірті бар, алмастырылмайтын амин қышқылы. Өсімдіктер мен жануарлар белогының құрамына енеді, ол жетіспеген жағдайда белоктар биосинтезі бұзылып, организмнің өсуі баяулайды.

Механорецепторлар (Механорецепторы) — сыртқы әсерді қабылдау және түрлендіру процесі рецепторлық (қабылдаушы) аймақтың қысылуы немесе деформациялануы салдарынан жүретін сезімтал нерв ұштарының тобы.

Мешел (Рахит) — Д дәрмендәрісі жетіспегенде кальций мен фосфор алмасуының бұзылуы салдарынан пайда болатын ауру. Ол организмнің өсіп-дамуының кешелдеуімен, сүйектің, нерв жүйесі мен ішкі ағзалар қызметінің бұзылуымен сипатталады.

Мешкейлік (Гиперфагия) — тамақты шамадан тыс жеу. Аштық түйсігін, тәбетті және тою сезімін қалыптастыратын функционалдық жүйенің бір немесе бірнеше буыны қызметінің бұзылуы салдарынан (ас қорыту жолынан афференттік импульстердің болмауы, қан құрамындағы қоректік заттардың тез азайып кетуі, немесе қорек орталығының сезімталдығының төмендеуі) туындайтын құбылыс.

Ми (Главной мозг) — омыртқалы жануарлар ОНЖ-нің алдыңғы бөлімі. Адам мен жануарлар нерв жүйесінің ми сауытында орналасқан орталық бөлімі. Ол организмнің мінез-қылықтық реакциялары мен қызметін басқарып, организмнің сыртқы ортамен ара байланысын реттейді. Ми бассүйектің ми сауытында орналасады, алдыңғы немесе үлкен ми мен ми бағанына бөлінеді. Үлкен ми ұзын саймен оң және сол жарты шарларға бөлінеді. Жартышарлар беткейі сұр заттан құралған жабындымен — қыртыспен бүркеледі, олардың ішінде қыртыс асты (базальдық) ядролар, нерв талшықтарынан түзілген ақ зат орналасады. Ми бағанында аралық ми, ортанғы ми, артқы ми (көпір, мишық) және сопақша ми орналасады. Артқы ми мен сопақша миды ромб тәрізді ми деп атайды.

Ми бағаны (Ствол мозга) — мидың жұлын мен үлкен ми жарты шарлары арасында орналасқан бөлігі. Оған сопақша миды, ми көпірін, мишықты, ортаңғы және аралық миды жатқызады.

Ми бүркемесі (Мозговой плащ) — үлкен ми сыңарларының бір бөлігі.

Ми жарты шарларының қозғағыш аймақтары (Моторные зоны больших полушарий) — ми қыртысының организмнің қимыл-әрекеттерін басқаратын учаскелері.

Ми күмбезі (Свод мозга) — гиппокамп қыртысын гипоталамуспен байланыстыратын афференттік және эфференттік талшықтар жүйесі.

Ми көпірі (Мост головного мозга, Варолиев мост) — ми табынында, сопақша ми мен ми сабағының аралығында көлденең орналасқан ми бөлігі, талшықты белдемше. Ол дорсальды бағытта мишықпен жалғасып, оның ортаңғы аяқшаларын құрайды. ОНЖ-нің өткізгіш жүйесінің қызметінде маңызды роль атқарады. Ми көпірінің екі бүйірінен ми жүйкесінің У-жұбы — үшкүл нерв басталады.

Ми қабығы (*Мозговая оболочка*) — ми мен жұлынды сырт жағынан қаптап тұратын дәнекер ұлпалы түзіліс. Ми қабығы қатты, торлама және жұмсақ қабық болып бөлінеді.

Ми қалтасы – қ. Ми қарыншасы.

Ми қарыншасы (*Желудочки головного мозга*) — эпендимамен астарланған, іші жұлын-ми сұйықтығымен толған ми қуыстары. Олар жұлын-ми сұйықтығын түзіп, жинақтауда, ликвор айналымында маңызды роль атқарады.

Ми қыртысы (*Кора головного мозга*) — организмнің күрделі әректін басқарып, оның сыртқы ортамен қатынасын реттеп отыратын ОНЖ-нің ең жоғарғы бөлімі.

Ми қыртысының архитектурасы - қ. Ми қыртысының торшалық құрылымы,

Ми қыртысының жүлгелері (сайлары) (*Борозды и извилины коры головного мозга*) — Ми жарты шарлары беткейіндегі сайлар мен олардың арасында орналасқан қатпарлар. Сайлар ми қыртысының беткейін үлкейтеді.

Ми қыртысының қатпарлары - қ. Ми қыртысының жүлгелері.

Ми қыртысының торшалық құрылымы (*Архитектоника коры большого мозга*) — неврологияның ми қыртысында жүйке торшаларының, жүйке талшықтарының, қан тамырларының, нейрон аралық байланыстардың және нейроглияның жалпы құралу принципі мен кеңістіктік ара қатынасын зерттейтін тарауы.

Ми сабағы – қ. Ми бағаны.

Ми сауыты (*Мозговая коробка, Черепная коробка*) — омыртқалы жануарлардың бас сүйегіндегі ми орналасатын қуыс.

Ми суағары (*Сильвиев водопровод*) — сүт қоректілердің ортаңғы мидағы үшінші және төртінші қарынша қуыстарын жалғастыратын өзек. Ол арқылы ми сұйықтығының айналымы жүзеге асады.

Ми сіреспесі (*Децеребрационная ригидность*) — ми бағанын қызыл ядродан төмен тілгеннен (қиғаннан) соң байқалатын жазғыш еттер тонусының күрт жоғарылауы.

Ми тосқауылы (*Гематоэнцефалистический барьер*) — қан мен мидың өзіндік ортасы арасындағы алмасу процесін реттейтін физиологиялық механизм. Ол реттеуші әрі қорғағыш қызмет атқарады, ми ұлпасына тікелей қаннан немесе ликвордан тек пайдалы заттардың өтуін реттейді.

Миграция – қ. Ауу.

Мида жасанды тудырылған электрлік потенциал (*Вызванный электрический потенциал интактного мозга*) — әр түрлі түрткілер әсері үстінде немесе одан кейін мида байқалатын электрлік реакциялар толқынының тобы.

Миды сылу (*Децеребрация*) – мидың алдыңғы бөлімдерін тәжірибе жүргізу мақсатында алып тастау немесе қиып қою.

Миелинсіздеу (Демиелинизация) — нерв талшықтарының миелинді қабығын бұзу.

Миелинді қабықша (Миелиновая оболочка) — нервтің май ұлпасынан құралған жұқа қабығы.

Миелоцит () — сүйек кемігінің даму барысында түйіршікті лейкоциттерге (гранулоциттерге) айналатын торшасы.

Микр-, микро- — күрделі сөздердің “кішкентай, майда, ұсақ” деген мағына беретін құрамы.

Микроайналым (Микроциркуляция) — қанның майда тамырлармен (артериолалар, капиллярлар, венулалар) жылжуы. Микроциркуляция барысында осы майда тамырлардағы қан мен ұлпа аралық сұйық арасында зат алмасу процесі жүреді.

Микроайналымдық жүйе тамырлары – қ. Терминальдық қан тамырлар.

Микробұрлер (Микроворсинки) — торшалардың (мыс., энтероциттердің) апикальдық (төбелік) беткейінің тармақталған плазмалы өсінділері. Олар үш қабат липопротеинді мембранамен шектеліп, көбінесе кірпікті көмкерме құрайды. Бір энтероцит беткейінде 3-4 мың микробұрлер болады (ішек эпителийінің 1 шаршы миллиметр беткейінде олардың саны 50-200 млн. жетеді). Микробұрлер биіктігі 0,55-2,0 мкм, диаметрі 0,1 мкм шамасында, олардың арасында 15-20 нм шамасында саңлау қалады. Микробұрлер ішек мембранасының беткейін 14-39 есе ұлғайтады.

Микроклимат () — кез келген шағын аймақтағы климаттық жағдайлар.

Микроконсумент () — өлі денені бүлдіріп, соның өнімдерімен қоректенетін гетеротрофты организм. Микроконсументтерден бөлінген заттармен өсімдіктер қоректенеді.

Микрометр () — ұзындық өлшемі, метрдің 10^{-6} бөлігіне тең, бұрынғы аталымы — микрон, белгісі - мкм.

Микроорганизмдер (Микроорганизмы) — тек микроскоппен ғана көруге болатын өсімдік немесе жануар текті өте майда организмдер.

Микроскоп () — жай көзбен көруге болмайтын заттарды ұлғайтып көрсететін күрделі линзалар жүйесі бар оптикалық құрал.

Микросматиктер (Микросматики) — иіс сезу қабілеті нашар дамыған жануарлар (мыс., приматтар, кит, құстар).

Микросомалар (Микросомы) — торша цитоплазмасының ультрамикроскоптық мөлшердегі (20-40 миллимикрон) өте ұсақ түйіршіктері.

Микротом () — жануарлар мен өсімдіктер ұлпаларынан зерттеуге қажетті жұқа кесінділер дайындауға арналған лабораториялық аспап.

Микрофаг () — ұсақ бөгде заттарды микробтарды жоятын қабілеті бар түйіршікті лейкоциттердің бір түрі. Микрофаг организмнің өлі торшаларын да ерітіп жібереді.

Микрофауна () — белгілі ортада тіршілік ететін өте майда организмдер-жәндіктер.

Микрофил () — қоршаған орта температурасының тұрақтылығын қалайтын организмдер.

Микрофлора () — белгілі ортада (топырақ, су, азықтық өнімдер, адам мен жануар денесі) болатын микроорганизмдер — майда өсімдіктер.

Микроциркуляция — қ. Микроайналым.

Микроэлементтер — организмнің қалыпты тіршілігіне қажетті денеде өте аз мөлшерде ($n \cdot 10^{-2}$ — $n \cdot 10^{-6}$ салмақ процент шамасында) кездесетін химиялық элементтер (темір, мыс, марганец, мырыш, молибден, кобальт, бор, йод т.б.). Олар организмдегі биохимиялық процестерді жандандырады, бірқатар ферменттердің, дәрмендәрілердің, гормондардың, тыныс пигменттерінің құрамына енеді. Микроэлементтер маңызы әртүрлі. Олар организмнің өсіп жетілуіне (Mn, Zn, J), көбею процесіне (Mn, Zn), қан түзуіе (Fe, Cu, Co) әсер етеді. Денеде 10^{-6} проценттен аз мөлшерде кездесетін элементтер де болады, оларды *ультра-микроэлементтер* деп атайды. Уран, радий, алтын, сынап, берилий, цезий, селен т.б. сирек кездесетін элементтерге жатады. Бұлардың маңызы әлі анықталмаған.

Микседема () — қ. Шырышты ісік.

Миқыртыс аумағы (*Корковые поля*) — үлкен ми сыңарларының торшалық құрамына, атқаратын қызметіне қарай ерекшеленетін бөлімдері.

Миқыртыс орталықтары (*Корковые центры*) — ОНЖ-нің деңгейінде орналасып, организмнің белгілі бір әрекеттерін реттейтін нервтік құрылымдар бірлестігі. Қазіргі кезде жеке-жеке талдағыштармен байланысқан қыртыс аймақтары болғанымен, организмнің нақтылы бір әрекетін басқаратын миқыртыстық орталықтың болатыны толық дәлелденбей отыр.

Миқыртыс-бульбарлық жол (*Кортико-бульбарный путь*) — ми қыртысының алдыңғы орталық қатпарынан мидағы бет және бұғақ (тіл асты) нерв ядроларына баратын нерв жолы.

Миқыртыс-көпірлік жол (*Кортико-мостовой путь*) — ми қыртысын мишық қыртысымен жалғастыратын нерв жолы.

Миқыртыс-жұлындық жол (*Кортико-спинальный путь*) — ми қыртысының алдыңғы және артқы орталық аймағынан басталатын төмендеу жолы.

Миқыртыстық (*Кортико-*) — күрделі сөздің “ми қыртысына, қыртыстық затқа қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Мимика () — қ. Ым.

Мимикрия () — қ. Қорғаныш рең.

Минералды заттар (*Минеральные вещества*) — организмде өзіндік мәні бар аорганикалық заттар. Олар организмнің өзінде түзілмейді, сондықтан қалайда азық құрамында қабылдануы керек.

Минералдар алмасуы (*Минеральный обмен*) — организмдегі минералды тұздардың алмасуы.

Ми-, мио- — күрделі сөздің “ет, етке қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Миоглобин () — бұлшық еттің құрамы мен қасиеті жағынан қан гемоглобиніне ұқсас күрделі белогы. Ол гемоглобин жеткізген оттегі молекуласын байланыстырып, оларды ет торшасының тотықтырғыш жүйесіне беріп отырады.

Миография () — арнайы аспап — миограф көмегімен бұлшық ет қызметін тіркеу.

Миозин () — бұлшық ет белогы. Ол бұлшық еттің жиырылғыш элементтері — миофибрилланың негізін құрайды.

Миокард () — жүрек қабырғасының етті қабаты.

Миология () — анатомияның бұлшық ет құрылысын зерттейтін саласы.

Миома () — ет ұлпасында кездесетін қатерсіз ісік.

Миометрия () — жатыр қабырғасының бірыңғай салалы ет талшықтарынан құралған қабаты.

Миопия () – қ. Жақыннан көргіштік.

Миофибриллалар (Миофибриллы) — бұлшық ет талшығының бойлай орналасқан өте жиырылғыш элементтері.

Миоцит — қ. Ет торшасы.

Миоэпителийлі торша (Миоэпителиальная клетка) — эктодермадан дамיתын, құрамында миофибриллалары бар, жиырылғыш торшалар. Олар экзокринді бездердің (сүт бездері, тер және сілекей бездері, жылауық бездер) секреторлық бөлімдерін қоршап жатады да, олар бөлген өнімдерді без өзегіне шығарады.

Мицелла () — қ. Жіпшумақ.

Мисыздық - қ. Анэнцефалдық.

Мишық (Мозжечок) — омыртқалы жануарлардың артқы миының бір бөлігі. Мишық қимыл үйлесімділігін сақтауға, ет тонусын реттеуге және дененің тепе-теңдігінің сақтауын бақылауға қатысады.

Модальдылық (Модальность) — белгілі бір сезім жүйесі арқылы туындайтын ұқсас түйсіктер жиынтығы. Модальдылық деген түсінік көбінесе тітіркендергіштер мен рецепторларды сипаттау үшін қолданылады. Модальдылық қатарына негізгі сезім мүшелері (есту, көру, иіс, дәм, жанасу) қамтамасыз ететін түйсіктер қана емес, сонымен қатар жылылық, суықтау, шайқалу, ауырсыну, тепе-теңдік, дененің кеңістіктегі күйі сияқты сезімдер де енеді.

Мол қуатты заттар (Высокоэнергетические вещества) — химиялық байланыстары осал биологиялық белсенді заттар. Олар ыдыраған кезде торшалардағы синтездік процестерді, әртүрлі заттарды градиентке қарсы тасымалдау, еттің жиырылуы сияқты пайдалы жұмыстарды атқаруға қажет қуат бөлінеді. Мол қуатты заттарға аденозинүшфосфат (АТФ), гуанозинүшфосфат (ГТФ), ацетил-КоА, креатинфосфат, аорганикалық пирофосфат т.б. жатады.

Молекулярлық биология (*Биология молекулярная*) — биологияның организмге тән тіршілік процестерін жеке молекулалардың, молекулалық кешендердің және молекуладан жоғары (күрделі) құрылымдардың әрекеттестігі деңгейінде зерттейтін саласы.

Молекулярлық қабат (*Молекулярный слой*) — ми қыртысының беткей қабаты.

Молшылық (*Обилие*) — Дарақтың сан мөлшерін білдіретін сөз.

Моно- — күрделі сөздің “біреу, жеке, жалғыз” деген мағына беретін құрамы.

Моноаминді оксидаза (*Моноаминоксидаза*) — оксиредуктаза класының моноаминдерді тотыға аминсіздену процесі нәтижесінде тиісті аминдерге, аммиакқа, сутектің асқын тотығына айналдыратын фермент. Бұл фермент омыртқалы жануарлардың барлық ұлпаларында кездеседі. Оның белсенділігі әсіресе бауыр, ми, бүйрек, кейбір бездер ұлпаларында жоғары болады. Моноаминді катехоламиндер алмасуын, бауырда уытты аминдерді залалсыздандыру процестерін реттеуде маңызды роль атқарады.

Моногамдар (*Моногамы*) — күйіттеу кезеңінде аталығы тек бір ғана аналықпен жұптасатын жануарлар.

Мономер () — ірі молекулалы қосылыстардың қайталана беретін қарапайым буыны. Мысалы, белок мономері — амин қышқылдары.

Мононуклеарлы фагоциттер жүйесі (*Мононуклеарная фагоцитарная система*) – организмдегі қорғағыш торшалар жүйесі. Бұл жүйе торшалық және гуморальды иммундық реакцияларға, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын сақтауға қатынасады.

Моносахаридтер (*Моносахариды*) — көмірсулардың қарапайым тобын құрайтын органикалық қосылыс.

Монофагия () — азықтың тек бір қана түрімен қоректену. М. омыртқасыз жануарлардың көптеген түрінде кездеседі де, омыртқалы жануарларда байқалмайды.

Моноциттер (*Моноциты*) — қанның мөлшері үлкен ақ торшалары, түйіршіксіз лейкоциттер тобына жатады.

Моноциттік макрофагалық жүйе – қ. Мононуклеарлы фагоциттер жүйесі.

Морфогенез () — онтогенез процесінде организм мүшелерінің, бөліктері мен белгілерінің пайда болып, дамуы.

Мотивация () — мидың белгілі бөліктерінің қозуы нәтижесінде адам мен жоғары сатыдағы омыртқалылардың өз қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттер атқаруға қозғаушы мақсаттың, түрткінің пайда болуы.

Мотилин () — ұлтабар ұшы мен ащы ішектен және қарынның антральдық бөлігінен бөлінетін полипептидті гормон. Бұл гормон қарынның жыннан босауын, тоқ ішектің механикалық және электрлік белсенділігін жандандырады.

Мотонейрон () — жұлынның вентральды мүйізінде орналасқан ірі нерв торшалары. Олар альфа- және гамма- мотонейрондар болып бөлінеді. Альфа-

мотонейрондар қаңқа етінің талшықтарын (экстрафузальды талшықтарды) жүйкелендіреді де, бұлшық еттің жиырылуын қамтамасыз етеді. Гамма-мотонейрондар керілу рецепторын (интрафузальды талшықтарды) жүйкелендіреді.

Мөлдір қызыл қан (*Лаковая кровь*) — эритроциттері бұзылып, ішіндегі заттары плазмаға шыққан қан. Оның түсі мөлдірленеді.

Мөлшерлік белгілер (*Количественные признаки*) — белгілі бір белгінің сандық сипаты.

Мукополисахаридтер (*Мукополисахариды*) — гексозаминдер мен гексурон қышқылдары туындыларынан құралған полимер құрылымды жоғары молекулалы қосылыстар. Жануарлар организмінде олар көмірсу - белокты кешен түзіп, дәнекер ұлпалар мен шырышты заттар құрамына енеді. Оларға гиалурон қышқылы, гепарин, хондриотин-күкірт қышқылы, кератосульфат т.б. жатады.

Мукопротеидтер (*Мукопротеиды*) — простетикалық тобы мукополисахаридтерден құралған күрделі белоктар.

Муцин () — сілекей құрамында болатын, оған шұбалыңқылық қасиет беретін органикалық зат.

Мұңаю (*Дистимия*) – көңілсіздік, жабырқау күй.

Мұрт (*Вибриссы*) — ұзын және қатты сезімтал қылшық түктер. Олар бастың алдыңғы жағында (тұмсықта) немесе аяқта, кеудеде, құйрықтың ұшында, құрсақ терісінде орналасады, түнде немесе жер астында тіршілік ететін жануарларда (жыртқыштар, леймурлар, көртышқан т.б.) және де суда тіршілік ететін сүтқоректілерде (киттер, итбалықтар, теңіз құндыздары) жақсы дамиды.

Мұрын пердесі – қ. Кеңсірік.

Мұрын қуысы (*Носовая полость*) — мұрынның ішіндегі танаудан бастау алатын қуыс. Ол тыныс жолдарының бастапқы бөлімі болып табылады.

Мұрын пердесі (*Носовая перегородка*) — мұрынды іш жағынан екі мұрын қуысына бөлетін түзіліс.

Мүдделес (*Синергия*) – бірнеше фактордың бірінің-бірі ықпалын күшейте отырып әсер етуі.

Мүдделестік (*Синергизм*) – нақтылы нәтижеге жету мақсатында әртүрлі факторлар әсеріндегі байқалатын ымыраластық, олардың біріне-бірі кесір келтірмей әсер етуі.

Мүйізгек (*Вагинит*) — қынаптың кілегейлі қабығының қабынуы.

Мүше – қ. Ағза, Орган.

Мүшелер жүйесі (*Система органов*) — ортақ қызмет атқаратын мүшелер тобы (ас қорыту мүшелері, тыныс алу мүшелері, көбею мүшелері, қимыл мүшелері т.б.).

Мүшелерді бөлектеу (*Изоляция органов*) — жеке мүшелердің қызметін зерттеу әдістерінің бірі.

Мүшелерді жекелеу – қ. Мүшелерді бөлектеу.

Мықын ішек (*Подвздошная кишка*) — ащы ішектің тоқ ішекпен жалғасатын соңғы бөлімі.

Мысқалды жауап (*Градуальный ответ*) — қозғыш ұлпалардың жауап реакцияларының тітіркендіргіш күшіне пропорциональды өзгеруі.

Мінез-құлық, Мінез-қылық (*Поведение*) — адам мен жануарлардың түрлі сыртқы және ішкі әсерлерге қайтаратын белсенді әрекеттері мен олардың өзгерістерінің жиынтығы. Ол организмнің дара бейімделгіштік қабілетін, оған тән рефлекс түрлерін, үйрену, өз түрінің дарақтарымен, қарсы жыныс өкілдерімен, ұрпағымен қатынасының барлық түрлерін қамтиды.

Мінез-қылық деңгейлігі (*Иерархия этологическая*) — жеке дарақтардың бір-бірінен баспалдақты, сатылы басымдылығы. Бұл құбылыс жануар үйірінде анық байқалады.

Н

Нағыз зәр (*Вторичная моча*) — бүйрек әрекетінің ақырғы өнімі. Бастапқы зәрдің бүйрек түтікшелерінен өту барысында оның қасиеттері мен мөлшерінің өзгеруі нәтижесінде пайда болады.

Нағыз тері (*Дерма*) – жануарлар мен адам терісінің эпидермис астындағы дәнекер ұлпалы бөлігі.

Нақтылы қуаттылық (*Калорийность нетто*) — қабылданған қоректік заттар организмде тотыққанда бөлінетін нақтылы энергия.

Нақұрыстық (*Критинизм*) – дененің өсуі мен сананың жетілуінің тоқтап қалуы. Қалқанша без қызметінің бұзылуы салдарынан дененің өсуі мен сананың (психика) дамуының тежеліп, ақыл естің кемістігімен сипатталатын ауру.

Наркоз () — есірткі дәрілермен орталық нерв жүйесіне әсер ету арқылы организмді еріксіз ұйықтату, есінен тандыру.

Наркоздық заттар – қ. Есірткілік заттар.

Натрийурез () — натрий иондарының зәрмен бөлінуі.

Нәбетат – қ. Флора.

Нәжіс (*Испражнение*) – организм қорытып сіңірмеген қоректік заттардың қалдығы, ас қорыту жүйесінде қорытылмай қалған, денеден сыртқа шығарылатын қалдық.

Нәжіс бөлу (*Дефекация*) – Организмнің азықтың қорытылмаған қалдығын бөлуі.

Нәрлену (*Трофика*) – торшаның қоректенуінің негізінде жататын зат алмасу процестерінің жиынтығы. Ол торша құрылымы мен қызметінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Нәрлендіргіш нерв (*Трофический нерв*) – ұлпалардағы зат алмасу мен нәрлену процестерін реттейтін нерв.

Невр-, неври-, невро-, нейр-, нейро- — күрделі сөздердің “нервке, нерв жүйесіне қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Невралгия () — жүйке тамырдың немесе оның тармақтарының бойымен таралатын ауырсыну сезімі.

Невролемма () — аксонның сыртқы дәнекер қабықшасы.

Неврит () — жүйке тамырлардың қабынуы.

Неврология () — нерв жүйесі құрылысын зерттейтін анатомия саласы.

Неврон () — қ. Нейрон.

Невроплазма () — нерв торшаларының цитоплазмасы.

Неврофибриллалар (Неврофибриллы) — қ. Нейрофибриллалар.

Негізгі зат алмасу (Метаболизм основной, Основной обмен) — толық тыныштық жағдайында тіршілік үшін маңызы зор физиологиялық процестерді қамтамасыз ететін зат алмасу деңгейі, организмнің физиологиялық әрекеттерді сақтау мақсатында зат пен энергияны пайдалануы.

Негізгі торшалар (Главные клетки) — қарынның кілегей қабығындағы ферменттер түзетін торшалар.

Негіздік (Базальный) — құрылымның табаны, ұлтаны, төменгі бөлігі деген мағына береді.

Негіздік мембрана (Базальная мембрана) — жоғары сатыда дамыған омыртқалы жануарлардың ішкі құлағында дабыл өзегін ұлу (иірімді түтік) жолынан бөліп тұратын оралымды құрылым. Негіздік мембранаға ұлу өзегі жағынан есту анализаторының рецепторлық аппараты — Корти мүшесі бекиді. Сүтқоректілерде иірімді түтіктің табанында оның ұшымен салыстырғанда негіздік мембрана жіңішке, қаттылау және жұқарақ келеді. Бұл оның тербелгіш қасиетіне әсер етеді.

Негіздік түйіндер (Базальные ганглии – ядра) — үлкен ми жарты шарларының ақ затында орналасқан қыртыс асты құрылымдар. Оларға құйрықты ядроны, бозғылт шарды, қауызды, шарбақты, бадамшаны т.б. құрылымдарды жатқызады. Базальдық түйіндер көпқырлы қызмет атқарады. Мысалы, стриопаллидарлық жүйе қимыл әрекеттерін басқаруға қатынасады, бадамша лимбикалық жүйе құрамына еніп, эмоциялар мен есті қалыптастыру процесін реттейді.

Нейробласт () — ми түтігінің ортаңғы қабатында орналасқан нерв торшалары.

Нейрогипофиз () — гипофиздің артқы бөлігі.

Нейроглия () — нерв ұлпасының сүйеніш құрылымы.

Нейрогуморальды реттеу (Нейрогуморальная регуляция) — организмнің қызметін нерв жүйесі мен биологиялық сұйықтар құрамындағы заттар арқылы үйлестіру, реттеу.

Нейрон () — нерв торшасы мен оның өсінділерінің жиынтығы.

Нейрон торы (Нейронная сеть) — өзара әрекеттесетін нерв торшалары тобы.

Нейрондық теория (Нейронная теория) — нерв жүйесінің құрылысы, дамуы және қызметі жайлы теория. Бұл теория өзінің негізіне нерв

торшаларының оқшаулану, дербестік және өзіндік әрекет принциптерін алады.

Нейрофибрилалар (Нейрофириллы) — нервтердің (жүйке тамырлардың) ішінде болатын жіңішке талшықтар.

Нейроплазма () — нерв торшасының цитоплазмасы.

Нейрофизиология () — физиологияның нерв жүйесі әрекетінің механизмін зерттейтін саласы.

Нейтрофильдер (Нейтрофиллы) — түйіршікті лейкоциттердің бір түрі. Олардың фагоцитоздық қабілеті болады. Олардың цитоплазмасындағы түйіршіктер қышқылдық бояулармен де, негіздік бояулармен де боялады. Бұл лейкоциттерді миелоциттер, балғын нейтрофилдер, таяқша ядролы нейтрофилдер және сегмент ядролы нейтрофилдер деп бөледі. Нейтрофилдерді майда обыр торшалар (микрофагтар) деп те атайды.

Некроспермия () — аталық торшаның (сперматозоидтың) қимылының бұзылуы, сондықтан оның аналық торшаны (жұмыртқаны) ұрықтандыру қабілетінің жойылуы.

Неопаллиум () — бүйір қарынша қабырғасындағы нерв ұлпаларының өсуі арқылы қалыптасқан алдыңқы мидың үстінгі қабаты.

Нерв () — нерв торшасы өскіндерінен (аксондардан) құралып, сырт жағынан қабықшамен қапталған нерв талшықтарының шоғы.

Нерв-бұлшық ет препараты (Нервно-мышечный препарат) — қозқыш ұлпалар қасиетін зерттеу мақсатында дайындалатын шонданай нерв пен балтыр еттен тұратын препарат.

Нерв жүйесі (Нервная система) — организмнің барлық органдары мен жүйелері қызметін реттеп, үйлестіретін және организмнің тіршілік әрекетінің сыртқы ортамен үздіксіз қарым-қатынасын қамтамасыз ететін нерв ұлпасы мен нейроглияның жиынтығы.

Нерв жүйесі типтері (Типы нервной системы) — адамға тән ұғым. Бастапқы және екінші сигналдық жүйелер арасындағы ара байланыстар ерекшеліктеріне негізделген. И.П.Павлов іліміне сәйкес бір адамдарда (суретшілер) бірінші-бастапқы сигналдық жүйе, ал басқа адамдарда (ой адамдары) екінші сигналдық жүйе басым болады.

Нерв жүйесінің бейімдеу-нәрлендіру қызметі (Адаптационно-трофическая функция нервной системы) - симпатикалық нерв жүйесінің сыртқы орта өзгерістеріне байланысты организмнің мүшелер мен ұлпалардағы зат алмасу қарқынын өзгерту арқылы бейімделуін қамтамасыз ететін қызметі. Бұл концепцияның негізін Л.А.Орбели (1882-1958) салған. Оның пікірінше нерв жүйесінің әрекеттік әсерімен қатар (қимыл, секреторлық) реттеуші, бейімдеу — нәрлендіру ықпалы да болады. Осының нәтижесінде органдардың функционалдық қасиеті өзгереді.

Нерв жүйесінің құрылымдық типтері (Типы строения нервной системы) — эволюциялық даму барысында құрылым ерекшеліктеріне қарай нерв жүйесінің үш түрі кездеседі. Ішек қуыстыларда нерв жүйесінің диффузиялық

(шашыраңқы) түрі байқалады. Былқылдақ денелілерде, құрттарда, буын аяқтыларда ганглийлік (түйіндік) нерв жүйесі пайда болады. Адам мен омыртқалы жануарларға түтікті нерв жүйесі тән.

Нерв импульстері (Нервные импульсы) — тітіркендіру салдарынан нерв ұлпасында пайда болатын қозу толқыны.

Нерв орталықтары (Нервные центры) — орталық нерв жүйесіндегі организмнің белгілі бір әрекетін реттейтін нейрондар шоғыры.

Нерв өрімі (Сплетение нервное) — түрлі нерв құрылымдардың шатаса бірігуі, ұйысуы.

Нерв процестерінің жылжымалылығы (Подвижность нервных процессов) — қозу процесінің тежелумен немесе керісінше тежелу процесінің қозуымен алмасу шапшаңдығы. Бұл көрсеткішті жоғары дәрежелі нерв қызметінің нұсқасын (типін) анықтауда пайдаланады.

Нерв түйіні – қ. Ганглий.

Нерв ұштары (Нервные окончания) — нерв торшасының ұзын өсіндісі-аксонның миелин қабығынсыз шеткей бөлігі. Ол арқылы қозу толқыны атқарушы органға беріледі, немесе тітіркендіргіш әсері қабылданады.

Нервизм () — физиологиялық процестер мен организм әрекеттерін реттеудегі нерв жүйесінің маңызын айқындайтын концепция.

Нервқабық (Периневрий) — жүйке тамырларды (нервтерді) сыртынан қаптап жататын дәнекер ұлпалы қабық.

Нервсіздендіру (Денервация) – Жеке органдарға келетін нервтерді қиып тастау немесе зақымдау арқылы олардың жүкеленуін бүлдіру.

Нервті-гуморальды реттеу – қ. Нейрогуморальды реттеу.

Нервтік принцип (Принцип нервизма) — организмнің қоршаған орта жағдайларына бейімделу процесі орталық нерв жүйесінің басқаруымен қалыптасатынын негіздейтін ұғым.

Несеп – қ. Зәр.

Несеп-жыныс жүйесі (Урогенитальная система) – несеп мүшелері мен жыныс ағзаларының бірлестігі.

Несеп-жыныс түтігі (Мочеполовой канал) — қуық мойнынан басталған, жыныс жолының өзегі жалғасқан түтікше.

Несепнәр (Мочевина) — адам мен жануарлар денесінде белок алмасу барысында бауырда түзілетін өнім.

Нетто энергия – қ. Нақтылы қуаттылық.

Нефрит () — бүйрек шумақтарының қабынуы.

Нефроз () — бүйрек нефрондарының созылмалы ауруы.

Нефрология () — бүйрек құрылысын, оның атқаратын қызметін, дерттерін зерттеп, сол дерттерді емдеу және олардың алдын алу жолдарын анықтайтын медицина саласы.

Нефрон () — омыртқалы жануарлар бүйрегінің морфофункционалдық негізі. Нефрон капилляр шумағын сыртынан қаптап жататын Шумлянский-Боумен капсуласынан басталады да, иірімді түтікшелер жүйесін қамтиды. Иірімді

түтікшелер мойын бөлімінен, бірінші реттік түтікшелерден, Генле тұзағынан, екінші реттік түтікшелерден құралады. Түтікшелердің соңғы бөлімі жинақтау түтігіне ұштасып, шығару өзегімен жалғасады.

Нефрон тұзағы (Петля Генле, Петля нефрона) — бүйректің боз затындағы нефронның тұзақ тәрізді бөлігі.

Нефросклероз () — дәнекер ұлпаның өсіп кетуінен бүйректің тығыздалып бүрісуі.

Никотин () — темекі құрамында болатын, нерв ұлпасын күшті уландыратын алкалоид.

Никотин қышқылы (Никотиновая кислота) — тотығу-тотықсыздану процестерін қамтамасыз ететін ферменттер құрамына енетін РР дәрмендәрісі. Қоректе РР дәрмендәрісі жетіспесе пеллагра (тері ауруы) дерті пайда болады.

Нимфомания () — ішкі секреция бездерінің, нерв жүйесінің қызметі бұзылуының салдарынан әйелдерде байқалатын жыныстық еліктеушілік.

Нистагм () — көздің жыпылықтауы. Көз алмасының еріксіз ырғақты қимылдары.

Норадреналин () — бүйрек үсті бездің бозғылт затында түзілетін гормон.

Нормобласт (Нормобласты) — эритроциттердің дамып-қалыптасу сатысында пайда болатын ядросыз торша.

Нормоцит () — даму, қалыптасу сатысындағы эритроциттер.

Ноцирецепторлар (Ноцирецепторы) — ауырсыну түйсігін тудыратын тітіркендіргіштер әсерін қабылдайтын сезімтал нерв ұштары.

Ноцицептивті рефлексдер (Ноцицептивные рефлексы) — ауырсыну түйсігін тудыратын тітіркендіргіштер әсерінен туындайтын тән және вегетативтік әрекеттер жиынтығы.

Нуклеин қышқылдары (Нуклеиновые кислоты) — нуклеотидтердің тізбектеліп қайталануынан құралған биополимерлер, бүкіл тірі жүйенің тұрақты және қажетті құрамы.

Нуклеаза () — нуклеин қышқылдарын ыдырататын ферменттер.

Нуклеопротеидтер (Нуклеопротеиды) — пурин немесе пиримидин негіздері мен көмірсу және фосфор қышқылдарынан құралған органикалық зат. Нуклеин қышқылдары мен көптеген ферменттер коферменттерінің құрам бөлігі.

Нутриенттер (Нутриенты) — ішек арқылы денеге сіңетін қоректік заттардың ыдырау өнімдері.

Нұрлы қабықша (Радужная оболочка) — көз алмасының тамырлы қабығының алдыңғы бөлігі.

О

Облитерация – қ. Бітелу.

Обығу (Жор) — ашқарақтана тамақ жеу. Балықтардың уылдырық шашу кезеңінен кейін ашқарақтана қоректенуі. Бұл кезде балықтар тез қармақ қабады.

Обырлық (Булимия) — нерв қызметінде, психикада пайда болған ауытқулар салдарынан немесе ішкі секреция бездерінің дертінен пайда болатын ашқарақтық. Булимия аштық, тәбет, тояттау сезімдерін қалыптастыратын функционалдық жүйенің шеткей (ас қорыту жолынан басталатын афференттік жолдар) немесе орталық буындарының (гипоталамус) қызметі бұзылудан туындайды.

Овогенез () — аналық жыныс торшасының түзілу процесі.

Овогонии () — жетілмеген, жас аналық жыныс торшалары — жас жұмыртқа торшалар.

Овуляция () — жұмыртқа торшаның аналық безден (жұмыртқадан) бөлініп шығуы.

Ойлау (Мышление) — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мида қорытындылануы, талданып тұжырымдалуы, яғни жанама түрде ұғымдар арқылы бейнеленуі. Ойлау нәтижесінде сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтер өңделеді. Жануарларға тек көрнекті-әрекеттік ойлау тән. Ол заттардың қасиеттерін татып көру арқылы атқарылады.

Ойық вена (Яремная вена) – күре тамырмен іргелес орналасқан, дененің мойын бөлігіндегі ең ірі вена тамыры.

Окклюзия – қ. Кептелу.

Оксалатты қан (Оксалатная кровь) — ұйымау үшін қымыздық қышқылы тұздары қосылған қан.

Окси-, оксигено- — күрделі сөздердің “оттегіге қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Оксигемоглобин () — гемоглобиннің оттегімен қосылысы.

Оксигемограмма () — қанның оттегімен қанығу деңгейіндегі өзгерістерді бейнелейтін қисық сызық.

Оксигемограф () — қанның оттегімен қанығу деңгейін ұлпа тығыздығының өзгерістерін өлшеу арқылы тіркейтін аспап.

Оксигемография () — қанның оттегімен қанығу дәрежесін анықтаудың графикалық әдісі.

Оксигеометрия () — гемоглобиннің оттегімен қанығуын фотометриялық әдіспен өлшеу.

Оксигеназа () — ұлпаларда органикалық заттардың молекулалық оттегіге қосылып, асқын оксидтің түзілуін қамтамасыз ететін фермент.

Оксигенация () — қанның немесе ұлпаның оттегімен қанығу процесі.

Оксидаза () — тіршіліктік мәні зор тотықтырғыш ферменттер.

Оксидті-редуктазы () — тотықтыру-тотықсыздандыру ферменттері.

Окситоцин () — жатырдың жиырылуын, желіндегі миоэпителий торшаларының жиырылуын күшейтетін гипофиздің артқы бөлігінен бөлінетін гормон.

Оқтық – қ. Орталық цилиндр.

Олиг-, олиго- — күрделі сөздердің “кішкентай, шамалы, тапшы” деген мағына беретін құрамы.

Олигемия () — қанның жалпы мөлшерінің кемуі.

Олигурия () — денеден бөлінген зәрдің жалпы мөлшерінің азаюы.

Олигоцитемия () — тамырлардағы қан құрамында қан түйіршіктері санының кемуі.

Омыртқа желісі (*Позвоночный столб*) — омыртқалы жануарлардың жотасында орналасқан омыртқалар тізбегі.

Омыртқалы жануарлар (*Позвоночные животные*) — омыртқа жотасы бар бассүйекті, жоғары сатыда дамыған жануарлар.

Омыртқалық түйіндер (*Вертебральные узлы*) — омыртқа жотасының екі жағында оны бойлай симметриялы орналасқан вегетативтік нерв жүйесінің түйіндері.

Онанизм () — жыныстық құштарлықты жасанды жолмен қанағаттандыру.

Онкометрия () — ішкі органдардың қанмен толысуын өлшеу.

Онтогенез — қ. Дара даму.

Оңаза (*Акория*)- балықтардың тояттанбауы, тоқтықты сезінбей қомағайлана қоректенуі.

Оогонийлар (*Оогоний*) — аналық жыныс торшасының — жұмыртқаның, бастапқы көзі.

Ооцит () — өсіп және пісіп жетілу кезеңіндегі аналық жыныс торшасы — жұмыртқа торша.

Опиатты рецепторлар (*Опиатные рецепторы*) — ми торшалары мембранасының наркоздық заттарға өте сезімтал арнаулы құрылымдары.

Оптимум () — организмнің тіршілік әрекетіне және жеке физиологиялық процестердің атқарылуына ең қолайлы жағдайлар.

Орайлас жүйкелендіру (*Реципрокная иннервация*) — қаңқа бұлшық еттері топтарының қарама-қарсы бағытталған әрекеттерінің үйлесімін қамтамасыз ететін жүйкелендіру принципі. Осының нәтижесінде бұлшық еттің бір тобы жиырылса, екінші тобы босаңсиды.

Оралымды қозу (*Возбуждение возвратное*) — нейрондардың өз аксонының бүйір тармақтарымен (коллатералдармен) қайта оралған импульстер әсерімен қозуы. Оралымды қозу нейрондар тобында қозу процесінің қайталап туындауын қамтамасыз етеді.

Орамдылық (*Эластичность*) — бұлшық ет талшықтарының керуші әсерге ширыға жауап беретін қасиеті.

Орган – қ. Ағза.

Органдар автоматизмі (*Автоматизм органов*)- жеке органдардың (мысалы, жүрек), өздігінен қозуға бейімділігі, сыртқы әсерсіз өзінде туындаған тітіркеністердің (импульстердің) әсерімен әрекет етуі.

Организм () — сыртқы орта әсеріне өз бетімен жауап қайтаратын, өзін-өзі реттеп, жетілдіріп отыратын тірі материяның біртұтас бөлшегі, жанды дене,

тіршілік иесі. Қоршаған ортамен әртүрлі зат және энергиямен алмасып отыратын ашық биологиялық жүйе. Көп жағдайда “организм”, “дарак”, “индивид” және “индивидуум” деген атауларды синоним ретінде қолданады, бұл биологиялық тұрғыдан дұрыс емес. Мағынасы жағынан организм — тіршілік иесі, оның өкілі. Дарак — жеке консорция, бірлестік. Индивид — бірлестіктің өз бетімен тіршілік ететін мүшесі. Индивидуум — мінез-құлықтың психологиялық әрі бар, тек адамға байланысты қолданылатын түсінік.

Организм мен орта тұтастығы (*Единство организма и Среды*) — тірі организм мен қоршаған ортаның — табиғаттың өзара әсері, бірлестігі.

Организм секемділігі (*Реактивность организма*) – организмнің тітіркендіргіш әсерін қабылдау қабілеттілігі, тітіркендіргіш әсеріне сезімталдығы.

Организмнің ішкі ортасы (*Внутренняя среда организма*) — денеде зат алмасу процесін қамтамасыз ететін, гомеостазды сақтауды қамтамасыз ететін биологиялық сұйықтардың жиынтығы. Оған қан, лимфа, ұлпалық сұйық жатады.

Органикалық заттар (*Вещество органическое*) — тірі заттың пайда болуына себепші заттар. Көміртегі қосылыстары.

Органогенез () — организмнің дамуы барысында мүшелердің қалыптасу процесі.

Органоидтар (*Органоиды*) — торшаның белгілі бір қызмет атқаратын бөлшегі.

Орнитин () — аминқышқылы. Алғаш рет құс саңғырығынан табылған, адам мен жануарларда бауырда мочеви́на синтездеу процесінің атқарылуында маңызды роль атқарады.

Орнитология () — құстарды зерттейтін ғылым саласы.

Орта мен организмнің өзара қатынасы (*Взаимоотношения организма и среды*) — қоршаған ортаның жанды және жансыз факторларының организмнің тіршілік әрекетіне және организмдердің өзі мекендейтін ортаға кері ықпалы.

Орталық нерв жүйесі (*Центральная нервная система*) – адам мен омыртқалы жануарлар нерв жүйесінің жұлын мен мидан құралған бөлімі. Ол ішкі және сыртқы әсерлерді қабылдап, оған жауап беру арқылы организмді қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімдейді, жеке органдар мен бүкіл организмнің күрделі әрекетін басқарып, түрлі физиологиялық процестердің үйлесімді жүруін қамтамасыз етеді.

Орталық цилиндр (*Осевой цилиндр*) — нерв талшықының ортасында орналасқан құрылым.

Орталыққа тепкіш нерв (*Центростремительные нервы*) – қозу толқынын рецепторлардан ОНЖ-ге жеткізетін нервтер.

Орталықтан тепкіш нервтер (*Центробежные нервы*) – қозу толқынын ОНЖ-нен атқарушы органдарға жеткізетін нервтер.

Орталықтан тепкіш талшықтар (*Эфферентті талшық*) – орталық нерв жүйесінен қозу импульсін эффекторларға жеткізетін нерв талшықтары.

Ортаңғы құлақ (*Среднее ухо*) — есту жүйесінің дыбыс өткізгіш бөлігі, дабыл қуысы. Сыртқы құлақтан дабыл жарғағымен, ішкі құлақтан - дөңгелек және сопақ тесік мембраналарымен бөлінеді. Ортаңғы құлақта дыбыс сүйекшелері-балғашық, төсше және үзеңгі сүйек орналасады.

Ортаңғы ми (*Средний мозг*) — мидың төрт төмпешік, қызыл ядро және қара төсеміктен тұратын бөлігі. Оның қатынасумен көру және есту процестерінің бағдарлау рефлекстері атқарылады.

Ортаңғы миы сақталған жануар (*Животное мезэнцефальное*) — тәжірибе жүргізу мақсатында ортаңғы ми мен аралық ми арасы көлденең тілініп бөлінген жануар.

Орындылық (*Целесообразность*) – кез-келген процестің немесе пайда болған құрылымның ортаның қалыптасқан жағдайына сәйкестігі, көзделген мақсатқа сәйкестігі.

Орнықты қозу (*Возбуждение местное*) — белгілі шектелген бөлікте мембраналық потенциалдың төмендеуімен сипатталатын қозу процесі.

Орталыққа бағыттаушылар (*Афференты*) — рефлекс жолының ОНЖ-не сыртқы ортадағы өзгерістерді, рефлекті орындаушы механизмдердің күйін хабарлап отыратын орталыққа тепкіш бөлімі. Рефлекс доғасының афференттік бөлімі сезімтал нерв ұштарынан және сезімтал жүйке тамырдан (нервтен) құралады.

Орталыққа тебу түрлері (*Виды афферентации*) — афферентацияның (орталыққа тебудің) екі түрі болады: тікелей және кері. Тікелей (алғашқы) афферентация туындаған жағдай жайлы хабардың алынуын қамтамасыз етіп, тиісті әрекетті тудырады. Кері афферентация әрекет жайлы хабардың орталыққа жетуін қамтамасыз етіп, әрекетке қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Орталыққа тепкіш буын (*Афферентное звено*) — рефлекс жолының рецептор мен афференттік нервтен құралған бөлігі. Ол организмнің ішкі ортасындағы өзгерістерді, немесе сыртқы әсерлерді ОНЖ-сі құрылымдарына хабарлауды қамтамасыз етеді.

Орталыққа тепкіш жолдар (*Афферентные пути*) — орталық нерв жүйесінің өрлеу (орталыққа тепкіш) жолдарының нерв талшықтары. Орталыққа тепкіш жолдар арқылы жұлынның афференттік нейрондарынан импульстер ОНЖ-нің түрлі құрылымдарына таралады.

Орталыққа тепкіш нерв талшықтары - қ. Афференттік нерв талшықтары.

Орталыққа тебу (*Афферентация*) — сыртқы және ішкі рецепторлардан нерв импульстерін (тітіркеністерді) орталық нерв жүйесіне жеткізу.

Орталықтан тепкіш нерв талшықтары - қ. Эффектік нерв талшықтары.

Ортаңғы – қ. Медиальдық.

Осмо- — күрделі сөздің “осмостық қысымға қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Осмостық реттелу (*Осморегуляция*) — ішкі орта (қан, лимфа) осмостық қысым деңгейінің қалыптан ауытқуларына мүмкіндік бермей реттеп отыратын физиологиялық процесс.

Осмостық қысым (*Осмотическое давление*) — ерітіндіде еріген заттар туындататын қысым. Осмостық қысым су мен еріген заттардың денеге, ерітіндіге таралуына ықпал ететін фактордың бірі.

Осмос () — жартылай өткізгіш мембрана арқылы ерітіндінің бір бағытта өтуі.

Осмостық беріктік (*Осмотическая стойкость*) — торшалардың ортаның осмостық қысымының төмендеуіне төзімділігі.

Отит () — қ. Бұлақ.

Отолит аппараты (*Отолитовый аппарат*) — тепе-теңдік талдағышының рецепторлық торшалары, оларды қоршап тұрған іркілдек масса мембранасы мен оған батып орналасқан құлақтас (отолит) кристалдарынан құралған бөлімі.

Отолиттер – қ. Құлақтас.

Оттегі тапшылығы (*Голодание кислородное*) — организмнің оттегіге мұқтаждығының толық қамтамасыз етілмеуі.

Оттегімен қанығу (*Гипероксия*) – өкпе желдетілуінің күшеюі, таза ауамен ұзақ тыныс алу нәтижесінде қан мен ұлпаларда оттегі мөлшерінің артуы.

Оттегісіз гемоглобин – қ. Дезоксигемоглобин.

Оттегінің жандануы (*Активация кислорода*) - қалыптастырылған оттегінің бір және екі электронды аралық өнімдері саналатын белсенді радикалдардың (супероксидті анион, гидрооксильді анион, синглетті оттегі, сутегінің асқын тотығы т.б.) түзілуі. Оттегінің төрт электронды қалыптастырылуы жағдайында су түзілген болар еді. Биологиялық жүйелерде оттегінің жандандырылған түрлері торшалардың қалыпты әрекеті барысында ферменттік және ферментсіз жолдармен түзіледі. Бұл процесс түрлі патология жағдайында күшейе түседі. Олардың қатынасуымен жүретін реакциялар айтарлықтай шапшаңдығымен сипатталады. Олар ұлпа құрамындағы липидтердің полиқанықпаған май қышқылдарының қосарланған байланыстарын ферментсіз жолмен үзіп, липидтердің асқын тотықты тотығуын тудырады.

Оттектік борыш (*Долг кислородный*) — организмде дене жұмысы кезінде жинақталған зат алмасу өнімдерін тотықтыру мұқтажынан туындайтын жұмыс тоқтағаннан кейінгі оттегінің (ауаның) үстемелей қабылдануы. Оның себебі ауыр жұмыс кезінде организмнің оттегіге мұқтажы 30-50 есе артады, ал оттегіні жеткізу және пайдалану мүмкіндігі тек 20 есе ғана өседі. Сондықтан ұлпаларда сүт қышқылы және басқа шала тотыққан өнімдер жинақталады.

Оттектік сұраныс (*Кислородный запрос*) — белгілі мерзім аралығындағы (негізінен мин.) дененің барлық ұлпаларының оттегіге деген сұранысы. Бұл көрсеткіш организм әрекетінің қарқынын сипаттайды. Оны мына формула

арқылы

анықтайды:

$OC = (VO_{2\text{ әр}} - VO_{2\text{ т}}) + OB$, мұнда OC — оттектік сұраныс, $VO_{2\text{ әр}}$ — әрекет (жұмыс) үстінде сіңірілген оттегі мөлшері, $VO_{2\text{ т}}$ — тыныштық жағдайда, организмнің әрекетте болған мерзіміне тең уақыт ішінде сіңірілген оттегі мөлшері, OB — оттектік борыш.

Остео-, ост- — күрделі сөздің “сүйекке, сүйек ұлпасына қатынасты” деген мағына беретін құрамы.

Остеобласт () — сүйек ұлпасының негізін құрап, сүйектегі даму, жанару және қайта түзілу процестеріне қатынасатын торшалар.

Остеодистрофия () — сүйек ұлпасындағы зат алмасудың бұзылуы салдарынан сүйектің өзгеруі, бүлінуі.

Остеокласт () — сүйек ұлпасының дамуы, қайта түзілуі барысында пайда болатын көп ядролы құрылым. Ол сүйектің негізгі затының жайылуын қамтамасыз етеді.

Остеомаляция — қ. Сүйек бору.

Остеомиелит — қ. Жыланкөз.

Остеопороз — қ. Сүйек кеуектенуі.

Остеорецепторлар (Остеорецепторы) — сүйектің әртүрлі құрылымдарындағы (сүйек қабығында, сүйектің өзінде, сүйек кемігінде, сүйек тамырларында) орналасқан сезімтал нерв ұштары.

Остеоцит () — көп өсінділі сүйек торшалары.

Остит () — сүйек ұлпасының қабынуы.

Офтальмология () — көздің құрылысын, атқаратын қызметін, емдеу әдісі мен аурудың алдын алу тәсілін зерттейтін медицина саласы.

Офтальмоскоп () — көз алмасының түбін (ішкі беткейін) зерттеуге арналған аспап. Ол ортасы тесік айналы құрал.

Ө

Өзара қосылу – қ. Копуляция.

Өзгеру (Альтерация) - торша-ұлпалық құрылымның зақымдануы салдарынан олардың қызметінің, әрекетінің бұзылуын тудыратын жағдайды сипаттайтын жалпы ұғым.

Өздігінен қозатын нерв орталықтары (Автоматические нервные центры) - организмнің ішкі ортасының (қан, лимфа) құрамы өзгеруінің салдарынан өздігінен қозатын нерв орталықтары.

Өздігінен реттелу (Авторегуляция, Саморегуляция) - табиғи жүйе әрекеттерінің ішкі өзгерістер салдарынан тікелей және қайтарымды байланысқа негізделіп организмнің физиологиялық күйіне сәйкестене өзгеруі, белгілі бір жүйенің өздігінен әрекет етуін қамтамасыз ететін басқару процесіндегі жүйелілік.

Өзекті доғалар – қ. Жартылай иірімді өзектер.

Өзін уыттау (Аутоинтоксикация) — организмнің өзінде түзілген уытты заттармен улану.

Өзін уыттандыру – қ. Интоксикация.,

Өкпе (Легкие) — тыныс алу мүшесі. Түтікшелі-көпіршікті тығыз (паренхиматозды) ағза. Тыныс алу жолдарынан және газ алмасу бөлімінен тұрады. Тыныс алу жолдары ауа тамырларынан (бронхылардан), ал газ алмасу бөлімі — көпіршіктерден (альвеолалардан) құралады.

Өкпе артериясының қақпақшасы (Клапан легочного ствола) — оң жак қарынша мен өкпе артериясы аралығындағы жарты айшық қақпақша. Үш қалташадан құралады, диастола кезінде қанның өкпе артериясынан оң қарыншаға кері оралуына мүмкіндік бермейді.

Өкпе қап – қ. Плевра.

Өкпе қап қуысы – қ. Плевра қуысы.

Өкпе тосқауылы (Аэрогематический барьер, Гемато-пульмональный барьер) — өкпенің альвеоладағы ауасын организмнің сұйық ортасынан бөліп тұратын құрылым-әрекеттік түзілісі. Электронды микроскопиялық зерттеулерге сәйкес әуе-қантамыр тоспасы мына элементтерден құралады: өкпенің беттік белсенділігі бар мономолекулалы қабаты (сурфактант), сурфактант мицеллалары бар тұздардың сулы ерітінділерінің мембрана беткейлік қабаты (гипофаза), альвеола эпителийінің ішкі беткейінің плазмалық мембранасы, эпителиалды торшаның цитоплазмасы, альвеола эпителийінің сыртқы беткейінің плазмалық мембранасы, эпителийдің базальдық (негіздік) мембранасы, қабырғалық (интерстициальды) қабат, эндотелийдің базальдық мембранасы, капилляр эндотелийі сыртқы беткейінің плазмалық мембранасы, эндотелий торшасының цитоплазмасы, қан плазмасы мен эритроцит мембранасымен жанасатын эндотелий торшасының ішкі беткейінің плазмалық мембранасы. Демек, бұл тұрғыдан “альвеола-капиллярлық мембрана” деген термин ескірген ұғым болып табылады. Әуе-қантамыр тоспасы ауада қалқып жүрген заттарды, белоктың ірі молекулаларын өткізбейді, бірақ оттегіні, әсіресе көмір қышқыл газды өте жақсы өткізеді, майда ерігіш газ тәрізді заттар (ацетон, бензол, төртхлоры көміртегі) альвеола ауасынан қанға оңай өтеді. Әуе-қантамыр тоспасы микроорганизмдерді өткізбейді. Патологиялық процесс кезінде әуе-қантамыр тоспасының қорғағыштық қасиеті нашарлайды.

Өкпедегі газ алмасу (Газообмен в легких) — өкпе альвеоласынан оттегінің қанға, қаннан көмір қышқыл газының альвеолаға өтуі. Осының нәтижесінде вена қаны оттегімен қанығып, көмір қышқыл газының артық мөлшері альвеолаға бөлінеді. Өкпедегі газ алмасу газдардардың үлес қысымының айырмасына байланысты диффузия заңдылығына сәйкес жүреді.

Өкпенің желдетілуі (Вентиляция легких) — альвеола ауасы құрамының жаңаруы. Өкпенің желдетілу деңгейі тыныстың жиілігі мен тереңдігіне байланысты. Оның көрсеткіші болып ауаның минуттық мөлшері (бір минут ішінде деммен шыққын ауа) табылады.

Өкпенің тіршіліктік сиымдылығы (*Жизненная емкость легких*) — терең дем алынғаннан соң бар мүмкіндігінше өкпеден бөлініп шығарылатын ауаның мөлшері.

Өлі кеңістік (*Мертвое пространство*) - қ. Пайдасыз кеңістік.

Өліеттену (*Некроз*) — тірі организм мүшесінің, ұлпасының немесе торшалар тобының жансыздана бұзылуы.

Өлім себептері (*Летальные факторы*) — тіршілікті тоқтатып, өлімге душар ететін факторлар (гендер және хромосомалар).

Өміршендік (*Выживаемость, Жизненность*) — тіршілік етуге, тірі қалуға қабілеттік. Тірі организмнің қоршаған орта жағдайларына төзімділік қасиеті.

Өндірішек (*Кадык*) — қалқанша шеміршектен төмен орналасқан кеңірдектегі шодыр.

Өнімділік (*Продуктивность*) — малдың шаруашылыққа қажетті өнімдер (ет, жүн, сүт т.б.) беру деңгейі.

Өнімдік малазық – қ. Жұғымды жем, Жұғымды малазық.

Өнімталдық (*Рождаемость*) — организмнің бір жыл ішінде туып-көбею мүмкіндігі.

Өңеш (*Пищевод*) — ауыз қуысын қарынмен жалғастыратын, жұтқыншақтан басталып, қарынмен ұштасатын түтікше.

Өңеш науасы (*Пищеводный желоб*) — өңештің мес қарынмен жалғасқан жерінен бастап қатпаршаққа дейін созылып жататын ернеулері шала түйісіп тұратын түтікше құрылым.

Өңеш шанағы (*Воронка пищевода*) — өңештің жұтқыншақпен жалғасқан бөлігі.

Өрбу – қ. Көбею.

Өрбігіштік (*Фертильность -лат.*) – организмнің өніп-өсуге, ұрпақтануға қабілеттілігі.

Өркен (*Клон*) – жануар мен өсімдіктің генетикалық біртекті ұрпағы. Микробиологияда — бір торшадан алынған ұрпақтар.

Өрлеу жолы (*Восходящий путь*) — Жұлынның тітіркеністі шеткей мүшелерден ОНЖ-нің жоғары бөлімдеріне жеткізетін орталыққа тепкіш жолдары.

Өрмелі қабықша (*Паутинная оболочка*) — жұлынның сыртқы қабығын астарлай орналасатын жұқа қабықша.

Өріс заңы (*Закон полярности*) — организмдегі морфологиялық процестер мен құрылымдардың кеңістіктегі бағдары негізінде торшаның, ұлпаның қарама-қарсы ұштарында, оның қабығының қарсы беткейлерінде морфо-физиологиялық айырмашылықтың пайда болуы.

Өрістену (*Поляризация*) — электрохимиялық немесе биоэлектрохимиялық процестердің әсерімен потенциалдар айырмасының тепе-теңдік күйден ауытқуы. Мысалы, иондар арнасының әрекетімен торша мембранасы өрістенеді.

Өсу гормоны (*Гормон роста, Соматотропный гормон*) — гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлініп, организмнің өсіп, жетілуін реттейтін гормон.

Өсім салмақ (*Привес*) — Белгілі бір мерзім ішінде малдың семіруіне (өсуіне) байланысты қосылған салмақ.

Өсімдік қоректілік (*Вегетарианство*) — тек өсімдік текті азықпен қоректену.

Өсімдіктер әлемі – қ. Флора.

Өсімталдық (*Плодовитость*) — аналық организмнің ұрпақтану қабілеті.

Өсімталдық шегі (*Абсолютная плодовитость*) - жануардың ұрпақтану, көбею мүмкіндігінің ең жоғарғы шегі.

Өт (*Желчь*) — бауыр торшаларында толассыз түзіліп, азық (тамақ) құрамындағы майдың ыдырауын, сабындануын, эмульсиялануын және сіңуін қамтамасыз ететін сұйық секрет. Өт ішек қимылын да күшейтеді. Ол *бауырлық және қапшықтық өт* болып бөлінеді. Бауырлық өт сұйықтау, жасыл-сарғыш түсті, сілтілі реакциялы келеді де, ішек қуысына толассыз бөлініп отырады. Қапшықтық өт тұтқыр сарғыш-қоңыр, жасыл-көк түсті болады да, ішекке тек ас қорыту кезінде құйылады. Тәуелігіне адам 1,5-2 л, жылқы 6-7,2, ірі қара 7-9,5, қой-ешкі 1-1,5, ит 0,2-0,3 л өт бөледі.

Өт бөлу (*Желчевыделение*) — өттің өт қапшығынан, өт өзектерінен ұлтабар ұшына құйылуы, бауырдан бөлініп шығуы.

Өт бояулары – қ. Өт пигменттері.

Өт қалтасы – қ. Өт қапшығы.

Өт қапшығы (*Желчный пузырь*) — ас қорыту аралығында өт жиналатын бауырға жабыса орналасқан қуыс құрылым.

Өт қышқылдары (*Желчные кислоты*) — өт құрамына енетін холин қышқылдарының туындылары. Олар майлардың эмульсиялануында, қорытылуында, сіңуінде маңызды роль атқарады.

Өт өзегі (*Желчный проток*) — өтті бауырдан ұлтабар ұшына жеткізетін өзекті түтікше.

Өт пигменттері (*Желчные пигменты*) — гемоглобин ыдыраған кезде бауырда түзілетін бояулы заттар (билирубин, биливердин).

Өт түзу (*Желчеобразование*) — бауырдың секреторлық торшаларында ерекше өнімнің — өттің пайда болуы. Бұл толассыз жүретін күрделі физиологиялық процесс.

Өтем (*Компенсация*) – органның немесе оның бөлімінің өзінің істен шыққан жұбының болмаса бөлігінің қызметін қоса атқаруы. Мысалы, бір бүйректің жұмысы нашарлағанда екінші бүйрек қызметінің күшеюі.

Өтемдік тыным – қ. Теңгерме тыным.

Өткізгіштік (*Проводимость*) — тірі ұлпаның қозуды өткізуге қабілеттілігі.

Өтімділік (*Проницаемость*) — торшалардың, ұлпалардың, тамыр қабырғасының түрлі заттарды сіңіріп, бөле алатын қасиеті.

Өшу (*Угасательное торможение*) – шартты тітіркендіргішті шартсыз, табиғи тітіркендіргішпен жебемей, бекітпей қойған жағдайда шартты рефлексстің жойылуы, өшуі.

П

Пайдалы әрекет коэффициенті (*Коэффициент полезного действия*) — энергия шығынының пайдалы әрекет атқаруға жұмсалған бөлігінің процент түрінде бейнеленген көрсеткіші.

Пайдасыз кеңістік (*Вредное пространство*) — жоғары тыныс жолының қуысындағы ауа, тыныс ауасының денедегі газ алмасу процесіне қатынаспайтын бөлігі. Тыныс жолының ауа мен қан арасында газ алмасу процесі жүрмейтін бөлігі. Пайдасыз кеңістік анатомиялық және физиологиялық болып бөлінеді. Анатомиялық пайдасыз кеңістікті мұрын тесігі мен ауыздан басталып, өкпенің тыныстық бронхиолаларын (ауа тамыршаларын) қамтитын ауа жолының көлемі құрайды. Оның көлемі салыстырмалы тұрақты болады. Физиологиялық пайдасыз кеңістік анатомиялық пайдасыз кеңістік пен қан тамырлары жабық күйдегі өкпе альвеолаларынан және қабырғамен жанасқан қанды қанықтыруға қажет деңгейден артық мөлшерде желдетілген альвеолалардан құралады. Бұл көрсеткіш өзгеріп отырады, анатомиялық пайдасыз кеңістікпен салыстырғанда тұрақсыз келеді.

Паллидум — қ. Бозғылт шар.

Пальпация – қ. Сипалау.

Панцитопения () — қан құрамында қан торшаларының барлық түрінің (эритроциттердің, лейкоциттердің, тромбоциттердің) азаюы.

Парабиоз () — 1. Екі жануарды қан айналымын біріктіріп, бір-бірімен қосарлау. 2. Тірі ұлпаның күшті немесе ұзақ тітіркендіруге тіршілік белгілерін (қозқыштық, өткізгіштік, құбылмалық) уақытша, қайтарымды сипатта жоғалтуымен жауап беруі.

Парабионттар – қан және лимфа айналым жүйелері байланысқан, бір-біріне жабысып кеткен организмдер.

Парабронхылар – қ. Ауа тамыршалар.

Парагевзия () — дәм сезу қабілетінің бұзылуы, татымдық тітіркендіргіштің болмауына қарамай бір дәмді сезіну.

Паракинез () — әртүрлі күрделі қимыл-әрекеттердің еріксіз атқарылуымен сипатталатын гиперкинездің бір түрі (мыс., саусақтың жыбыры).

Паракринді әсер (*Паракринное действие*) — эндокринді торшалар бөлген өнімдердің сол торшалармен іргелес орналасқан құрылымдарға торша аралық кеңістік арқылы әсері. Паракринді әсер гистаминге тән.

Парамнезия — қ. Естің бұзылуы.

Парасимпатикалық нерв жүйесі (*Парасимпатическая нервная система*) — адам мен омыртқалы жануарлардың вегетативтік нерв жүйесінің бір

бөлімі. Ол ішкі мүшелер қызметін реттеуге қатысады. Жүрек жұмысын баяулатып, ас қорыту сөлінің бөлінуін жандандырады, организмге зат пен энергияның жинақталуын күшейтеді.

Парагормон () — қалқанша серік без бөлетін гормон.

Паратип () — сыртқы орта әсерінен қабылданған белгілер.

Паренхима () — жануардың кез-келген мүшесінде оның негізгі әрекетін атқаратын арнаулы ұлпа.

Паренхималы мүшелер (*Паренхиматозные органы*) — жануарлардың тығыз, қуыссыз ішкі мүшелері (бауыр, көкбауыр).

Паротин () — шықшыт безінің гормоны.

Партеногенез () — организмнің ұрықтанбаған жалғыз жұмыртқадан дамуы.

Парасат – адамның ой-өрісі, ойлау қабілеті.

Паренхималық тосқауыл – қ. Ұлпалық тосқауыл.

Пассивті тасымалдау – қ. Ықпалды тасымалдау.

Пат-, пато- — күрделі сөздің “ауытқу, сыртқат күй, ауру” деген мағына беретін құрамы.

Пачини (F.Pacini, 1812-1883, итал. анатом) денешігі (*Тельца Пачини*) — терінің терең қабатында, тері шелінде және ішкі органдарда орын тепкен қалталы рецепторлар тобы. Олар капсуладан, сауытшадан және рецептор ұшынан тұрады. П.д. ұлпалық механорецептор болып табылады.

Пәктеу – қ. Зарарсыздау.

Пәктеу (*Асептика*) - жараға инфекция түсірмеу үшін микробтарды (бактерияларды) алдын ала физикалық әдістермен (қыздыру, қайнату, булау) жою шаралары.

Пәктік – қ. Зарарсыздық.

Пәс әрекет (*Гипофункция*) – организм органы, жүйесі немесе ұлпасы әрекетінің нашарлауы.

Пәс қысымды ерітінділер (*Гипотонические растворы*) — осмостық қысым деңгейі қан плазмасының қысымынан тқмен ерітінділер.

Пәскернеу (*Гипотензия*) – организмнің қуыс мүшелерінің ішіндегі қысымның қалыптан төмендеуі. Бұл термин көбінесе артерия мен вена тамырларындағы қысымның төмендеуін сипаттау мақсатында қолданылады.

Пейер шатырасы (*Пейеровы бляшки*) — ащы ішектің ішкі қабығын бойлай шашырап жататын лимфоидты ұлпалар.

Пеллагра () — РР дәрмендәрісінің жетіспеуінен адамда байқалатын ауру. Ол терінің зақымдануымен, ас қорыту процесінің бұзылуымен сипатталады. Адам құсады, іші өтеді, психикалық ауытқуларға душар болады.

Пентоза () — молекуласының құрамында көміртегінің бес атомы болатын моносахарид. Нуклеин қышқылдары мен нуклеотид құрамында кездеседі. Олардың негізгі өкілдері рибоза мен дезоксирибоза.

Пентозалы айналым (*Пентозный цикл*) — глюкозаның пентозалар түзе тотығуын қамтамасыз ететін ферменттік реакциялар тізбегі. Бұл процесс торша цитоплазмасында жүреді. Пентозалы айналымның биологиялық

маңызы рибозаның және жекеленген никотинамидадениндинуклеотидті фосфаттың түзілуін қамтамасыз етуінде.

Пепсин () — қарын сөлінің белсенді ферменті. Ол белокты альбумозаға және пептонға ыдыратады.

Пепсиноген () — қарын сөлінің құрамындағы бұйығы фермент. Ол тұз қышқылының әсерімен пепсинге айналады.

Пептондар (Пептоны) — ас қорыту барысында түзілетін белоктардың алғашқы ыдырау өнімдері.

Перикард – қ. Үлпершек.

Перилимфа () — ішкі құлақтың сүйекті және жарғақты иірімдері арасындағы қуысты толтырып жататын сұйықтық.

Периметрий () — жатырдың сыртқы беткейін жауып тұратын сірлі қабығы.

Перимизий () — бұлшық етті немесе ет талшықтары шоғырын сыртынан жауып қоршайтын дәнекер ұлпалы қабық.

Периневрий – қ. Нервқабық.

Перистальтика — қ. Толқи қозғалу.

Перициттер – қ. Жабынды торшалар.

Перкуссия () — қ. Тықылдату.

Пероксидаза () — оксиредуктаза тобының ферменті. Полифенолдар, аминдер, май қышқылдары, цитохром мен глутатионның тотығуын сутегінің асқын тотығының қатысуымен жандандырады.

Перфораторий () — қ. Қадауыр.

Перфорация () — қ. Тесілу.

Перфузия – қ. Шаймалау.

Пигменттер – қ. Б ояғыштар.

Пилорус бездері (Пилорические железы) — қарынның ұлтабарға - жіңішке ішекке ұласатын жерінің кілегей қабығындағы бездер.

Пиноцитоз () — торшаның түрлі заттарды сұйық ерітінді тамшысы немесе майда жүзінді түрінде сіңіруі. П. ішектің эпителиальды торшаларында және бүйректің иірімді түтікшелерінде орын алады.

Пипетка () — қ. Тамызғыш.

Пирамидалық торшалар (Пирамидные клетки) — үлкен жарты шарлар қыртысының пирамида пішіндес торшалары. Пирамидалық нейрондардың төменгі кеңейген табан жағынан аксон шығады, ал жоғарғы сүйір ұшы апикальдық дендритке айналады. Бұл нейрондардың бүйір беткейлерінен негіздік (базальдық) дендриттер шығады. П.т. ми қыртысының III және V қабаттарында орналасады.

Пирамидалық жол (Пирамидные пути) — ми қыртысынан жұлын арқылы тұлға және аяқ-қол бұлшық еттеріне таралатын маңызды төмендеу (орталықтан тепкіш) нерв жолы.

Пиридоксин, В6-дәрмендәрісі — амин қышқылдар алмасуына қатынасатын ферменттер құрамына енетін дәрмендәрі. Ол ашытқыларда, бидай мен күріш

кебегінде, бауырда жинақталады. Пиридоксин жетіспеген жақдайда дерматит, анемия аурулары дендеп, бұлшық ет түйіледі.

Питуитрин () — гипофиздің артқы бөлігінен алынатын гормон. Ол бірыңғай салалы еттердің жиырылуын күшейтіп, қан қысымын арттырады.

Плазмин () — гидролаза тобындағы белоктарды ыдырататын фермент. Ол ерімейтін фибрин жіпшелерін ерігіш өнімдерге айналдырып, оларды ерітеді, ыдыратады.

Плазмалық мембрана (Плазмолемма, плазматическая мембрана) — цитоплазманың торша қабықшасына жабыса орналасқан сыртқы қабаты.

Плазмоллиз () — гипертониялық ерітінді әсерінен торшаның бүрісуі.

Пластикалық процесс (Пластические процессы) — нуклеин қышқылдары мен белоктарды, торша құрылымдары мен ферменттерді синтездеуді қамтамасыз ететін анаболизмдік процестер.

Плевра () — көкірек қуысының ішкі бетін астарлай жауып, өкпені сырт жағынан бүркеп қаптайтын жұқа сірі қабықша.

Плевра қуысы (Плевральная полость) — Плевраның көкірек қуысын астарлап және өкпені бүркеп тұрған қабықшалары арасындағы қуыс кеңістік.

Пневмограмма () — тыныс қимылдарын бейнелейтін қисық сызық.

Пневмограф () — тыныс қимылдарын жазуға арналған құрал.

Пневмография () — тыныс қимылдарын пневмографпен жазып, зерттеу.

Пойкилоциттер (Пойкилоциты) — пішіні құбылмалы эритроциттер.

Поли- — күрделі сөздің “көп, көпшілік” деген мағына беретін құрамы.

Полигамия () — күйлеу кезеңінде аталық дарақтың бірнеше аналықпен шағылысуы.

Полидипсия — қ. Сусамыр.

Полипноэ () — тыныстың тереңдеуі және жиілеуі.

Полиурия () — зәрдің шектен артық бөлінуі.

Полифагия () — қоректік заттарды қарқынды сіңіре отырып, азықты шамадан артық жеу.

Полицитемия () — эритроциттер санының шектен артып кетуі.

Поллакурия () — зәрді жиі-жиі шығарумен сипатталатын ауру.

Поляризация – қ. Өрістену.

Популяция () — жалпы ареальдық белгілі бір аймақта (аумақта) оқшауланып орналасқан дарақтар түрі.

Популяциялық биология (Биология популяционная) — популяцияның құрылысы мен даму заңдылықтарын зерттейтін биология саласы.

Пост- — күрделі сөздің “артқы, соңқы, кейінгі” деген мағына беретін құрамы.

Постсинапстық мембрана – қ. Артқы шептік мембрана.

Постсинапстық қозу - қ. Артқы шептік қозу.

Потенция () — қ. Қарым, қабілет.

Пре- — күрделі сөздің “бұрын, алды” деген мағына беретін құрамы.

Пресинапстық көпіршектер – қ. Алғы шептік көпіршіктер.

Пресинапстық мембрана – қ. Алғы шептік мембрана.

Пресистола () — жүрек айналымының жүрекшелер жиырылуының нәтижесінде қанның қарыншаларға өтуімен бейнеленетін сатысы.

Прессорецепторлар (Прессорецепторы) — іші қуыс мүшелердегі қысым ауытқуларын қабылдайтын сезімтал нерв ұштары.

Прессорлық рефлексдер () — жүрек-қан тамыр жүйесінде сыртқы орта өзгерістеріне бейімделу мақсатында шапшаң байқалатын өзгерістер. Прессорлық рефлексдер жүректің систоалық көлемінің өсуімен, жүрек жұмысының жиілеуімен, соның нәтижесінде жүректің минуттық көлемінің артуымен, қан тамырларының тарылуы салдарынан шеткі кедергінің жоғарылауымен, қанның тұтқырлығының өсуімен, сызықтық ағын жылдамдығының шапшаңдауымен, айналымдағы қан мөлшерінің көбеюімен сипатталады. Прессорлық рефлексдерді афференттік, орталық және эфференттік буындардан тұратын күрделі реттеу механизмдері қамтамасыз етеді. Афференттік буын қан айналым жүйесінің рефлексік өрістерінен тұрады. Орталық буын жұлынды, сопақша мидың, гипоталамустың, ми қыртысының жүрек пен қан тамырлары қызметін реттейтін орталықтарын қамтиды. Эфференттік буынды симпатикалық нерв жүйесінің пре- және постганглийлік талшықтары, парасимпатикалық нейрондар, гипофиздің артқы бөлімі, бүйрек үсті бездің қыртыстық бөлігі мен боз заты, бүйректің юктагломерулярлық аппараты құрайды.

Прессорлық орталықтар — мидың қан тамырлары тонусын, сол арқылы денедегі қан қысымын реттейтін бөлімдері.

Прогастрин () — қарын сөлінің бөлінуін күшейтетін гастриннің алғы заты, оның бұйығы түрі.

Прогестерон () — аналық бездің сары денешігінен бөлінетін гормон. Буаздық кезінде гипофиздің гонадотроптық гормондарының түзілуін, фолликулалардың дамуын бәсеңдетіп, жатырдың қимылын (жиырылуын) тежейді, ұрықтың дамуын, желіннің лактацияға дайындалуын қамтамасыз етеді.

Продуценттер (Продуценты) — бейорганикалық заттардан органикалық заттар түзетін организмдер.

Прокариоттар (Прокариоты) — қалыптасқан ядросы жоқ және мейоз жолымен бөліне алмайтын организмдер. Оларға вирус, бактерия, актиномицет, жасыл балдырлар жатады.

Проктит () — тік ішектің кілегей қабығының қабынуы.

Пролактин () — гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлінетін, желін мен аналық без қызметін реттеуге қатысатын гормон.

Пролан () — жолдастан (плацентадан) бөлінетін гормон.

Пролактин – қ. Лактогенді гормон.

Пролан-Б – қ. Лютеиндеуші гормон.

Пронуклеус () — ұрықтану процесі кезінде синкарион түзілгенге дейінгі жұмыртқа торша (аналық пронуклеусы) немесе сперматозоид (аталық пронуклеусы) ядросы.

Пропердин () — қан плазмасының глобулин тобына жататын, бактериялар мен вирустарды бейтараптай алатын белогы, табиғи (туа пайда болған) иммунитет факторы.

Проприорецептор () — бұлшық етте, буында, сіңір байламдарда орналасқан сезімтал нерв ұштары.

Просекретин () — ұлтабар ұшының кілегей қабығында түзіліп, ұйқы безі сөлінің бөлінуін күшейтетін секретин гормонының бұйығы түрі.

Протаминдер (Протамины) — қарапайым белок. Балық пен құс шәуетінде болады.

Протеаза () — белоктарды ыдырататын фермент.

Протеидтер (Протеиды) — белоктардың азотсыз заттармен (углеводтар, май тектес заттар) қосылуынан пайда болатын күрделі белок.

Протеинемия () — қан құрамындағы протеиндердің (альбумин мен глобулиндер) мөлшері.

Протеинурия () — зәр құрамында белоктың болуы.

Протеиндер (Протеины) — қарапайым белоктар.

Протодиастола () — жүрек айналымының жарты айшық қақпақшалардың жабылуына кететін уақытымен өлшенетін сатысы. Жүрек етінің босаңсу кезінен басталып, жарты айшық қақпақшалардың жабылуымен аяқталады.

Протоплазма () — тірі торшаның ядро мен цитоплазманы қамтитын ішкі заты.

Протромбин () — қан плазмасының глобулин тобындағы белогы, бұйығы фермент. Ол тромбинге айналғаннан соң қанның ұю процесіне қатысады.

Проэструм () — аналық дарақтың күйтінің басталар шағы — жыныс айналымының (циклінің) бастапқы сатысы, күйт басы.

Психика () — жоғары дәрежеде құралған тірі материяның (мидың) қоршаған ортаның объективті жағдайларына байланысты туындайтын жан сезімдерін бейнелейтін қасиеті.

Птиалин () — сілекей құрамындағы амилаза ферментінің ескірген атауы.

Пубертаттық без (Пубертатная железа) — жыныстық жетілуге байланысты без.

Пуга () — құс жұмыртқасының доғал ұшындағы ауаға толған қуыс.

Пульс () — жүрек жұмысымен байланысты артерия қабырғасының ырғақты тербелісі.

Пульстық қысым (Пульсовое давление) — систолалық және диастолалық қысым айырмасы. Адамда с.б. 40-50 мм, жануарларда көп мөлшерде ауытқып отырады.

Пульс өлшеу (Артериоплетизмография) - тәжірибе жүзінде артерия бөлігінде (сегментінде) пульстің көлемін тіркеу әдісі. Бұл жұмыс кішкентай

механикалық плетизмограф немесе іші сынаппен толтырылған жіңішке, жұқа резеңке түтікше көмегімен орындалады.

Пуркинье (J.E.Purkinje, 1787-1869, чех. физиол.) **торшалары** **Клетка Пуркинье** — мишық қыртысының аралық қабатында жатқан көп дендритті, сопақ, ірі нерв торшалары.

Пішін қалыптасу – қ. Морфогенез.

Пішу (Кастрация) – аталық немесе аналық жыныс бездерін (ен мен жұмыртқалықты) алып тастау. Мал шаруашылығында бұл тәсіл малды бордақылау, оның етінің дәмін және қоректік сапасын арттыру мақсатында қолданылады. Піштірілген айғырды — ат, бұқаны — өгіз, қошқарды — ісек, қабанды — ызбот, қоразды — каплун (әтек қораз), тауықты — пулярка деп атайды.

Пішпе қораз (Каплун) — семіртіп сою үшін піштірілген қораз.

Р

Рацион () – организмге бір тәулікте берілетін қорек, құрамы нақтыланған азық үлесі.

Ре- — күрделі сөздің «кері әрекет, кері әсер, қайталанған, жаңғырыққан әрекет» деген мағына беретін құрамы.

Реабсорбция () – қ. Кері сору,

Реадаптация () – қ. Кері бағытты бейімделу,

Реакция ()– организмнің сыртқы немесе ішкі орта тітіркендіргіштеріне қайтаратын жауап-әрекеті.

Реанимация () – қ. Қайта жандандыру.

Регенерация () – қ. Қайта қалыпқа келтіру.

Реверсия (лат.) – қалыпқа оралу.

Редукция (лат.) – жеке немесе тарихи даму барысында кейбір мүшенің жойылуы немесе дамымай қалуы.

Редуценты () – қоректену процесінде органикалық заттарды бұзатын организмдер.

Резекция (лат.)– қ. Кесіп тастау.

Резистография (лат.) – қ. Кедергі тіркеу.

Резорбция (лат.)– қ. Кері сорылу.

Резус-фактор (Rh - фактор) – адам мен жануарлар эритроциттерінде болатын ерекше антиген. Оның дайын антиденесі болмайды, бірақ резус-оң қанды резус-теріс организмге құйса, реципиент организмінде антидене (анти - резус фактор) пайда болады.

Ренин (лат.) – бүйректің юктагломерулярлық аппаратында түзілетін протеиназа тобының ферменті. Оның әсерімен бауырда түзілетін гликопротеин – ангиотензиноген ыдырап, одан ангиотензин бөлінеді.

Реннин () – қ. Мәйек.

Реншоу торшалары (Реншоу (B.Renshaw, 1911-1948, невропатолог) клетки) – жұлынның тежеуші әрекетті торшалары. Олар жұлынның мотонейрондарымен байланысқан аралық нейрон болып табылады. Бұл торшалар тудыратын тежеуді қайтарымды тежелу деп атайды.

Рендік көрсеткіш (Цветной показатель) – жеке эритроцит құрамындағы гемоглобин мөлшерін бейнелейтін көрсеткіш, жеке эритроциттердің гемоглобинмен қанығу дәрежесі. Оны мына формуламен шығарады:

қандағы Нв мөлшері (%) : Нв қалыпты мөлшері (%)
эритроциттің қалыпты саны қандағы эритроциттердің саны

Қалыпты жағдайда рендік көрсеткіш 1-ге тең. Егер ол 1-ден кем болса, онда эритроцит құрамында гемоглобиннің азайғаны (гипохромия), ал көбейсе – жоғарылағаны (гиперхромия).

Рең түйсігі (Цветное зрение) – адам мен жануарлардың заттың түсін ажырата алатын қабілеті. Оның механизмі әлі толық зерттелмеген. Рең түйсігін үш компонентті теория арқылы түсіндіреді. Негізгі түстер қызыл, жасыл және күлгін түсті спекторлар болып табылады. Оларды белгілі ара қатынаста араластыру арқылы әртүрлі рең алуға болады. Ал көздің торлы қабығында сезімталдығы әртүрлі сауытшалардың үш тобы болады. Егер көзге ұзын толқынды сәулелер әсер етсе, онда тек осы толқынды қабылдайтын сауытшалар қозып, қызыл түс түйсігі пайда болады. Ал жарық әсерінен екінші түрдегі сауытшалар қозса – жасыл түс түйсігі, үшінші топтағы сауытшалар қозса – күлгін түс түйсігі пайда болады. Аралық түстер осы үш түрлі сауытшалардың әртүрлі деңгейде қозуының нәтижесінде пайда болады. Мысалы, қызыл-сары түс түйсігі “қызыл” сауытшалар күшті, “жасыл” сауытшалардың жеткілікті деңгейде, ал “күлгін” сауытшалардың әлсіз деңгейде қозған жағдайында туындайды.

Реобазa (гр.) – қ. Табалдырық күш.

Реография (гр.) – түрлі органдар мен ұлпалардың қан тамырларының толу тербелестерін зерттеу әдісі.

Реорецепторлар (гр.+лат.) – қ. Ағымрецепторлар.

Респиратор (лат.) – қ. Қапқыр.

Респирация (лат.)— қ. Тыныс алу.

Респирометр (лат.) – тыныс алу барысында оттегіні қабылдау немесе көмір қышқыл газын бөлу қарқынын өлшеуге арналған құрал.

Ретикулоцитер (лат.) – түйіршікті немесе торлама қосындысы бар пісіп жетілмеген эритроцит.

Ретракция (лат.) – қ. Тығыздалу.

Рефлекс (лат.) – организмнің ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштер әсеріне ОНЖ-ің қатысуымен беретін жауабы. Рефлекс шартсыз (туа біткен, туа пайда болған, табиғи) және шартты (жүре пайда болған, жасанды) болып екіге бөлінеді.

Рефлекс доғасы (Рефлекторная дуга) – белгілі бір рефлекстің атқарылуын қамтамасыз ететін құрылымдар жиынтығы. Қарапайым рефлекс доғасының бес буыны болады. Олар: рецептор, орталыққа тепкіш жол, нерв орталығы, орталықтан тепкіш жол, атқарушы мүше (эффектор).

Рефлекс мерзімі - қ. Рефлекс уақыты.

Рефлекс тудырушы аймақ – қ. Рефлексогенді аймақ.

Рефлекс уақыты (Время рефлексов) — рецепторды тітіркендіргеннен бастап организмнің жауап реакциясы байқалғанға дейінгі уақыт аралығы.

Рефлексстің күшеюі (Гиперрефлексия) – жұлын есеңгіреуінен (шок) соң рефлекторлық әрекеттердің күшеюі. Бұл құбылыс негізінен жұлынға мидың тежеуші ықпалының әлсіреуі салдарынан туындайды.

Рефлексогенді аймақ (Рефлексогенная зона) — дененің біртекті сезімтал нерв ұштары шоғырланған, үйреншікті тітіркендіргіштермен әсер еткенде белгілі бір рефлекс тудыратын бөлігі. Қантамырлар жүйесінің сезімтал нерв ұштарына бай аймақтары, рецепторлар шоғырланған бөлігі.

Рефрактерлік– қ. Қасарыс.

Рефрактерлік кезең – қ. Қасарысу кезеңі.

Рецептивті аймақ – қ. Қабылдағыш аймақ.

Рецептивті аумақ – қ. Қабылдағыш аумақ.

Рецепторлар (лат.) – қ. Сезімтал нерв ұштары, Қабылдағыштар.

Рецепторлық белок – қ. Қабылдаушы белок.

Рецепторлық торша – қ. Қабылдағыш торша.

Рецепторлық және генераторлық (Рецепторный и генераторный потенциал) – бұрын бұл атаулар бір мағынада қолданылған. Қазіргі кезде оларды әртүрлі құбылысты бейнелеу үшін қолданады. Р.п. деп үйреншікті тітіркендіргіш әсерімен рецепторлар мембранасының иондық өтімділігінің өзгеруі нәтижесінде туындайтын кернеулік өзгерістерді айтады. Қ.п. немесе Г.п. деп Р.п. рецепторлардың ортаңғы және шеткей бөлімдеріне таралу арқылы нерв импульстерін тудыратын кернеулік өзгерістерін айтады. Р.п. тітіркендіргіш әсерінен туындайды, ал Қ.п. рецепторлық потенциал әсерінен туындайды. Тікелей сезінетін рецепторларда Р.п. дендриттердің терминальдық тармақтарында, ал Қ.п. аксон буылтығында (көру, иіс рецепторлары) немесе афференттік талшық бойындағы бірінші Ранвье үзілімінде пайда болады. Сатылы сезінетін рецепторларда Р.п. рецепторлық торшада, ал Қ.п. – афференттік талшық ұшында пайда болады.

Рецепция (лат.) – қ. Қабылдау.

Реципиент (лат.) – қ. Қабылдаушы.

Реципрокты жүйкелендіру – қ. Орайлас жүйкелендіру.

Рибоза () — РНК нуклеотидінің құрамына енетін моносахарид.

Рибонуклеаза (РНК-аза) — рибонуклеин қышқылы молекулаларындағы фосфорлы эфирлік байланыстардың болуын жандандыратын гидролаза тобының ферменті.

Рибонуклеин қышқылы (*Рибонуклеиновая кислота, РНК*) — рибоза көмірсуынан құралған нуклеотидті биополимер. РНК белоктар биосинтезін қамтамасыз етеді. Атқаратын қызметіне және торшада орналасуына қарай РНК ақпараттық (аРНК), рибосомалық (рРНК), тасымалдаушы (тРНК) болып бөлінеді.

Рибосома (гр.) — цитоплазманың белок синтезін қамтамасыз ететін органелласы.

Рибофлавин (лат.) — В2 — дәрмендәрісі. Флавин ферменттерінің құрамына еніп, организмдегі тотығу процестеріне қатысады. Ет, сүт, көкөніс құрамында көп болады. Бұл дәрмендәрі жетіспеген жағдайда нерв жүйесі зақымданып, кілегей қабық пен тері ауруға шалдығады.

Ромб тәрізді ойыс (*Ромбовидная яма*) — сопақша мидың төртінші қарыншасы түбіндегі ромб пішінді шұңқыр.

Руже торшалары (*Клетки Руже*) — капилляр сыртын орап жататын тармақты торшалар.

Руминография () — мес қарын қабырғасының қимылын арнаулы аспап көмегімен жазу.

Руффини (A.Ruffini, 1864-1929, итал. анатом) **денешігі** (*Тельца Руффини*) — терінің терең қабатындағы қапталған рецепторлар. Олар қысылуды қабылдайтын құрылым болып саналады.

С

Саға – қ. Кіреберіс.

Сағалық мүше - қ. Вестибулалық мүше.

Сағалық өзек - қ. Вестибулалық өзек.

Сал (*Паралич*) — нерв жүйесінің зақымдануы салдарынан дене мүшелерінің қимыл-әрекеттен айырылуы.

Саливация (лат.) — қ. Сілекей бөлу.

Салқын қанды жануарлар (*Пойкилотермные животные*) — дене температурасы қоршаған орта температурасына байланысты құбылып отыратын жануарлар. Оларға омыртқасыз жәндіктер, балықтар, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар және сүтқоректілердің кейбір жеке түрлері жатады.

Салыстырмалы физиология (*Сравнительная физиология*) — физиологияның әртүрлі түліктерге, түрлерге, жас өкілдеріне т.б. тән функционалдық ерекшеліктерді салыстырмалы түрде зерттейтін саласы.

Сана (*Сознание*) — объективті шындықты бұлжытпай идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы. С. адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, мағынасын түсінуде маңызды қызмет атқаратын психикалық процестердің (түсіну, сезіну, қабылдау, ойлау т.б.) заңды нәтижесі болып табылады.

Санақты белгілір – қ. Мөлшерлік белгілер.

Сангвиник (лат.) — жоғары дәрежелі нерв қызметінің типі (нұсқасы). Қызу қанды, айқын эмоциялы, мінез-қылығы тез өзгертін адам.

Саңғуыр (*Клоака*) – ас қорыту, зәр шығару және жыныс жолдары тоғысатын ішектің артқы бөлігінің кеңейген жері, бұл құрылым балықтың кейбір түрлерінде (акула, жұпбалық), қос мекенділерде, бауырымен жорғалаушыларда, құстарда болады.

Сарколемма (гр.) — омыртқалы жануарлардың көлденең жолақты бұлшық ет талшықтарының қабықшасы.

Саркомер (гр.) — бұлшық ет талшықтарының Z — мембраналарымен шектелген сегменттері.

Саркоплазма (гр.) — көлденең жолақ бұлшық ет талшықтарының ядролы цитоплазмасы.

Сары дақ (*Желтое пятно*) — көздің торлы қабығының сауытшалар жинақталған ең сезімтал бөлігі.

Сары дене (*Желтое тело*) — аналық жыныс торшасының фолликуланы (көпіршікті) жарып шыққан жерінде пайда болатын құрылым. Ұрықтану процесі жүрмесе, сары дене қайта сорылып кетеді де, оны *жыныс айналымының* — сары денесі деп атайды. Ұрықтану процесі жүріп, ұрық пайда болса, сары дене бүкіл буаздық кезеңінде сақталады. Оны *буаздық сары денесі* дейді.

Сарығу – қ. Ісіну.

Сарыуыз (*Желток*) — жануарлардың ұрықтық торшаларында түйіршік түрінде жинақталып, жаңа пайда болған ұрықтың қорегі үшін пайдаланылатын қоректік заттар.

Сарыуызды торшалар (*Желточные клетки*) — даму сатысындағы ұрықтың қоректенуіне жұмсалатын қоректік заттарға бай торшалар. Бұлар уыздықта орналасады.

Сарыуызды қалта (*Желточный пузырь*) — ішінде ұрықтың қоректік заты-сарыуыз жиналған ішек қуысы.

Сасай, Сасай болу (*Половое истощение*) — аталық дарақтың жыныстық қабілетінің күрт төмендеп, шығылысуға жарамай қалуы.

Сасай болу – қ. Сасай.

Сатқақ (*Диарея*) – іштің тоқтамай, жиі-жиі өтуі.

Сауу (*Доеение*) — малдан сүт алу процесі.

Сауым сүт (*Удой*) – үй жануарларын бір рет сауып алғандағы бөлінген сүт мөлшері.

Сауыр тері (*Хаз*) – жылқы терісінің сауыр бөлігі.

Сауытшалар (*Колбочки*) — көздің торлы қабықшасындағы қысқа, түп жағы қампиған жарыққа сезімтал торшалар. Олар күндізгі көру аппараты болып саналады.

Сахараза — дисахарид сахарозаны ыдырататын фермент.

Сахараза – қ. Инвертаза.

Сахароза — Д — глюкоза мен Д — фруктоза қалдықтарынан тұратын дисахарид.

Сәуле қабылдағыштар (Фоторецепторы) – жарық сәулелерін қабылдайтын рецепторлар. Сыртқы сегменттерінің пішініне қарай олар таяқшалар және сауытшалар болып бөлінеді.

Сәуле сезім (Фоторецепция) – сәуле қабылдағыштардың (фоторецепторлардың) немесе бір торшалы организмдердің жарық сәулесін қабылдауы.

Сәулелендіру (Облучение) — емдеу немесе аурудың алдын алу мақсатында организмге түрлі сәулелермен әсер ету.

Сәулелі желі (Лучистый венец) — аналық жыныс торшасын (жұмыртқаны) сырт жағынан қаптаған қабықша.

Сәулелі еттер (Радиальные мышцы) — көз қарашығын кеңейтуге қатынасатын нұрлы қабықшаның етті құрылымы.

Себепкер (Агент) - организмде белгілі бір құбылыстарды, жауап реакцияларын тудыратын фактор, әсер.

Себептілік (Детерминизм) – заттардың, табиғат пен қоғамдық құбылыстардың, адамзат танымының, ойлаудың жалпы себептілігі жөніндегі ілім. И.П. Павлов жоғары дәрежелі нерв қызметі жайлы ілімінің негізін салғанда детерминизм принципін басшылыққа алған.

Сезім жүйесі (Сенсорная система) — нерв жолдары арқылы рецепторлармен және бір-бірімен байланысқан ОНЖ-ің белгілі құрылымдарының жиынтығы. Ол көру, есту, тепе-теңдік, иіс, дәм, жанасу және проприорецепторлық болып бөлінеді.

Сезім мүшелері (Органы чувств) — сыртқы және ішкі орта өзгерістерін қабылдап, оларды ОНЖ-не хабарлап тұратын құрылымдар.

Сезімтал табақша – қ. Меркель табақшасы.

Сезімталдық (Чувствительность) – кез келген организмнің сыртқы немесе ішкі орта әсерлерін қабылдау қабілеті.

Сезімсіздендіру (Анестезия) — сезімталдықтың белгілі бір немесе бірнеше түрінің толық не жартылай жойылуы. Табиғи жағдайда жүйке жүйесі сырқатының салдарынан туындайды. Жасанды түрде жансыздану әртүрлі дәрілер (кокаин, новокаин т.б.) әсерінен байқалады.

Сезімталдықты жою (Десенсибилизация) – организмнің белгілі бір зат әсеріне сезімталдығын әлсірету немесе жою.

Сезіну аймақтары (Сенсорные зоны) — ми қыртысының сезім жүйесінің рецепторлық бөлімінен жеткен импульстер қабылданатын аймақтары.

Сезіну табалдырығы (Порог ощущения) — организмнің тітіркендіргіш әсерін сезіну қабілетінің шамасы.

Сейілдеу – қ. Моцион.

Секемшілдік (Сенсибилизация) — организмнің сезімталдығының күшеюі.

Секемшілдік (Гиперергия) – организм сезімталдығының жоғарылауы, күшеюі.

Секрет () — қ. Түзінді.

Секрет түйіршіктері – қ. Түзінді түйіршіктері.

Секреция (лат.) — қ. Түзінділеу.

Секреция торшасы — қ. Түзінділеу торшасы.

Секрециялық нерв – қ. Түзінділеуші нерв.

Секретин (лат.) — ұлтабар ұшы (жіңішке ішек) мен ащы ішектің S — торшалары бөлетін гормон. Оның бөлінуін тұз қышқылы мен өт жандандырады, ал соматостатин — бәсеңдетеді. С. ұйқы безінен биокарбонаттар мен судың бөлінуін күшейтеді.

Секірте өткізу (*Сальтаторное проведение*) — үлпекті (миелинді) нерв талшықтарына тән қозу толқынын ырғыта, секірте өткізу ерекшелігі.

Селбес – қ. Мүдделес.

Селбеспелер (*Симбионты, гр.*) — бір-біріне пайда келтіре отырып тіршілік ететін организмдер.

Селбесу (*Симбиоз*) – әр түрге жататын организмдердің біріне-бірі пайда келтіре отырып, бірлесе, селбесе тіршілік етуі.

Селбестік – қ. Мүдделестік.

Селбестіргіш (*Медиаторы*) — нерв ұштарынан бөлінетін биологиялық белсенді заттар. Олар қоздырушы, синапстық және тежеуші медиаторлар болып бөлінеді. Қоздырушы медиаторлар постсинапстық мембрананы деполяризациялап, оның натрий мен калий иондарына өтімділігін жоғарылатады да, қоздырушы постсинапстық потенциал тудырады. Синапстық медиаторлар нерв талшықтарының ұшынан бөлініп, постсинапстық потенциал тудыру арқылы импульстың синапс арқылы берілуін қамтамасыз етеді. Тежеуші медиатор постсинапстық мембрананың хлор мен калий иондарына өтімділігін арттырып, постсинапстық мембрананы гиперполяризациялайды да, тежеуші постсинапстық потенциал тудырады. Бұл медиаторлар тобына гамма-аминді май қышқылы мен глицин жатады.

Селқостық (*Апатия*) - еш нәрсеге реакция бермеу, енжарлық, селқостық көрсету.

Сему (*Атрофия*) — тіршілік үстінде мүшелер мен ұлпалардың көлемінің кішіреюі, олардың өзіндік табиғи торшаларының дәнекер немесе май ұлпалары торшаларымен алмасуы, ығыстырылуы. Жыныстық жетілуден кейін айыршық безді май басу, қартаю салдарынан жыныс бездерінің, ОНЖ-нің сұр заты мөлшерінің кішіреюі физиологиялық атрофия болып табылады.

Сенсибилизация (лат.) — қ. Секемшілдік.

Сергу (*Бодрствование*) — ми қызметінің жанданып, мақсатты әрекеттердің, организм мен сыртқы орта арасындағы үйлесімдіктің, шартты рефлекторлық қызметтердің күшейетін кезі. Сергектік күйді орталық және аралық мидың торлы құрылымдары мен лимбикалық жүйеден өрлейтін тонустық әсерлер қамтамасыз етеді.

Сероза (лат.) қуысы (*Серозные полости*) — дененің іш жағындағы сероза қабығымен қапталған бітеу қуысы (көкірек және құрсақ қуыстары).

Сероза сұйықтығы (*Серозная жидкость*) — үлпершек, плевра аралық және құрсақ қуыстарының ішінде болатын сұйықтық, сероза қабығынан бөлінетін сұйық.

Серозалы без – қ. Сірлі без.

Серотонин () — биогенді аминдер тобына жататын биологиялық белсенді қосылыс. Аз мөлшерде адам мен жануарлардың барлық ұлпаларында табылған. Ол сантүрлі қызмет атқарады. Нерв жүйесі үшін медиатор болады, ішектің қимылын жандандырады, мөлшеріне сәйкес тыныс жолдары мен бірыңғай салалы еттердің тамырларын не тарылтады, не кеңейтеді, аллергиялық реакциялар тудырады.

Сертоли (Сертоли энрико, 1842-1910, итал. физиол.) торшалары (*Клетки Сертоли*) — аталық жыныс безінде (енде) кездесетін орнықты торшалар.

Сеченов тежелуі (*Сеченовское торможение*) — И.М.Сеченов ашқан (1862) ОНЖ-дегі тежелу процесі. Ол тәжірибе жүзінде мидың жұлын рефлекстеріне тежеуші ықпалының болатынын дәлелдеген.

Сигма ырғақ (*Сигма ритм*) — табиғи ұйқы кезінде тіркелген ЭЭГ-да байқалатын негізгі элементтердің бірі.

Симбиоз (гр.) — қ. Селбесу.

Симбионттар — қ. Селбеспелер.

Сомалық торшалар (*Клетки соматические*) — хромосома саны диплоидты болып келетін, жыныстық процестерге қатынаспайтын дарак денесінің (сома) торшалары.

Симметриясыздық (*Ассиметрия*) — Дененің сәйкес бөліктері мен мүшелерінің оның осінен (ортасынан) бірдей қашықтықта орналаспауы.

Симпатикалық жүйке (*Симпатическая нервная система*) — вегетативтік нерв жүйесінің ішкі ағзалар қызметін реттейтін бөлігінің бірі. Ол жүрек жұмысын күшейтеді, ас қорыту жолының қимылын бәсеңдетеді, қуат алмасуын жандандырады т.с.с.

Симфизис (гр.) — қ. Шат сүйек жігі.

Синапс (гр.) — қ. Жалғама.

Синапстық басытқы – қ. Жалғамалық басытқы.

Синапстық бөгеу – қ. Жалғамалық іркіліс.

Синапстық таралым – қ. Жалғамалық таралым.

Синапс саңлауы – қ. Жалғама саңлауы.

Синергия (гр.) — қ. Мүдделес.

Синергизм – қ. Мүдделестік, ымырашылдық.

Синоатриальдық блокада, синоатриальдық құрсау (*Блокада синоатриальная*) — қозудың синоатриальдық (Ашофф-Тавар) түйіннен жүрекшелерге таралуының бұзылуы.

Синоатриальдық түйін (*Синоатриальный узел*) — оң жақ жүрекше қабырғасында, қуыс веналар сағасында, эпикардтың астында орналасқан

өткізгіш жүйенің құрылымы. Бұл түйін жүрек автоматизмінің басқарушы орталығы болып табылады, нағыз пейсмеркеге (Р-торшаларға) жататын жоғары маманданған ет торшаларынан құралады.

Синовия қабықшасы (Синовиальная оболочка) — буын қабықшасының ішкі қабаты.

Синустар (лат.) — қ. Қойнау.

Синокаротидтік рефлексогендік аймақ (Синокаротидная рефлексогенная зона) — күре тамырдың ішкі және сыртқы тармақтарға ажыраған жеріндегі механо- және хеморецепторлардың тығыз шоғыры. Ол күре тамыр (каротид) қойнауы (синусы) мен күре тамыр түйінінен тұрады. Қан айналым жүйесінің негізгі рефлекс тудырушы аймағының бірі.

Синокаротидтік рефлекс – қ. Күре тамыр рефлексі.

Синхронсыздық (Асинхронность) - қ. Келісімсіздік.

Сипалау (Пальпация) — денені сипалап зерттеу әдісі.

Систола (гр.) — жүрек етінің жиырылуы.

Систолалық қысым (Систолическое давление) — жүрек жиырылған кезде артерияда қалыптасатын қан қысымының деңгейі.

Скелет (гр.) — қ. Қанқа.

Склера (гр.) — қ. Ақ қабықша. Көз алмасының сыртқы қабықшасы.

Созылғыштық (Растяжимость) — ұлпаның сыртқы күш әсерінен өзінің ұзындығын өзгертетін қасиеті.

Созылмалы тәжірибелер (Хронические опыты) – алдын ала операция жасалып дайындалған жануарларға ұзақ мерзім бойына жүргізілетін тәжірибелер.

Созылу (Растяжение) — ұлпаның сыртқы әсер күштің салдарынан ұзаруы.

Соқпақтану (Проторение пути) — нерв орталықтарының бір-бірінің қозғыштығын жоғарылататын қасиеті. Соқпақтану феномені орталық нерв жүйесінің біртұтастығының, оның қызметіндегі жүйеліліктің негізі болып саналады. Бұл ОНЖ-нің әртүрлі бөліктерінің өзара ауқымдық байланысын қамтамасыз ететін механизм.

Соқта – қ. Ядро.

Соқталы жануарлар – қ. Ядролы жануарлар.

Соқташық – қ. Ядрошық.

Соқыр дақ (Слепое пятно) — көздің торлы қабығының жарық сезбейтін, көру нерві шығатын, сезімтал торшалардан ада бөлігі.

Сома () — қ. Дене, Тән.

Соматостатин () — ас қорыту жолы кілегей қабығының Д-торшалары бөлетін гормон. Ол ОНЖ-сі құрылымдарында да табылған. Оған шектеулі әсер тән. С. ас қорыту жолы гормондарының бөлінуін бәсеңдетеді.

Соматотропин – қ. өсу гормоны.

Сомнабулизм () – қ. Ұйқысырау.

Сопак тесік (Овальное окно) — ортаңғы құлақты ұлудың (иірімді түтіктің) сағалық (вестибулярлық) өзегімен жалғастыратын саңлау. Оған керілген мембранаға ортаңғы құлақтың үзеңгі сүйегі бекиді.

Сопакша ми (Продолговатый мозг) — адам мен омыртқалы жануарлар миының жұлынмен жалғасатын бөлімі.

Сопакша ми рефлекстері (Бульбарные рефлексы) — ми бағанының қатынасуымен атқарылатын рефлекстер жиынтығы. Бульбарлық рефлекстер дене қимылы (соматомоторлық) және ағза қимылы (висцеромоторлық) болып бөлінеді. Соматомоторлық рефлекстерге дененің кейпін, азықты қабылдауды, шайнауды, жұтуды, сілекейдің бөлінуін, тілдің, көздің қимылдарын қамтамасыз ететін статикалық және статокинетикалық рефлекстер жатады. Сопакша мида түшкіру, жөтелу рефлекстерінің орталықтары да орналасады.

Сопакша миль жануар (Бульбарное животное) — миль сопакша ми мен көпір арасынан кесілген жануар. Бульбарлы жануар тынысы мен қан айналым жүйесінің қызметі қалыпты деңгейде сақталады. Бірақта тыныс орталығы мен қан айналым жүйесінің қызметтерін үйлестіруші құрылымдар мидың жоғары бөлімдерінде орналасқандықтан тәжірибедегі жануар бірнеше сағаттан соң тыныс пен қан айналымының бұзылуының салдарынан өліп қалады.

Сору (Всасывание) — қ. Сіңіру. Түрлі заттардың жануарлар ұлпаларының торшалық элементтері арқылы (ішек бүрлері, мембрана т.б.) қанға және лимфаға өтуі. Сіңіру процесі негізінен ас қорыту жолында жүреді, сонымен қатар өкпе қуысында, плеврада, жатырда, қуықта, тері беткейінде, кілегейлі қабықта орын алады. Қарапайымдарда сіңіру пино- және фагоцитоз арқылы атқарылады. Жоғары сатыдағы жануарларда сіңіру аппараты күрделене түседі де, аш ішекте бүрлер мен микробүрлер пайда болады. Осының нәтижесінде сіңіру беткейінің ауданы бірнеше есе көбейеді. Аш ішекте сіңіру процесі бірнеше механизмнің нәтижесінде атқарылады: 1) диффузия — концентрация градиенті нәтижесінде; ә) белсенді (ырықсыз) тасымалдау (заттардың мембранадан градиентке қарсы белгілі мөлшерде қуат жұмсаудың нәтижесінде өтуі) және пассивті (ықпалды) тасымалдау (заттардың тасымалдағыштар әрекетімен қуат шығынынсыз өтуі); 3) пиноцитоз.

Сөл – қ. Лимфа.

Сөл (Сок) — шығару өзектері бар бездерден бөлінетін өнім. Мысалы, ас қорыту органдары бездерінен бөлінетін өнім.

Спазм () — қ. Түйілу.

Сперматид () — аталық жыныс торшасы дамуының 2-мейоздық бөліну сатысының нәтижесінде пайда болатын гаплоидты торша.

Сперматогенез () — адам мен жануарлардың аталық безіндегі сперматозоидтардың түзілу процесі. Ол төрт кезеңде жүреді: 1) көбею кезеңі - диплоидты сперматогонийлардың (бастапқы аталық жыныс торшаларының) мейоздық жолмен көптеп бөлінуі нәтижесінде 1-реттік сперматидтердің түзілуі; 2) өсу кезеңі - алдыңғы торшалардың үлкейіп, гаплоидты

хромасомалы 2-реттік спермациттердің түзілуі; 3) жетілу кезеңі - соңғы торшалардың екі мәрте бөлініп, әрбір хромасоманың екі жартыға - хроматидтерге ажырауы нәтижесінде диплоидты хромасомалы сперматидтердің түзілуі; 4) қалыптасу кезеңі - спермациттердің цитоплазмалық құрамының күрделеніп, торшада құйрықтың пайда болуы, оның спермийге - сперматозоидқа айналуы.

Сперматогония (Сперматогоний) — сперматозоидтар бастау алатын, дамитын алғашқы аталық жыныс торшалары.

Сперматозоид () — адам мен жануарлардың аталық жыныс торшасы.

Спирометр () — өкпенің тіршіліктік (әрекет үстіндегі) сиымдылығын өлшеуге арналған құрал.

Спирометрия () — өкпенің тіршіліктік сиымдылығын анықтау.

Стаз () — қ. Іркілу, Тиылу.

Старлинг (Е.Н.Starling, 1866-1927, ағ. физиол.) заңы (Закон Старлинга) — жүректің систоалық көлемінің оның диастоалық толу деңгейіне байланысты болатынын, жылы қанды жануарлар жүрегі етінің (миокардының) жиырылу күшінің өздігінен реттелу принципін түсіндіретін, жүрек етінің жиырылу күшінің оның керілу деңгейіне байланысты өзгеретінін дәлелдейтін заң.

Статикалық рефлексдер – қ. Қалып сақтау рефлексдері.

Статокинетикалық рефлексдер (Статокинетические рефлексы) — дене қозғалысы кезінде байқалатын әрекеттер. Олар айналмалы қозғалыстар және түзу бағытты қозғалыстар тудыратын реакцияларға бөлінеді. Бұл рефлексдер жартылай иірімді түтікшелер рецепторларының тітіркенуінен туындайды

Стенотермді (гр.) организмдер (Стенотермные организмы) — қоршаған орта температурасының аз ғана ауытқуларына төзе алатын организмдер.

Стерин () — адам мен жануарлар организмінде бос күйде немесе май қышқылдарының күрделі эфирі түрінде кездесетін май тектес зат.

Стресс () — организмнің күшті тосын әсерге қайтаратын жалпылама қорқаныстық сипаттағы физиологиялық жауабы (булығы). Стрестің бірнеше түрі болады: антропогендік (жануарларда адам әрекеті нәтижесінде пайда болады), нервті-психикалық (психикалық үйлеспеушілік, дарақтардың шектен көп шоғырлануы, күшті айқай-шу т.б.), температуралық, жарық-сәулелік т.б. Стресс жағдайында бейімделу синдромы деген атпен белгілі организмнің қорғаныс реакцияларының жиынтығы байқалады. Стрестің үш сатысы болады: дабыл, төзімділік және қажу сатылары.

Стресс – қ. Жалпы бейімдеу синдромы.

Стрессор () — организмге тосыннан әсер етіп, стрес тудыратын күшті тітіркендіргіш.

Стриатум () — қ. Жолақ дене.

Строма () — организмнің кез-келген торшасының, ұлпасының, мүшесінің сүйеніш құрылымы, негіздік заты.

Су балансы - қ. Су теңдестігі.

Су басу (Гидремия) — қан құрамында судың көбеюі.

Су жайлау (*Гипергидратация*) – организмде немесе оның жеке бөліктерінде судың шамадан тыс көп болуы.

Су қараңғы (*Амавраз*) – көзі ешнәрсе көрмейтін соқыр.

Су-минералды тұздар теңдестігі (*Баланс водно-солевой*) — организм тәулік бойында қабылдаған және өзінен бөліп шығарған су мен электролиттер мөлшерінің айырмасы.

Су мен тұздар алмасуы (*Водно-солевой обмен*) — су мен электролиттердің торша мен торша аралық кеңістікте және де организм мен қоршаған орта арасында таралуын қамтамасыз ететін процестер жиынтығы. Денедің су мен электролиттер бір бірімен тығыз байланысты.

Су тартқыштық (*Гидрофильность*) – заттардың сумен қосылуға бейімділігі.

Су тартқыш (*Гидрофильный*) — суды байланыстырушы, қосып алушы.

Су теңдестігі (*Водный баланс*) — организмге енген және одан шығарылған су мөлшерінің арасындағы қатынас.

Сурфактант () — сыртқы тынысты қамтамасыз етуде маңызды роль атқаратын липопротеид және белок тектес заттардың жиынтығы. Ол альвеолалардың ішкі беткейін шылап, беттік керілісін азайтып, өкпенің оңай керілуіне жағдай тудырады, бактерицидтік әсер көрсетеді.

Сутегі көрсеткіші (*Водородный показатель*) — ерітінді қышқылдығының мөлшерлік сипаты.

Сусамау (*Адиписия*)- шөлдеу тұңсығының жойылуы. Бұл құбылыс ми қызметінің бұзылуы салдарынан туындайды.

Судақыл - қ. Аквакультура.

Сулану (*Гидратация*) – заттардың сумен әрекеттесуі, сулануы. Бұл процестің гидролизден айырмашылығы су молекуласының бұзылмауында.

Сусамыр (*Полидипсия*) – сусап ауру, суды шамадан көп тілеу, көп ішу.

Сұр зат (*Серое вещество*) — ОНЖ-де нейрондар денесінің шоғырлануынан түзілетін зат.

Сұр төмпек (*Серый бугор*) — гипоталамус құрылымы. Сұр төмпектің ортаңғы бөлігінде паравентрикулярлық, супраоптикалық және вентральдық ядролар орналасады. Бұл ядролар зақымданса денені май басып, балаңсалану (инфантилизм) байқалады, ал оларды тітіркендіргенде зат алмасу қарқыны күшейіп, дене қызуы көтеріледі. Сұр төмпек ядроларының нейрондары нейросекретциялық қызмет атқарып, вазопрессин мен окситоцин бөледі.

Сүйек бору (*Остеомалация*) – минералды заттар мен дәрмендерілер алмасуының бұзылуы салдарынан сүйектің боруы, жұмсаруы. Бұл аурудың өршуіне кальций тұздары, фосфор қышқылы және дәрмендерілер тапшылығы себепкер болады.

Сүйек кемігі (*Красный костный мозг*) — сүйектің қан түзу процесін атқаратын құрылымы.

Сүйек кеуектенуі (*Остеопороз*) – фосфор мен кальций тұздарының шайылуы салдарынан сүйектің кеуектенуі.

Сүйек майы (*Костный мозг*) — сүйек қуысын толтырып тұратын майлы зат.

Сүйекқап (*Надкостница*) — талшықты нағыз дәнекер ұлпадан құралған сүйек қабығы.

Сүйектену (*Оссификация*) — шеміршектің катаяып, сүйекке айналуы.

Сүлдер (*Кахаксия*) – организмнің шегіне жете арықтауы.

Сүт (*Молоко*) — аналық сүтқоректілердің сүт бездерінен (желінінен) бөлінетін ақ түсті сұйық, онымен сүтқоректілер ұрпағын қоректендіреді.

Сүт аздық (*Гиполактация*) – сүт бездерінің, желіннің қызметінің бұзылуының салдарынан сүт өндірудің төмендеуі.

Сүт қанты (*Лактоза*) – сүт құрамындағы дисахаридтер тобына жататын көмірсу.

Сүт қышқылды ашу (*Молочнокислое брожение*) — көмірсулардың сүт қышқылды бактериялар әрекетімен ашып, ыдырауы.

Сүтейту (*Раздой*) — сиырдың сүттілігін арттыру мақсатында жебей сауу арқылы іске асырылатын шаралар.

Сүтсіздік (*Агалактия*) - қ. Ақ болу.

Сүттену (*Лактация*) – аналық сүт қоректілер желінінде сүттің қарқынды түзіліп, жиналып, бөлінуі.

Сүттену кезеңі (*Лактационный период*) — аналық сүтқоректілердің тууымен байланысты желін қызметінің басталып, желінде сүт түзілу процесі тоқтағанға дейінгі уақыт аралығы. Желінде сүт түзу процесінің тоқтауын — *суалу*, ал малдың суалған күннен бастап қайта туғанға дейінгі уақыт аралығын — *қожырау* деп атайды.

Сүттілік венасы (*Молочная вена*) — мүйізді ірі қараның баурында тері астында орналасқан, қанды желіннен алып кететін қан тамыры.

Сүттің алғы заттары (*Предшественники молока*) — қан құрамындағы сүт түзу процесінде пайдаланылатын қосылыстар.

Сүттің майлылығы (*Жирность молока*) — сүт құрамындағы майдың мөлшері.

Сфигмограмма () — тамыр соғуын бейнелейтін қисық сызық.

Сфигмография () — артерия қабырғасының тербелісін жазу әдісі.

Сфигмоманометр () — қан қысымын өлшеуге арналқан құрал.

Сығынды (*Экстракт*) – арнаулы еріткіш көмегімен ұлпадан шаймаланып алынатын заттар.

Сыдырылу (*Десквамация*) – жабынды ұлпалар торшаларының қопсып түсуі, түлеп түсуі.

Сымбат – организмнің сырт бейнесі, пішіні, дене бітімі.

Сырқатты ұйқы (*Летаргия*) – мерзімі бірнеше сағат немесе тәулік, апта, тіпті жылдар бойына созылатын, тыныс алу мен тамыр соғуы сезілмей кететін сырқатты ұзақ ұйқы.

Сыртқы жыныс белгілері (*Вторичные половые признаки*) — жыныстық жетілуден кейін байқалатын аталық немесе аналық дарактарды бір-бірінен ерекшелендіретін сыртқы белгілер.

Сыртқы құлақ (*Наружное ухо*) — есту жүйесінің дыбысты ұстайтын шеткей бөлімі.

Сыртқы секрециялы бездер (*Железы экзокринные*) — өздері түзген заттарды- секреттерді, — арнаулы өзектер арқылы дене беткейіне (май, сүт бездері) немесе организмнің қуыс органдарына (ауыз, қарын, ішек) бөлетін бездер.

Сыртқы тыныс (*Внешнее дыхание*) — организм мен сыртқы орта арасындағы газ алмасу — дем алу және дем шығару — процестері.

Сыртқы тежелу (*Внешнее торможение*) — сыртқы, күтпеген тосын тітіркендіргіштер әсерінен шартты рефлексстердің жойылуы, тиылуы. Ішкі тежелуден ерекшелігі ол бірден, дағдыланусыз, жаттығусыз атқарылады.

Сыртқы секреция (*Внешняя секреция*) — без секреттерінің арнаулы шығару өзектері арқылы тері немесе кілегей қабық беткейіне немесе дене қуысына (аңқа, қарын, ішек т.б.) бөлінумен сипатталатын процесс. Сыртқы секреция ұйқы безіне, бауырға, ас қорыту жолы бездеріне, сілекей бездеріне, сүт, жыныс, тер бездеріне, жылауық бездерге, аңқа, кеңірдек, бронхы кілегей қабықтарының бездеріне т.б. тән.

Сілекей (*Слюна*) — сілекей бездерінен бөлінетін сұйық өнім. Ол ауыз қуысын дымқылдап, шайналған азықты шылап, жентектеуге, тамақ (азық) жентегін жұтуға мүмкіндік туғызады. С. денедегі су мен минералды заттардың алмасуын, ішкі ортаның осмостық қысымын, әрекетшіл реакциясын реттеуге қатынасады. Оның құрамында көмірсуларды ыдырататын әлсіз ферменттер болады.

Сілекей бездері (*Слюнные железы*) — сілекей бөлетін бездер. Оларға үш жұп ірі бездер — шықшыт, алқым және бұғақ бездері жатады.

Сілекей бөлу (*Слюноотделение*) — сілекей бездері өнімдерінің ауыз қуысына бөлінуі.

Сілекей шұбыру (*Гиперсаливация*) – сілекей бездерінен тұтқырлығы төмен сілекейдің бөлінуінің күшеюі.

Сілекей шығару (*Слюновыделение*) – сілекей бездерінің секреторлық әрекеті. Сілекейдің бездерден шығарылуы.

Сіңіргіштер (*Абсорбенты*) - түрлі газдар мен сұйықта еріген заттарды бойына сіңіріп алатын сұйық немесе тығыз заттар, денелер. Биологиялық жүйелерде торша органоидтары (митохондриялар, лизосомалар т.б.) сіңіргіш - адсорбент болып табылады.

Сіңіру (*Абсорбция*) - қ. Соруды. Торшаның ерітінді құрамындағы заттарды сорып сіңіруі.

Сіңіру тамырлары (*Резорбтивные сосуды*) – лимфа капиллярлары (лимфа жүйесінің бастауы). Диаметрі 10-200 мкм шамасындағы тұйық микротүтікшелер. Олардың қабырғасы бір қабат эндотелий торшаларынан

құрылады. Бұл капиллярлар қабырғасында оларды ұлпа аралық кеңістікпен байланыстыратын саңлаулар (жасушалар) болады. Лимфа капиллярларының негізгі қызметі суды, электролиттерді, сұйықта еріген не қалқып жүрген белоктар мен липидтер макромолекулаларын сіңіру. Ол конвекциялық, диффузиялық жолмен көпіршікті тасымалдау арқылы жүреді.

Сіреспе (*Ригидность*) — бұлшық еттің шектен тыс қарысып, ырыққа көнбей, сіресіп қалуы.

Сіресе жиырылу – қ. Жазық тетанус .

Сірлі без (*Железа серозная*) — сірлі (серозалы) секрет бөлетін без, мыс, шықшыт безі.

Сірлі қабықша (*Кутикула*) – торша беткейінің тығыз “өлі” қабығы, ол қорғағыш қызмет атқарады.

Сірлі сұйық – қ. Сероза сұйықтығы.

Сірлі-кілегейлі без (*Железа серозно-слизистая*) — сірлі-шырышты секрет бөлетін без, мыс., алқым безі.

Т

Табакша кешен - қ. Гольджи аппараты.

Табалдырық күш (*Реобазa*) – тітіркендіргіш күшінің тірі ұлпаны қоздыруға жеткілікті деңгейінің ең аз шамасы.

Тағатсыздану (*Ажитация*) - қатты абыржып, мазасыздану, дегбірсіздену.

Таз қарын – қ. Мес қарын.

Тазарту – қ. Клиренс.

Таксис () — тітіркендіргіш орныққан бағытқа қарай жеке торшалардың немесе торша бөліктерінің қозғалу реакциясы.

Талақ – қ. Көк бауыр.

Таламус (гр.) — аралық мидың сұр заттан құралған құрылымы. Сүт қоректілерде таламус өте жақсы дамыған. Ол барлық сезім жолдарынан импульстер қабылдап, оларды ми қыртысына және ОНЖ-нің басқа құрылымдарына жеткізеді.

Таламусты жануарлар (*Таламические животные*) — тәжірибе жүргізу мақсатында ми қыртысы мен қыртыс астындағы түйіндер алынып тасталған жануарлар.

Таламустың арнаулы ядролары (*Специфические ядра таламуса*) — ми қыртысының нақтылы сезімдік аймақтарымен байланысатын көру төмпегінің - таламустың ядролары.

Таламустың арнаулы және жалпылама жолдары (*Таламические специфические и неспецифические пути*) — қозу толқынын таламус арқылы ми қыртысына жеткізетін жүйе. Ол арнаулы және жалпылама жолдарға бөлінеді. Арнаулы жолмен қозу импульсі ми қыртысының белгілі бір бөліктеріне шоғырлана бағытталады, ал жалпылама жолдар қозу толқынын ми қыртысына шашыраңқы түрде жая таратады. Арнаулы ядролар

қозу импульсін белгілі бір сенсорлық жүйеден қабылдап, оларды нақтылы орталықтарға бақыттайды. Жалпылама ядролар қозу импульсін негізінен ми бағанының торлы құрылымынан қабылдайды. Арнаулы афференттік талшықтар ми қыртысының IV-қабатында аяқталады, ал жалпылама талшықтар — қыртыстың барлық қабатына таралады. Арнаулы талшықтар нейрон денесімен, ал жалпылама талшықтар — дендритпен жалғасады. Арнаулы афференттік талшықтардың аксосомалық ұштары шапшаң, шоғырланған жауап, нақтылы түйсік тудырады, ал жалпылама талшықтардың аксодендриттік ұштары қыртыс нейрондарының жалпы әрекеттерін, қозғыштығын өзгертеді, синапстық өткізуді не шапшандатады, не баяулатады, жалпы сипатты, құбылмалы әсер көрсетеді.

Таламустың жалпылама ядролары (*Неспецифические ядра таламуса*) — таламустың нақтылы тітіркендіргіштер әсерін қабылдауға маманданбаған ядролары. Олар сигналдарды ми бағанының торлы құрылымынан қабылдап, қозу толқынын ми қыртысының әртүрлі аймақтарына шашырата бағыттайды. Жалпылама ядро өсінділері ми қыртысының барлық қабатына барады да, негізінен нерв торшаларының дендриттерімен жалғасады. Таламустың жалпылама ядролары ми қыртысының белсенді күйін сақтауда маңызды роль атқарады.

Таламустық жалғау, таламустық бағыттау (*Таламическое переключение*) — таламус немесе көру төмпегі ми қыртысына бағытталған барлық афференттік импульстердің тоғысатын жері. Таламус құрылымдары арқылы ми қыртысына түрлі мотивациялық та (мақсатты), жалпылама да әсерлер жеткізіледі. Таламустың арнаулы ядролары ми қыртысына нақтылы афференттік әсерлерді бағыттайды. Ал, таламустың медиальдық бөлігі арқылы ми қыртысына гипоталамус пен лимбикалық құрылымдардан, ми бағанының торлы құрылымынан келген импульстер беріледі. Осымен байланысты таламус шартты рефлексік әрекеттердің, мінездің қалыптасуында маңызды орын алады.

Талғаусыз қоректенетін жануарлар (*Всеядные животные*) — өсімдік текті де, жануар текті де азықтармен қоректенетін жануарлар.

Талдағыштар (*Анализаторы*) — ішкі және сыртқы орта тітіркендіргіштерін қабылдап, талдауды қамтамасыз ететін нервтік құрылымдардың күрделі жүйесі.

Талдау (*Анализ*) - заттың құрама бөліктеріне жіктеуге негізделген ғылыми әдіс.

Талшық (*Жгутик*) — бір торшалы жәндіктердің іші цитоплазмаға толы ұзын, жіңішке жіп іспеттес қимыл мүшесі.

Талшықтар (*Фибриллы - лат.*) – нерв торшалары өсінділерінің, ет торшаларының ішінде орналасқан жіңішке жіпшелер – талшықтар.

Талшықтылар (*Жгутиковые*) — қарапайым жәндіктердің бір түрі.

Талу (*Обморок*) — мида қан айналымының күрт нашарлауының салдарынан кенеттен уақытша естен айырылу.

Талықсу – қ. Парабиоз.

Тамаққа тою – қ. Тоғаю.

Тампон () — қ. Анжы.

Тамызғыш (Пипетка) - сұйықты сорып, қайта тамызуға арналған резеңкелі шыны түтікше.

Тамыр тонусы (Сосудистый тонус) — тамыр қабырғасындағы бірыңғай салалы еттердің ұзақ мерзімдік әлсіз ширығу жағдайынан туындайтын кернеулі күй.

Тамыр тарылтқыш нервтер (Сосудосуживающие нервы) — қ.Вазоконстриктерлар.

Тамырбейне – қ. Сфигмограмма.

Тамыржазу – қ. Сфигмография.

Тамырдың рефлекс тудырушы (рефлексогендік) аймақтары (Сосудистые рефлексогенные зоны) — қан тамырларының сезімтал нерв ұштары шоғырланған бөліктері (Мыс., қолқа аймағы, күре тамыр қойнауы аймағы т.б.). Бұл аймақтар тамырлардағы қысымды реттеуде маңызды роль атқарады.

Тамырлы аумақ (Сосудистое поле) — даму үстіндегі құс ұрығын қанмен жабдықтайтын ұрық табақшасының сыртындағы қан тамырларының торы.

Тамырлы қабық (Сосудистая оболочка) — омыртқалы жануарлар көз алмасының қан тамырлар торлап жатқан қабығы. Ол арқылы көз алмасына қан жеткізіледі, қорек беріледі.

Тамырлы өріс – қ. Тамырлы аумақ.

Тамырлы торап (Сосудистая корона) — жұлынның сырт жағында артерия тамырларының шырмалып тоғысуы.

Тамырлық жол (Вазостомия) - терең орналасқан тамырларға жол салу әдісі. Бұл мақсатта тамыр қабырғасына бағыттаушы түтік бекітіледі, кез келген уақытта арнаулы инемен қан сынамасын алуға болады.

Тамырнама (Ангиология) - анатомияның қан тамырлары мен лимфа тамырларын зерттейтін саласы.

Тамыр барорефлекстері (Барорефлексы сосудистые) — тамыр барорецепторларының тітіркеуінен туындайтын тамыр-жүрек жүйесінің рефлекстері. Барорецепторлар бүкіл тамыр жүйесінде орын тебеді. Олар тек қана қысымының ауытқуларына ғана емес, сонымен қатар тамыр қабырғасының керілуіне, солуына және басқа механикалық өзгерістеріне реакция береді, сондықтан оларды “механорецепторлар” деп атаса да болады. Тамыр қабырғасында механорецепторлардың шоғырланған жерлерін рефлексогендік (рефлекс тудырушы) аймақтар деп атайды.

Тамыр соғу – қ. Пульс.

Тамырсызық (Ангиограмма) — тамырлар қызметін рентген сәулесі көмегімен жазып зерттеу.

Тамыр әсерлі ішек (интестинальды) полипептиді (Вазоактивный интестинальный полипептид) — ішек қабырғасында түзілетін, секретинге

ұқсас полипептид. Аш және тоқ ішек сөлінің бөлінуін жандандырады, тұз қышқылының бөлінуін бәсеңдетеді, ұйқы безінен бикарбонаттардың бөлінуін үдетеді, тамырларды кеңейтеді, гликогеннің ыдырауын күшейтеді.

Тамыр көбектеу (ангиостомия) - қан тамырларына арнаулы түтікшелер бекіту әдісі. Созылмалы тәжірибелерде бұл әдіс арқылы тереңде орналасқан тамырлардан көп мәрте қан алуға болады.

Тамыр рецепторлары (ангиорецепторлар) - қан тамырлары қабырғасындағы сезімтал нерв ұштары.

Тамырсоғу, тамыр, пульс (Артериальный пульс) — жүрек жиырылып, қан тамырларға айдалған кездегі артерия тамырларының қабырғасының мезгіл-мезгіл толқынды тербелісі.

Тамыр-тамырлық рефлекс (Вазовазальные рефлекс) — бір қан тамырының интерорецепторының тітіркенуі нәтижесінде басқа тамырдың тонусының өзгеруі. Мысал ретінде каротид синусы мен қолқа иінінің рецепторлары тітіркенгенде артерия мен вена тамырларының тонусының өзгеруін айтуға болады.

Тамыр кеңейткіштер (Вазодилататоры) — қан тамырлары арнасын кеңейтетін нерв талшықтары немесе химиялық заттар.

Тамыр кеңею (Вазодилатация) — тамыр қабырғасы тонусының төмендеп, тамырдың кеңеюі.

Тамыр-жүрек рефлексі (Вазокардиальные рефлекс) — қан тамырының механо- және хеморецепторларының тітіркенуі нәтижесінде жүрек жұмысының өзгеруі.

Тамыр тарылтқыштар (Вазоконстрикторы) — қан тамырлары арнасын тарылтатын нерв талшықтары немесе химиялық заттар.

Тамыр тарылу (Вазоконстрикция) — тамыр қабырғасы еттерінің тартылып, тамырдың тарылуы.

Тамыр қозғағыш нервтер (Вазомоторные нервы) — қозған кезде тамыр арнасының мөлшерін өзгертетін вегетативтік (симпатикалық және парасимпатикалық) нервтер.

Тамыр қозғағыш орталық (Вазомоторный центр) — қан айналым жүйесінің қызметіне ықпал ететін ОНЖ-дегі нейрондар жиынтығы.

Тамыр ойнау (Вазомоции) — гуморальдық факторлардың немесе тамыр тонусын реттейтін вегетативтік нервтер әсерімен әр түрлі тамырлар саңлауының мезгіл-мезгіл өзгеруі. Тамырдың тарылып-кеңею кезеңдері бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін созылып отырады. Бұл құбылыс денеде қанды таратуда маңызды роль атқарады.

Тамырлану (Васкуляризация) — органдардың қан тамырларымен жабдықталуы.

Тамыр тарылтқыштар (ангиотензин) - қан тамырларын тарылтып, қан қысымын көтеретін биологиялық белсенді полипептид. Рениннің әсерімен ангиотензиногеннен алдымен ангиотензин-I, содан соң ангиотензин-II түзіледі.

Тамыр тонусының өздігінен реттелуі (*Ауторегуляция сосудов*) — тамыр тонусы мен ондағы қан ағынының шектеулі аймақта эфференттік нервтер мен қан құрамындағы вазоактивті (тамыр тонусын өзгертетін) заттардың әсерінсіз реттелуі. Тамыр тонусының аутореттелуі механизмінде екі фактор маңызды роль атқарады. Олар алмасу факторы-тамыр маңындағы ұлпалардағы зат өнімдері мен оттегі мөлшері және миогенді фактор-тамыр қабырғасының керілу деңгейі. Тамыр тонусының аутореттелуінің тетігі ми, миокард, бүйрек тамырларында өте жақсы, ал ішек пен қаңқа еттері тамырында нашар жетілген.

Тамыр түйілу (*Ангиоспазм*) - тамыр еттерінің шектен тыс жиырылуының салдарынан қан тамырлардың тарылып, қан ағынының күрт азаюы немесе тоқтап қалуы.

Танау (*Ноздра*) — мұрын тесіктері.

Тангорецепторлар (лат.) — бастың қалпының тартылыс күшінің (гравитация) бағытынан ауытқуларына сезімтал рецепторлар. Бастың кейпімен байланысты отолит мембранасы жылжыған кезде рецепторлық торшалар түкшелері басыла майысып, вестибулярлық нервте импульстер өзгерістері туындайды.

Таным (*Гнозис*) - заттардың, құбылыстардың мағынасы мен белгілерін тану, ұғыну.

Таным нейроны (*Гностический нейрон*) — мидың үлкен жарты шарлары қыртысының танымдық аймақтарында орналасқан талдағыштардың жоғары сатылы (күрделі) нейрондары.

Тандай (*Небо*) — ауыз қуысының жоғарғы ойыс жағы.

Тармақ тамырлар – қ. Бүйір тамырлар.

Таралу – қ. Иррадиация.

Таранды бұлшық ет (*Перистые мышцы*) — талшықтары сіңірге қиғаштала келіп жалғасатын бұлшық еттер.

Тарту – қ. Пішу.

Тартылу (*Судороги*) — бұлшық еттердің кенеттен пайда болатын еріксіз жиырылуы, тартылуы.

Тартылу (*Инволюция*) – онтогенез және филогенез процесінде органның, ұлпаның, торшаның көлемінің тартылып, кішіреюі (мыс., туғаннан соң жатырдың тартылуы, суалған сиыр желінінің кішіреюі), организмнің жеке органдарын жоғалтуы.

Тартылу (*Контрактура*) – 1.Бұлшық еттің ұзақ, қарыса жиырылуы. Бұл құбылыс бұлшық еттің қажуының немесе зат алмасу өнімдерінің шексіз жиналуының салдарынан улануының нәтижесінде туындайды. 2. Буындардың қимылдамай қалуы.

Тасымалдағыш заттар (*Акцентор*) - тотығатын қосылыстардан электрондар мен сутегіні қабылдап, оларды басқа қосылыстарға беретін заттар.

Тасымалдағыштар (Транспортеры) — түрлі заттардың мембрана арқылы ырықсыз және ықпалды тасымалдануын қамтамасыз ететін талғамды және талғамсыз жүйелерді бейнелеу мақсатында қолданылатын атау.

Татым - қ. Дәм.

Татым жасуы (Вкусовая пора) — дәм бүршігін ауыз қуысымен жалғастыратын тіл бүртіктерінің беткейіндегі тесік.

Татымдық әрекет (Вкусовая реакция) — қоректік заттардың биологиялық сипатын анықтауға бағытталған талдау (анализдік) әрекеттер. Бірнеше сатылы ферментативтік процесс. Татымдық реакция дәм торшасындағы АТФ-азаны белсендіретін суфгидрильді топқа байланысты. АТФ-аза әсерімен АТФ ыдырап, рецепторлық потенциал туындауға қажет энергия бөлінеді. Рецепторлық потенциал рецептор мембранасының ішкі және сыртқы беткейлері арасында иондар концентрациясының градиенті қалыптасып, торша мембранасының өтімділігінің жоғарылауы нәтижесінде пайда болады. Ал иондар градиенті торша мембранасының иондар молекуласын тұтуы салдарынан қалыптасады.

Татымдық тітіркендіргіштер (Вкусовые раздражители) — дәм рецепторларына әсер етіп, дәм түйсігін тудыратын заттар.

Тау дерті (Горная болезнь) — ауа сиреп, ондағы оттегі мөлшері азайған жағдайда биік жерлерде байқалатын ауру.

Тахикардия (гр.) — жүрек жұмысының жиілеуі. Себебіне байланысты ол синустық, атриовентрикулярлық, қарыншалық болып бөлінеді. Физиологиялық жүрек лүпілі қан температурасы жоғарылаған кезде, дене жұмысы жағдайында, түрлі эмоциялар салдарынан туындайды.

Таяқшалар (Палочки) — көздің жарық сәулені көмескі кезде қабылдайтын фоторецепторы.

Тәбет (Appetum) — қорек қабылдауға талпынумен, ынтықтықпен байланысты эмоциялық сезім. Тәбет организмдегі зат алмасу процесімен байланысты. Бұл тұрғыда зат алмасу процесінің орталық түйіні болып саналатын Кребс айналымының (циклының) маңызы зор. Кребс айналымында қоректік заттардың (белоктардың, майлардың, көмірсулардың) тотығуы аяқталып, олардың құрамындағы қуаттың 70% босайды. Қорек орталығы азық құрамындағы қуат мөлшерін бағалап отырады, сондықтан үш карбон қышқылдарының өнімдері азықты (тамақты) қабылдауды реттеуде өте маңызды роль атқарады.

Тәбеттік қарын сөлі (Appетитный сок желудка) — тамақты (азықты) көрген, оның иісін, дәмін сезген кезде бөлінетін қарын сөлі. Тәбеттік қарын сөлі әртүрлі шартты тітіркендіргіштердің (малшының бейнесі, қоңырау, азықтың иісі т.б.) әсерінен бөлінеді. Тәбеттік сөлдің азықтың жақсы және шапшаң қорытылуында маңызы зор.

Тәбет сөлі (Запальный сок) — қ. Тәбет.

Тәбетсіздік (Анорексия) - қоректенуге мұқтаждықтың болуына қарамай тәбеттің болмауы. Тәбетсіздік гипоталамус-гипофиз жүйесінің, үлкен ми

жарты шарлары қыртысының, ОНЖ-сінің өткізгіш жолдары қызметінің бұзылуы, эндокриндік бездердегі өзгерістер салдарынан, стресс жағдайында т.с.с. байқалуы мүмкін.

Тән (Сома) – организм денесі. Организмнің жыныс торшаларынан басқа торшаларының жиынтығы.

Тән еттері (Соматическая мускулатура) — қанқа сүйектерін тұтастыра байланыстырып, қимылға келтіретін бұлшық еттер жиынтығы.

Тән торшалары (Соматические клетки) — организмнің көбею процесін қамтамасыз ететін торшалардан басқа барлық торшалары.

Тебези (A.Ch.Thebesius, 1686-1732, нем. дәрігері) тамырлары (Тебезиевы сосуды) — іш жағынан бір қабат эндотелиймен көмкерілген, жүрек етін жарып өтетін арналар, қуыстар, қойнаулар. Олар артериолаларға, венулаларға, жүрек қуыстарына жанасады. Бұл тамырлар жүрек етін қоректендіруде маңызды роль атқарады.

Тежелу (Торможение) — козу процесін бәсеңдететін немесе тудырмайтын шектеуші нервтік процесс. Оның ерекшелігі нерв құрылымдарында белсенді түрде таралмауында. Тежегіш нейрондардан таралған импульстер постсинапстық мембрананы гиперполяризациялап, тежегіш постсинапстық потенциал (ТПСП) тудырады. Тежелудің бірнеше түрі болады, олар: қайтарымды (антидромды), бөгеу, жіктеу, шектеу, шартсыз, ішкі, сыртқы, пресинапстық, постсинапстық, орайлас (реципрокты), өшу т.б.

Тежеуші нейрондар (Тормозные нейроны) — аксон ұштары қоздырғыш нейрондар денесінде немесе дендритінде ерекше тежегіш медиаторлар бөлетін аралық нейрондар. Мұндай нейрондар аксонының ұшынан бөлінген медиаторлар постсинапстық мембрананы гиперполяризациялайды. Тежеуші нейрондарға Реншоу торшалары, мишық қыртысының алмұрт тәрізді нейрондары (Пуркинье торшалары), ми қыртысының жұлдызша нейрондары және т.б. жатады.

Тежелу (Торможение) — козу процесін бәсеңдететін немесе тудырмайтын шектеуші нервтік процесс. Оның ерекшелігі нерв құрылымдарында белсенді түрде таралмауында. Тежегіш нейрондардан таралған импульстер постсинапстық мембрананы гиперполяризациялап, тежегіш постсинапстық потенциал (ТПСП) тудырады. Тежелудің бірнеше түрі болады, олар: қайтарымды (антидромды), бөгеу, жіктеу, шектеу, шартсыз, ішкі, сыртқы, пресинапстық, постсинапстық, орайлас (реципрокты), өшу т.б.

Тежеуші нейрондар (Тормозные нейроны) — аксон ұштары қоздырғыш нейрондар денесінде немесе дендритінде ерекше тежегіш медиаторлар бөлетін аралық нейрондар. Мұндай нейрондар аксонының ұшынан бөлінген медиаторлар постсинапстық мембрананы гиперполяризациялайды. Тежеуші нейрондарға Реншоу торшалары, мишық қыртысының алмұрт тәрізді нейрондары (Пуркинье торшалары), ми қыртысының жұлдызша нейрондары және т.б. жатады.

Телегрондар () — жануарлар бөлетін биологиялық белсенді заттар. Олар *гомотелегрон* немесе *феромондар* және *гетеротелегрон* немесе *алломондар* болып бөлінеді. Феромондар әсері жануардың өз түрінің дарақтарына бағытталады. Мысалы, аналық дарақтардың еліктіретін иісі. Алломондар басқа түр дарақтарына әсер етеді, мысалы, жануарлар бөлетін улы немесе жағымсыз иісті заттар.

Температура градиенті (*Градиент температурный*) — дене беткейі мен ішкі мүшелер температурасының айырмасы.

Тең кірпікшелілер (*Равноресничные*) — кірпікшелі инфузориялар отряды.

Теңгерім – қ. Компенсация.

Теңгерме тыным (*Компенсаторная пауза*) – жүрек экстрасистоласынан кейін байқалатын ұзақ үзіліс.

Теңгеруші тетіктер (*Компенсаторные механизмы*) — ортаның жағдайсыз факторлары тудырған организмдегі функционалдық ауытқуларды жоюға не шектеуге, жұмсартуға бағытталған тиімді рефлекторлық реакциялар, әрекеттер.

Тер (*Пот*) — тер бездері бөлетін түссіз, қышқыл, кермек сұйық.

Тер бездері (*Потовые железы*) — тері қабатында тереңірек орналасқан түтікше бездер. Олардың бір ұшы шумақталып, терінің терең қабатында орналасады да, екінші ұшы тері беткейіне ашылады.

Терең орныққан электрод (*Глубинный электрод*) — миға терең орнатылған, көбінесе қыртыс асты түйіндерге бекітілген электрод.

Терлеу (*Потоотделение*) — сүтқоректі жануарлардың тері арқылы құрамы зәрге ұқсас сұйықты бөлуі.

Терминальдық қан тамырлар (*Терминальные сосуды*) — микроайналымдық жүйе құрайтын майда тамырлар: артериолалар, капиллярлар, венулалар, артериола-венула анастомоздары.

Терморецепторлар () — сыртқы орта температурасының ауытқуларын қабылдайтын сезімтал нерв элементтері. Олар ұлпалық және орталық терморецепторлар болып бөлінеді. Алғашқы топты тері мен ішкі органдарда орналасқан сезімтал нерв ұштары құрайды. Қызметіне байланысты ұлпалық Т. жылуды сезінетін және салқындықты сезінетін болып бөлінеді. Орталық Т-ды гипоталамустың температура ауытқуларын қабылдайтын торшалар тобы құрайды.

Терсіздік (*Ангидроз*) — тер бездері қызметінің бұзылуы, не олардың жетілмей қалуы салдарынан тердің бөлінбей қалуы.

Тері (*Кожа*) — дененің сыртқы жабыны. Жоғары сатыдағы омыртқалы жануарларда ол көп қабатты эпителийден және дәнекер ұлпадан құралады.

Тері бездері (*Кожные железы*) — омыртқалы жануарлар терісінде орналасқан, құрылысы мен қызметі әр түрлі безді құлымдар (май, тер, сүт, иісті заттар т.б. бөлетін бездер).

Тері қыртысы (*Надкожица*) — терінің сыртқы, беткей қабаты.

Тері сезімі (*Кожное чувство*) — тері рецепторлары арқылы жанасуды, қысымды, жылылықты, суықтықты сезіну.

Тері электроды (*Кожный электрод*) — тері қабатына енгізіле орнатылған электрод. Көбінесе бас терісіне орнатылып, ЭЭГ алу үшін пайдаланылады.

Терімен тыныс алу (*Кожное дыхание*) — теріде тармақталған қан тамырлары арқылы газ алмастыру.

Теріні шелдеу (*Обезжирование шкуры*) — теріге жабысқан майды сылып алып тастау.

Терінің еміздік қабаты (*Пилярный, сосочковый слой кожи*) — нағыз терінің эпидермиске еміздіктене еніп жатқан үстіңгі (беткей) қабаты).

Терінің қасаң қабаты (*Роговой слой кожи*) — тері эпидермисінің беткей қабаты.

Терінің торлы қабаты (*Решетчатый слой кожи*) — нағыз терінің шелге қабаттас орналасқан бөлігі.

Тестостерон () — аталық жыныс гормоны.

Тетанус — бұлшық еттердің қарыса ұзақ жиырылуы.

Тесілу (*Перфорация*) – дертке шалдыққан қуыс орган қабырғасының (қарын, ішек, жатыр т.б.) тесілуі.

Тимус — қ. Айырша без. Ішкі секреция безі.

Тиреотропты гормон (*Тиреотропный гормон*) — гипофиздің алдыңқы бөлігінен бөлініп, қалқанша без қызметін жандандыратын гормон.

Тирозин () — алмастырылатын амин қышқылы. Организмде фенилаланиннен түзіледі, адреналин, норадреналин, тироксинді синтездеу процестеріне қатынасады.

Тироксин () — қалқанша без гормоны. Тирозиннің йодты туындысы болып табылады, организмде тотығу реакцияларын жандандырады.

Титықтау – қ. Арықтау.

Тиылу – қ.Іркілу.

Тоғайрақ – қ. Жұмыршақ. Жылқы қарны да тоғайрақ деп аталады.

Тоғаяу (*Пищевое насыщение*) — тамақ ішкеннен, азық қабылдағаннан кейін пайда болатын организмнің мотивациялық-эмоциялық күйі. Ол аштық сезімін басып, келесі аштық түйсігі пайда болғанға дейін созылады. Тоқтық түйсік қан құрамындағы қоректік заттар мөлшері қалыпты деңгейге көтерілгеннен соң пайда болып, организмнің қоректенуге ынтасының жойылуымен бейнеленеді.

Тоғысу (*Конвергенция*) – нерв импульстерінің белгілі бір нейронда түйісуі, тоғысуы.

Тозу – қ. Деградация.

Тозу коэффициенті (*Коэффициент изнашивания*) — толық тыныштық жағдайында организмнің дене массасының әр келісіне шаққанда жоғалтқан белоктың ең аз шамасы. Оны денеден бөлінген эндогенді азот мөлшеріне қарап анықтайды.

Токсин (гр.) — қ. Уыт.

Тоқ ішек (*Толстая кишка*) — ішектің ащы ішектен кейінгі бөлігі. Малда ол үш бөлімнен — бүйеннен, жиек ішектен (қарта, қима) және тік ішектен тұрады.

Тоқырау – қ. Депрессия.

Толғақ (*Потуги, Схватки родовые*) — туу процесі басталғанда жатырдағы баланы (төлді) сыртқа шығаруға бағытталған құрсақ еттерінің, жатынның бірыңғай салалы еттерінің мезгіл-мезгіл үйлесімді жиырылуы.

Толерантность (лат.) — қ. Төзімділік.

Толқи қозғалу (*Перистальтика*) – іші қуыс мүшелер (қарын, ішек, зәр түтігі т.б.) қабырғасының етті қабықтың жиырылуы әсерінен толқи қозғалуы.

Толқу (*Аффект*) — көңіл-күйдің толқуы. Адамның көңіл-күйінің кенеттен өзгеріп, бұрқан-тарқан болып эмоцияның сыртқа тебуі (долдану, үрейлену, торығу т. б.)

Толқындау (*Ундуляция*) – дене қуысындағы сұйықтың толқынды қозғалысы.

Толу кезеңі (*Период наполнения*) — қарыншалардың қанға толатын кезеңі. Бұл кезең *екпінді* және *баяу толу сатыларына* бөлінеді. Толу барысында қарыншалар қуысының көлемі алдымен шапшаң, соңынан баяу үлкейе бастайды. Толудың соңғы сатысы жүрекшелер жиырылған кезде жүреді (пресистола).

Толық құнсыз белоктар – қ. Құнарсыз белоктар.

Толым рецепторлары (*Волюморорецепторы*) — қан тамырлары қабырғаларында орналасып, айналымдағы қан мөлшері азайғанда қозатын ерекше механорецепторлар.

Толысу – қ. Физиологиялық жетілу.

Тонус () — түрлі құрылымдардың, ұлпалардың қуат шығынынсыз әлсіз шырыққан кернеулі күйі, бәсең қозу жағдайындағы күйі.

Тонғақ (*Меконий, Первородный кал*) — жаңа туған баланың, төлдің алғашқы нәжісі.

Торлы қабық (*Сетчатка*) — көз алмасының жарық сезгіш торшалар - сауытшалар мен таяқшалар орын тепкен, құрылымы күрделі ішкі қабығы.

Торлы құрылым (*Ретикулярная формация*) – жұлын мен мидың ортаңғы бөліктерінде орналасқан, өсінділері қиылысып тор тәрізді құрылым түзетін нейрондар жиынтығы. Т.қ. ми қыртысының қызметін жандандырып, жұлынның рефлекторлық әрекетін бақылап (тежеп не күшейтіп) отырады.

Торлы сүйек (*Решетчатая кость*) — маңдай сүйек ойығында орналасқан кеуекті құрылым.

Торлы ұлпа (*Ретикулярная ткань*) – жілік кемігі, көкбауыр, лимфа түйіндерінің негізін құрайтын дәнекер ұлпаның өзгерген түрі.

Торлы эндотелийлі жүйе (*Ретикулоэндотелиальная система*) – қазіргі кезде қабылданған атау – *моноклеарлы фагоциттер жүйесі*, моноциттік макрофагалық жүйе, макрофагалды жүйе.

Торлы эндотелийлі ұлпа (*Ретикулоэндотелиальная ткань*) – организмде шашыраңқы орналасқан, фагоциттік қасиетке ие торшалары бар дәнекер ұлпа.

Торша (*Клетка*) — тірі материяның негізгі құрылымдық, функционалдық, жаңғыртушы бөлшегі (элементі), оның қарапайым тірі жүйесі. Тірі организмдер бір немесе көп торшалы болады (жаңа туған бала денесінде $2 \cdot 10^{12}$ торша болады). Торшалар мөлшері мкм-ден бірнеше см-ге жетеді (мыс, балық пен құстың аналық торшалары).

Торша аралық зат (*Межклеточное вещество*) — ұлпалардағы торшалар арасында орналасқан заттар. Олар торшаларды бір-бірімен байланыстырып тұрады.

Торша мембранасы (*Мембрана клеточная*) — тірі торша цитоплазмасын қаптап жатқан биологиялық мембрана. Ол арқылы торша мен оны қоршаған орта арқылы алмасу процесі жүреді. Кейбір торшаларда (қан түйіршіктері, тері торшалары т.б) торша мембранасы тікелей торша қабығы болып табылады. Бұл құрылым плазмалемма, цитоплазмалық мембрана деп те аталады.

Торша орталығы (*Центросома*) – ядроға тақау орналасқан, плазма ортасындағы қос денешіктен құралған органоид. Бұл құрылым торшаның бөліну процесіне қатынасады.

Торша суы (*Вода внутриклеточная*) — тірі организмдер ұлпалары мен органдары торшаларында болатын су. Оны торша ішіндегі еріген белоктар мен тұздар компоненттері ұстап тұрады. Торша ішінде белоктармен, басқа органикалық қосылыстармен, иондармен байланысқан суды *гидраттық су* деп атайды. Ал, гидратты қабығы жоқ, су айналымына оңай тартылатын суды — эрекетсіз (*иммобильді*) су деп атайды.

Торша сұйығы (*Внутриклеточная жидкость*) — гиалоплазманың цитоплазманың негізгі затының және торша ядросының сұйық бөлігі.

Торшадан тыс ас қорыту (*Внеклеточное пищеварение*) — қ. Қуыстық ас қорыту.

Торшалар желімденуі (*Агрегация клеток*)- бір-бірімен жабысқан торшалардың плазмалық мембраналарының өзара әрекеттенуі нәтижесінде жабысуы.

Торшалар өскіні (*Культура клеток*) – оқшауланған торшалар.

Торшалардың жіктелуі (*Дифференциация клеток*) — даму процесі барысында біртекті торшалардан морфологиялық белгілері мен атқаратын қызметі әр түрлі торшалар, ұлпалар, мүшелердің түзілуі.

Торшалы (*Целлюлярный*) – торшалардан құралған.

Торшалық ас қорыту (*Внутриклеточное пищеварение*) — қоректік заттардың торша ішіне өткен соң сол торшаның өзінің ішінде түзілетін ферменттердің әсерімен ыдырауы.

Торшалық теория (*Клеточная теория*) — 1838-1839 жылдары Т.Шванн (Th.Schwann, 1810-1882, нем. физиол.,цитол.) мен М.Шлейден (1804-1881,

нем.ботан.) негізін қалаған биологиялық теория. Бұл теория кез келген организмнің өте ұсақ құрылымдық элементтерден-торшалардан құралатынын, олардың іріктелген тобына (немесе жеке торшаға) белгілі қызмет тән болатынын дәріптейді. Жаңа торша басқа торшаның екіге бөлінуі нәтижесінде пайда болады.

Торшалық тоспа (*Внутриклеточные барьеры*) — мембрананың талғамды өтімділігіне негізделген торшаның ішкі ортасының құрамы мен қасиеттерін реттейтін тоспалық механизмдер.

Тосын әсер – қ. Стрессор.

Тоспалық қызмет (*Барьерная функция*) — организм мен жеке органдардың әртүрлі залалды әсерлерден, залалды заттардан өзінің ішкі ортасын қорғау, сақтау қабілеті. Осының нәтижесінде қан құрамындағы кез келген зат мүшенің өзіне тән ортасына өте алмайды.

Тояттау (*Насыщение*) — тамақ (азық) қабылдағаннан кейін аштық сезімнің жойылуы. Тояттау түйсігі екі сатыда — сенсорлық және метаболиттік, — қалыптасады. Сенсорлық тояттау қабылданған тамақтың ауыз бен қарын рецепторларына әсер етуінен туындайды. Осының нәтижесінде гипоталамустың вентромедиальдық ядролары қозып, латеральдық ядролары тежеледі де, тамақ қабылдау қоректік заттар қанға сіңіп үлгермей-ақ тиылады, тоқтатылады. Екінші — метаболиттік тояттау сатысы тамақ қабылданғаннан 1,5-2 сағаттан соң ыдырау өнімдерінің қанға сіңуімен байланысты олардың қан құрамындағы мөлшері қалыпқа келген кезде байқалатын физиологиялық күй.

Төбе жігі (*Венечный шов*) — бассүйектегі маңдай мен төбе сүйектерінің тісті (ирек) жіктер арқылы жалғасқан жері.

Төбелік (*Апикальный*) — торшаның, мүшенің төбе, жоғары жағы, ұшы.

Төбелік қағыс (*Верхушечный толчок*) — жүрек ұшы жанасқан жерде көкірек қабырғасының тербелуі. Кеуденің сол жақ бөлігінде бесінші қабырға аралық кеңістікте байқалады.

Төзімділік (*Выносливость*) — ұзақ жұмыс атқаруға қабілеттік. Ол организмнің функционалдық резервтеріне, жаттығу деңгейіне, жұмыс атқарылатын орта жағдайына байланысты.

Төзімділік (*Резистентность*) – организмнің ауруға, жағымсыз, қолайсыз әсерлерге қарсы тұру қабілеті.

Төзімділік – 1. Организмнің қоршаған орта факторларының әсеріне шыдамдылығы. 2. Адам мен жануарлар организмнің антигенге қарсы антидене өндіре алмауы немесе антидене бөлу қабілетінің әлсіреуі.

Төл (*Молодняк*) — сүтқоректілердің жыныстық жағынан жетілмеген жас ұрпақтары.

Төрт бөлімді қарын (*Четырехкамерный желудок*) – күйіс қайыратын жануарлар қарны. Ол мес қарын, жұмыршақ (тоғайрақ), қатпаршақ және ұлтабар болып бөлінеді.

Төрт төмпешік (*Четверохолмие*) – ортаңғы ми құрылымы. Алдыңғы қос төмпешікте көрудің, артқы қос төмпешікте — естудің бағдарлау рефлекстерінің орталықтары орналасады.

Төсемік – қ. Строма.

Төскыр (*Киль*) — құс төсінің бұлшық еттер бекіген қыры.

Төсше сүйек (*Наковальня*)— сүтқоректілердің ортаңғы құлағындағы дыбыс сүйекшелерінің бірі.

Төтенше фактор (*Фактор экстремальный*) – әсеріне тірі жүйе бейімделмеген, организмнің тіршілік әрекетін қалыптан шығарып, ауытқытып жіберетін фактор.

Трансдукция (лат.) - рецепцияның (сезінудің) сыртқы әсер энергиясын рецепторларға тән алмасу процесінің энергиясына түрлендіруінің бастапқы сатысы. Бұл процесс арнаулы рецепторлық белоктың қатынасуымен жүреді де, рецепторлық және генераторлық потенциалдың туындауын қамтамасыз етеді.

Транскрипция () — қ. Көшірілу.

Трансплантация () — қ. Аударып қондыру.

Трансфузия (лат.) – қан құю.

Трипсин (гр.) – ұйқы безі сөлінің құрамындығы белоктарды ыдырататын фермент. Ол ұйқы безінде бұйығы фермент - трипсиноген түрінде түзіледі, Ішек қуысында энтерокиназа ферментінің әсерімен белсенді түрге - трипсинге айналады. Трипсин пептидтерді, амидтерді ыдыратады. Оның молекулалық массасы - 23 - 25 мың., қолайлы әрекет ортасының рН-ы 7,8-8,0.

Трипсиноген () – трипсиннің бұйығы түрі.

Триптофан () – алмастырылмайтын амин қышқылы.

Тромб (гр.) – қ. Қан ұйық.

Тромбин (гр.) – қан плазмасының ферменті, ерігіш фибриноген белогын ерімейтін фибринге айналдырады.

Тромбопения (гр.) – қан құрамында тромбоцит санының азаюы.

Тромбопластин () – протромбин ферментін тромбинге айналдыратын фосфолипид.

Тромбопэтины () – тромбоциттің түзілуін жандандыратын зат.

Тромбоцит (гр.) – қ. Қан табақшасы.

Тромбоцитопэз (гр.) – тромбоциттердің түзілуі.

Тропомиозин () – актин протофибрилінің құрамына енетін фибриллярлы белок. Актин және тропонинмен кешен түзеді.

Тропонин () – актин филаментінің құрамына енетін глобулярлы белок.

Трофика (гр.) – қ. Нәрлену.

Трофоцит (англ.+гр) – басқа торшаларды қоректендіретін торша. Олар басқа торшаларға қоректік зат пен құрылымдық материалдар жеткізіп береді.

Туа қалыптасқан рефлексер (*Врожденные рефлексы*) — қ. Шартты рефлекс. Белгілі бір түрге, түлікке тән, тұқым қуалайтын, нақтылы бір дене бөлігінің тітіркенуінен басталатын рефлексер.

Туу (Роды) — аналық бойындағы пісіп-жетілген ұрпақтың (бала, төл) сыртқа шығуын қамтамасыз ететін физиологиялық процесс.

Тұз қышқылды гемин (Гемин солянокислый) — гемоглобинді ас тұзын қоса отырып концентрациялы тұз қышқылымен өңдегенде пайда болатын гемнің тотығу өнімі. Оның құрамындағы темір үш валентті күйде болады да, хлор атомымен байланысады.

Тұз сүйгіштер (Галофил) – тұзы артық жерлерді мекендеуге бейімделген организмдер.

Тұз сүймейтіндер (Галофоб) – тұзды ортаны сүймейтін, тұзды ортада тіршілік ете алмайтын организмдер.

Тұз алмасу – қ. Минералдар алмасуы.

Түйқталмаған қан айналым жүйесі (Незамкнутая кровеносная система) — қан айналым процесінің қан тамырларының қатынасуымен ғана емес, дене қуыстарының қатынасуымен атқарылуы.

Тұлға түзеу рефлекстері (Выпрямительные рефлексы) — жан-жануарлар денесінің жасанды, рабайсыз қалыптан өзінің табиғи, қалыпты кейпіне келуін қамтамасыз ететін әрекеттер жиынтығы (рефлексдер).

Тұйықталу (Замыкание) — ОНЖ-нің жоғары бөлімдеріне тән процесс, белгілі бір қатынастағы нерв процестерінің, нерв орталықтарының арасында байланыстың қалыптасуымен сипатталады.

Тұндыру (Преципитация) — организм үшін бөгде заттарды (белоктарды) тұндыру.

Тұндырқыштар (Преципитины) —қан плазмасы құрамындағы бөгде заттарды тұндыратын қорғағыш денелер.

Тұншығу (Асфикция, Удушье) — тыныс алу жолына ауаның өтпеуінен не жеткіліксіз мөлшерде түсуінен туындайтын организм мен сыртқы орта арасындағы газ алмасу процесінің күрт тиылуымен сипатталатын патологиялық күй. Бұл процесс түрлі себептердің (тыныс жолдарының бітелуі, қысылып қалуы, көмекейдің ісінуі, пневмоторакс, тыныс еттерінің қарыса жиырылуы т.с.с.) салдарынан туындайды.

Тұрақтылық (Константность) — жануардың өзіне тән сапасы мен белгілерінің тұрақтылығы.

Тұрпат (Конституция) – дарактың жалпы тұрпаты, оның сырт пішіні мен тұлғасы (экстерьер) және ішкі әлпеті (интерьер). Кей жағдайда тұрпатқа дарактың физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін жатқызады. Организмнің морфофизиологиялық белгілерінің жиынтығы.

Тұтынушылар (Консумент(ы)) —фотосинтез немесе хемосинтез жүргізетін түрлер (продуценттер) дайындаған, жинақтаған дайын органикалық заттармен қоректенетін организмдер. Олар өздері пайдаланатын қоректік заттарды қарапайым құрамына дейін ыдырата алмайды. Консументке адам мен барлық жануарлар, көптеген микроорганизмдер жатады. Өсімдік қоректі

жануарлар — 1-деңгейлі, ал жануар қоректілер — 2- деңгейдегі үлкен консумент құрайды.

Тұрпат (*Габитус*) – адамның не жануардың сыртқы көрінісі, келбеті.

Тұтасқан без (*Голокриновые железы*) — барлық торшалары секретке айналатын бездер (мысалы, май безі).

Тұтқырлық (*Вязкость*) — сұйықтың, немесе басқа заттардың бөгде денеге жабысу, тұтылу қасиеті.

Тұтқыштар (*Адсорбенты*) - беткейіне басқа заттарды тұтып алатын заттар.

Тұту (*Адсорбция*) - торшаның беткей қабатының ерітінді құрамындағы, немесе газдағы заттарды тұтып сіңіруі.

Тұяққап (*Ноганки*) — тау-тасты жерлерде малдың тұяғын зақымданудан сақтау үшін олардың аяғына кигізілетін қаптама.

Түзінді (*Секрет*) – сыртқы секрециялы безден бөлінетін өнім.

Түзінді түйіршіктері (*Секреторные гранулы*) — зат алмасу процесі барысында секреторлық торша ішінде пайда болып, жойылып отыратын тығыз, домалақ қосындылар.

Түзінділеу (*Секреция*) – без өндірген заттардың бөліну процесі.

Түзінділеу торшасы (*Секреторные клетки*) – секрет бөлетін торша.

Түзінділеуші нерв (*Секреторные нервы*) — без қызметін реттейтін нерв.

Түйсік (*Ощущение*) — сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстар қасиеттерінің рецепторларға әсерінің ми қыртысындағы нерв орталықтарында бейнеленуі. Түйсік дүние танымның бастапқы элементі.

Түйсіну табалдырығы – қ. Сезіну табалдырығы.

Түйсіну (*Восприятие*) — тірі организмдердің сезім мүшелеріне әсер еткен заттар мен құбылыстар қасиеттерінің мида бейнеленуі.

Түйілу (*Дисфагия*) – жұту процесінің қиындауы.

Түйілу (*Спазм*) – жеке бұлшық ет немесе бұлшық ет тобының еріксіз қарыса жиырылуы.

Түйін алды талшықтар (*Преганглионарные волокна*) — вегетативтік нерв орталықтарынан басталып, нерв түйіндеріне дейін баратын миелин қабықшасы бар ми және жұлын нервтері.

Түйіннен соңғы талшықтар (*Постганглионарные волокна*) — симпатикалық нерв талшықтарының түйіннен жүйкеленетін органға дейінгі талшықтары.

Түйіршіксіз лейкоциттер (*Агранулоциты*)- цитоплазмасында түйіршіктер кездеспейтін қанның ақ торшалары (лимфоциттер, моноциттер).

Түйіршікті лейкоциттер (*Гранулоциттер*) – цитоплазмасында ерекше түйіршіктері бар лейкоциттер түрі. Оларға базофильдер, эозинофильдер және нейтрофильдер жатады.

Түйірлі ұлпа (*Грануляционная ткань*) — тіршілігі тоқтаған торшалар орнында дамитын дәнекер ұлпа.

Түйіспе – қ. Жалғама.

Түк (*Волос*) — сүтқоректілер денесінің сыртқы беткейіндегі мүйіз текті, ұзындығы мен жуандығы әртүрлі талшықтар.

Түк баданасы (*Волосная луковица*) — түктің түп жағындағы жуандаған бөлігі.

Түк бүртігі (*Волосной сосочек*) — түк баданасының ішіндегі қантамыр капиллярлары мен нерв талшықтары бар дәнекер ұлпалы құрылым.

Түк түрлері (*Виды волос*) — жүннің топқа жіктелуі. Ол түбіт, аралық жүн, қылшық жүн, қатаң қылшық, жабағы жүн, өлі жүн, үрпек жүн, жабын жүн болып бөлінеді.

Түк ұясы (*Волосная сумка*) — түк баданасы орналасатын, нағыз теріде орын тепкен қуыс құрылым.

Түкті жамылғы (*Волосной покров*) — сүтқоректілер терісінің беткейінде орналасқан түктер жиынтығы.

Түкті торшалар (*Волосковые клетки*) - цитоплазмалы ұзын өскіні бар сезімтал торшалар. Олар сатылы сезінетін торшаларға жатады.

Түк барорецепторы (*Барорецепторы волосковые*) — түк түбінде орналасып, терінің ығысуын сезінетін барорецепторлар.

Түк түрлері (*Виды волос*) — жүннің топқа жіктелуі. Ол түбіт, аралық жүн, қылшық жүн, қатаң қылшық, жабағы жүн, өлі жүн, үрпек жүн, жабын жүн болып бөлінеді.

Түкті көмкерме (*Щеточная кайма*) – ішек кілегей қабығын құрайтын көмкерме эпителий торшаларының (энтероциттердің) апикальдық бөлігінде орын тепкен микротүктер жиынтығы. Ол мембраналық ас қорыту мен сіңіру процесін қамтамасыз ететін құрылым болып табылады.

Түлеу (*Линька*) — жануардың маусымға байланысты хитинді жабынын, қауырсынын, жүнін ауыстыруы.

Түр өзгерту (*Метаморфоз*) – дара даму барысында организмнің морфологиялық және физиологиялық қалыптасу процесінде байқалатын өзгерістер.

Тұраралық қатынас (*Межвидовое отношение*) -

Түрлене бейімделу (*Идиоадаптация*) — органдардың құрылысы мен қызметінде әрәдік өзгерістердің пайда болуы нәтижесінде организмнің жетіле түсуі, тіршілік ортасының ерекшеліктеріне организмнің түбегейлі өзгерістерсіз бейімделуі. Түрлене бейімделу жеке түрлердің таралуына мүмкіндік береді. Түрлене бейімделу туралы ілімнің негізін 1931 жылы А.Н. Северцов (1866-1936) қалаған.

Түрленген торша (*Идиобласт*) — ұлпаның негізгі торшаларынан мөлшері, пішіні, қызметі жағынан ерекшеленетін жекеленген торшалар.

Түрткі (Стимул) — ұлпаларға немесе тұтас организмге әсер ете отырып, белсенді жауап әрекет тудыратын сыртқы немесе ішкі орта агенті, факторлары.

Түршігу (Гиперестезия) – тері сезімталдығының жоғарылауы, күшеюі.

Түрішілік қатынас (Взаимоотношения внутривидовые) — бір түрге жататын дарактардың бірінің-біріне ақпармен, зат және энергия алмасумен жасайтын тікелей немесе жанама ықпалы.

Түс көру (Сновидения) — адам мен жануарлардың ұйқы кезіндегі бейнелі көріністер түріндегі субъективті күйзелістері. Түс организмнің физиологиялық және эмоциялық күйін, ой толғауларын нақтылы бейнелейді.

Түссіздік (Альбинизм) - белгілі бір түрге тән түстің, реңнің туа болмауы. Адам мен жануарларда альбинизмі терінің, дене түктерінің, көздің нұрлы қабығының реңсіздігімен сипатталады.

Түсік (Выкидыш) — малдың мерзімінен бұрын тастаған төлі немесе жүкті әйелдің мерзімі жетпей тастаған түсігі.

Түтікті без (Трубчатые железы) – көп торшалы, бір ұшы тұйықтала біткен бездер.

Түшкіру (Чиханье) – мұрын қуысындағы ұштармақ нерв ұштарын тітіркендіргенде атқарылатын әрекет - рефлекторлық акт.

Тығыз мүшелер – қ. Паренхималы мүшелер.

Тығыздалу (Ретракция) – торшаның, ұлпаның немесе түрлі морфологиялық құрылымдар көлемінің құрамындағы кейбір элементтердің жиырылуының салдарынан кішіреюі.

Тықылдату (Выстукивание, Перкуссия) — ішкі мүшелердің орналасу жағдайын, тығыздығын дененің сыртынан тықылдата соққылап, шыққан дыбыс сипатына қарай зерттеу әдісі.

Тықыршу (Гиперкинезия) – Қимыл әрекетінің күшеюі.

Тымырсықтану (Гиповентиляция) – өкпе мен альвеола желдетілуінің нашарлауы. Тыныс орталығы қызметінің бұзылуы салдарынан туындайды.

Тыным кезеңі (Период покоя) — органға тән әрекеттің уақытша тиылуы, толастауы.

Тыныстану химизмі (Химизм дыхания) – тыныс алу процесінің химиялық негізі.

Тыныстық айналым (Дыхательный цикл) — тыныс орталығы мен тыныс алу мүшелері күйінің ырғақты түрде өзгеріп отыруы. Ұсақ жануарларда ол тыныс алу және дем шығарудан тұрады. Ірі жануарлардың тыныс алу процесі үш сатыдан тұрады: тыныс алу, дем шығару және тыным. Жұтыну арқылы дем алатын жануарларда (бақа) тыныс айналымы мына ретпен атқарылады: тыныс алу, тыным, дем шығару. Омыртқалы жануарларда дем шығару процесі дем алу процесімен салыстырғанда 10-20 процентке ұзағырақ болады.

Тыныс алу (Вдох) — өкпенің ауамен толуын қамтамасыз ететін физиологиялық әрекет. Дем алу, дем шығару және үзілістен құралатын

тыныс айналымының (циклының) бастапқы сатысы. Дем алу тыныс алдыратын еттердің белсенді әрекетінің нәтижесінде атқарылады.

Тыныс алу процесі, Тыныс (*Дыхание*) — организмнің қоршаған ортадан оттегін сіңіріп, өзінен көмір қышқыл газды бөлуін қамтамасыз ететін физиологиялық процесс.

Тыныс жүйесі (*Дыхательная система*) — организмді оттегімен қамтамасыз етіп, денеден көмір қышқыл газдың бөлінуіне мүмкіндік беретін мүшелер жиынтығы. Адам мен омыртқалы жануарларда бұл жүйе тыныс алу мүшелерін, газдарды тасымалдайтын қосылыстарды, ұлпалық тынысты жүргізетін органелдерді, жалпы жүйенің біртұтастығын қамтамасыз етіп, қызметін реттейтін тетіктерді қамтиды.

Тыныс еттері (*Дыхательные мышцы*) — өз әрекеттерімен көкірек қуысы көлемін алма кезек өзгертіп отыратын бұлшық еттер. Олар негізгі және қосалқы болып бөлінеді. Негізгі тыныс еттеріне қалыпты жағдайда өкпенің желдетілуін қамтамасыз ететін көкет пен қабырға аралық еттер жатады. Қосалқы тыныс еттері екпінді тыныс алу процесі кезінде іске қосылады. Оларға тісті және баспалдақты бұлшық еттер, қабырғаны көтеруші бұлшық еттер, көкіректің тік және көлденең бұлшық еттері, бел-қабырғалық бұлшық еттер жатады.

Тыныс коэффициенті (*Дыхательный коэффициент*) — белгілі мерзім аралығында организм бөлген көмір қышқыл газының ол сіңірген оттегіге көлемдік қатынасы. Тыныс коэффициентінің деңгейіне қарап организмге тотығып жатқан заттың табиғатын анықтауға болады.

Тыныс мүшелері (*Дыхательный аппарат*) — организмнің қоршаған ортадан оттегін сіңіріп, көмір қышқыл газды бөлуін қамтамасыз ететін мүшелер жиынтығы (аңқа, көмекей, өкпе).

Тыныс орталығы (*Дыхательный центр*) — сыртқы тыныс алу процесін басқаратын ОНЖ-дегі бір-бірімен байланысты нейрондар жүйесі.

Тыныс пигменттері (*Дыхательные пигменты*) — Құрамында металл атомдары мен белоктар бар, оттегімен қосылып-ажырайтын қасиетке ие болған органикалық қосылыстар.

Тыныстық тізбек (*Дыхательная цепь*) — биологиялық мембранада тізбектеле, жайыла орналасып, сутегі иондарын беру және электрондарды ақырғы акцептор — оттегіге тасымалдау арқылы тотықтыру-тотықсыздандыру реакцияларын жүргізетін, соның нәтижесінде макроэргиялық (мол қуатты) қосылыстардың түзілуін қамтамасыз ететін ферменттер мен коферменттер жүйесі.

Тыныс ауасы (*Воздух вдыхаемый*) — дем алынған кезде организм қабылдайтын ауа қоспасы. қ. Атмосфера ауасы.

Тыныс орталығының автоматизмі (*Автоматизм центра дыхания*) - сыртқы тынысты басқаратын нейрондар жиынтығының тыныс кезеңдерінің (фазаларының) ырғақты түрде алмасып отыруын қамтамасыз етуі. Тыныс

орталығының автоматизмі экспираторлық нейрондар белсенділігі төмендеген кезде инспираторлық нейрондардың, ал инспираторлық нейрондар белсенділігі төмендеген кезде экспираторлық нейрондардың қозуын қамтамасыз ететін нейрондар тізбегінің ерекше құрылымдық сипатына байланысты.

Тыныстың тоқтауы (Апноэ) - бұл жағдай тыныс орталығы қозғыштығының күрт төмендеуі немесе зақымдануы салдарынан туындайды. Апноэ қайтымды және қайтымсыз болып бөлінеді. Қайтымды апноэ жұту, дененің күшті ширығуы кезінде, өкпенің күшті желдетілуінен кейін байқалады. Қайтымсыз апноэ наркоз тым көп берілгенде, миға қан құйылғанда, тыныс орталығы зақымданғанда байқалады.

Тыныштық потенциалы – қ. Мембраналық потенциал.

Тыңдау (Аускультация) — ішкі мүшелер қызметі кезінде пайда болатын дыбыстарды тікелей құлақпен немесе арнаулы аспаппен (фонендоскоп, стетоскоп) тыңдау.

Тырыспа – қ. Тартылу.

Тікелей калориметрия (Прямая калориметрия) — организм бөлетін жылу мөлшерін тікелей анықтау тәсілі.

Тікенек (Шипы) – ми қыртысы торшалары дендриттерінің бүйір өсінділері. Тікенек ұшы доғалдана келіп, жуандап бітеді. Олар пирамидалы торшалардың орталық өсінділерінде, әсіресе протоплазмалық шашақ құрамына енетін тармақтарында орналасады. Бұл құрылым торша денесінде, ірі дендриттердің бастапқы бөлімдерінде кездеспейді. Қалыпты жағдайда ми қыртысында, әсіресе оның беткей қабатында Т. сирек кездеседі. Т. жеке торшаларды бір-бірімен жалғастыратын синапс құрауға қажет құрылым болар деген болжам бар.

Тік ішек (Прямая кишка) — тоқ ішектің соңғы бөлігі.

Тіл (Язык) – ауыз қуысындағы кілегей қабықпен қапталған етті мүше.

Тіл-жұтқыншақ нервтері (Языкоглоточные нервы) – ми жүйкелерінің IX-жұбы. Олар жұтқыншақты, тілдің түбін жүйкелендіреді.

Тілдің шатырша бүртіктері (Грибовидные сосочки языка) — тілдің беткейінде орын тебетін, ішінде дәм сезу рецепторлары орналасқан құрылым.

Тілерсек рефлексі (Ахиллов рефлекс) — тілерсек тарамысын балғашықпен соққан кезде табанның бүгілуі.

Тілерсек тарамысы (Ахиллово сухожилие) — үшбасты тілерсек етінің тарамысы, балтыр бұлшық еттерін өкшемен (тілерсекпен) жалғастыратын сіңірлі құрылым.

Тіркес бейне (Последовательные образы) — зат бейнесінің тітіркендіргіш әсері тиылғаннан кейін біраз уақыт сақталуы.

Тіркес өр, Тіркес кертпеш (Дикрота) – артерия пульсі сызығының катакрота кезінде қанның кері лықсып, қолқаның жарты айшық қақпақшаларына соғылуы салдарынан қайта көтерілуі.

Тіршілік құбылысы (*Явление жизни*) – тірі жүйеге тән күрделі процестердің жиынтығы.

Тіршілік тану – қ. Физиология.

Тіршілік (*Жизнь*) — ірі органикалық молекулалардан құралып, өздігінен ұдайы өсе алатын, зат пен энергия алмасуы нәтижесінде қоршаған ортада тіршілік әрекетін сақтап қалуға бейім күрделі жүйенің өмір сүру процесі.

Тіршілік айналымы – қ. Тіршілік циклі.

Тіршілік әрекеті (*Жизнедеятельность*) — организмнің тіршілікке қатысты іс-әрекеттері.

Тіршілік циклі (*Жизненный цикл*) — жануардың ұрықтан пайда болуынан өлгенге дейінгі тіршілігі.

Тіршілікке қабілеттілік (*Жизнеспособность*) — дарактың құбылмалы сыртқы орта жағдайында өзінің тіршілік әрекетін сақтау қабілеті.

Тірі жан (*Живое существо*) — өздігінен қимылдайтын, тіршілік иесі.

Тірі зат (*Вещество живое*) — жерде мекендейтін тірі организмдер жиынтығы. Терминді ғылыми айналымға В.И.Вернадский енгізген.

Тірі қату (*Гибернация*) – сыртқы ортаның қолайсыз жағдайынан аман шығу мақсатында жануарлардың барлық тіршілік процестерінің уақытша өте терең нашарлауы. Гибернацияға қысқы ұйқыны, салқын қанды жануарлардың суықта мелшиіп қатып қалуын және қысқы диапаузаны жатқызады.

Тірі қатыру (*Иммурация*) – организмді тірілей қатырып өлтіру.

Тірі тілу (*Вивисекция, Живосечение*) - организмді тірілей тілгілеу арқылы оның мүшелерінің құрылысы мен қызметін бақылау.

Тірі туу (*Живорождение*) — ұрықтың аналық жыныс жолында дамып, қоректеніп, қалыптасқан тұтас организм түрінде дүниеге келуімен сипатталатын, жануарларға тән өніп-көбею, ұрпақтану жолы.

Тіс кіреукесі (*Эмаль зубная*) – тісті сырт жағынан қаптайтын қатты, берік ұлпа.

Тісті тетанус, Тісжиекті тетанус – қ. Дірілдей құрысу.

Тістің еріндік беткейі (*Лабильная сторона зуба*) — тіс сауытының ерінге қараған жағы.

Тістің шайнау беткейі (*Жевательная поверхность зуба*) — астыңғы және үстіңгі жақсүйек тістерінің бір-бірімен түйісу беткейі.

Тітіркендіру табалдырығы (*Порог раздражения*) — организмнің тітіркендіргіш әсерін сезінетін шамасы.

Тітіркенгіштік (*Раздражимость*) — тірі ұлпаның, органның тітіркендіргіш әсеріне өзінің физиологиялық күйін өзгертумен жауап беру қасиеті. Ол жалпылама реакциялармен (зат алмасудың күшеюімен, ұлпа температурасының жоғарылауымен т.б.) бейнеленеді.

Тітіркендіргіш (*Раздражитель*) — өз әсерімен организм күйін өзгертетін ішкі немесе сыртқы факторлар. Олар табиғатына қарай физикалық (сәуле, электр тоғы, кернеу күш т.б.), химиялық (қышқылдар, сілтілер т.б.) және

биологиялық (микробтар, вирустар, токсиндер т.б.) болып бөлінеді. Биологиялық мәніне қарай үйреншікті (адекватты) және үйреншіксіз (инадекватты) тітіркендіргіштер болады. Тітіркендіргіштер әсер күшіне қарай табалдырықтан төмен, табалдырықты және табалдырықтан жоғары болып бөлінеді.

Тітіркендіру (*Раздражение*) — қозу тудыратын фактордың организмге әсер ету процесі.

Тітіркендіру ырғағын игеру (*Усвоения ритма раздражения*) – ұлпаның, органның тітіркендіргіштің әсер ырғағына сәйкес өз әрекетін күшейту, не әлсірету қабілеті. А.А.Ухтомский (1875-1942) жұмыс үстінде бастапқы деңгейімен салыстырғанда лабильділіктің жоғарылай немесе төмендей өзгеруін ырғақ игеру деп атаған.

Тітіркену (*Раздражение*) — тітіркендіргіш әсерінен ұлпаның, органның, организмнің физиологиялық күйінің өзгеруі.

Тітіркендірудің өрістік заңы (*Полярный закон раздражения*) — тұрақты токтың ұлпаға әсер механизмін айқындайтын Пфлюгер (1859) ұсынған заң. Бұл заңға сәйкес тұрақты ток тізбегі тұйықталған немесе оның күші артқан кезде қозу теріс өрісте (катодта) пайда болып, одан ұлпаға тарайды. Тізбек ажыратылған немесе ток күші әлсіреген кезде қозу оң өрісте (анодта) пайда болады. Ток күші тұрақты болса оның тітіркендіру әсері тізбекті қосқан кезде оны ажыратқан кезден күшті болады.

Тітіркеніс (*Импульс, Нервный импульс*) – қозу толқыны. Тітіркендіргіш әсерінен нерв жүйесінде пайда болатын әрекет түрі - қозу толқыны.

У

Уақытша байланыс (*Временная связь*) — орталық нерв жүйесінің бір мезгілде тітіркенген құрылымдарының арасында қалыптасатын байланыс. У.б. шартты рефлексдер қалыптасуының негізінде жатады.

Уқалау (*Массаж*) — қан-лимфа айналымын жақсарту үшін денені уқалау, ысқылау, сипалау, үзу, босаңсыту.

Уремия (гр.) – қ. Зәрліқан.

Уретра – қ. Зәрөзек.

Урина – қ. Зәр, Несеп.

Уробилин () – ішекте өт пигментінің түрленуі нәтижесінде пайда болатын бояғыш зат. Ол зәр құрамына еніп, оған өзіндік түс береді.

Утойтарма (*Противоядие, Антидот*) — уланғанда емге қолданылатын, удың әсерін қайтаратын дәрі.

Уыз (*Молозиво*) — сүтқоректілер аналығы туғаннан кейін алғашқы бірнеше күн бойына бөлетін сүті. Уыз құрамы мен қасиеттері жағынан сүттен өзгеше, онда ұрпақ тіршілігіне қажетті заттардың бәрі болады.

Уыт (*Токсин*) – денеге дарыса ауру тудыратын немесе организмді өлтіретін зат. Ол микроб, өсімдік немесе жануар тектес болуы мүмкін.

Уыттылық (Токсичность) — уытты заттардың ауру дендеткіш немесе өлім тудырғыш қасиеті.

Уытсыздандыру (Дезинтоксикация) — организмде уытты заттардың әсерін әлсіретуге не тоқтатуға бағытталған реакциялар жиынтығы.

Ұ

Ұйқы (Сон) — мидың, жалпы нерв жүйесінің, бүкіл организмнің әрекетінің төмендеуімен, сыртқы тітіркендіргіштерге жауаптың әлсіреуімен және ми нейрондары белсенділігінің бәсеңдеуімен сипатталатын физиологиялық күй. Ұйқы жылы қанды жануарларға тән құбылыс. Ұйқы тәулігіне бір немесе бірнеше рет қайталанады. Ұйқының үш сатысы болады: қалғу, баяу ұйқы және шапшаң — терең ұйқы.

Ұйқы басу – қалыпты ұйқының бұзылуы, шектен тыс ұзаруы, шектен тыс ұйқышылық.

Ұйқы без (Поджелудочная железа) — ас қорыту жүйесінің қомақты және маңызды безі. Одан бөлінген сөл ұлтабар ұшына құйылады.

Ұйқы безінің сөлі (Панкреатический сок) — ұйқы безінен бөлініп, ұлтабар ұшына құйылатын ас қорыту сөлі.

Ұйқы қашу (Гипосомния) – ұйқы мерзімінің қысқаруы.

Ұйқысырау (Сомнабулизм) – ұйықтап жатып сөйлеу, өлең айту.

Ұйығу – қ.Күйлеу, Мауығу.

Ұйық ретракциясы (Ретракция сгустка) — қан немесе плазма ұйығының тығыздалуы. Осының нәтижесінде қанның ұю процесі аяқталады, қан сарысуы бөлінеді.

Ұластырғыштар – қ. Комиссура.

Ұлғаю (Пролиферация) — жануар немесе өсімдік ұлпасының жаңа торшалар түзе өсіп, ұлғаюы.

Ұлпа (Ткань) — құрылымы, қызметі, даму бағыты жағынан біртекті торшалар мен торша аралық құрылымдар жүйесі.

Ұлпа даму (Гистогенез) – жануарлар организмінде жаңа ұлпалардың түзілуі.

Ұлпа еру (Гистолиз) – Организм ұлпаларының, микробтардан, ұлпаның өзінен бөлінген ферменттердің, әсерімен еруі, толық бұзылуы.

Ұлпа сұйығы (Тканевая жидкость) — ұлпалар мен органдар торшалары арасындағы қуысты толтыратын, құрамында зат алмасу өнімдері мен қаннан өткен заттар бар сұйық. Ол арқылы қаннан қоректік заттар торшаларға жеткізіліп, торшалардан зат алмасу өнімдері шығарылады. Ұлпа сұйығы лимфа жүйесіне жиналып, лимфаға (сөлге) айналады.

Ұлпадағы газ алмасу (Газообмен в тканях) — үлкен қан айналым шеңбері капиллярлары қанынан оттегінің торшаларға, көмір қышқыл газының торшалардан қанға өтуі. Бұл процесс те диффузия заңдылығына сәйкес газдардың үлес қысымының айырмасына (градиентіне) байланысты жүреді.

Ұлпалар өскіні (*Культура ткани*) — организмнен тыс ортада тіршілігін жалғастырып тұрған органдар мен ұлпалар бөлшектері.

Ұлпалық гормондар (*Гормоны тканевые*) — әртүрлі торшалар бөліп отыратын биологиялық белсенді заттар. Олар торшалардың жіктелуін (эвокаторлар) және организмнің түрлі қызметін реттеуге (парагормондар) қатынасады.

Ұлпалық тосқауыл (*Гемато-паренхиматозный барьер, Тканевой барьер*) — қан мен ұлпа аралық сұйық арасындағы алмасу процесін реттеп отыратын физиологиялық механизмдер жиынтығы. Бұл тосқауыл ұлпаларға бөгде заттар мен зат алмасу процесінің аралық өнімдерінің өтіп кетпеуін қамтамасыз етіп, ұлпа аралық сұйықтың құрамының, физиологиялық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің сақталуына, оның нәтижесінде торшалар әрекетінің дұрыс атқарылуына мүмкіндік туғызады. Мүше табиғатына байланысты энцефальдық, офтальмиялық, ликворлық т.с.с. болып жіктеледі.

Ұлпалық тыныс (*Тканевое дыхание*) — организм ұлпаларындағы тотығу процесі.

Ұлтабар (*Сычуг*) — күйіс қайыратын жануарлар қарынының соңғы бөлімі, нағыз қарын. Онда қарын сөлі бөлінеді, нағыз қарынға тән ас қорыту процесі жүреді

Ұлтабар ферменті – қ. Мәйек.

Ұлтабар ұшы – қ. Жіңішке ішек.

Ұлтабар ұшы химусы - қ. Жіңішке ішек жыны.

Ұлтабар ұшы бездері – қ. Жіңішке ішек бездері.

Ұлу (*Улитка*) — ішкі құлақтың иірімді түтік түріндегі құрылымы. Оның қуысы негіздік және рейснер мембраналары арқылы үш өзекке бөлінеді: дабыл өзегі, саға өзегі (вестибулярлық өзек) және ортаңғы - ұлу жолы. Алғашқы екі өзек бір-бірімен геликотрема арқылы жалғасады. Бұл өзектер перилимфамен толған. Осы ортаңғы өзекте негіздік мембрана бетінде дыбыс қабылдаушы құрылым -Корти мүшесі орналасады.

Ұма (*Мошонка*) — сүтқоректілердің аталық безі орналасқан қалта тәрізді етті-терілі құрылым.

Ұрпағына қамқорлық (*Забота о потомстве*) — жұптасқан немесе туыстас жануарлар тобының ұрпағын қоректендіріп, күтіп, қорғауы.

Ұрпақ (*Поколение*) — ата-текке қатысы бар организмдер.

Ұрт (*Щека*) — ауыз қуысының бүйір беткейін құрайтын бөлігі.

Ұрық (*Плод*) — аналық организм құрсағында дамып келе жатқан эмбрион.

Ұрық гемоглобині – қ. (F-гемоглобин).

Ұрықжау – көп торшалы организмдердің аналық жыныс торшаларынан бөлініп, сперматозоидтарды желімдеп (аглютинациялап) тастайтын зат.

Ұрық қандауыры (*Акросома*) – ұрықтың (сперматозоидтың) сүйірлене біткен бас жақ бөлігі. Ол аналық жыныс торшасы қабықшасын гиалуронидаза ферментін бөлу арқылы ерітіп, тесуге қажет құрылым.

Ұрықсыздық (Азоспемия)- шәует құрамында аталық торшалардың болмауы.

Ұрықтүзу – қ. Сперматогенез.

Ұршық ойығы - қ. Жамбас шұңқыры.

Ұршықша торшалар (Веретенovidные клетки) — бұлшық еттің “ет сезімін” қамтамасыз ететін сезімтал құрылым. Тірек-қимыл жүйесіндегі рецепторлық құрылым.

Ұрық жапырақшалары (Зародышевые листки) – ұрықтанып дами бастаған жұмыртқаның бөлшектене көбеюінің нәтижесінде түзілетін торшалар қабаты. Одан ұрық мүшелері дамиды. Жануарларда үш ұрық қатпаршағы болады: сыртқы - эктодерма, ішкі — энтодерма және ортаңғы — мезодерма.

Ұрық қатпаршағы – қ. Ұрық жапырақшалары.

Ұрықтану (Оплодотворение) — аталық және аналық жыныс торшаларының — гаметалардың — қосылып, жаңа организмнің алғашқы торшалары — шарана - зигота түзуі.

Ұю – қ. Коагуляция.

Ү

Үзеңгі сүйек (Стремечко) — жануарлар ортаңғы құлағындағы дыбыс сүйегінің бірі.

Үйек (Белая линия живота) — жануарлар құрсақ еттерінің бітискен жері. Мал сойылғанда теріні тілер жол.

Үйлестіру (Координация) – 1. Филогенез барысында органдар мен жүйелер арасында қалыптасқан өзара байланыс. 2. Организмнің қимыл-әрекетіндегі үйлесімдік.

Үйлесімсіздік (Асинергия) — бір мезгілде бірнеше бұлшық еттердің жиырылуы нәтижесінде атқарылатын қимыл-әрекеттердің бұзылуына әкеп соғатын бұлшық ет тобының жиырылу үйлесімінің жойылуы.

Үйрену — қ. Габитуация.

Үйреншікті (Адекватный) – тітіркендіргіштерге байланысты олардың ұлпа мен органдардың қалыпты күйін, әрекетін бұзбайтын, үйреншікті жағдайда әсер ететінін сипаттайтын ұғым.

Үйреншікті түрткі (Адекватная стимуляция) - адам мен жануарлар үшін табиғи тітіркендіргіштер әсері. Олар әрбір талдағыштарға (анализаторларға) тән процестерді іске қосып, нақтылы түйсік тудырады.

Үйрету (Обучение) — өмір тәжірибесі негізінде мінез-қылықта қысқа немесе ұзақ мерзімдік өзгерістерді қалыптастыру.

Үлбір (Мех) — сүтқоректі жануардың ұлпілдек жүнді бағалы терісі.

Үлес қысым (Парциальное давление) — ауадағы әрбір газдың өзіне тән қысымы.

Үлкен азу (Моляры) — үлкен азу тістер.

Үлкен қан айналым шеңбері (*Большой круг кровообращения*) — Жүректің сол жақ қарыншасынан басталып, қолқаны, одан таралатын артерияларды, артериолаларды, капиллярларды, денедегі вена тамырларын қамти отырып, қуыс веналармен оң жақ жүрекшелерде аяқталатын қан айналым жолы.

Үлкен жарты шарлар қыртысында орталықтардың орнығуы (*Локализация функций в коре головного мозга*) — организмнің белгілі бір әрекетінің ми қыртысының нақтылы бөліктерінің, аймақтарының қызметімен байланыстығы. Бұл құбылысқа жылжымалы сипат тән. Ми қыртысының белгілі бір әрекетті басқаруға маманданған аймақтарының болуына қарамастан, кез келген әрекетті атқарғанда ми қыртысының әртүрлі аймақтарының нейрондары іске қосылады.

Үлкен ми сынарларының иірімдері (*Извилины больших полушарий*) — үлкен ми сынарлары сайларының арасындағы қатпарлар.

Үлпек қабық – қ. Миелинді қабықша.

Үлпершек (*Околосердечная сумка, Перикард*) — жүректі сырт жағынан қаптап тұрған жұқа дәнекер ұлпалы құрылым.

Үрпию (*Пилоэрекция*) — түрлі тітіркендергіш немесе эмоциялық қобалжу әсерімен тері түктерінің үрпиюі, түксиюі.

Үстеме ауа - қ. Қосымша ауа.

Үсіну (*Обмороживание*) — аяз, суық әсерінен организм ұлпаларының зақымдануы.

Үшкарбон қышқылының айналымы – қ. Кребс айналымы.

Үшкүл нерв – қ. Үштармақ нерв.

Үштармақ нерв, Үшкүл нерв (*Тройничный нерв*) — ми нервінің бесінші жұбы. Ол үш тармаққа бөлінеді: көзге баратын, үстіңгі жақсүйекке баратын және астыңғы жақсүйекке баратын нервтерге.

Ф

Фагоцитоз (гр.) – фагоциттердің немесе бір торшалы организмдердің бөгде торшаларды, олардың жарқыншақтарын, микробтарды жұтуы. Ф. организмнің қорғаныстық реакциясының бірі болып табылады. Бұл құбылысты 1883 жылы орыс ғалымы И.И.Мечников (1845-1916) ашқан.

Фагоциттер – денеге өткен бөгде заттарды, микробтарды қарбып, жойып отыратын торшалар. Мысалы, лейкоциттер, ретикуло-эндотелийлік жүйе торшалары.

Фагоциттер – денеге өткен бөгде заттарды, микробтарды қарбып, жойып отыратын торшалар. Мысалы, лейкоциттер, ретикуло-эндотелийлік жүйе торшалары.

Фактор (лат.) – қ. Себепкер, түрткі. Организмдегі процестерді туындататын немесе жүріп жатқан процестерді өзгерте әсер ететін қозғаушы күш.

Фасция (лат.) – қ. Шандыр.

Фауна (гр.) – қ. мақұлықат.

Фекаль (лат.) – қ. Нәжіс.

Феминизация (лат.) – аталық дарақтарда аналық белгілердің пайда болуы.

Фенотип (гр.) – жеке даму барысында генотип негізінде қалыптасқан барлық ішкі және сыртқы белгілер мен қасиеттердің жиынтығы.

Фермент (лат.) – тірі торшалардың барлық әрекеттеріне қатынасатын, органикалық заттарды өзгеріске ұшыратып, зат алмасу қарқынын реттейтін биологиялық катализатор.

Феромон (гр.) – жануарлар денесінен арнаулы бездер немесе торшалар аз мөлшерде бөлетін иісті зат. Олар теріден, сілекей бездерінен бөлінген секреттердің, несеп пен нәжістің құрамында болады. Олардың көмегімен жануарлар өзіне тән мекеннің шекарасын таңбалайды, қарсы жыныс өкілдерін өзіне еліктіреді.

Ферритин (лат.) – бауырда, көк бауырда, сүйек кемігінде болатын, құрамында темірі бар белок. Ол денеде темір элементінің қорын түзеді.

Фертилизин (лат.) – қ. Ұрықжау.

Фибриллалар (лат.) – қ. Талшықтар.

Фибрин (лат.) – қан ұйыған кезде фибриногеннің өзгерістері нәтижесінде пайда болатын ерімейтін белок.

Фибрин ретракциясы – қ. Фибриннің тығыздалуы.

Фибриннің тығыздалуы (*Ретракция фибрина*) – қанның ұю процесінің барысында пайда болған фибрин талшықтырының тығыздалып, тартылуы, нығыздалуы.

Фибриноген () – қан плазмасы құрамындағы ерігіш белок.

Фибринокиназа () – плазминогенді (профибринолизинді) плазминге (фибринолизинге) айналдыратын протеолиздік фермент.

Фибринолизин () – фибрин талшықтарын ерітетін фермент.

Фиброзды қабықша (*Фиброзная оболочка*) – дәнекер ұлпалы қабықша.

Физиология (гр.) – тірі организмге тән әрекеттерді, онда өтетін процестерді зерттейтін биология саласы. Физиология бірнеше салаларға бөлінеді; олар: жалпы физиология, салыстырмалы және эволюциялық физиология, дербес (салалық) физиология.

Физиологиялық акустик (*Акустика физиологическая*) - физиологияның есту мүшесінің физикасын, биофизикасын және физиологиясын зерттейтін саласы. Бұл саланың негізін алғаш рет музыкалық дыбыстарды талдап, есту теориясын ұсынған неміс ғалымы Гельмгольц салған.

Физиологиялық гиперкапния (*Гиперкапния физиологическая*) — дене жұмысы кезінде қан мен ұлпаларда көмір қышқыл газдың үлес қысымының жоғарылауы. Бұл құбылыс зат алмасу процесінің күшеюі салдарынан организмде көмір қышқыл газдың көп бөлінуінен туындайды.

Физиологиялық градиент (*Градиент физиологический*) — белгілі бір физиологиялық көрсеткіш деңгейі өзгерістерінің айырмасы.

Физиологиялық ерітінді (Физиологический раствор) – осмотық қысым деңгейі қанның осмотық қысымымен пара-пар 0,9 процентті хлорлы натрий ерітіндісі.

Физиологиялық жетілу (Физиологическая зрелость) – организм мүшелері мен жүйелері қызметінің толық қалыптасқан, физиологиялық тұрғыдан пісіп-жетілген мерзімі.

Физиологиялық тұтастық заңы (Закон физиологической целостности) — нерв қызметі дұрыс атқарылу үшін оның талшықтары зақымданбаған, тұтас болу керек.

Физиологиялық тыныштық күй (Физиологический покой) – жеке торшалар мен мүшелерге тән әрекеттің байқалмаған, атқарылмаған сәті.

Филамент (лат.) – торша цитоплазмасында кездесетін белоктардың жіпше құрылымдары. Электронды микроскопиялық бейнесіне қарай филаменттер жіңішке, орташа және жуан болып үш топқа бөлінеді. Олардың торшадағы маңызы әлі толық зерттелмеген.

Филогенез (гр.) – тірі материяның, организмнің тарихи даму кезеңі.

Фильтрация (франц.) – мембрана жасушалары арқылы сұйықтың немесе газ күйіндегі заттардың сүзілуі, өтуі.

Фистула (лат.) – қ. Көбек.

Флебограф (гр.) – вена пульсін жазуға арналған құрал.

Флебограмма (гр.) – вена пульсын бейнелейтін қисық сызық.

Флебография (гр.) – вена пульсын жазу әдісі.

Флегматик (гр.) – Гиппократ жіктеуіне сәйкес салмақты, баяу темперамент өкілі. И.П. Павловтың ЖДНҚ жайлы ілімі бойынша күшті, теңгерілген, инертті типке сәйкес келеді.

Флора (лат.) – белгілі бір аймақта орын тепкен өсімдіктер дүниесінің жиынтығы.

Флоуметрия (англ.+гр.) – қан ағынын өлшеу. Бұл мақсатта практикада электромагниттік және ультрадыбыстық тәсілдер қолданылады.

Фоли қышқылы, В_с дәрмендәрісі (Фолиевая кислота) – суда еритін дәрмендәрі. Ол жетіспесе организмде ДНК синтезіне қажет пуриндер түзілмейді. Оның қатынасуымен организмде эритроциттер түзу процесі атқарылып, қанның қалыпты құрамы сақталады.

Фолликулин () – аналық жыныс безінде түзілетін гормон.

Фолликуланы жандандырушы гормон (Фолликулостимулирующий гормон) – гипофиздің алдыңғы бөлімінің аналық жыныс безінде сары дененің пайда болуын жандандыратын гормоны.

Фолликулалар () – аналық бездегі көпіршікті торша.

Фолликулалар атрезиясы - қ. Фолликулдер бітіктігі.

Фолликулалар бітіктігі (Атрезия фолликулов) — сүтқоректі жануарлардың аналық безінде фолликулдердің сорылып кетуі. Бұл құбылыс жыныстық жетілу кезеңінде, буаз малда қарқынды жүреді.

Фонорецептор () – дыбыс тербелісін қабылдайтын механорецепторлар.

Фоторецепторлар – қ. Сәуле қабылдағыштар.

Фоторецепция – қ. Сәуле сезім.

Функционалдық жүйе (Функциональная система) – өздерінің үйлесімді әрекеттерімен белгілі бір мақсатты реакцияның туындауын қамтамасыз ететін, өздігінен реттеліп отыратын органдар бірлестігі. Бұл бірлестік мақсатты нәтижеге (реакцияға) негізделіп қалыптасады және рефлекс осы жүйенің құрамына енеді.

Функция () – тұтас организм немесе оның жеке мүшелерінің тіршілік әрекеті.

X

Хайуанатхана (Виварий) - бақылауға алынған және тәжірибе жүргізілетін жануарларды күтіп-бағуға арналған жай.

Халазы – қ. Ызба тін.

Хеморецепторлар (Хеморецепторы) – химиялық тітіркендіргіштер әсерін қабылдайтын рецепторлар. Орын тебу жағдайына қарай олар орталық, ішкі (интеро-) және беткей (экстеро-) хеморецепторлар болып бөлінеді.

Хеморецепция () – химиялық тітіркендіргіштер әсерін қабылдау.

Хемотаксис () – жеке торшалардың (мыс, лейкоциттердің) химиялық заттардың әсерінен қозғалуы.

Хиломикрондар (Хиломикроны) – ішек қабырғасы эпителиоциттерінде синтездеу нәтижесінде пайда болып, құрамына үшглицеридтер, холестерин, фосфолипидтер, глобулиндер енген, липопротеинді қабықпен қапталған майда бөлшектер. Олар эпителиоциттердің латеральды және базальды мембраналары арқылы ішек бүрлерінің дәнекер ұлпалы қуыстарына шығып, одан әрі осы бүрлердің лимфа тамырларына өтеді.

Химозин – қ. Мәйек.

Химотрипсиноген () – ұйқы безі сөлінің құрамындағы белоктарды ыдырататын бұйығы фермент. Аш ішекте трипсин ферментінің әсерімен ол белсенді ферментке – химотрипсінге айналады.

Химус () – ішек қуысындағы біртекті қоймалжың зат. Ол азықтың ыдырау өнімдерінен, ас қорыту сөлдерінен, сыдырылған эпителий торшаларынан және микроорганизмдерден құралады.

Холерик () – Гиппократ жіктеуіне сәйкес ұстамсыз, ұшқалақ адам. Оларда қозу процесі басым болады, тежелу процесі нашар өрбиді.

Холецистокинин () – ащы ішектің бастапқы бөлімдерінде түзілетін гормон. Ұйқы безі сөлінің, өттің, инсулиннің бөлінуін үдетеді, ішек қимылдарын күшейтеді, қарынның пилорус сфинктерін жиырылтып, қарын жынының ішекке өтуін баяулатады.

Холинорецепторлар (Холинорецепторы) – ацетилхолинге сезімтал рецепторлар. Көбінесе постсинапстық мембранада орын тебеді.

Салқын қанды жануарлар (*Холоднокровные животные*) – дене температурасы сыртқы орта температурасына байланысты өзгеріп, құбылып тұратын омыртқалы жануарлар.

Хоминг () – кейбір жәндіктер мен жануарлардың (жылан, балық, лосось, теңіз тасбақасы, жыл құстары) өз мекендеріне немесе тіршілігі басталған жерлеріне қайтып оралу қабілеті.

Хорион (гр.) – сүтқоректі жануарлар ұрығының сыртқы бүрлі қабығы. Ол плацента (жолдас) құрамына кіреді.

Хорион гонодотропині (*Хорионический гонодотропин*) – пролан деген сөзді қараңыз.

Хромафинді торшалар (*Хромафинные клетки*) – бүйрек үсті бездің бозғылт затындағы торшалар.

Хронаксия (гр.) – екі еселенген реобаза әсерімен қозу толқынының пайда болуына қажет ең аз уақыт. Бұл атауды 1909 жылы француз физиологы Л.Лапик ұсынған.

Ц

Цилиарлы дене – қ. кірпікті дене.

Цисталану (*Инцистирование*) — бір торшалы организмдердің берік қабықшаға (цистаға) оралуы.

Цитоллиз () – торшалардың толық немесе жартылай еріп, бұзылуы.

Цитоллизиндер () – қан плазмасы құрамындағы бөгде торшаларды ерітетін заттар.

Цитология () – жануарлар мен өсімдік торшаларының жеке және тарихи даму кезіндегі құрылысы, химиялық құрамы, атқаратын қызметі туралы ғылым.

Цитратты қан (*Цитратная кровь*) – ұйытпау үшін лимон қышқылды натрий қосылған қан.

Ш

Шағылыстыру (*Осеменение*) — қарсы жыныс өкілдерінің жыныстық байланысы, жақындасуы немесе жыныстық өнімдердің қосылуы. Осының нәтижесінде жыныс торшаларының — сперматозоид пен жұмыртқаның кездесуі - ұрықтану процесі қамтамасыз етіледі.

Шағылысу – қ. Жыныстық қатынас.

Шажырқай (*Брыжейка*) — ішектерді қаптайтын жұқа іш май, эпителийлі қабықша.

Шаймалау (*Перфузия*) — қанды немесе қанды алмастыратын ерітіндіні жеке мүшелердің, дене бөлігінің немесе тұтас организмнің тамырларына табиғи (жүрек көмегімен), болмаса жасанды (шаймалау сорабының көмегімен) жолмен айдау.

Шайнау (Жевание) — ауыз қуысындағы азықты (тамақты) ұнтақтау, мылжалау. Шайнау нәтижесінде азықтың физикалық күйі өзгеріп, ол ұнтақталады, сілекеймен шыланып, жұтуға дайындалады.

Шайыр (Жиропот) — май және тер бездерінен бөлініп, жүннің сапасын, калыпты жағдайда сақталуын қамтамасыз ететін зат.

Шайырлау – қ. Май басу.

Шақалақ кезең (Перинатальный период) — құрсақтық дамудың 28-аптасынан бастап баланың туғаннан соңғы алғашқы 7 күн аралығы.

Шаласал (Парез) — нерв жүйесінің зақымдануынан бұлшық еттің белгілі бір тобының жансызданып, әрекетінің бұзылуы.

Шандыр (Фасция) – бұлшық еттер тобын, қан тамырларын, нервтерді және кейбір мүшелерді қаптайтын жұқа қабықша.

Шарана (Зародыш, эмбрион) — адам мен жануарлардың аналық және аталық жыныс торшаларының қосылуынан пайда болатын, дамудың алғашқы сатысындағы жаңа организм.

Шарасыздық (Арефлексия) - рефлекс доғасының зақымдануы салдарынан немесе ОНЖ-нің жоғары бөлімдерінің тежеуші әсерінің нәтижесінде рефлексстің атқарылмауы.

Шарбақ (Ограда мозга) — үлкен ми жарты шарларындағы сұр зат жиынтығынан құралған қытыс асты (базальдық) ядролар. Олар күрделі қимыл әрекеттерін, эмоцияларды реттеуге қатынасады.

Шартсыз рефлекс (Безусловный рефлекс) — туа біткен, ұрпақтардан ұрпаққа берілетін, белгілі бір түлікке тән рефлексстер, әрекеттер.

Шартсыз тежелу (Безусловное торможение) — тежелудің ОНЖ-нің барлық бөлімдеріне тән түрі. Шартты рефлексстердің кез келген сыртқы немесе ішкі шартсыз тітіркендіргіштер әсерінен тежелуі. Мысал ретінде шартты қоректік рефлексстердің ауырсынту тітіркендіргіштерінің әсерінен тиылуын келтіруге болады.

Шартсыз тітіркендіргіш (Безусловный раздражитель) — шартсыз рефлексстер тудыратын тітіркендіргіштер.

Шартты рефлексстер (Условные рефлекссы) – организм тіршілігі барысында шартсыз рефлексстер негізінде пайда болған күрделі рефлексстер. Олар жеке дарақтарға тән болады да, ұрпақтан ұрпаққа берілмейді, ми сыңарлары қыртысының қатынасуымен атқарылады.

Шартты рефлекс қалыптастыратын камера (Камера условных рефлекссов) — бөгде дыбыс өтпейтін, оқшауланған, тәжірибе жүргізуге қажетті құралдармен жабдықталған арнаулы бөлме. Оны шартты рефлексстерді қалыптастырып, зерттеу мақсатында пайдаланады.

Шартты рефлексстің бүркеме (жасырын) кезеңі (Латентный период условного рефлексса) — шартты тітіркендіргіш әсер еткен сәттен бастап шартты реакциялардың (қимыл-әрекет, сілекей бөлу және организмнің басқа да вегетативтік әрекеттері) байқалған уақытына дейінгі мерзім.

Шартты рефлекторлық әрекет (*Условнорефлекторная деятельность*) – ОНЖ-нің жоғары бөлімінде пайда болған уақытша (мерзімдік) байланыстың әсерінен туындаған әрекет. Ол организмнің дара дамуы барысында қалыптасқан динамикалық стереотип, шартты рефлекстер сияқты әрекеттерді қамтиды.

Шартты тежеу (*Условное торможение*) – шартты тітіркендіргіш пен шартсыз, табиғи әсермен бекітілмейтін (ұштаспайтын) қосалқы сыртқы түрткінің топтасуы. Әсер туғызу үшін қосалқы тітіркендіргіш шартты тітіркендіргіштің алдын алу керек.

Шат сүйек жігі (*Симфизис*) – жамбастың шат сүйегінің бір-бірімен бітискен жері.

Шаш - қ. Түк.

Шашақты торшалар - қ. Түкті торшалар.

Шашалу (*Аспирация*) - тыныс алған кезде қатты немесе сұйық заттардың ауамен тыныс жолдарына (кеңірдек, бронхы, бронхиолдар) түсіп кетуі.

Шашыраңқы нерв жүйесі – қ. Диффузиялы нерв жүйесі.

Шәует (*Сперма, Эякулят*) – жыныстық қатынас кезінде аталық организм жыныс мүшесінен бөлген сұйық.

Шәует жіберу (*Эякуляция*) – аталық жыныс жүйесінен шәуеттің (былазықтың) бөлінуі.

Шәует сұйылтқыштар (*Разбавители спермы*) — малды қолдан ұрықтандырғанда аталық шәуетін сұйылту үшін қолданылатын арнаулы ерітінділер.

Шванн қабығы (*Шванновская оболочка*) – нерв талшығының сыртын қаптайтын қабықша.

Шектеу (*Запредельное торможение*) — сыртқы тежелудің бір түрі. Тітіркендіргіш күші шектен артып кетсе нерв орталығы тежелу күйіне көшеді. Шектеудің биологиялық мәні нерв құрылымын шамадан артып кеткен тітіркендіргіштердің зақымдаушы әсерлерінен қорғауында.

Шектеулі қозу (*Возбуждение локальное*) - қ. орнықты қозу.

Шектеуші фактор (*Фактор лимитирующий*) – белгілі бір процестің жүруіне немесе организмнің тіршілік әрекетіне шек қоятын фактор.

Шел (*Клетчатка подкожная*) — терінің астындағы майлы, дәнекер ұлпалы қабат.

Шелқабат (*Мездра*) — жануарлар терісінің астындағы майлы қабат.

Шелдеу (*Мездрение*) — теріден шелді сыдыру.

Шемен (*Водянка*) — дене қуыстарында немесе кейбір ұлпаларда сұйықтың жиналуынан өршитін дерт.

Шеміршекқап (*Надхрящница*) — шеміршекті қаптап жатқан дәнекер ұлпалы қабықша.

Шеткей (қиян) нерв (*Периферический нерв*) — ОНЖ-нен (ми мен жұлынан) тыс жатқан жүйке тамырлар — нервтер.

Шеткей табақша (*Концевая пластинка*) — нервтің атқарушы органмен жалғасқан бөлігі, аяқталар ұшы.

Шеткейлік – қ. Дистальдық.

Шипалы ашығу (*Голодание лечебное*) — сауығу мақсатында тамақ қабылдауды шектеу немесе тоғару.

Шипалы заттар – қ. Дәрі-дәрмектер.

Ширығу (кернеу) кезеңі (*Период напряжения*) — жүрек айналымының қарыншалар қуысы көлемінің өзгермей, олардың қабырғасының ширығуымен сипатталатын кезеңі. Бұл кезең асинхронды және изометриялық ширығу сатыларынан тұрады. Кезең қарыншалардың қозуынан басталады, алдымен миокард торшалары ретсіз (асинхронды) жиырылады және де бұл кезде қарыншалар қуысындағы қысым өзгермейді (*асинхронды жиырылу сатысы*), осыдан кейін миокард торшалары синхронды жиырылып, қарыншадағы қысым жоғарылайды да, жармалы қақпақшалар жабылады. Одан әрі қарыншадағы қысым жоғарылай бастайды, бірақ жармалы және жарты айшық қақпақшалар жабық болғандықтан қарыншалар көлемі өзгермейді (*изометриялық ширығу сатысы*). Қарынша қуысындағы қысым артериялардағы қысымнан артқан кезде, ширығу кезеңі аяқталады да, қанды айдау кезеңі басталады.

Ширықпай жиырылу – қ. Изотониялы жиырылу.

Шойқы тіс (*Акродонтные зубы*) - тістердің ұяшыққа орналаспай, жақ сүйек жиегіне қисық орналасуы.

Шок () – төтенше тітіркендіргіш әсерінен нерв орталықтары қызметінің күрт нашарлауы салдарынан қан айналымының, тыныстың, зат алмасу процесінің кенеттен қатерлі деңгейде бұзылуы.

Шонданай нерві (*Седалищный нерв*) — сегізкөзден басталып, аяқтың бұлшық еттерін жүйкелендіретін ұзын әрі жуан шеткей нерв.

Шөл, Шөлдеу (*Жажда*) — организмдегі су мөлшерінің азаюы немесе қан құрамындағы минералдық және органикалық заттардың көбеюі салдарынан қаталау (суға деген сұраныс, қажеттілік) сезімінің күрт жоғарылауы. Шөлдеу механизмі осмостық қысымның жоғарылауы, натрий иондары мөлшерінің артуымен байланысты. Осының салдарынан мидағы шөлдеу түйсігін тудыратын орталық қозады да, организмдегі суды жоғалтпауға, су ішуге бағытталған реакциялар күшейеді.

Шу (*Шум*) – күші мен жиілігі әртүрлі дыбыстар жиынтығы.

Шуаш – қ. Шайыр.

Шумақтық сүзілім (*Клубочковая фильтрация*) — бүйрек шумағында 1 мин. ішінде қан плазмасынан сүзіліп шыққан белоксыз сұйық (л/мин өлшенеді). Бұл көрсеткіш қан плазмасының онай сүзілетін, кері сорылмайтын және бүйректің өзінде түзілмейтін заттардан (мысалы, инулин, маннитол, креатинин, полиэтиленгликоль) тазарту жылдамдығымен есептеліп шығарылады. Шумақтық сүзілім мына формула арқылы есептеледі: $C=UV/P$,

мұнда: С — инулин немесе басқа заттан тазару; U және P — оның зәр мен қан құрамындағы мөлшері; V — бөлінген зәр (мл/мин).

Шумақтық фильтрация – қ. Шумақтық сүзілім.

Шумлянский-Боумен (А.М.Шумлянский, 1748-1795, Ресей дәрігері; W.Bauman, 1816-1892, ағ. анатомы, офтальмологы) **капсуласы** (*Капсула Шумлянского-Боумана*) — бүйрек шумағының капсуласы, бүйрек капиллярларын сырт жағынан тостаған тәрізді қоршап тұратын қос қабырғалы құрылым. Одан нефрон басталады. Капсуланың қабырғалары арасындағы қуысқа қан плазмасынан белоксыз сұйық сүзіліп шығады.

Шуыл – қ. Шу.

Шүбәсіз анаэробтар (*Облигатные анаэробы*) — оттегіге мұқтаж емес, оттегінсіз тіршілік ететін микроорганизмдер.

Шүйде бөлік (*Затылочная доля*) — үлкен ми жарты шарларының артқы, қарақұсқа жақын бөлігі, онда көру талдағышының (анализаторының) орталығы орналасады.

Шыдамдылық - қ. Төзімділік.

Шыжың – қ. Полиурия.

Шықшыт безі (*Околоушная железа*) — шықшытта орналасқан ең ірі сілекей безі.

Шылауық (*Водянистая влага*) — омыртқалы жануарлар көзінің қасаң қабығы мен көз бұршығының арасындағы қуыстарды толтыратын сұйықтық.

Шылымдану (*Течка*) — сүт қоректі жануарлар жыныстық айналымының сатысы. Қынап эпителийінің аналық бездің функционалдық күйіне сәйкес туындайтын өзгерістерімен, жыныстық желік және жыныстық құштарлықтың күшеюімен сипатталады. Жыныстық (эстральдық) айналым шылымдану сатысы төрт кезеңге бөлінеді: 1) проэструс (бастама саты), 2) эструс (күйт сатысы), 3) метаэструс (күйт қайту сатысы), 4) диэструс (тиылу сатысы).

Шымырлану (*Гипертрофия*) – органдардың немесе ұлпалардың шамадан тыс үлкейіп кетуі.

Шымырлық (*Гипердинамия*) – салмақтың (жүктің) артуы салдарынан бұлшық ет жиырылу күшінің тым көп жоғарылауы.

Шыны тәрізді дене (*Стекловидное тело*) — көз алмасының көз бұршағы мен көз түбінің арасындағы қуысты толтырып тұратын мөлдір, түссіз қоймалжың зат.

Шырлы торшалар (*Тучные клетки*) – сүйек кемігінде, лимфа түйіндерінде және көк бауырда кездесетін торшалар. Олардың домалақ немесе сопақша ядролары болады. Торшаның көп бөлігін қызыл-күлгін түсті түйіршіктері бар цитоплазма алып жатады. Бұл торшалар гистамин өндіреді, гепариноциттер болып табылады.

Шырыш (*Слизь*) — тұтқыр сұйық зат, оны кілегейлі қабықтың шырышты бездері бөледі.

Шырыш – қ. Муцин.

Шырышты торшалар (*Бокаловидные клетки*) — тоқ ішектің кілегейлі қабығында көптеп кездесетін, шырыш бөлетін торшалар.

Шырышты ісік (*Микседема*) – қалқанша без қызметінің бұзылуынан туа пайда болатын кесел.

Шырыштық өрім (*Мейсснеровское сплетение*) — өңеш, қарын, ішек қабырғаларын және олардың кілегей қабығындағы бездерді нервмен қамтамасыз ететін құрылым.

Шытыра (*Бляшки*) — қ. Синапс.

Шытырман (*Лабиринт*) — омыртқалы жануарлардың бас сүйегінде орналасқан тұйықталған түтікшелер жүйесі. Лабиринт дербес екі функционалдық бөлімнен тұрады. Оның біріншісі дене қозғалыстарын қабылдауды қамтамасыз ететін және гравитация мүшесі болып табылатын вестибулярлық аппарат, екіншісі — дыбыс қабылдайтын бөлім — ішкі құлақ.

Шытырман тосқауылы (*Гемато-лабиринтный барьер*) — өзінің талғамды өтімділігі мен есту және тепе-теңдік талдағыштарының (анализаторларының) қалыпты қызметін қамтамасыз ететін арнаулы құрылымдар. Лабиринт тоспасы құлақ лабиринтіне (шытырмағына) физиологиялық белсенді биогенді заттар мен дәрі-дәрмектердің өтуін реттейді. Лабиринт тоспасын құрайтын негізгі элементтерге ішкі құлақ капиллярлары, ретикулоэндотелий элементтері, тамыр капиллярлары, ұлу байламдары жатады. Лабиринт тоспасы құрылымына сағалық және дабыл өзектері мен эндолимфалық тоспа да енеді.

Шіжің (*Недержание мочи*) — Зәрдің зәр бөліп шығаруға мұқтаждық туындамай-ақ қуықтан еріксіз шығып кетуі.

Ы

Ыдырау (*Гидролиз*) – әр түрлі химиялық қосылыстар мен су арасындағы иондық алмасу реакциясы. Ыдырау процесі сулы ерітінділерде де, судың немесе будың әртүрлі қатты заттармен, сұйықтармен, газ тәрізді заттармен әрекеттесуі нәтижесінде де жүреді. Ыдырау реакциясы ыдыратушы агенттер әсерімен бос (басы артық) валенттілік пайда болған жерде су элементтерін қосу арқылы химиялық байланыстардың үзілуімен сипатталады. Ферменттік гидролиз гидролаза класы ферменттерінің әсерімен жүреді. Бұл процесс белок, май, полисахаридтер, нуклеин қышқылы сияқты биополимерлерді қорытуда маңызды роль атқарады.

Ызба тін (*Халазы*) – жұмыртқа сарыуызын орта шамада ұстап тұратын ширатылған белокты ызба бау.

Ызбот (*Боров*) — піштірілген ересек шошқа.

Ықпалды тасымалдау (*Пассивный транспорт*) — заттардың торша мембранасы арқылы энергия шағынынсыз электрохимиялық градиентке сәйкес өтуі, тасымалдануы.

Ықылық (Икота) — көкеттің тырыса тартылып, кенеттен дыбыс шыға ішке дем тартуға мәжбүр етуі.

Ылғал сүйгіштер (Гигрофиты) –

Ылғал сүймейтіндер (Гигрофобы) –

Ым (Мимика) – бет еттерінің мәнерлі қимылдары.

Ымыраласу (Консолидация) – миға берілген хабардың қысқа мерзімдік естен ұзақ мерзімдік еске айналуы. Консолидация уақытша байланыстың біртіндеп нығаюымен сипатталады.

Ымсыздық, мимикасыздық (Амимия) - Беттік нерв қызметі бұзылған және экстрапирамидалдық жүйе зақымданған жағдайда байқалатын ауытқу.

Ынтымақтастық (Констелляция) – бірнеше құрылымдардың бірлесе әрекеттесуі.

Ырғақ (Ритм) — қандай бір болмасын құбылыстың, әрекеттің бірқалыппен кезектесіп алмасу заңдылығы.

Ырғақсыздық (Аритмия) - қалыпты ырғақтың (жүрек етінің жиырылуының, тыныстың) өзгеруі немесе тыйылуы.

Ырғыта өткізу – қ. Секірте өткізу.

Ырықсыз секреция (Спонтанная секреция) — сөлдің толассыз бөлінуі. Күйіс малының шықшыт безіне тән құбылыс.

Ырықсыз тасымалдау (Активный транспорт) - заттарды электрохимиялық градиентке қарсы қуат жұмсай отырып, торшаның сыртқы немесе ішкі мембранасы арқылы (трансмембраналдық ы.т.), болмаса торша қабаты арқылы (трансцеллюлярлық ы.т.) өткізу. Белсенді тасымалдау кезінде қуат көзі ретінде көбінесе АТФ пайдаланылады. Тасымалдау процесін молекулалық құрылымдар — сорап (насос) — қамтамасыз етеді. Олардың негізін торша мембранасындағы түрлі тасымалдаушы АТФ-азалар құрайды.

Ырықсыз түзінділеу – қ. Ырықсыз секреция.

Ыстықтан ентігу (Тепловая одышка) — қоршаған орта температурасының жоғарылауынан тыныстың жиілеуі.

I

Іркілу (Стаз) – түтікше құрылымдар (ішек, қан және лимфа тамырлары т.б.) ішіндегі сұйық ағынының күрт баяулауы, тиылуы, іркілуі.

Ірі азық (Объемистые корма) — Кенеулі заты көп өсімдік тектес малазық.

Ірі жебір торшалар – қ. Макрофагтар.

Ірі молекулалы қосылыстар (Высокомолекулярные соединения) — молекулалары өзара химиялық байланыстармен біріккен жүздеген тіпті мыңдаған атомдардан құралған полимерлі қосылыстар. Ірі молекулалы қосылыстарға белоктар, нуклеин қышқылдары, полисахаридтер жатады. Табиғи ірі молекулалы қосылыстар организмнің тірі торшаларында биосинтез процесі нәтижесінде түзіледі.

Ісінді (Отек) — су мен тұз алмасуының бұзылуы салдарынан дене мүшесінің бірінде қан сарысуының шектен тыс көп сарқылуы, жиналуы салдарынан ағза бөлігінің күмпиюі.

Ісу (Отекание) – су мен тұз алмасуының бұзылуы салдарынан дене мүшесінің бірінде қан сарысуының шектен тыс көп сарқылуы, жиналуы.

Іш кебу (Метеоризм) – қарын қуысында газдың көп жинақталуы салдарынан іштің кебуі.

Іш кату (Запор) — ішек қимылының нашарлауы салдарынан нәжістің іште жинақталып, қатқылдануы.

Іш тастау (Аборт) - мерзімі, айы-күні жетпей төлдің еріксіз өлі не шала тууы.

Ішек (Кишечник) — ас қорыту жолының қарыннан соң орналасқан бөлігі. Сүтқоректілерде ішек ас қорыту жолының ең ұзын бөлігі. Ол ащы ішек және тоқ ішек болып бөлінеді. Ащы ішек ұлтабар ұшынан (жіңішке ішектен), аш ішектен және мықын ішектен тұрады. Тоқ ішек малда бүйеннен, жиек ішектен (қарта, қима) және тік ішектен тұрады. Адамда ішектің бұл бөлігі тұйық өсіндісі бар тоқ ішектен және тік ішектен құралады.

Ішек кіріккісі (Кишечные крипты) — ащы ішек бүрлерінің айналасындағы кілегей қабықтың ойықтары. Бұл ойық торшалары бүрлер беткейін көмкеретін эпителий торшаларынан өзгеше келеді.

Ішек қимылы (Моторика кишечника) — ішек қабырғасының етті қабатының әрекетінен туындайтын ішек қозқалысы.

Ішек сөлі (Кишечный сок) — ішектің кілегейлі қабықшасындағы бездерден бөлінетін сөл. Ол түссіз немесе сарғыш, сілтілі реакциялы, құрамында шырыш және эпителий торшаларының түйіршіктері бар сұйық.

Ішкі әлпет (Интерьер) — организмнің өнімділік және тұқымдық сапасына сай ішкі мүшелер мен ұлпаларының құрылымдылық (анатомиялық, гистологиялық, биохимиялық және физиологиялық) ерекшеліктері.

Ішкі құлақ (Внутреннее ухо) — құлақтың есту және тепе-теңдік мүшелері орналасқан бөлігі.

Ішкі рецепторлар (Интерорецепторы) – еттердің, сіңірлердің, ішкі ағзалардың, тамырлардың организмнің ішкі ортасындағы физикалық, химиялық т.б. ауытқуларды қабылдайтын сезімтал нерв ұштары. Бұлшық еттерде, буын байламдары мен қалталарында орналасқан сезімтал нерв ұштары *проприорецепторлар* деп аталады.

Ішкі секреция (Внутренняя секреция) — маманданған торшалардың биологиялық белсенді заттарды (гормондарды) торша аралық кеңістікке, одан әрі қанға бөлуі.

Ішкі секреция бездері (Железы эндокринные) — шығару өзектері болмайтын және өздері түзетін заттарды (инкреттерді немесе гормондарды) тікелей қанға немесе лимфаға бөлетін бездер. Оларға гипофиз, эпифиз, қалқанша, қалқанша серік бездер, айырша без (тимус), бүйрек үсті бездер,

ұйқы безі мен жыныс бездерінің ішкі секрециялық бөлімдері жатады. Уақытша жолдас та (плацента) ішкі секрециялық қызмет атқарады.

Ішкі тежелу (*Внутреннее торможение*) — тежелудің тек ОНЖ-нің жоғары бөлімі — ми қыртысына тән түрі. Ол оң шартты рефлексдерді тоқтатуға бағытталған дағдылы тежегіш реакция, белсенді нервтік процесс. Ішкі тежелу өшу, жіктеу, бөгеу және шартты тежеу болып бөлінеді.

Ішкі тыныс (*Внутреннее дыхание*) — ұлпалардың оттегіні сіңіріп, көмір қышқыл газын бөлуі.

Ішқақпа бездері – қ. Пилорус бездері.

Ішперде (*Брюшина*) — құрсақ қуысының жұқа эпителийлі астары. Оған тоспалық (барьерлік) қасиет тән. Ішперде сероза сұйығын бөліп, құрсақ қуысынан сұйықтарды кері сіңіріп отырады.

Ішперде қуысы (*Перитонеальная полость*) — астарлық және беткей ішперделер арасындағы қуыс.

Іштөл – қ. Ұрық.

Э

Эвокаторлар – торшалардың жіктелуін реттейтін ұлпалық гормондар.

Эволюция () – органикалық дүниенің тарихи дамуы. Эволюцияның негізгі қозғаушы күші тұқым қуалаушылық, өзгергіштік және сұрыптау болып табылады.

Эврибионттар (*Эврибионты*) – сыртқы ортаның құбылмалы жағдайларында тіршілік ете алатын жануарлар.

Эвритермиялы жануарлар (*Эвритермные животные*) – сыртқы орта температурасының ауытқуларына төзімді жануарлар.

Экзальтация () – ұлпа қозғыштығының жоғарылауы.

Экзокриндік бездер (*Экзокринные железы*) – өндірген өнімдерін арнаулы өзектер арқылы сыртқа шығаратын бездер.

Экзоцитоз (гр.) – торшаның өз ішіндегі затты бөліп шығару процесі.

Экологиялық ауқым (*Амплитуда экологическая*) - түр немесе биотикалық (жанды) бірлестіктің орта жағдайына, өзгерістеріне, бейімделу шегі, олардың тіршілігін сақтау жағдайларының ауқымы.

Экологиялық факторлар (*Экологические факторы*) – ортаның жансыз (абиотикалық), жанды (биотикалық) және адам әрекетімен байланысты (антропогендік) факторларының жиынтығы.

Экскременттер (*Экскременты*) – адам мен жануарлар бөлген қою және сұйық қалдықтар.

Эксекрет (*Эксекреты*) – организмнен бөлініп шығарылатын зат алмасу өнімдері.

Эксекреция () – организмнің қажетсіз зат алмасу өнімдерін, бөгде заттарды су мен тұздың артық мөлшерін бөліп шығаруы.

Эксекреция () - қ. Бөлу, Бөлінділеу.

Экспансия () – бір нәрсенің немесе құбылыстың өз шегінен сыртқары жайылуы, таралуы.

Эксперимент () – ғылыми тәжірибе, зерттеу.

Экспирация () – қ. Дем шығару.

Экссудат () – қ. Жалқаяқ.

Экссудация () – қ. Жалқаяқтану.

Экстензор () – қ. Жазғыш бұлшық ет.

Экстерорефлекс () – сыртқы рецепторлардың тітіркенуінің әсерінен туындайтын рефлекс.

Экстерорецепторлар (Экстерорецепторы) – дененің беткейінде орналасып, сыртқы әсерлерді қабылдайтын рецепторлар.

Экстерьер () – қ. Сымбат, Тұрпат.

Экстирпация () – хирургиялық операция арқылы мүшені алып тастау.

Экстракт () – қ. Сығынды.

Экстрапирамидалық жүйе (Экстрапирамидная система) – организмнің қимыл-әрекеттерін, кейпін, бұлшық ет тонусын қыртыс-жұлындық жолдың қатысуынсыз сатылы түрде басқаратын ми құрылымдары. Ол ми қыртысы құрылымдарын (премоторлық аймақ, белдемше қатпар т.б.), жолақ дене, қара төсемік, қызыл ядро, торлы құрылым, вестибулярлық ядро және мишықты қамтиды.

Экстрасистола () – жүректің төтенше тітіркендіру салдарынан кезектен тыс, қосымша жиырылуы.

Эктодерма () – ұрықтың сыртқы қатпаршағы. Одан эпидермис, нерв жүйесі органдары, сезім мүшелері дамиды.

Эластаза () – дәнекер ұлпа белоктарын ыдырататын фермент.

Электрокардиограмма () – жүрек қозған кезде пайда болатын электр тоғын бейнелейтін қисық сызық.

Электрокардиограмма кертпештері (Зубцы электрокардиограммы) — жүрек биотоғын бейнелейтін қисық сызықтың өркештенген иректері.

Электрокардиография () – жүрек биотоғын жазу.

Электроэнцефалография () – ми қызметін нерв торшаларында пайда болатын биопотенциалдарды тіркеу арқылы зерттеу әдісі.

Эмаль зубная – қ. Тіс кіреукесі.

Эмбриогенез () – эмбриондық даму процесі, организмнің ұрықтың пайда болуынан туғанға дейінгі даму кезеңі.

Эмбрион () – қ. Шарана.

Эмиграция () – қ. Ауу.

Эмоция () – сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсерінен адам мен жануарларда туындайтын психикалық құбылыстар (үрей, қуаныш, ыза, рахаттану т.б.). Э. мидың арнаулы құрылымдарының әрекеті нәтижесінде туындайды.

Энграмма () – қ. Естік із.

Эндодерма () – адам мен жануарлар ұрығының ерте даму сатысындағы ішкі катпаршағы. Одан ішек-қарын жолы мен ас қорыту бездері пайда болады.

Эндокард () – жүрек қабырғасының ішкі қабаты.

Эндокринді бездер (Эндокринные железы) — шығару өзектері болмайтын, өз өнімдерін – гормондарды, тікелей қанға бөлетін бездер.

Эндокринология () – ішкі секреция бездерінің қызметін зерттейтін ғылым.

Эндолимфа () – ішкі құлақтың жарғақты шытырмағын (лабиринтін) толтыратын сұйық.

Эндометрий () – жатыр қабырғасының ішкі қабықшасы.

Эндомизий () – көлденең жолақ бұлшық ет талшығының дәнекер ұлпалы қабығы.

Эндоневрий () – нерв талшықтарының дәнекер ұлпалы қабықшасы.

Эндоплазма () – торша цитоплазмасының түйіршікті және басқа түрлі қосындысы – органиодтары бар ішкі қабаты.

Эндоплазмалық тор (Эндоплазматическая сеть) – торша органоиды. Цитоплазмалық мембранамен қоршалып, бір-бірімен жалғасып жатқан түтікшелер, вакуольдер, қуыстар жиынтығы. Ол торшадағы зат алмасуды қамтамасыз ететін реттеуші жүйе болып табылады.

Эндотелий () – дене қуыстарын астарлап жататын жазық эпителийлі торшалар қабаты.

Эндоцитоз () – белоктардың, липидтердің т.б. заттардың пиноцитоз нәтижесінде торшаға енуі.

Энтерокиназа () – ішек сөлінің құрамындағы фермент. Ол бұйығы трипсиногенді белсенді трипсин ферментіне айналдырады.

Энцефалдық тосқауыл – қ. Ми тосқауылы.

Эозинофил () – түйіршікті лейкоциттің бір түрі. Оларға бактериялар токсиндерін зарарсыздау қасиеті тән.

Эозинофилия () – қан құрамында эозинофилдер санының көбеюі.

Эозофаготомия () – операция жасап, өңешті кесу, тесу әдісі.

Эпидермис () – адам мен жануарлар терісінің көп қабатты жазық эпителийден құралған беткей қабаты.

Эпикард () – жүрек қабырғасының сыртқы қабықшасы.

Эпителий () – дене беткейін қаптайтын, ішкі қуыстарды астарлайтын, ас қорыту, тыныс алу жолдарының кілегей қабығын көмкеретін, эпидермис түзетін, қорғағыш және басқа да қызметтер атқаратын құрылым.

Эпифиз () – аралық мида орналасқан сүйір дене - ішкі секреция безі.

Эргограмма () – қажу процесін бейнелейтін сызық.

Эрекция () – қ. Қобу.

Эрепсин () – ішек сөлінің белоктарды ыдырататын ферменті.

Эритробласт () – эритроциттердің бастапқы даму сатысы.

Эритропения () – қандағы эритроциттер санының азаюы.

Эритропоэз () – эритроциттердің түзілу процесі.

Эритроцитемия () – қан құрамында эритроцит санының көбеюі.

Эритроциттер () – қанның қызыл түйіршіктері. Ядросыз, қызыл түсті қан торшалары.

Эритроциттер гемолизі (Гемолиз эритроцитов) — эритроциттердің қабығының жарылуының салдарынан олардың ішіндегі заттардың плазмаға шығуы.

Эритроциттердің тұнуы (Реакция оседания эритроцитов (РОЭ)) — ұю процесінен қорғап, ыдысқа құйған қан эритроциттерінің ыдыс түбіне біртіндеп тұнуы.

Эстеziология () – сезім мүшелерін зерттейтін сала.

Эстераза () – организмде күрделі эфирлердің синтезін демейтін (катализдейтін) ферменттер тобы.

Эстрадиол () – фолликуланың ішкі қабықшасының торшалары бөлетін аналық гормон.

Эстриол () – аналық жыныс гормоны.

Эстральдық айналым (Цикл эстральный) – аналық организм жыныс жүйесінде мезгіл-мезгіл байқалатын процестер. Э.а. төрт кезең байқалады. Олар проэструс, эструс (шылымдану), метаэструс және диэструс. 1-кезеңде организмнің гормондық статусы, қынап эпителийі өзгереді. 2-кезеңде жануардың жыныстық құштарлығы күшейіп, овуляция жүреді, жатыр эпителийі көпсиді. 3-кезеңде сары денешік пайда болады. Ал 4-кезеңде жалпы тыныштық байқалады, жатыр эпителийі қалпына келеді. Э.а. мерзімі егеуқұйрық пен тышқанда 4-6 тәулік, теңіз тышқанында – 16-18, сиырда – 21, биеде – 19-23 тәулік.

Эстроген () – аналық жыныс гормондарының жалпы атауы.

Этология () – жануарлардың мінез-қылығын зерттейтін ғылым саласы. Оның негізін австрия ғалымы К.Лоренц және голландия қалымы Н.Тинберген салған. Ал осы атауды 1859 жылы Жоффруа Сент-Илер Изидор (1805-1861, франц., зоолог) ұсынған.

Этологиялық иерархия – қ. Мінез-қылық деңгейлігі.

Эукариоттар (Эукариоты) – қ. Ядролы (соқталы) жануарлар.

Эупноэ () – қалыпты тыныс алу процесі.

Эфапс () – импульстердің электротонустық жолмен берілуін қамтамасыз ететін құрылым. Оның негізін қозу толқынын оңай өткізетін өте тар (2-4 нм) саңлау құрайды. Бұл саңлау арқылы жалғасатын элементтер арасында электрлік байланыс оңай қалыптасады. Э. саңлауында белок бөлшектерінен құралған, аноаникалық иондар мен ықшам органикалық молекулаларды өткізетін жіңішке (1-2 нм) түтікше-көпіршелер болады. Э. эпителийлі, безді ұлпаларда, бірыңғай салалы еттерде, жүрек етінде, ОНЖ-де кездеседі. Э. жақын орналасқан біртекті нейрондар арасында, мотонейрондар дендриттері аралығында кездеседі.

Эффектор () – қ. Атқарушы орган.

Эфферентті талшық (Эфферентные волокна) – қ. Орталықтан тепкіш талшықтар.

Эффектік нерв талшықтары (*Волокно нервное эфферентное*) — қозу толқынын орталық нерв жүйесінен ұлпалар мен мүшелерге жеткізетін нерв талшықтары.

Эфференттік нервтер – қ. Орталықтан тепкіш нервтер.

Эякулят () – қ. Шәует.

Эякуляция () – қ. Шәует жіберу.

Ю

Ювенология () – жастық шақты сақтау, ұзарту және қалпына келтіру жайлы ілім.

Юкстагломерулярлық аппарат (*Юкстагломерулярный аппарат*) – бүйрек шумағының маңында қанды әкелуші және әкетуші артериялар аралығында орналасқан құрылымдар жиынтығы. Олар су мен минералды тұздардың алмасуын, қан тамырларының арнасын реттеуде маңызды роль атқаратын *ренин* деген зат бөледі.

Я

Ядро () – торшаның негізгі құрамасының бірі. Торшаның дамуымен, көбеюімен байланысты процестерге қатынасатын құрылым. Оның қабықшасы, іркілдек заты, хромосомалы органелласы және соқташығы болады.

Ядролы жануарлар (*Эукариоты*) – денесі күрделі, көп торшалы жануарлар.

Ядросыз организмдер – қ. Прокариоттар.

Ядрышық – торша ядросының ішіндегі майда шар тәрізді денешік.

Якобсон мүшесі – қ. Кеңсірік мүшесі.